

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұсынған

Т.Н. Ермекова, Г.М. Найманбаева, Б.М. Найманбаева

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбының қоғамдық-
гуманитарлық бағытына арналған оқулық

11



ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2 Қаз-922
Е 69

Ермекова Т.Н. ж.б.
Е 69 Қазақ тілі: жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбының қоғам-
дық-гуманитарлық бағытына арналған оқулық. / Т.Н.Ермекова,
Г.М.Найманбаева, Б.М.Найманбаева. – Нұр-Сұлтан: «Арман-ПВ»
баспасы, 2020. – 304 бет.

ISBN 978-601-318-287-2

Оқулықта оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, алған білімдерін
өмірде қолдана білуге машиқтандыратын, сонымен бірге қосымша ізде-
ністі, қазіргі ақпараттық технологияның кең мүмкіндіктерін пайдала-
нуды, шығармашылықпен жұмыс жасауды қажет ететін тапсырмалар
қамтылды.

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2 Қаз-922

ISBN 978-601-318-287-2

© Ермекова Т.Н.,
Найманбаева Г.М.,
Найманбаева Б.М., 2020
© «Арман-ПВ» баспасы, 2020

Барлық құқығы қорғалған. Баспаның рұқсатының көшіріп басуға болмайды

Оқулықта қолданылған шартты белгілер:

- | | | | |
|--|---|--|--|
| | Грамматикалық материалдар. Анықтамалар, ережелер | | Гибратты сөз. Тағылымы мол даналық сөздер |
| | Шешендік сөздер. Шешендік сөздер туралы ұғым-түсінік | | Сұхбат. Сұрақ-жаяуп түрінде тілдік қарым-қатынасқа түсуге арналған тапсырмалар |
| | Грамматикалық материалдарға, шешендік сөздерге қатысты тапсырмалар | | Артық болмас білгенің. Тақырып бойынша тың деректер, қызық мөліметтер |
| | Ойтұрткі. Тақырыпқа бағдар беретін сұрақтар | | Ізденімдік тапсырма. Ақпараттық деректерді іздең тауып, зерттеу жүргізуге бағытталған тапсырмалар |
| | Оқылым. Оқулықта ұсынылған тақырыптар бойынша танымдық мәтіндер | | Жағдаяттық тапсырма. Түрлі жағдаяттарда шешім қабылдауға дағдыландыратын тапсырмалар |
| | Тындалым және айтылым. Аудиомәтіндер бойынша берілген тапсырмалар | | Топтық тапсырма. Топқа бөлініп орындалатын тапсырмалар |
| | Жазылым. Оқылым және тыңдалым материалдары негізінде озіндік түжірлем жасауға бағытталған жаттығулар | | Жасап көр. Сабакта менгерген білімді тексеретін тест сұрақтары |
| | Әдеби тіл нормалары. Тілдік салуаттылықты арттыруға арналған жаттығулар | | Үй тапсырмасы. Тақырып бойынша алған білім негізінде үйде орындалатын тапсырмалар |

Назар аудар



Электронды қосымша жүктелген CD қолжетімсіз болған жағдайда, қосымшаны artman-pv.kz сайтынан тауып, өз компьютеріңе жүктеп алуыңа болады

Алғы сөз

Қымбатты оқушылар!

Қазақстан Республикасының азаматы ретінде мақтан ететін мына мәлімет естерінде жүрсін: еліміздің мемлекеттік тілі – қазақ тілі – өлемдегі алты мыңға жуық тілдердің ішінде тіл байлығы мен көркемдігі, оралымдылығы жағынан алдыңғы қатардан орын алатын тіл. Сондай-ақ ол дүниежүзіндегі ауызша және жазбаша тіл мәдениеті қалыптасқан алты жұз тілдің және мемлекеттік мәртебеге ие екі жұз тілдің қатарында тұр. Осында тілдің мұрагері болу, оның грамматикалық құрылымы мен тіл байлығын игеру үлкен мәртебе және жауапты іс екенін түсінген боларсындар?!

«Қазақ тілі» оқу-әдістемелік кешені оқулықтан, электронды қосымшадан (СД дискі) және Дидақтикалық материалдардан тұрады. Қолдарындағы оқулық ана тілінің құдіретін сезіндірумен бірге, сендердің тұлға ретінде, қоғамның белсенді мүшесі ретінде қалыптасуларыңа көмегін тигізеді, мәтіндердегі ақпараттар сендердің танымдарынды кеңейтеді. Қазіргі заман оқушыдан көп ізденуді, жалықпай үйренуді талап етеді. Сол себепті оқулықта қосымша ізденісті, қазіргі ақпараттық технологияның кең мүмкіндіктерін пайдалануды, шығармашылықпен жұмыс жасауды қажет ететін тапсырмалар да берілді. Ал түсінуге қындық тудыратын сөздердің мағынасымен оқулық соңындағы глоссарийде танысадындар. Оқулықтан алған білімдерінді күнделікті өмірде қолдана білуге тырысындар.

Халқымыздың өмірінде шешендік сөздер ерекше орын алады. Шешендік сөздің сүйенер дәлелі мықты, эстетикалық қасиеті, тәрбиелік мәні басым сөз екенін белгілі ғалым, академик Р.Сыздық баса айтқан. Оқулықты менгеру барысында халықтың тіршілігі мен түрмисындағы, тарихы мен тағдырындағы түрлі мәселелер жөнінде ойталқы, ойқөкпар, пікір алмасу, пікірсайыс және өңгіме үйимдастыру арқылы сынни пікір айта білуге дағыланасындар. Ендеше, еркін ойлап, дербес пікір айту үшін шешендерден үйрене жүріп, сөз мәнерлілігін сақтай отырып, үздіксіз сейлеп жаттығу арқылы шешен бола аласындар. Нәтижесінде ойын ауызша және жазбаша сауатты жеткізе алатын, ой-өрісі дамыған, туындаған мәселелерді еркін шеше билетін, шынайы өмірге бейім, жаңашыл жеткіншек болатындарыңа сенеміз.

Тіл әлеміне қош келдің, саналы үрпақ!

БӨЛІМ

ҚАЗАҚСТАН БЕЙНЕСІ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨТКЕНІ МЕН КЕЛЕШЕГІ

ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР

Бұл бөлімде сендер:

- қоңе түркі жазба ескерткіштері, Қазақстан аумағындағы Ұлы Жібек жолы, Отырар кітапханасы, көшпенділер мәдениеті, қазақтың ат әзделдері туралы деректермен, Ұлы даладағы ежелгі металлургия, алма және қызғалдақ тарихы сияқты еліміз үшін маңызды құндылықтармен танысадасындар;
- шешендік өнердің тарихына қатысты акпаратты менгересіндер;
- мәтіндегі негізгі ойды анықтап, берілген мәліметтер мен пікірлерді өндөуді және таза ғылыми стильді ажыратуды үйренесіндер.

Уақыт қарқыны – зымыран. Күні кеше өтken уақиғалар бүгінде тарих беттеріне айналып та үлгерді... Ең қызын белестерден аса білдік. Ең қызын жылдар артымызда қалды, сондықтан мен еліміздің еңсесі биіктей беретініне сенемін.

Нұрсұлтан Назарбаев

§1.

Ұлы даланың рухани құндылықтары



1. Төменде берілген көне түркі жазуы туралы қандай мәлімет біле-сіндер? Әліпби тарихы туралы ой бөлісіндер. Латын әліпбінің болашағына болжам жасаңдар.

Орхон-Енисей таңбалары	Дыбыстық мағына	Орхон-Енисей таңбалары	Дыбыстық мағына
↳ X	a, ә (е)	❖ ❖ ❖ ❖	m, м
↑ T Q	ы, i (e)	▷ (n
> >	o, у	NNNNH H	n'
N M N	ө, ү	Ξ	ñ (ий)
J C S	б	Y Y D D	n, n'
❖ ❖ Q D	б	1 1	p, p'
Y Y C C X	ғ	Ч Ч Ч	r
E E F A	ғ	Y Y Y	r'
Y Y Y Y	д	Y Y Y	c
X + ⊗	đ		c'
H H K X	з, ӡ	♂♂♂♂♂♂♂♂	t
D D	й	h h h h	t'
Y Y q	ý	λ λ λ	ч, ч'
N A P	қ	Y T Y K I	ш
↓ ↑	қ (оқ, уқ)	Y O D H I	ш'
▷ ▷	қ (ық)	M	лт, л' т'
↗ Y	қ	⊕ ⊕ ⊕ ⊕	нт, н' т'
K B B	қ (өқ, уқ)	3 3 3 3	нч, н' ч'
↙ ↘ ↙	л	❖	pt
Y	ł	• : / . J Z	сөз айыру белгісі



2. Мәтінді оқып, негізгі ойды анықтап, өз пікірлеріңмен толықтырыңдар.

Мәдениетіміздің баға жетпес байлығы

Кез келген қоғам мәдениетінің баға жетпес байлығы әрі зор табысы – әліпби, әліпбилік жазу. Түркі дүниесінің де ертеден қалыптасқан жазу мәдениеті, әліпби жүйесі болғаны

бәрімізге белгілі. Осы жазу мәдениетіміздің қалыптасуына ең бірінші үлес қосқан арғы ата-бабамыз, яғни түркілер болғандығын бүгінде зор мақтанышпен айта аламыз. Көне түркі заманындағы жазбалар – Ұлы дала көшпенділерінің мәдениеті мен білім өресінің ең жоғарғы көрсеткішін таныттын асыл мұра.

Бабаларымыздан қалған көне түркі жазуының түп-тамыры сонау V–VIII ғасырларға барып тіреледі. Бәлкім, одан да ертеректен бастау алатын шығар. Ол кездері түркі халықтары Еуразияның ұлы даласын ортақ иеленіп мекендеғендіктен, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, тіпті өмір сұру дағдылары да ортақ болды. Өз алдына жеке-дара мемлекет болып ыдырап кеткендеріне көп ғасыр өтсе де, түркі текстес мемлекеттердің арғы рухани қазыналары бір арнада тоғысқан. Тілі, діні, салты мен түрмисы, мекендеғен жерлері ортақ бауырлас елдер. Осы бауырлас елдердің көне дәуірдегі жазу мәдениеті Орхон-Енисей, Талас жазба ескерткіштерінде бейнеленген. Бұл жазу – түркі халықтарының өлем мәдениетіне қосқан орасан зор үлесі әрі көшпелілердің төл туындысы.



Күлтегін ескерткіши

Түркі қағанатында өмірге келген Орхон-Енисей, Талас жазбалары өзінен кейінгі қарахандықтар дәуірінде дәстүрлі түркі және ислами әдебиетпен жалғасып, араб таңбалары

негізіндегі жазу мәдениетін одан әрі дамытты. Бұған Алтын Орда мемлекетіндегі ғұламалардың араб жазуымен қалдырыған еңбектері дәлел бола алады. VIII ғасырдан XX ғасырдың басына дейін қолданыста болған араб әліпбі құллі түркі жүртіна ортақ болып, жазба мәдениеттің түркілік дәстүрін қалыптастырыды. Араб жазуы түсінде ғылым мен білім қатар дамып, мәдениет пен өркениетке жол ашылды, бұл кезең «Мұсылмандық гүлдену» деген атпен тарихта қалды. Өз бастауын орта ғасыр жазбаларынан алғып, оны XX ғасырга дейін жалғастырып әкелген араб жазба дәстүрімізді «рухани-мәдени феномен» деуге болады.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев 2017 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауында: «Ұлтжандылықты дамытуға баса көңіл бөлу керек!» – деп атап өтеді. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында XXI ғасырдағы ұлттық сана туралы айта отырып: «Әжептәуір жаңғырған қоғамның тамырында тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа түрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу. Оныз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оцай... Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуга бастайды», – деген еді.

Ұлттық кодты сақтай отырып, рухани жаңғыруға аса қажетті болып табылатын дүниелердің бірі – Орхон-Енисей руникалық жазбалары, араб жазулы ескерткіштеріміз, сондай-ақ латын әліпбіімен сақталған мұраларымыз. Осындағы тарихы тереңге кеткен жазба мәдениетіміздің бүгінгे дейінгі жетістіктерін саралап, бүгінгі ұрпаққа насиҳаттау – біздің басты парызымыз!

(Ерден Қажыбектің «Тамыры терең әліпби: жалпытүркілік бірегейліктің мызғымас негізі» атты халықаралық конференциясында жасаган баяндамасынан)



3. Аудиожазбадан (01. тр3) «Қазақтың қонағы неше түрлі болады?» тақырыбындағы шешендік сөзді тыңданадар. Төленді бидің қазақтың қонағы туралы айтқан пікіріне мән бере отырып, «Дастарқаны жиылмаған қазағым» тақырыбында ой бөлісіндер. Қазақтың төрт түрлі қонағын жаттап алындар.



Ойталқы (диспут)

Ойталқы (лат. *disput* – «таласамын») – ғылыми немесе қоғамдық мәселені көпшілік алдында талқылайтын пікірталастың түрі. Ойталқы ғылыми диссертациялар қорғау кеңестерінде, белгілі бір салаға байланысты даулы мәселені немесе өнер туындысын талқылау жиындарында жүзеге асырылады. Ойталқыға жиналған қауым өз көnlінде күмәнді, екішті ойларын нақтылау, ортақ шешімін қарастыру, мәселенің шынайы мүмкіндіктерін іздестіру мақсатында бас қосады. Ортақ шешімге келмеген күнде де шындыққа жанасар мүмкіндіктер туралы пікірлерін ортаға салуға еркіндік беріледі. Тақырып аясында баяндама жасалады.

Ойталқы – тамаша идеялар туыннату алаңы. Жиналған идеяларды қайта қарастыра отырып, нәтижелі жетістіктерге жетуге мүмкіндік туады. Адамның дүниетанымын қалыптастыруға септігін тигізеді.

Мақсаты	Бағдар берер ой-пікірді ортаға сала отырып, мәселенің ортақ шешімін табу жолдарын қарастыру.
Ерекшелігі	Ойталқыға қатысадындар саны үш адамнан кем болмауы керек. Алдын ала белгіленген күн тәртібіндегі тақырып, яғни баяндама тыңдалады. Пікір айтушылар өз еркімен сөйлейді. Сөйлеуші өзіндік көзқарасын білдіруге құқылышы. Талас диалог түрінде жүреді. Баяндамашы туындаған сұрақтарға жауап береді. Сұрақ тоқтаған соң тेңерға қорытындылайды.
Мәдениеті	Тақырыптан ауытқымау. Сейлеу барысында уақыт мөлшерін сақтау. Баяндамашының ойын анықтап сұрап, күмәнді тұстарын айқындаپ алу. Баяндама туралы өз пікірін дәлел, дәйектермен жеткізу. Мәселеге көзқарасын жеке мүдде тұрғысынан емес, қоғам, ғылым-білім, адамдық қажеттіліктер тұрғысынан қарастыру. Әділеттілікке, дұрыс пікірге қолдау көрсету.



4. Оқылым мәтінінде аталған өліпбелік жазулардың қайсысын ұстанған дұрыс деп ойлайсыңдар? Өз ойларынды тұжырымдап жазыңдар. Жұптарыңмен алмасып, бір-біріңің жазба жұмыстағының қатесін түзеп, редакцияландар.



- 5.** Ойталқы өткізу тәртібімен танысып, төменде берілген сұрақтар төңірегінде ойталқы ұйымдастырындар.

Ойталқы өткізу тәртібі	Уақыты
Ойталқыға қатысушылар: 1) төраға; 2) ой-пікірге бағдар беретін баяндамашы; 3) баяндамашының ойын жақтайтындар не жоққа шығаратындар болып бөлінеді.	1 минут
Баяндама жасалады.	3 минут
Сұрақ-жауап түрінде пікір таластырады.	4 минут
Корытынды жасалады.	3 минут

1. Оқылым мәтінінен қандай ой түйдіңдер?
2. V–VII ғасырлардағы руна жазуларының қазіргі таңдағы құндылығы неде?
3. Ахмет Байтұрсынұлының араб әліпбиине негізделген төте жазуы өз заманында қандай рөл атқарды? Бұл әліпбиді қазір қай елдердегі қандастарымыз қолдануда?
4. Қазақ кириллица әліпбиинің артықшылығы мен кемшілігі неде деп ойлайсындар?
5. Болашақта латын әліпбиине көшу туралы пікірің қандай?



- 6.** Қате берілген тілдік бірліктерді орфографиялық нормага сай жазып, мәтін құрастырындар. Жай сөйлем түрлерін ажыратындар.

Түркү қаһанаты, арап жазуы, тамыры терен тарих, насиқаттау, Орхон-енесей, евразия, Ахмет Байтұрсынұлының әліббі, рукани жанғыру, рунна жазуы, латиница әліпбii, мәдениет мен өркениет.




- 7.** «Латын әліпбиине көшу – қазақ тілінің жаңғыруы» тақырыбында ойтолжау жазындар.

§2.

Қазақстан аумағындағы Ұлы Жібек жолы



1. Төменде берілген карта бойынша нақты 4–5 мәлімет іріктеңдер.



ҒЫЛЫМИ СТИЛЬ

Ғылыми стиль ғылымның әр саласында жазылған еңбектерде қолданылады. Бұл стильтеге нақтылық, логикалық, мазмұн дәлдігі тән. Ғылыми стильдің лексикасындағы ерекшеліктер: сөз тек өзінің негізгі мағынасында жүмсалады, көпмағыналы, образды сөздер аз кездеседі. Сейлемдегі сөздердің қалыпты орын тәртібі, тіл нормасы қатаң сақталады және ой күрделі баяндалып, анықтама, дәлелдеме және формуласаларға негізделеді.

Монография, оқулық, мақала, ғылыми есеп, диссертация, реферат, баяндама, тезис, патент т.б. ғылыми стильде жазылады.

Мақсаты	Заттар мен құбылыстардың жалпы ерекшелігін ашып, мәлімет беру.
Қолданылу аясы	Ғылыми еңбек, баяндама, мақала, оқулықтарда қолданылады.
Стильдік сипаты	Ресми, анық, дәл, нақты, дәлелді.



Ғылыми стильдің тілдік амал-тәсілдері

1. Эр ғылым саласының өзіне тән терминдері мен атаулары қолданылады. Мысалы, химия ғылымында: **элементтер, минералдар**; физика ғылымында: **атом, күш**; лингвистика ғылымында: **морфология, фонетика**; биология ғылымында: **ағза, жасуша** т.б.
2. Ғылыми стильдің өзіне тән синтаксистік құрылымы болады. Тұрақты үлгідегі сөйлемдер, сөз тіркестері молынан жұмсалады.
3. Өткен шақ, осы шақтағы хабарлы сөйлемдер жиі қолданылады.
4. Ұрықсыз етістіктен жасалған баяндауыштар көп жұмсалады.
5. Ойдың ағынын білдіретін үстеулер мен шылаулар кездеседі. Мысалы: **сондықтан, содан кейін, әрі қарай, бойынша** т.б.
6. Сөйлемдердегі ойдың бір-бірімен өзара қатынасын білдіретін қыстырма сөздер де ұшырасады. Мысалы: **біріншіден, екіншіден, қорыта келгенде, зерттеу нәтижесінде** т.б.



- 2.** Мәтінді оқындар. Терминдері мен сөз оралымдарына қарап, қай ғылым саласына жататынын анықтаңдар.

Ұлы Жібек жолы

Ұлы Жібек жолы шығыста Қытай империясынан басталып, Батыста Рим империясында аяқталды. Күшан, Соғды және Парфия империяларын басып өткен жүктерді тасымалдаш жеткізуді Еуразияның таулы және далалық аймақтарын мекендейген малшылар іске асырған.

Жібекпен сауда жасау б.з.б. II және б.з.б. I мыңжылдықтаған болды, яғни Ұлы Жібек жолы екі мың жыл бойы өмір сүрген. Ол – әлем тарихындағы ерекше дара құбылыс еді, себебі Тынық мұхит пен Атлант мұхитының арасындағы көптеген халықты байланыстыруды.

Ұлы Жібек жолы сауда мен мәдени жаңалықтардың жолы, Еуразиядағы көшпендер мен отырықшы халықтың даму жолы, демек, өркениет жолы болды.

Ұлы Жібек жолы тек бір бағытпен өтпеген және оның көптеген баламасы мен нұсқасы болған. Бастапқы кезде асыл тастандарды сатумен байланысты «Лазурит жолы», «Нефрит жолы» деп аталатын бағыттар табысты өрекет еткен. Олар Солтүстік Ауғанстандағы Бадахшан тауынан лазурит кені және Қашқариядағы Хотан аймағындағы Жаркент өзенінің

маңайынан нефрит кені ашылуына орай жолға қойылды. Ұлы Жібек жолының алғашқы нұсқалары мен параллельдері б.з.б. III-II мыңжылдықтарда басталған.

Осындай Ұлы Жібек жолының бір сыңарына Қазақстан аумағына қатысты б.з.б. I мыңжылдықтың орта кезінен өрекет еткен «Дала жолы» жатады.

(Эльдар Темірханұлының «Ұлы Жібек
жолы мәдениетінің өркениеттер
сүхбатындағы орны» мақаласынан)



3

Оқылым мәтінінің ғылыми стильде жазылғанын дәлелдендер.

Мәтіннің мақсаты	Стильдік сипаты	Тілдік амал-тәсілдері



4.

Мәтінді оқындар. «Кітапхана – қоғамды тәрбиелейтін орын» деген пікірмен келісесіндер ме? Өз ойларынды дәлелдеп, дискуссивті ессе жазындар.

Отыrap кітапханасы

Ежелгі Отыrap қаласы Арыс өзенінің Сырдарияға құяр жерінде, Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан. Төбе басында хан сарайы, жан-жағында тас, болат тамдар және қару-жарақ, теңге соғатын ұстаханалар, шәкірттер дәріс алатын бірнеше медресе (мұсылман университеті) болған.

Қалаға иір мойын түйелерге тауар артқан керуендер күндіз-түні келіп жатқан. Қаланың батыс жағындағы қақпа арқылы орыс көпестері, шығыс жағынан монғол, қытай кезбелері кіретін. Ал түстіктен Шаш, Бұхара қалаларынан шыққан араб саудагерлері, терістіктен башқұрт, саха ханзадалары жіберген керуен тізбектері келетін. Бұл керуендермен әртүрлі әшекей бүйімдар, маталар, тең-тең кітаптар әкеletіn. Өр жақтан әкелінген кітаптар Отыrap кітапханасына жиналған. Бұл кітапхана өз заманында өлемнің әр түкпірінен жиналған сирек кездесетін кітаптарымен аты шыққан.

Отыrapда жүлдyz санаған сөуегейлер, ойшылдар, ғалымдар, дүниенің сырын болжаған көріпкелдер өмір сүрген. Олар Отыrap кітапханасынан сол кездегі барлық кітапты алыш оқыған. Өздері ғажайып дастандар жазған. Әлемге аты шыққан ғалымдардың басым көпшілігі осы кітапханадан

білім алып, қаншама зерек шәкірт ғұлама атанды, кейінгілерге ойлы сөздерін қалдырды. Отыrap медресесін бітірген шәкірттерден қалған қағазға, сақиянға (теріден жасалған кітап), қамысқа жазылған қолжазбалар Қазақстанның әр жерінен табылып жатыр. Қоңе заман кітаптары тек қана қолмен, қауырсын қаламмен жазылған. Бабаларымыз өздерінің тарихын, келер үрпаққа арнаған сөзін қышқа, тасқа ойып қалдырған. Сүйекке, ыдысқа, теріге сіңіріп келтірген сөз, сөйлемдер қаншама?!

Отыrap кітапханасы сөрелерінде ақ теріге жазылған, алтын жалатқан кітаптар көз жауын алатын. Мұнымен қоса күйген қышқа түсірген, ыдысқа ойған, ағашқа қашап қалдырған бабалар қолтаңбасы да мол болған.

Аңыз бойынша, әлемге аты шыққан кітапхананы Шыңғыс хан әскерлері өртеп кеткен. Алайда біраз кітапты қала қорғаушылары құмыраларға салып, жер астына тығып, сақтап қалған деседі. Елімізде қолжазба ескерткіштерін іздеу жұмыстары жүргізілуде.

Астанада «Отыrap кітапханасы» ғылыми орталығы ашылып, табылған жазба деректер жинақталуда. Қоң ұзамай мың жылдық тарихы бар білім ордасы – Отыrap кітапханасы екінші өмірін бастамақ.

(«*Отыrap*» әнциклопедиясынан)



5. Екі топқа бөлініп, оқылым және жазылым мәтіндері бойынша кестені толтырындар. Орфографиялық нормага сай жазылғанына назар аударындар. Жалаң және жайылма сөйлемдерді ажыратындар.

Мәтін бойынша маңызды үш дерек	
Мәтін бойынша екі сұрақ	
Қызығушылық танытқан бір мысал	



6. «Ұлы Жібек жолы – әлемдік өркениет тарихындағы елеулі жетістіктің бірі» тақырыбында сұхбаттасындар. Сұхбат барысында кімнің шешен сөйлегенін анықтаңдар.



Шешендік өнер

Шешендік өнер қай қоғамда болса да, халықта, қалың көшілікке әсер ететін, оның санасын, сезімін баурап, жігерін тасытатын қуатты құрал болып келген және күні бүгінге дейін сол күшін, қасиетін жойған жоқ. Демек, әрбір білімді, мәдениетті адам үшін шешендік өнердің тарихымен танысып, теориясымен қарулану әсте артық емес. Шешендік сөздерді зерттеу, талдау, оқып-үйрену ана тіліміздің байлығын, дұрыс сөйлеу заңын жетік білуімізге, ой-өрісімізді кеңейтуге себепші болады.



7. Елбасы пікірін негізге алып, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» жолының тарихи құндылығын «Дербес пікір» әдісі арқылы жазындар. Ойларынды шешен тілмен жеткізуге тырысындар.

«Батыс Еуропа – Батыс Қытай» жолының Қазақстан жері арқылы өтетін бөлігі мындаған шақырымды құрайды. Ұлы Жібек жолы XXI ғасырда да бүкіл адамзат назарын өзіне аударуда.

(Нұрсұлтан Назарбаев)

§3.

Егемендік – елдіктің белгісі



1. Мәтінді түсініп оқып, негізгі ойды анықтаңдар. Тақырып қойып, ез ойларыңмен толықтырыңдар.

Дүниеде барлық халықтың тәуелсіздік пен бостандықты, теңдікті аңсайтыны анық. Тәуелсіздік ұғымының терең астарын тарих қойнауынан, ата-бабамыздың өткенінен, оның сан ғасырлық арманынан іздегеніміз абзал. Елбасы Н.Назарбаев айтқандай, «Қазақстанның бүгіні мен болашағы – халқымыздың ынтымақ-бірлігінде, ырыс-құты – тірлігінде». Сол бірліктің арқасында еліміз экономикалық даму, әлеуметтік жаңару мен жаңғырудың даңғыл жолына тұсті. Кешегі Астана Саммитінде де әлем жүртшылығы еліміздегі ынтымақ-бірліктің қуаты мен құндылығына көз жеткізді. Жалпы, дер кезінде айттылған сөз – тарихи ерлік, тындырылған шаруа – тарихи әрекет. Тек сондай өрелі ізденіс қана халқымызды босағада қалдырмай, төрге алып шыға алады. Мұны көпті көрген көне тарих талай дәлелдеп те берді. Осындай ізденістер мен еңбектің нәтижесінде жүзеге асқан, әлем жүртшылығының жоғары бағасын алған Астана Саммиті еліміздіңabyрой-беделін арттыра түскені анық.

Бабалар көксеген тәуелсіздік туын желбірету бақтыры бүгінгі заманда тірлік кешіп жатқан бізге бүйірыпты. Қазіргі басты міндет те, парыз да тәуелсіздікті көздің қарашығындаң сақтау әрі оны одан әрі нығайту. Елдің, халықтың мұддесін қорғап, тәуелсіздіктің мұддесіне негіз, тірек қаласақ, тәуелсіздік рухы мемлекетімізді нығайта түседі.

Бүгінгі таңда біздің еліміз әлемдік өркениетте өзінің айшықты орнын алған мемлекетке айналды. Қазақстан өзінің экономикалық дамуының жаңа үрдістерімен де сыртқа танылып, саяси тұрақтылықтың арқасында өрелі биіктерге қол созды. Тәуелсіздік – тәтті сөз фана емес, ұлттық жауапкершілік. Тәуелсіздік бәрінен де қымбат, бәрінен де қастерлі. Еліміздің ертеңі үшін аянбай еңбек ету, оқу оқып, білім игеру, жас тәуелсіз мемлекетіміздің іргетасын бекіту, ұлттар арасындағы ынтымақтастық пен достықты нығайту – ең басты парызымыз!

(Құрастыргандар: Б.Қабдылова, М.Жанысбекова)



- 2.** Шешендік сөзді оқып, тақырыппен байланысын анықтаңдар. Төле бидің тағы қандай шешендік сөздерін білесіндер? Дәйексөз келтіріп, сілтеме жасаңдар.

Көсіле шабар жерің бар...

1740 жылы қалмақ билеушісі Қалдан Сереннің қолшоқ-парлары Ұлы жүздің ханы Жолбарысты өлтіреді. Төле бастаған ел Ташкенттен қуылады. Жау жағы Ташкентке Қоқым манапты өкімдікке тағайындаиды. Бұл кезде Сыр бойы қалаларының біразы жоңғарлардың қол астында қалады. Осы тұста Құлтөбенің басында үлкен жиын ашылып, оған ел башшылары түгел жиналады. Сонда Қарабек батыр: «Жауға тізе бүгуден басқа амал жоқ», – деген пікір айтады. Қарабекке ашууланған Төле би:

Атадан ұл туса игі,
Ата жолын қуса игі.
Өзіне келер ұятын
Өзі біліп тұрса игі.
Жаудан бұққан немені
Ортасынан қуса игі! –

деп, шырық бұзғандарды жиыннан құдырып жібереді. Содан соң айналасындағыларға қарап:

Уа, көсіле шабар жерің бар,
Ту көтерер ерің бар,
Қол боларлық елің бар,
Атадан қалған жолың бар.
Құлдық ұрсаң дұшпанға,
Арылмайтын сорың бар...
Құлдық ұрсаң дұшпанға,
Еркек болып туды деп
Мына сені кім айтар? –

деп толғайды. Төленің осы төрелік сөзін өзгелер түгел құп алып, жауға қарсы күш біріктіріпті деседі.

(«Қазақтың би-шешендері» жинағынан)



- 3.** Шешендік сөзді талдаңдар.

Шешендік сөз қандай жағдайда туган?	Шешендік сөздің көтерген тақырыбы	Шешендік сөз бізге қалай жеткен?



Эссе және оның түрлері

Эссе – шағын көлемді прозалық мәтін. Эссеге батыл болжамдар, өткір ұсыныстар, талас тудыратын пікірлер, ойлар, қозғау саларлық байламдар тән. Онда автордың жеке көзқарасы, өзіндік пікірі көрініс табады.

Эссеге мынадай талаптар қойылады: еркін композиция, автор ұстанымы, баяндау еркіндігі, тосын, жаңа пікірге бейімділік.

Эссенің түрлері:

1. Аргументті эссе. Пікірді, көзқарасты растайтын, қолдайтын немесе жоққа шығаратын дәлелдер келтіріліп, аргументтермен түйінделіп отырады.
2. Салыстырмалы эссе. Бірнеше мәселе талқыланып, олардың арақынасын ажыратып жазу көзделеді.
3. Сипаттамалық эссе. Детальдар арқылы жер, зат, адам бейнесіне сипаттама беріледі.
4. Хабарламалық эссе. Адам өз тәжірибесіне сүйене отырып, өз тұрғысынан, өзіндік көзқараспен оқиғаны сипаттап жазады. Бұл эссе өткен шақта немесе осы шақта жазылады.
5. Дискуссивті эссе. Екі жақты пікірді салыстырмалы түрде талдай отырып, қорытынды шығарып жазады.
6. Анықтамалық эссе. Нақты дәлелдер арқылы терминнің мағынасын ашу көзделеді.



- 4.** Оқылым мәтіндері туралы өз пікірлерінді жазындар. Жұптарыңың жазба жұмысына логикалық және стильдік түзетулер енгізіп, редакциялаңдар.

Кажетті ақпаратқа назар аударып, жағымсыз кезеңдерді көрсетіңдер.

Әмоцияларыңды, позитивті ойларың мен болашаққа деген көзқарастарыңды бейнелеңдер.

Материалдарды пысықтап, қорытындылаңдар.
--



- 5.** Аудиожазбадан (02. тр3) Кенен Әзірбаевтың «Үш бидің жер бөлуі» өлеңін тыңдандар. Талқылау сұрақтарын құрастырып, сыни тұрғыда баға беріңдер.



Ойталқы – көпшіліктің пікір таластыруына жол ашатын мүмкіндік. Ойталқыда ғылыми не қоғамдық тақырып төнірегінде пікірталастыру жүреді. Бір мәселе жөнінде ой, идея алмасатын адамдар тобының арасындағы таласты мәселе проблемалық сипатқа ие болады.

Ойталқыға қатысушылар пропоненттер мен оппоненттер болып бөлінеді.

Пропоненттің міндеті – өзі ұсынған пікірді не мәселені оппоненттерге түсіндіре және сендіре білу. Ал оппоненттердің міндеті – тезис пен оның негіздемесін жақтау не жоққа шығару. Нәтижесінде пропонентпен келісуге не келіспеуге болады.



6. Төменде берілген сұрақтардың бірін тақырып етіп алып, ойталқы үйымдастырыңдар. (Оппоненттер пропоненттің пікірін талқылайды).

1. Ата-бабамыздан мұра болып қалған ұлан-ғайыр жерімізді сақтап қалу үшін не істей керек?
2. Еліміздің байлығы мен сұлу табиғатын сарқып алмай, келешек ұрпаққа жеткізу үшін қандай іс-шаралар жасалуы қажет?
3. Көпүлтты мемлекетіміздің тыныштығын, ұлтаралық татулықты қалай сақтап қалуға болады?



7. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.


1. «Елімнің дамуына өз үлесімді қосу үшін мен не істей аламын?» тақырыбында әссе жазыңдар. Әссе түрін өздерің таңдаңдар.
2. Несілбек Айтұлының «Тәуелсіздік – тірегім» жинағынан «Азаттығым» өлеңін тауып, жаттап алыңдар.

§4.

Көшпенділер мәдениеті. Қазақтың ат әбзелдері



1. Суретте бейнеленген ат әбзелдері, олардың атқаратын қызметтері туралы пікірлесіндер.



2. Жылқы малы, оның әбзелдері туралы өздерің білетін мәліметтердің дереккөзіне (БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік еңбектер) сілтеме жасандар, дәйексөздер келтіріңдер. Елбасы пікірімен байланыстырындар.

Қазіргі киім үлгісінің базалық компоненттері Дала өркениетінің ерте кезеңінен тамыр тартады. Атқа мінү мәдениеті салт атты жауынгердің ықшам киім үлгісін дүниеге әкелді. Ат үстінде жүргенде ыңғайлыш болу үшін бабаларымыз алғаш рет киімді үстіңгі және астыңғы деп екіге бөлді. Осылайша көдімгі шалбардың алғашқы нұсқасы пайда болды. Бұл салт атты адамдардың ат құлағында ойнауына, ұрыс кезінде еркін қимылдауына мүмкіндік берді. Дала түрғындары

теріден, киізден, кендері мен жүннен, кенептен шалбар тікті. Содан бері мындаған жыл өтсе де, киімнің осы түрі өзгере қоймады. Қазба жұмыстары кезінде табылған көне шалбарлардың қазіргі шалбардан еш айырмасы жоқ. Сонымен қатар бүгінгі етіктердің барлық түрі көшпендейлер атқа мінгенде киген жұмсақ өкшелі саптама етіктің «мұрагерлері» екені белгілі.

Ат үстінде жүрген көшпендейлер тақымына басқан сәйгүлігіне неғұрлым еркін мініп жүруі үшін биік ер-тұрман мен үзеңгіні ойлап тапты. Бұл жаңалық салт атты адамның ат үстінде қаққан қазықтай мығым отыруына, сонымен бірге шауып бара жатып, қолындағы қаруын еш қиындықсыз және неғұрлым тиімді қолдануына мүмкіндік берді. Бабаларымыз шапқан аттың үстінен садақ тартуды барынша жетілдірді. Соған байланысты қарудың құрылымы да өзгеріп, күрделі, ыңғайлы әрі қуатты бола түсті. Масағына қауырсын тағылып, металмен ұшталған жебе берен сауытты тесіп өтетін көбебұзарға айналды.

Қазақстан аумағында өмір сурғен түркі тайпалары ойлап тапқан тағы бір технологиялық жаңалық – қылыш. Оның оқтай тұзу немесе иілген жүзі – ерекше белгісі. Бұл қару ең маңызды әрі кең таралған соғыс құралына айналды.

Сарбаз бен оның мінген атын қорғауға арналған сауытты да алғаш рет біздің бабаларымыз жасаған. Еуразия көшпендерінің айрықша маңызды әскери жаңалығына баланған мұздай темір құрсанған атты әскер осылайша пайда болды. Отты қару пайда болып, жаппай қолданысқа енгенге дейін атты әскердің дамуы біздің дәуірімізге дейінгі I мыңжылдық пен біздің дәуіріміздің I ғасыры арасында көшпендейлердің ұзақ уақыт бойы бұрын-соңды болмаған жауынгерлік үстемдік орнатуын қамтамасыз еткен жасақтың ерекше түрі – айбарлы атты әскердің қалыптасуына ықпал етті.

(Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласынан)



3. Ат өбзелдерінің атқаратын қызметі туралы таратып жазындар. Мәнмәтін бойынша тілдік бірліктердің орфографиялық нормаға сай болуын қадағалаңдар. Толымды, толымсыз сөйлемдерді ажыратындар.



- 4.** Көшпендердің өркениетке қосқан үлесі туралы пікірлерінді «ПСМТ формуласы» өдісімен жазындар. Жұптарыңың жазба жұмысын азатжолдарға бөліп, логикалық және стильдік түзетулер енгізіп, редакциялаңдар.

1-сөйлем: «Менің ойымша, ...».

2-сөйлем: «Мен оны былай түсінемін...».

3-сөйлем: «Оны мына деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын...».

Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...».



- 5.** Тест сұрақтарына жауап беріндер.

1. Ат өбзелдеріне қатысы жоқ сөзді белгілеңдер.
 - A) Ноқта
 - B) Қамшы
 - C) Тізгін
 - D) Жол
 - E) Тебінгі
2. «Сәйгүлік» сөзінің синонимдерін анықтаңдар.
 - A) Тұлпар, арғымақ
 - B) Тай, бәйге
 - C) Жабағы, пырак
 - D) Бие, жорға
 - E) Қазанат, құлыш
3. «Ауыздығымен алысқан» тіркесінің мағынасын белгілеңдер.
 - A) Жұас жылқы
 - B) Асау жылқы
 - C) Қарабайыр жылқы
 - D) Шайқалған жорға
 - E) Жетекке алатын жылқы
4. Ат үстінде жүргенде ыңғайлы болуы үшін бабаларымыз киімді қалай бөлді?
 - A) Ұзын шапан мен бөрік
 - B) Етік пен кебіс
 - C) Астыңғы және үстіңгі

- D) Қолғап пен орамал
 Е) Қамзол мен жейде
5. Биік ер-тұрман мен үзенгінің не үшін қажет екенін ажыратындар.
- A) Аттан құлап кетпес үшін
 B) Сәйгүлігіне неғұрлым еркін мініп жүруі үшін
 C) Қөшкенде жүк арту үшін
 D) Биік болып отыру үшін
 E) Ұйықтауға ыңғайлы болу үшін
6. Еуразия көшпенділері ойлап тапқан айрықша маңызды өскери жаңалық:
- A) Ат үстінде тік тұрып шабу
 B) Жерден қаруын іліп алу
 C) Ат үстінде қылыштасу
 D) Ат үстінде садақ тарту
 E) Сарбаз бен оның мінген атын қорғауға арналған сауыт



6. Қаздауысты Қазыбек бидің жеті жасында бәйгеден озып келген атқа таласқан екі адамның дауын шешкені туралы шешендік сөзді тауып, оқындар. Тақырыппен байланысын анықтаңдар. Шешендік сөзді талдандар.

Шешендік сөз қандай жағдайда туған?	Шешендік сөздің көтерген тақырыбы	Шешендік сөздің тәрбиелік мәні



7. Мәтінді өз ойларыңмен жалғастырып, атқа мінудің денсаулыққа пайдасы туралы ойтұжырым жазындар.

Арғымақты ауыздықтап міну кімге болсын қанат бітіреді. Еркіндікті сезіндіреді. Қазақ еркіндікті ат үстінде сезінген. Тәй-тәй басқан сәтінен қу шыбықты ат қып ойнаған қазақ баласы өссе келе шыбыққа «жан бітірген». Ат үстінде рухы тасып, қайраты қалыптасқан.

Атпен серуендеу өртүрлі ауруға емдік тәсіл ретінде қолданылады...

§5.

Қазақстан – алма мен қызғалдақтың Отаны



- Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы бойынша жасалған сызбамен танысып, сұрақтарға жауап беріп, ойларынды ортаға салындар.



- Қазақстанның танымал брендтері қатарына нелерді немесе кімдерді қосар едіңдер?
- Елімізді шетелге танымал етіп, атақ-дәрежесін аспандаттын жәдігерлерімізді, ұлттық құндылықтарымызды сақтап, көркейту үшін не істеу керек?



- Мәтінді оқып, негізгі ойды анықтаңдар. Алма туралы өздерің білестін мәліметтермен толықтырыңдар.

Жабайы алма

Тау бөктері тұтасқан жабайы алма болатын. Соғыс жылдары біз, жас балалар, қалың бөргезге қол-аяғымызды қызыл ала жоса ғып жыргызып, ұзақты қүнге алмадан алма таңдал, сол бөктерде тентіреп жүруші едік. Қышқылтый ақ алманы тістегенінде, мұз шайнағандай қаршылдайтын. Сөлден кейін тісті қамап қалатын да, зар қақтырып бастырмай таставайтын. Сонда да жейтінбіз... Қоңыр самал соғатын, итмұрын, қарақаттың неше алуан иісі аңқитын. Бірақ ақ алманың, жабайы алманың қымыз иісі бәрінен де ерекше еді. Қай жағында

қарасаң да, бұтақтары сынып кетердей бол иіліп, көзді арбаган ақ алма сыйқасып тұратын. Кешке қарай өрістен қайтқан малмен бірге алма толы бір-бір дорба-қоржындарымызды арқалап, біз де ауылға бет алатынбыз.

Күзге қарай алып алма ағаштың ақ алмасы сарғыштанып, уылжып пісе бастайды. Қанша жесен де, тісінді қармамайды. Дорбаға толтырып үйге өкелгеніңше езіліп кетеді. Ортасынан тіліп, жіпке тізіп, қақ жасаймыз. Ауыл балалары жиналып, күнде тасимыз алманы. Аз күннің ішінде алма ағаштың алмасы тек биіктегі бұталарының үшар бастарында ғана қалды.

Біздің ауыл «Алмалы» деп аталады, өйткені жабайы алма сыңсып өскен тау бектерін солай деп атайды. Бұрын бұл тауда жабайы алманы қорек етіп, аю өріп жүреді екен. Сондықтан болар кейбір ұлкендер күні бүгінге дейін жабайы алманы «аю алма» деп атайды. Ол кезде алма жегісі келгендер жүйрік атпен келіп, алманы ат үстінде тұрып жинаиды екен. Егер адамның алманы үзіп жатқанын бір аю көріп қалса, қазандай тасты көтеріп алып, ақырып қуатын көрінеді. Сонда бүкіл Алмалы бойының аюлары тегіс үн қосып: «Біздің алмамызда адамзаттың не қақысы бар?» – десіп долданысып, жер-көкті азан-қазан етіп, тітірентіп жібереді екен. Әжеміз осы әңгімені айтып отырған кезде, біздің зәреміз үшушы еді.

(Сайын Мұратбековтің «Жабайы алма» повесінен)



3. Тілдік қуралдары арқылы (терминдер мен ұғымдар, синтаксистік құрылымы) стилін ажыратындар.

Жетісү жеріндегі сақ қорғандарынан қызығалдақ гүлі өрнектелген алтын тіліктер табылған. Қолөнер бүйімдарында да гүл пішіндес ою-өрнектер жеткілікті. Кезінде Ұлы Жібек жолы арқылы саудагерлер Орта Азия мен қазақ жерінен қызығалдақтың пиязшықтарын Түркияға жеткізген. XV–XVII ғасырларда ол Германия, Ұлыбритания, Голландия елдеріне таралды. Қазір де шетел ғалымдары селекциялық жолмен мәдени сұрыптарын алып жатыр. Бірақ олар бізге – қызығалдақтың Отанына қайта-қайта келуге мәжбүр. Себебі әрбір мәдени сұрып 2–3 жыл, әрі кеткенде 5 жыл ғана өзінің жаңа алынған кездегі қасиеттерін сақтайды. Енді қайтадан жаңа сұрып алу үшін оның табиғи атасы керек. Сондықтан голландық селекционер ғалымдар Қазақстанға көніл бөліп отыр.

Енді бұрынғыдай кілемдей құлпырған қызғалдақты қырларды аз көреміз. Ең өкініштісі, табиғи қызғалдақтың арамшөп сияқты гүл күлтелері кішкентай түрлері қаулаш келе жатыр. Бұлай кете берсе, табиғатымыздың сұлулығы мен тепе-тендігінің жойылып кету қаупі бар. Бүгін біз соны жоғып алатын болсақ, болашақ үрпағымыз қызғалдақтың тек суретін тамашалап отыруы өбден мүмкін. Соңдықтан БҰҰның тікелей тапсырмасымен халықаралық ұйымдар мәдени өсімдіктердің ата-тегі – табиғи қызғалдақтарды, табиғи алмаларды, бидайларды, дәрілік шөптерді зерттеуге қаржы бөліп, әр елдің өзіне тән өсімдіктер жүйесін сақтап қалуға назар аударып отыр. Фалымдардың есебі бойынша, қазіргі Қазақстан жерінде қызғалдақтың 34 түрі белгілі, оның 18-і сирек кездесетін түрге жатады және «Қызыл кітапқа» енгізілген.

(Құралай Кәрібаеваның «Көктем аруы – қызғалдақ» мақаласынан)



4. Мәтінді азатжолдарға бөліп, ойын дұрыс жүйелеп, стильдік және логикалық түзетулер енгізіп, редакцияланадар.

Мен жарық дүние есігін ашқаннан соң, ата-анам Қызылқұмға көшіп барыпты. Ол кезде елдің тіршілік көзі – малшаруашылығы. Менің отбасым да ес білгенімше Қызылқұмда мал бақсан. Әкем жылқысын таң атысымен ерттеп мініп, уақ малдарды жайылымға айдал кетеді... Көктем шыға төбешіктерді, жазықтықты қаптайтын қызғалдақты айтсаңызшы! Әкемнің екі сезінің бірі – сол қырмызы гүлдер. «Аяқ басуға қимайсың, жазықтық түгел қызыл-сары түске енген», – дейтін. Қызылқұмнан көшіп кеткен соң аңсарым ауып, сол гүлдерді көргім келді. Көктем шыға Қызылқұмға арнайы барып, көздің жауын алатын қызғалдақтың табиғатты қандай өсемдікке бөлегеніне күә болдым... Мен үшін балалық шағымда әдемі естеліктерімен, өсемдігімен есімде қалған қызғалдақ гүлі сұлулықтың символы іспеттес. Әңгімемізге тұздық болған да осы қызғалдақ гүлінің қазақ жерінен бүкіл жер жүзіне таралуы... Қызғалдақтың біздің жерімізде 34 түрі кездеседі еken. Оның 12-сі тек қазақ жерінде ғана өседі. Осыдан болар Қазақстанның «Қызғалдақтың Отаны» аталуы. Расында, қызғалдақты Қазақстанның бренді ретінде мақтаныш етуге толық құқығымыз бар.

(Нұржәмила Алмасқызы)



5. Мәтіндегі ақпаратпен танысып, қоғам белсенділерінің пікіріне қатысты ойларыңды жазыңдар. Мәнмәтін бойынша тілдік бірліктердің орфографиялық нормаға сай болуын қадағалаңдар. Жақты, жақсыз сөйлемдерді ажыратыңдар.

Жабайы алманың эволюциялық тарихын зерттеуші ғалымдар өлемдегі алма атауларының арғы атасы Қазақстанда, оның ішінде Алматыда екенін дәлелдеді. «Nature Communications» журналында «*Malus domestica*» атты алма сұрыбының біздің елімізден тарағандығы, Жібек жолымен Шығыспен Батыс елдеріне жетіп, одан өрі Американы жаулағандығы жазылды.

Алатаудың бектерінде 950–1250 метр биіктікте «Сиверс» жабайы алмасы өседі... Миллиондаған жыл осы өңірді мекен еткен алма бағы қазір жойылуға шақ тұр.

Соңғы жылдары қоғам белсенділері: «Алматының символы, қазақстандықтардың мақтанышы – «Апорт» алмасы азайып барады», – деп дабыл қағуда. «Олардың бұл аландаушылығы негізсіз емес, – дейді Экология және орнықты даму институтының директоры Құралай Қөрібаева. – Бір кездегі жасыл желекке оранған ару қалада бақтар оталып, орнына зәулім ғимараттар тұрғызылды. Ол тұрмақ, ерекше қорғалатын аумақ санатындағы Алатау бектеріне зәулім сарайлар салынып, алма бағы аяусыз қиратылды. Соның салдарынан алма түрлерінің атасы – Алматы «Апорты» жойылып кетудің аз-ақ алдында тұр», – дейді ол...

(Дина Имамбаева)



6. Жағдаяттық тапсырманы орындандар.

Жапонияда Сакураның гүлдегенін тамашалау сияқты дәстүр бар. Осындай шаралар экологиялық мәдениетті қалыптастырады. Егер сендер эколог маман болсандар, алма мен қызғалдақтың табиғи атасын сақтап қалу үшін қандай іс-шаралар үйімдастыра尔 едіңдер?



7. «Қазақстан – алма мен қызғалдақтың Отаны» тақырыбында анықтамалық не сипаттамалық эссе жазып, жай сөйлемдер мен құрмалас сөйлемдерді ажыратыңдар.

§6.

Ұлы даладағы ежелгі металургия



1. Елбасының Ұлы даладағы ежелгі металургияға берген анықтамасымен танысып, ойларынды ортаға салындар.

Ұлы даладағы ежелгі металургия

Ежелгі заманда тау-кен өндірісі пайда болып, қола, мыс, мырыш, темір, күміс пен алтын қорытпалары алынған.

Металл өндіру ісі дамып, технологиялық ілгерілеуіне жол ашылды.

Қазба жұмыстары барысында металл қорытатын пештер мен әшекей бүйымдар, түрмистық заттар мен қару-жарақтар табылды.



2. Мәтінді оқып, «Үш жақты қүнделік» өдісі бойынша талдандар.

1-қадам	Сабақ тақырыбымен, оқылатын мәтінмен танысу
2-қадам	Мәтінді оқу барысында жеке қүнделік толтыру. Терминдері мен ұғымдары арқылы стилін анықтау
3-қадам	Жұмыс нәтижесін жүпта, топта талқылау

Шілікті мен Берел қорғандарындағы қазба жұмыстары барысында скиф-сібір аң стиліне, сақ өнеріне (б.з.б. V–III ғғ.) жататын алтын бүйымдар табылды. Бұл – Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында айтылғанындей, жылқыны алғаш қолға үйретуден бөлек, бабаларымыздың металургияны да алғаш болып меңгергенінің дәлелі. Қорымнан табылған бұл бүйымдар далалықтардың металл өндіру мен оны қорытудың, әртүрлі бүйымдар жасаудың шебері болғанын әлемге әйгіледі. Одан беріде Берел, Шілікті, Аблайkit, Қырықүңгір қорымдарында археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізіліп, бағзы замандағы тарихымыз беретін белгі беретін жәдігерлер табылды.

Бұл жәдігерлер, біріншіден, біздің бағзы заманнан келе жатқан ұлы өrkениеттің мұрагерлері екенімізді нақтылай түседі. Екіншіден, бұл – металл өндегуді игеру арқылы өлемдік өrkениеттің дамуын Ұлы дағы үрпақтары жеткізгенінің бұлтарпас айғағы.

Берел қорымынан табылған жәдігерлер үлгісінің лабораториялық зерттеу жұмыстары қазір шетелдік зерттеу орталықтарында – Токиодағы Ұлттық генетика институты мен Ресей ғылым академиясының Археология және этнография институтының Сібір бөлімінде, сондай-ақ өз елімізде – Ә.Мартылан атындағы археология институтында, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінде, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жүргізілуде.

Арнайы бағдарлама түзіліп, құрамында Зейнолла Самашев, Карл Байпақов, Әбдеш Төлеубаев сынды археологтер бар арнайы жұмыс тобы құрылды және зерттеу жұмыстарына Ұлыбритания, АҚШ, Италия, Бельгия, Венгрия, Польша, Жапония, Түрция, Қытай және Ресей мемлекеттерінің белгілі ғалымдары да қатысты. Сөйтіп, ұзын саны 3000-нан астам жәдігер музей қорына берілді.

Еліміздің ортағасырлық тарихы мен мәдениетін білуге, өrkениеттің қозгаушысы болған ел ретінде Қазақ елін өлемге танытуға бұл зерттеулердің септігі тиері анық.

(*Әділбек Қабаның «Әлем дамуындағы алғашқы үш секірісті Ұлы далалықтар жасаган» мақаласынан*)



3. Оқылым мәтінінің ғылыми стильде жазылғанын дәлелдендер.

Мәтіннің мақсаты	Стильдік сипаты	Тілдік амал-тәсілдері



4. Автор пікіріне қосыласындар ма? Қотерілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдары немесе себептері туралы өз ойларынды дәлелдеп, дискуссивті эссе жазындар.

Неліктен біз индустрияландырумен айналысып жатырымыз? Бізде пайдалы қазбалар бар, бірақ олар күндердің күнінде таусылады. Мысалы, мұнай мен газ есебінен өркендеген Оманның мұнайы таусылды, бірақ оған дейін қамданып, басқа индустрія құрып үлгерді. Пайдалы қазбалары аз болса

да, гүлденген экономикасы бар Оңтүстік Корея, Швейцария, Сингапур секілді елдерді мысалға келтіруге болады. Бұл елдер білімнің есебінен дамуда. Болашақ – ірі кәсіпорындарда емес, технологияларда.

(*Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы дақаның жеті қыры» мақаласынан*)



5. Шешендік сөзді оқып, «Фылым артық па, әлде мал артық па?» сұрапына қазіргі заман тұрғысынан жауап беріп, ойталқы өткізіңдер.

Фылым артық па, әлде мал артық па?

Бір топ адам бірде Әзірет Әлі шешеннен: «Фылым артық па, әлде мал артық па?» – деп сұрапты. Сонда шешен:

– Біріншіден, фылым артық. Фылым – өулие-әнбиelerдің мирасы, ал мал – перғауын мен қарынбайдың мирасы. Екіншіден, фылым сені сақтайды, ал малды сен сақтайсың. Үшіншіден, фылымның досы көп, ал малдың дүшпаны көп. Төртіншіден, фылымды жұмсасаң, арта береді, ал малды жұмсасаң, азая береді. Бесіншіден, фылым саған құрметті атақ береді, ал мал саған сараң деген атақ береді. Алтыншыдан, фылым өзін-өзі сақтайды, ал малды үнемі бағып-қағу керек. Жетіншіден, фылым қиямет күні иесіне шапағатын тигізеді, ал мал иесіне қисапсыз жауап бергізеді. Сегізіншіден, фылым тозбайды, жоғалмайды. Ал мал болса – қолдың кірі, өледі, жоғаллады. Тоғызыншыдан, фылым көнілді нұрландырады, адамға ақыл-ой қосады, ал мал масаттандырады, болған үстіне бола берсем деп, дүниеқоңыз етеді. Оныншыдан, фылым Құдайға ғибадат қылады, ал мал иесінің көңіліне тәқаппарлық салады, – деп жауап беріпти.

(«Шешендік шыырлары» кітабынан)



6. Ойталқыдағы пікірлерінді жинақтап, кестені толтырыңдар және өз ойларынды 10 сөйлеммен қорытындылаңдар. Көсемшени анықтаңдар.

Фылым	Мал



7. Қазақстандағы ірі металлургия зауыттары туралы ақпарат жинақтап, презентация немесе ойтуұжырым дайындаңдар.

§7.

Шешендік өнер тарихы



1. Мәтінді оқып, Майқы би туралы өздерің билетін мәліметтерден дәйексөздер келтіріп, дереккөздеріне (БАҚ, әнциклопедиялық, тылыми еңбектер) сілтеме жасандар.

Майқы би

Майқы би (XII–XIII ғғ.) – халықтың ауызша тарихының айтуында, Шыңғысты хан көтеруге қатысқан атақты он екі бидің бірі. Әділ билігімен, тапқыр шешендігімен атағы шыңғысан адам.

Майқы есімі қазақтың шығу тегіне қатысты көптеген аңыз-әңгімелерде кездеседі. Тарихшы Рашид ад-Диннің «Жәмиғ ат-тауарих» еңбегінде оның Шыңғыс ханның ақылшысы, өзі жорыққа аттанғанда орнына қалдыратын биі болғаны, Жошы ханның Батысқа жасаған жорығында моңғол өскерінің оң қанатын басқарғаны айттылады. Осыған қарашағанда, Майқы бидің жас шамасы Шыңғыс ханмен қарайллас болған.

«Қазақ әнциклопедиясында» былай жазылған: «Қазақ аңыздары Майқы биді Шыңғыстан бірер ғасыр кейін жасастып, қазақтың үш жүзге бөліну кезеңінде үлкен рөл атқарғанын айтады. Орманбет би өліп, он сан Ноғай елі бүлінгенде, қазақ ұлсының құрган тарихи қайраткер бейнесінде сипатталады. Майқы би қазақ руларын үш жүзге бөліп, үйсін бастаған бөлікті «Ұлы жүз», арғын бастаған бөлікті «Орта жүз», алшын бастаған бөлікті «Кіші жүз» деп атайды. Ноғайлы хандарының бірі – Ахметті Ұлытауда үш жүздің ханы етіп көтереді. Ол ұрысқа кірген қырық руға таңба таратқан және таңбаны өр рудың ерекшелігіне қарай белгілейді. Ұлыс туын ұстаған үйсінге «жалау», ортада жүрген арғынға «көз», жауға алдымен шабатын алшынға «найза» таңбасын берген».

Ел аңыздарынан Майқы бидің өз заманында ел қамын ойлаған үлкен ойшыл адам болғаны, халықтың әдет-ғұрып, салтын, жол-жоралғысын заңға айналдыруда оның орны ерекше болғаны көрінеді.

(«Қазақтың би-шешендері» жинағынан)



Шешендік өнер тарихы

Шешендік өнер туралы ғылымды халықаралық тілде **риторика** (көне грек сөзі) дейді. Риторика ғылымының негізін салған софист Протагор (б.з.б. 444 жылы туған) болып есептеледі. Протагор шешендік өнерге байланысты «Айтыс өнері», «Тартыс туралы», «Ғылымдар туралы», «Өктем сөз» және «Жарыссөз» атты еңбектер жазған.

Шешендік өнер көне Римде басты орында болды, онда сөз құдіретіне ие адамға тәніріндей табынған. Сенатта, сотта және т.б. жиындарда әрбір ерікті азаматтың сөйлеу құқығы болған. Сондықтан шешен сөйлеудің қыр-сырын менгеру мемлекет істеріне араласу талабынан туындағы.

Көне Рим шешендік өнерінің алыбы деп Цицеронды танимыз. Марк Туллий Цицерон – шешендік өнердің теоретигі. Ол өзінің шешендік өнер туралы ұлғы ойларын «Шешендік өнердің үш трактаты» енбегінде жазып қалдырыды.

Демосфен риторикадан сабак беріп, пән ретінде негізін қалаған. Оның 170 қолжазбасы мен 60 шешендік сөзі сақталған.

Сондай-ақ Сократ, Платон, Аристотель, Квинтилиандардың есімдерін атап өтуге болады.

Қазақтың ұлттық шешендік өнерінің тарихы

Қазақтың шешендік өнерінің дәл қай уақыттан басталатынын дәп басып айту қыын. Себебі қазақ шешендік сөздері қағазға түспей, ауызша айттылып, халық жадында сақталып келді. «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би» дейтін де сөз бар. Бірақ шешендік сөз өнерінің шығу тарихы өлдеқайда әріден басталса керек.

Біз білетін қазақ шешендерінің атасы – Жиренше шешен және ел аузында сақталған шешендік сөздердің ең көнесі де Жиренше атымен байланысты сөздер. Бізге жеткен аңыз-әңгімелерге қарағанда, Жиренше – Әз Жәнібек хан мен Асанқайғы (XIV–XV ғғ.) заманында өмір сүрген адам.

XVI–XVIII ғасырларда шешендік өнерді Шалқиіз, Бұқар, Шортанбай, Дулат, Мұрат, Төле, Қаздауысты Қазыбек, Әйтекелер жалғастырыды. Шешендік өнердің кең қанат жайып, биіктеген кезеңі – XVIII ғасыр. Бұл – қазақ халқының жонғар, қалмақ, қытай басқыншыларына қарсы тұрып, өз тәуелсіздігін қорғау жолындағы құрес жылдары еді.



- Оқылым мәтінінің ғылыми стильде жазылғанын дәлелдеңдер.

Мәтіннің мақсаты	Стильдік сипаты	Тілдік амал-тәсілдері



3. Берілген тілдік бірліктерді пайдаланып, атаулы сөйлемдерді қатастырып, мәтін құрастындар.

Риторика ілімі, ерте кезден зерттеле бастады, әл-Фараби, шешендік өнердің табиғаты, нағыз шеберлері, жүре қалыптасады, демократиялық қоғамда, адам құқы мен еркіне деген көзқарас, қызығушылық артып отыр.



Сократ сөйлегенде, біреудің бет-ажарына, байлығына не басқа да жүрттан асқан артықшылығына бола үндемей қалмаган. Ол барынша турашыл, қарапайым өрі қайырымды, жаны жайсаң жан болған.

(Платон)



Данышпан Сократ көшеде жас ойшыл Ксенофонтты жолықтырып:

- Үнды қайдан сатып алуға болады? – деп сұрайды.
 - Базардан, – депті Ксенофонт.
 - Ал майды ше?
 - Оны да базардан.
 - Ал даналық пен ізгілік алу үшін қайда баруға болады?
Жас жігіт ойланып қалыпты.
 - Маған еріп жүр, мен көрсетейін, – депті Сократ.
- Осыдан бастап Ксенофонт Сократтың өрі шекірті, өрі шешендік жолындағы сапарлас серігі болған екен...

(«*Fұламалар гибраттары*» кітабынан)



4. «Даналық пен ізгілікті қайдан алуды?» деген сұраққа жауап беріп, өз ойларынды дөлелден, дискуссивті эссе жазындар.



5. Шешендік негіздері туралы ойларынды жинақтап, өз болжамда-рыңмен толықтырып, сұхбат құрындар. Талқылау сұрақтарын құрастырып, сынни тұрғыда баға беріндер.

Шешендік өнер үш нәрсеге негізделеді:

- 1) табиғи дарын, тума талант;
- 2) жан-жақты білім;
- 3) тынымсыз еңбек, жүйелі жаттығу.

Марк Туллий Цицерон былай деген: «Өзінің сөзімен тыңдаушысына әрі білім берсе, әрі көңілін көтерсе, ең мықты шешен – сол. Білім беру – шешеннің міндеті, көңілін көтеру – тыңдарманға көрсеткен құрмет, құшті әсер ету – қажеттілік».

(«Шешендік өнер негіздері» жинағынан)



- 6.** Ежелгі Грекия мен Көне Римдегі шешендік өнердің көрнекті өкілдері мен олардың еңбектерін сәйкестендіріңдер.

Аристотель (б.з.б. 384–322)	Сөздің шындықпен арақатынасы жөнінде софистерге қарсы бағыт ұстанған. Абсолютті шындықты адам танымынан жоғары қойған. Сократтың шәкірті. Софистердің риторикасын ғылым ретінде жоққа шыгарып, шындыққа негізделген шынарын сөзді ұстанған. Атақты қолбасшы А.Македонскийдің ұстазы. «Риторика» атты үш кітаптан тұратын еңбектің авторы. Шешендік өнердің теоретигі. Өз еңбегін білікті шешендер Лициний Красс пен Марк Антоний арасындағы диалог түрінде жазған. Он екі кітаптан тұратын «Шешендік тәлім» атты еңбегінде шешендіктің ережелерін белгілеген.
Сократ (б.з.б. 470–399)	
Платон (б.з.б. 427–347)	
Квинтилиан (б.з. 35–96)	
Цицерон (б.з.б. 106–43)	



- 7.** Екі тапсырманың бірін орындаңдар.
1. «Шешендік сөз – терең ойға, ұтқыр логикаға құрылған құнды мұра, асыл қазына» тақырыбында аргументті эссе жазыңдар.
 2. Риторика ғылымының негізін қалаған шешендер туралы іздеңіп, презентация немесе ойтұжырым дайындандар.

II

БӨЛІМ

ЖАСТАР МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ МӘСЕЛЕСІ

ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР

Бұл бөлімде сөздер:

- саламатты өмір салты, үлттық мәдениет, мамандық таңдау, жастар мәдениеті мен жастардың ел болашағына ықпалы жөнінде ой қозғайсындар;
- әлеуметтік желінің пайдасы мен зиянын талқылап, блогер мамандығының қыр-сырын игеруге талпынасындар;
- ойкөппардың (дебат) мақсаты, ерекшелігі және мәдениетімен танысып, түрлі тақырыптарда ойкекпар үйімдастырасындар;
- публицистикалық стильдің ерекшеліктерін біліп, тақырыпқа байланысты шығармашылық бағыттағы тапсырмалармен (өлең, әңгіме, естелік, шығарма, эссе) жұмыс істейсіндер;
- шешенге, шешендік сөзге қойылатын талаптармен, шешеннің көпшілік алдында өзін ұстау мәдениетімен танысадындар.

Өнер, оқу – жастықтың қару-жарағы.

Илияс Жансүгіров

Жастардың бүгінгі міндегі – оқу, білім, тәрбие жұмыстары. Бүгін – жастардың сөзден іске көшетін заманы.

Ғани Мұратбаев

§1.

Тіршіліктің негізі – саламатты болашақ



1. Аудиожазбадан (03. mp3) «Жаның жеті жаманнан аман болсын» мәтінін тыңдалап, тілдік оралымдарын талдаңдар. Жаның саулығы мен тәннің саулығы бір-бірімен байланысты ма?



2. Мәтінді оқып, тыңдалым мәтінімен салыстыра талдаңдар.

«Жаның жеті жаманнан аман болсын» мәтіні	«Ұлт саулығы» мәтіні
Тақырыбы	
Мәтіндердегі автор көзқарасы	
Көзделген аудиториясы	
Құрылымы мен тілдік ерекшелігі	

Ұлт саулығы

Қазақ халқы ежелден денсаулықты құтуге, құнделікті өмірде денені күтіп ұстауға, тазалықты сақтауға, дұрыс тамақтануға қатты мән берген. Халқымыздың «Бірінші байлық – денсаулық», «Дені саудың жаны сау, жаны саудың тәні сау» деген мақалдары терең тәрбиелік және философиялық маңызын осы құнгепей дейін жоғалтқан жоқ.

Қазақ – судың тұнығын ішіп, малына шөптің шүйгінін беріп, төрт түлігін түгендеп жүрген халық. Төрт түліктің ішінде жылқыны ерекше баптап, бие сауып, қымыз даярлаған.

Жылқы еті – қазақ халқы үшін аса қадірлі тағам. Ол қорытуға жеңіл, тез сіңеді. Жылқы етінен жасалған қазы-қарта, жал-жаяны білмейтін адам сирек, қай жерде де бұл тағамдар үлкен сұранысқа ие.

«Биенің сүті – сары бал», «Қымыздан асқан дәм бар ма?» деп, қымызды тек сусын ретінде ғана пайдаланбай, оның аса жоғары емдік-шипалық қасиетін білген. Қымыз – жүйке

ауруына бірден-бір ем, өйткені оның құрамында В2, В12 дәрүмендері бар. Қымыз адам ағзасына жан-жақты әсер етеді. Ол ас қорыту мүшелерінің, жүрек қан тамырларының, жүйке жүйесі т.б. ағзалардың қызметін жақсартады. Қымыздың әсері бүкіл ағзаны өзгертерді. Физиологиялық және биохимиялық процестер күшейіп, зат алмасу қалпына келеді.

(Ж.Молдахметұлы)



- 3.** Оқылым мәтіні және өздерің билетін ақпараттар бойынша қымыздың пайдасына кластер құрастырып, сол мәліметтерден мәтін жазындар. Жай сөйлемдер мен курмалас сөйлемдерді ажыратындар.



- 4.** Екі топқа бөлініп, оқылым және тыңдалым мәтіндерін түртіп жазу (конспектілеу) арқылы негізгі ақпаратты іріктеңдер.



5. Қазақ шешендік өнерінің көрнекті өкілдері мен олардың нақыл сөздерін сәйкестендіріңдер. Тақырыппен байланысын анықтаңдар.

Төле би	Амандықта қадір жоқ, Алдырган күнде білерсің. Денсаулықта қадір жоқ, Ауырған күнде білерсің.
Бала би	Тұмай түбі құрт болар, Тұман түбі жұт болар, Ақылдың түбі құт болар.
Қазыбек би	Ауру болар тұбінде Артық ішкен асыңыз. Орта құрсақ жүрсөніз, Аман болар басыңыз.
Бөлтірік шешен	Атадан жақсы ұл туса, Елінің зоры болады. Атадан жаман ұл туса, Адам біткеннің қоры болады.



Ойкөкпар

Ойкөкпар (франц. *debat* – «талас», «талқылау») – белгілі бір мәселе, тақырып төнірегінде айтылған ойды қолдау не жоққа шығару. Мұнда нақтылық, бұлтартпас дәлел мен дәйекті пікір қажет.

Ойкөкпарда тақырып белгіленіп, резолюция ұсынылады. Айтылған ойды жақтаушы топтың спикері бірінші сөйлейді. Оған қарсы топ сұрақ қояды. Спикер қолма-қол жауап береді. Ендігі кезекте қарсы пікір айтушылар тобының өкілі сөз алып, өз аргументін ұсынады. Мұнан әрі екі топ бір-біріне сұрақ қоя отырып, қарсылас топтың пікірін жоққа шығарады. Спикерлер өз аргументтеріне көпшілікті сөндіріп, өз көз-қарасының өміршемендігін дәлелдейді. Ойкөкпардың нәтижесін арнайы белгіленген сарапшылар мен аудиторияның дауыс саны шешеді.

Мақсаты	Қарсылас топтың ой-пікірін жоққа шығарып, өз көзқарасын дәлелдеп, жеңіске жету.
Ойкөкпарға қатысушылар	Топ мүшелері – спикерлер. Жақтаушы топ – белгілі бір айқын позицияны ұстанушылар. Даттаушы топ – қарсылас ұсынған позицияны сынға алып, кемшілігін көрсетушілер. Жүргізуши – спикерлердің сөйлеу ретін, регламенттен аспауын қадағалаушы. Сарапшылар – ойкөкпарды қорытындылап, баға берушілер.
Мәдениеті	Сыпайылышқа пен ұстамдылық, ізгілік қасиеттерін таныта білу. Тақырып аясында ғана сөйлеу. Ұтымда да тапқыр, кенеттен сөз табу тәсілдерін шеберлікпен пайдалану. Нақты дереккөздерін пайдалану.



6. «Ұлттық тағамдарды көбірек тұтынған пайдалы» немесе «Ғалымдар бекіткен заманауи тағамдарды тұтынған дұрыс» деген екі пікірдің бірін жақтап, ойкөкпар өткізіндер.

Ойкөкпар өткізу тәртібі	Уақыты
Ойкөкпарға қатысушылар: 1) жақтаушы топ; 2) даттаушы топ; 3) сарапшылар; 4) жүргізуши болып бөлінеді.	1 минут
Жақтаушы топ спикері өз аргументтерін жариялайды және даттаушы топтың 3 сұрағына жауап береді.	4 минут
Даттаушы топ өз аргументтерін ұсынып, қарсы топтың сұрақтарына жауап береді және олардың пікірін жоққа шығарады.	4 минут
Сарапшылар талдау жасап, қорытынды шығарады.	2 минут



7. «Болашақтың қамы үшін аулақ бол, жастар, кеселден!» тақырыбында эссе жазындар. Эссе түрін өздерің таңдаңдар.

§2.

Жастар және ұлттық мәдениет



- Мәтінді түсініп оқып, стилін анықтаңдар. Мәтінде аты аталған ғұламалар туралы өздерің білетін ақпараттарыңмен бөлісіңдер.

Ұлттық мәдениет – ұлы мерей

Мәдениеттің рухани тірегі – дәстүр. Ол – ұлттық мәдениеттің басты құрамдас бөлігі, ұрпақтың тарихи сабактастығының жемісі. Мәдениетті ұлт дәстүрсіз болмайды.

Дәстүр жаңа заманға бейімделсе, өміршең болып, адамзат дамуына ықпал етеді. Ұлттық мәдениетті жоғары ұстаған ел – өркениетті ел. Заман өзгерісіне жұтылып кетпей, ата дәстүрді көздің қарашығындаңай сақтау – біртұтас ұлт болып ұйыстырудың кепілі.

Әл-Фараби, Баласағұн, Иүгінеки, Ясауи, Абай, Шәкәрім секілді ұлылар дүниеге келген қазақ топырағындағы төл мәдениетіміз – дәстүр, әдет-ғұрыппен біртұтас үғым. Төл мәдениетін бойына дарыту, Абайдың «ыстық қайрат, нұрлы ақыл мен жылы жүректі» бойына жиған «толық адамына» сай келу әр жас ұрпақтың мұраты болуы тиіс. Елбасы: «Абайдың даналығы, Өуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрмангазының күйлери, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – барлығы біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана», – дейді.

Киіз үй, шаңырақ, туған жер, қасиетті тарихи жәдігерлеріміз, салт-жоралғыларымыз, бай лиро-эпостық жырларымыз, қайталанбас музыкалық өнеріміз, домбырадан төгілген өн-күй, жырларымыз, көмекейінен жыр төгілген жыршыларымыз бен орақ ауыз, от тілді шешендеріміздің туындылары, тереңнен бастау алған төл қолөнер, кең дастарқан, ұлттық тағамдарымыз – бәрі келешек өскелен ұрпақ-қа қалған мирас. Жастарымыз осындай ұлттық құндылықтарды қастерлеп, бойына сіңіріп, есіп-өнуі қажет.

Елбасының «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде. Қазақ тілі 2025 жылға қарай өмірдің барлық саласында үстемдік етіп, кез келген ортада күнделікті қатынас тіліне айналады. Қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәніндегі мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде,

біз елімізді «Қазақ мемлекеті» деп атайтын боламыз» деген асқақ ойы – бүгінгі күннің шындығы.

Ұлттық мәдениеттің ажырамас бөлігі, ең алдымен, адамдар арасындағы қарым-қатынастан, сөз әдебінен көрінеді. Сөз әдебінің негізгі қызметі – айналандағы адамдармен сипайы қарым-қатынас орнату. Сондықтан әрбір жеке тұлғаның, әсіресе жастардың белгілі мәдени ұжымның мүшесі ретінде сөз әдебіне тән дәстүрлі қағидалар мен рухани құндылықтарды құрметтеуі, ұстануы маңызды.

Қорыта айтқанда, жастардың бойында тарихымыз бен мәдениетімізге құрметпен қарау секілді ізгі сезімін қалыптастыру мақсатында ұлттық мәдениеттегі үздіктерді таңдау қажет.

(Абай Қурманқұлов,
Жарқынбике Сүлейменова)



2. Мәтінді оқып, алдыңғы оқылым мәтінімен салыстыра (автор көзқарасын, мақсатты аудиториясын, құрылымы мен тілдік ерекшелігін) талдандар.

Елбасының Жастар жылының ашылу салтанатында сөйлеген сөзі

Қадірлі қауым! Баршаңызды Жастар жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл – мемлекет тарапынан өскелен үрпақты қолдауға бағытталған маңызды қадам. Тәуелсіздік рухымен өсіп келе жатқан бүгінгі жас буын – біздің ертеңгі үмітіміз, сенімді тірекіміз. Сондықтан менің Жарлығыммен 2019 жыл «Жастар жылы» деп жарияланғанын білесіздер. Біз бабаларымыз аңсаған Тәуелсіздікке қол жеткізіп, Ұлы дала төсінде әлем мойындаған мемлекет құрдық. Есілдің жағасында еңселі елордамызды тұрғызып, тарихта бұрын-соңды болмаған зор жетістікке қол жеткіздік. Жүзеге асырылып жатқан шаралардың бәрі егемен еліміздің болашағы – сіздер үшін жасалып отыр.

Қымбатты достар! Бұгінде біздің өміріміздің барлық саласы – білім беру, жұмыс, отбасы, тіпті бір-бірімізben қалай сөйлесетінімізге дейін елеулі өзгеріске ұшырауда. Осының бәрі әрбір адамның даму траекториясына және тұтастай алғанда, бүкіл әлемге түбегейлі ықпал етеді.

Көз алдымызыда цифрлы қоғамы мен білім экономикасы бар жаңа жаһандық өркениет туып келеді. Біздің ел уақыттың осы талаптарына сай болуы тиіс. Сондықтан қабылданып жатқан барлық күш-жігер елді болашақ серпіліске өзірлеуді діттейді және қуатты Қазақстанды құруға бағытталған.

Бүгінде Қазақстанда жастарды өлеуметтік-мәдени бейімдеу мәселелерін шешу, жас адамдардың бәсекелік қабілетін дамыту өзекті болып отыр. Жастар жылында біз жас қазақстандықтардың маңызды қажеттіліктерін қамтамасыз етуге бағытталған қарапайым және түсінікті қолдау құралдарын өзірлеуіміз керек. Бұл, ең алдымен, қолжетімді және сапалы білім, жұмыстың болуы, баспана және отбасын құру мүмкіндігі. Осыған байланысты Үкіметке мына шараларды пысықтауды тапсырамын.

1. Жас отбасыларға арналған баспана мәселесі ірі қалаарда өткір екенін ескере отырып, Астана, Алматы және Шымкентте жұмыс істейтін жастар үшін жылына 1 мың пәтерден кем емес құрылышты қамтамасыз ету қажет. Бұл пәтерлер жалдамалы баспана санатына жатқызылуы тиіс.
2. Жастар саясатының негізгі мәселесі жұмыспен қамту болып қала береді. Бүгінгі әлемде 18 бен 30 жас аралығындағы 300 миллионға жуық жас адамның тұрақты жұмыс орны жоқ немесе жұмыссыздар болып табылады. Сонымен бірге ғалымдардың болжауынша, 2050 жылға қарай қазіргі кәсіптердің шамамен жартысын жасанды интеллект ауыстыратын болады.
3. Қазіргі таңда өнерлі жастарды қолдау үшін белсенді жұмыстар жүргізілуде. Қоғамда түрлі бағыттар бойынша креативті азаматтардың тұтас шоғыры қалыптасты. Бүгінде талантты жастарымызға селективті көмек көрсету үшін деректер қорын, жастардың зияткерлік банкін құру қажет. Мұндай қадам бізге болашақтың нағыз кристалдарын өсіруге мүмкіндік береді.
4. Біздің жас отбасыларға, олардың денсаулығы мен өлеуметтік инклюзивтілігіне қолдау көрсету саласындағы көзқарасымызды айтарлықтай өзгерту маңызды. Жастарды жаңа өлеуметтік рөлдері мен отбасылық өмірдің ыстық-суығына дайындау қажет. Мұны орта мектептердің жоғарғы салынушыларынан бастаған жөн.

(Нұрсұлтан Назарбаев)



Публицистика

Публицистика (лат. *publicus* – «қөпшілік», «әлеумет») термині «қоғам өмірі үшін маңызды мәселелерді талқылау» деген ұғымда жұмысалады. Публицистикалық стиль қоғамдық талапқа сай жазылған шығармалардың негізінде қалыптасады. Жазбаша түріне газет, журналдардағы мақала, очерк т.б.; ауызша түріне шешендік сөздер жатады.

Публицистикалық стиль жүртқа үндеу, үгітке қоғам үшін маңызды, дәл сол кезеңде мәні зор мәселелер тақырып болады. Мысалы: саяси, экономикалық, экологиялық, мәдени, моральдық мәселелер. Үндеудің мақсаты – жүртшылықты қоғамдық мәні бар іске қатыстыру, олардың санасына ықпал ету. Ол көбіне газет, журнал, радио, теледидар арқылы беріледі.

Публицистикалық стильдің тілдік ерекшеліктері

Қоғамдық-саяси терминдер мен сөздер	<i>Демократия, өркениет, тәуелсіздік туы, саяси партия, қаржы дағдарысы</i> т.б.
Баға беруші сөздер	<i>Еңбек озаты, көшбасшы, ұлтжандылық, бәсекеге қабілетті, ұрпақ сабактастыры</i> т.б.
Стандарт тілдік бірліктер	<i>Арнайы тілші репортажы, жаһан жаңалықтары, тілшіміз әңгімелейді, хабардар етеміз</i> т.б.
Перифразалар	<i>Ақ алтын – мақта, күріш. Қара алтын – көмір, мұнай. Қөгілдір отын – газ</i> т.б.
Қос сөздер	<i>Қоғамдық-әлеуметтік, бұқаралық-саяси, үгітнасихаттық</i> т.б.
Бүйрық рай тұлғасы	<i>Ана қадірін білейік, жұмыла жасайық, табысқа жетіңдер</i> т.б.
Қаратпа сөздер	<i>Жарқырай бер, Димаш! Арғы беттегі ағайын, халің қалай?</i> т.б.
Инверсиялық орын тәртібі, риторикалық сұрақтар т.б.	<i>Үлгі болса ұлысы, қадірлі болар ұланы. Бұғаңгі күннің өзекті мәселесін ашып көрсете алдық па? Қоғамға мұндаі түбөгөйлі өзгерістер қажет пе?</i>



3. Екі топқа бөлініп, оқылым мәтіндерінің публицистикалық стильде жазылғанын дәлелдендер. Өз дәлелдерінді ортаға салып, екі мәтінің үқастықтары мен айырмашылықтарын анықтаңдар.

Мәтіннің мақсаты	Стильдік сипаты	Тілдік амал-тәсілдері



- 4.** Елбасы мен М.Жұмабаевтың жастарға деген сенімін, үмітін, қамкорлығын салыстыра талда, 10 сөйлеммен қорытындылаңдар. Салалас құрмалас сөйлемдерді анықтаңдар.

Елбасы пікірі	Мағжан ақынның пікірі

Мен жастарға сенемін!

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Қырандай күшті қанатты,
Мен жастарға сенемін!
Көздерінде от ойнар,
Сөздерінде жалын бар,
Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін!
Жас қырандар – балапан,
Жайып қанат ұмтылған,
Көздегені көк аспан,
Мен жастарға сенемін!
Жұмсақ міnez жібектер,
Сүттей таза жүректер,
Қасиетті тілектер,
Мен жастарға сенемін!..
Мен сенемін жастарға,
Алаш атын аспанға
Шығарар олар бір таңда,
Мен жастарға сенемін!

(Мағжан Жұмабаев)



- 5.** Елімізді өлемге танытып жүрген жастардың – өнер немесе спорт саңлақтарының бірі туралы шығармашылық жұмыстың бір түрін (өлең, әңгіме, естелік, шығарма) орындаңдар.
-
- 6.** Жастар және ұлттық мәдениет туралы публицистикалық стильде мақала жазыңдар. Тіл деңгейлеріне байланысты публицистикалық стильдің ерекшеліктерін сақтаңдар. Тақырыбын өздерің қойыңдар. Салалас және сабактас құрмалас сөйлемдерді ажыратыңдар.

§3.

Мамандықты дұрыс таңдау – болашағыңың кепілі



1. Суреттегі ақпаратты өмірмен байланыстырындар. Ойларыңды ортаға салындар. Мамандықтар тізімін тақтаға жазып, олардың сыныптағы қай оқушыға сәйкес келетіні туралы сұхбатасындар. (Фалымдардың пікірінше, мамандық таңдау мәселесінде құрдастарының болжаулары дәл келеді екен).



2. Мәтіндерді түсініп оқындар. Екі пікірді салыстырындар. Өздерің таңдаап отырған мамандық туралы жарнама жасаңдар.

Мамандық таңдауда қателеспеген жөн

Әйгерім Сұлейменова (визажист): Өз жолыңды табу үшін де адасу керек. Бұл – менің өмірлік ұраным. Себебі өзіме үнайтын мамандықты табу үшін ұзақ іздендім. Мектепті бітірген соң, халықаралық бизнес саласы бойынша білім алдым. Аталмыш мамандықтың қандай қызмет атқаратынын да білмедім. Себебі ол кезде маған тегін оқуға түсу маңызды болды. Грант бөлінген мамандықтардың ішінен көңілге қонымдысы өрі жағымдысы осы сала болып көрінді. Ойланбастан құжаттарымды тапсырып, емтиханнан сүрінбей өттім. Тегін білім алдып, бір мамандықтың иесі атандым. Бірақ бұл бағытта жұмыс жасамадым. Аса үнамады және жұмыс табу да оңай болмады. Сондықтан өзге салада жұмыс жасадым. Алайда кәсібімнен ләззат алдым деп айта алмаймын. Осыдан бес жыл

бұрын жарнамадан визажист мамандығын оқытатын курсы көзім шалды. Біз, қыздар, сұлулыққа құмармыз ғой. Қызыға бастадым. Еліміздегі белді визажистердің жұмыстарын көріп, ішінен үнайтынын таңдал, курсы бастап кеттім. Кейін көсіби меңгеру мақсатында оқуымды тереңдете түстім. Қазір өзімнің сұлулық салонын бар. Жұмысыма асығып барамын. Үйиқтамай да жұмыс жасай аламын. Егер жұмысты шынайы беріліп, ләззатпен жасасаңыз, ақша өзі-ақ келеді. Бұрынғы жұмыстарымда тек жалақы үшін еңбектенсем, қазір өзімнің жанымның рақаты үшін жұмыс жасаймын. Мамандық таңдауда қателеспейтін адам өте сирек шығар. Себебі мектепті енді бітірген бойжеткен мен бозбала көп кезде ата-анасының немесе гранттың ықпалына еріп кетеді. Ал бұл қателікке ұрынбау үшін әркім жүрегін тыңдау керек. Сол кезде ізденін табады деп ойлаймын.

Сымбат Қадырхан (журналист): Менің мамандығым – программалаушы. Мамандығымды растайтын құжат анамның сандығында жатыр. Өзім журналистика бойынша қызмет етіп жүрмін. Тоғызының сыныпты бітірген соң ата-анам мен туыстарымның ақылымен колледжге түстім. Төрт жыл бойы ең үздік студент болып, қызыл диплом иегері атандым. Бірақ бұл салада жұмыс жасаған жоқпын. Себебі арманым журналистика саласын меңгеру еді. Мақсатыма жету үшін талай жұмыстарды: даяшы, еден жуушы, көмекші т.б. атқардым. Тіпті үмітімді үзіп, болашаққа деген сенімімді жоғалтқан кездерім де болды. Қолдауды жақын құрбымнан таптым. «Сенен мықты журналист шығады» деген сөздерінен күш алып, бағымды сынап, телеарналар мен радиоларға кастингке барудан шаршамадым.

Еңбегім мен үмітім зая кетпеді. Құндердің күнінде айым оңымнан туып, өуелі журналға редактор, көп ұзамай отандық музыкалық арналардың біріне журналист болып қызметке тұрдым. Телеарнаға жұмысқа қабылдағаннан кейін екі ай тегін еңбек еттім. Қесіби білім алмағандықтан, білетінім нөл, білмейтінім көп еді. Екі айдың ішінде журналистика саласының біраз құпиясын біліп үлгердім. Құні бүгінге дейін осы салада жұмыс жасап жүрмін. Мұлдем шаршамаймын. Жұмыстан ләззат алу күнде демалысқа барумен тең. Өзім осы сөзді жиі айтамын. Қазір жұмысқа ерте барып, кеш келсем де, көңіл қүйім жоғары болып тұрады. Жұмыстан соң үйге

келіп, отбасыма көңіл бөліп, тәттілерді пісіруге де, дастарқа-
нымды жайнатуға да шабытын ашылып тұрады. Нағыз бақыт
мамандық пен өмірлік серігінді дұрыс таңдауда екен.



Жаңа ғасырдың жаңа мамандықтары

- Web-программалаушы, web-дизайнер – ғаламтор желі-
сінде сайттар құратын маман.
- Аудитор – өртүрлі компаниялар жұмысында қаржы ісін
тексеруші және тиімділігін, табыстылығын анықтаушы
маман.
- Бренд-менеджер – бренд ойлап табушы және оны нарықта
ұсыну жолдарын ойластырушы маман.
- Логистик – қойма, көлік, өндіріс жұмысын реттеуші ма-
ман. Көлік логистикасының маманы компания көлікте-
рінің жүк тасымалдау сызбасын ойластырады, ал қойма
логистикасының маманы қоймадағы заттардың, тағам-
дардың сақталуын ұйымдастырады.
- Маркетолог (латын. «нарықты билетін») – нарық сұра-
нысын, тұтынушылар талғамын зерттеуші маман.
- Мерчендейзер – үлкен дүкендерде өз фирмасының тауар-
ларының тұтынушыға қалай ұсынылғанын, қалай жарна-
маланғанын қадағалайтын маман. Ол дүкендерді аралап,
тауарларды тұтынушыға қалай ұсыну керектігі, дүкен
сөрелеріне қалай орналастыру керектігі жөнінде кеңес
береді.

(*bilim-all.kz*)



3. Мәтіндердің стилін анықтап, мақсаты мен тілдік амал-тәсілдерін
салыстырыңдар.

«Мамандық таңдауда қателеспеген жөн» мәтіні	«Жаңа ғасырдың жаңа мамандықтары» мәтіні
Мәтіннің стилі	
Мақсаты	
Тілдік амал-тәсілдері	



4. «Мамандық таңдауда ата-анаңмен ақылдасқан жөн» немесе «Мамандық таңдауда тек өз жүргінді тыңдауың керек» деген пікірлердің бірін таңдап, ойкөкпар ұйымдастырыңдар.



5. Қазақ шешендері мен олардың нақыл сөздерін сәйкестендіріңдер. Шешендік сөздерді жаттап алыңдар.

Төле би	Тұлпардан тұлпар туады, Сұңқардан сұңқар туады, Асылдан асыл туады, Масылдан мал бақпас туады, Тілазардан қылжақпас туады. Мылжыңдан езбе туады, Кыдырмадан кезбе туады.
Майқы би	Ақыллы жоқты аға тұтпа, Қасиеті жоқты қадір тұтпа. Ақыллы жоқты аға тұтсаң, Кішілігінді кемшіліктең көрер. Қасиеті жоқты қадір тұтсаң, Кісілігінді ерсіліктең көрер.
Бала би	Қарап отырғанша, Бір нәрсеге жарап отыр. Кәсіп болмай, нәсіп болмас.
Бөлтірік шешен	Жерден ауыр дегенім – ақыл, білім. Судан терең дегенім – оқу, ғылым. Оттан ыстық дегенім – адамның өмірі. Көктен биік дегенім – тәкаппардың көңілі.



6. Ж.Аймауытовтың пікірін жалғастырып, «Жүргімнің қалауы» тақырыбында өңгіме не шығарма жазыңдар.

Ж.Аймауытов: «Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ оның кез келгеніне икемділік қажет, бұл – жай күнелту, тамақ асыраудың жолы ғана емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе», – деген, сондықтан мен...



7. Өздерің жазған шығармашылық жұмыстағы төл сөздерді анықтап, тыныс белгілерінің қойылу себептерін түсіндіріңдер.



8. «Ата-анамның мамандығы» деген тақырыпта ата-аналарыңнан интервью алыңдар.

§4.

Ғаламтор және жастар



- Мәтінді «Артық болмас білгенің» айдары мәтінімен салыстыра талдаңдар. Қашықтан оқыту, онлайн жүйесіндегі сабактар жөніндегі ойларындағы айтындар.

«Күн тәртібіндегі кезек күттірмес өзекті мәселе» мәтіні	«Блогер – сегіз қырлы, бір сырлы маман» мәтіні
Тақырыбы	
Мәтіндердегі автор көзқарасы	
Қандай аудиторияға арналған?	
Құрылымы	
Тілдік ерекшелігі	

Күн тәртібіндегі кезек күттірмес өзекті мәселе

Қазақстанның әлемдегі бәсекеге аса қабилетті елу елдің қатарына енуді берік мақсат тұтуы білім беру жүйесінің түбекейлі өзгерістеріне жол ашуда. XXI ғасыр ғылым мен техниканың қарыштап дамуымен қатар адамзат тарихында бұрын болып көрмеген жан-жақты ақпараттар ағынының толассыздығымен де танылды. Түрлі елдерде болып жатқан жаңалықтар мен ақпараттар ағынын игеру үшін ғаламтор, электронды пошта құралдары қызметіне жүгіну – уақыт алға қойып отырған міндеттердің бірі. Бұл жас үрпақ үшін білім беруді ақпараттандыру, ғаламтор жүйесінде жұмыс істей білу, қашықтан оқыту мүмкіндіктерін жан-жақты және білікті түрде игеруге мүмкіндіктер кеңістігін ашып отыр.

Н.Назарбаев замана өзгерістері мен уақыт алға қойып отырған міндеттерді саралай келе, 2007 жылдың 28 ақпанындағы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауында: «Онлайн тәсілінде оқыту тәжірибесін дамытып, елімізде оқу теледидарын құру қажет», – деп атап көрсетті.

Елбасы Қазақстан халқына Жолдауында азаматтардың ғаламторды және электронды поштаны қолдана білу дағдысы

мен компьютерлік сауаттылығы міндетті талап екеніне тоқталды. Осыған орай қофам қажеттігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында компьютерлік техниканы, ғаламтор, компьютерлік желі, электрондық телекоммуникациялық құралдарды, электрондық оқулықтар мен онлайн тәсіліндеңінде сабактарды оқу процесінде тиімді пайдалану міндеттері күн төртібіндегі кезек күттірмес өзекті мәселелеге айналуда. Бұл бағытта мемлекет тарапынан атқарылып жатқан істер орасан. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы негізінде жалпы білім беретін мектептерді 100% компьютерлендіру аяқталып, орталық коммуникациялық байланыс торабының қызыметі қарқынды жүргізіліп отырғаны, жалпы орта білім беретін үйымдардың электрондық оқулықтармен қамтылып, қашықтан оқытудың спутниктік арнасына қосылу мүмкіндігіне ие болған республика мектептерінің саны жылдан жылға артуы – болашаққа көз тіккен көзі қарақты жанды қуантатын, жүрекке елдің өртеңіне деген сенім ұялататын шындық.

Тәуелсіз Қазақстанның даму бағыттары мен болашақ міндеттерін айқын сарапал көрсеткен бұл сабак алдағы биіктерге жол сілтеген бағдар іспетті болашаққа деген батыл сенімді алға тартты.

(ҚР Президентінің ресми сайтынан)



Блогер – сегіз қырлы, бір сырлы маман

Блогерлер – мықты бәсекелес. Желіде миллиондаған блог бар. Бір ғана WordPress.com-да 75 миллион блог бар екен. Ал оған Blogger, Tumblr және басқа да блогтүфyrларды қосыңыз. Ал солардың ішінде мықты болу үшін еңбек ету қажет.

Блогерлер жан-жақты. Авторлық блог жүргізу кішігірім газет шығарумен бірдей. Бірақ оны жазатын – бір ғана адам. Өзі автор, корректор, редактор, фотограф және өңдеуші. Блогердің арсеналында HTML, SEO, дизайн, тіпті SMM болады. Орфографиялық, пунктуациялық ережелерді білумен қоса оның техникалық білімі болуы тиіс. Бағдарлама жасауда, веб-дизайнда тінтуір қызыметтері мен өлеуметтік желідегі жұмысты да біліп алуы керек. Сонымен бірге ол өзінің блогін түрлі спамдар мен фишингтен сақтауы қажет.

Блогерлер – маркетинг «білгіші». Мақала жазады, оны жариялады. Осымен бітті деп ойлайсыз ба? Жоқ! Аудитория оның мақаласын оқып, пікірлесу керек. Осы үшін де блогерлер интернет-маркетингтің мәселелерімен танысады.

Блогерлер тәуекелшіл. Олар тұрлі шараларға қатысып, өз ұсынысын жасайды. Қарым-қатынас маманының да рөлін атқарады. Блогерлер көсіпкерлікпен де айналысады. Тұтынушыны табу, сатумен айналысу, серіктестер өнімін жарнамалау сияқты істердің барлығын блогер жасай алады.

Блогерлер – басқарушылар. Егер блог жүргізуде блогер ұжыммен жұмыс жасайтын болса, ол білікті басшы болады, яғни жасампаз авторларды іздейді, контент-менеджерлерді табады, жұмысқа бақылау жүргізеді.

Блогер өз өмірі, өз қызығушылығы жайлы ғана айта бермей, тұрлі салаларда ақпарат бере білуі, өзі көрген өмірді сипаттау арқылы, өзгеге сабак болатын жағдайларды айтып беруі тиіс. Блогерлер қоғамдық пікір құрады. Блог – бұл дискуссия жасауға арналған орын. Ақпараттық мақалалардан гөрі, блогта жазылған ақпарат ел-жүрттың әңгіме ететін мәселесіне бірден айнала кетеді. Алabyройлы блогердің пікірі сол бетте-ақ танымал бола түседі.

Блогерлер – мәдениетті адамдар. Өз-өзін сыйлайтын, құрметтей біletін блогер ешқашан да сенімсіз ақпаратпен бөліспейді, ешкімді арына тиіп, балағаттамайды. Блогер интернет этикасы мен ар-намыс нормаларын сақтайды.

Бұл тізімде айтылған ойларға қосылуыңыз да, қарсы шығуыңыз да мүмкін. Бірақ бір белгілі нәрсе: блоггинг – өте күрделі еңбек. Егер блогер болуды ойласаңыз, есінізде болсын: бәрі де тырысып көруі мүмкін, бірақ соның ішінде бірнеше ғана адам өлем мойындалған блогер бола алады. Себебі блогер – үздік мамандық!

(Дайындаған Ардақ Құлтай)



2. «Әлеуметтік желілердің пайдасы мен зияны» тақырыбында ой-көкпар үйимдастырындар. Пікірлерінді дәлелдендер.

Жақтаушы топтың ұстанатын пікірі	Даттаушы топтың ұстанатын пікірі
Әлеуметтік желілердің пайдасы зор	Әлеуметтік желілердің пайдасынан зияны көп



- 3.** Екі топқа бөлініп, оқылым және «Артық болмас білгенің» айдары мөтіндеріндегі негізгі ақпаратты ірікте, түртіп жазындар (конспектілеңдер).
- 4.** Компьютердің зиянынан қорғану шаралары туралы ереже шығарындар. Ережені түйік етістік арқылы жазындар. Тілдік бірліктердің орфографиялық нормага сай жазылуын қадағалаңдар.



Шешенге қойылатын негізгі талаптар

Шешенге қойылатын талаптар қатарына, әрине, төмендегі қасиеттерді жатқызамыз:

- тіл байлығы, сөз қорының молдығы;
- білімділік және сөйлейтін мәселесін анық білу;
- шыншылдық, адамгершілік, тұрашылдық;
- жинақылық, тапқырлық, жылдамдық.

Шешенге қойылатын қосымша талаптар

Шешендік сөздің әсемділігін арттыратын факторларға тек тілдік қасиеті мен сөз мәнері ғана емес, шешеннің көпшілік алдында өзін-өзі ұстая әдебі мен сыртқы келбеті де жатады. Сөйлеушінің сыртқы түріне қатысты мәселелер де шешенге қойылатын талап ретінде қарастырылып, шешеннің болмыс мәдениетімен бірлікте қамтылады. Көпшілік алдына шығатын адамның киім киісі, тазалығы, жинақылығы, өзін ұстаяуы, бет-жүз, дene қимылдарының сөз мазмұнымен үйлесімді болуы да шешен сөзінің мәнін арттырады.



- 5.** Мәтінді оқындар. Абайды шешен деп айта аламыз ба? Оның бойында жоғарыда айтылған қасиеттердің қайсысы кездеседі?

Дүние үмітке сүйенеді

Бірде Жанқұтты шешен Құнанбайдың үйінде отырғанда, Абай келіп сөлем береді. Абайдың тапқырлығын, өлең шығаратының естіген шешен баланы қасына отырғызып:

– Шырағым, дүние неге сүйенеді? – деп сұрайды.

Абай:

– Дүние үмітке сүйенеді, – деп жауап береді.

– Көздің көрмесі бола ма?

– Көз қабағын көрмейді.

- Шам жарығының түспесі бола ма?
- Шам жарығы табағына түспейді.
- Болат пышақтың кеспесі бола ма?
- Болат пышақ өз сабын өзі кеспейді.
- Тамағына тартпайтын мақлұқат бола ма?
- Өз тамағына тартпайтын мақлұқат болмайды, – дейді бала Абай.

Абайдың жауабына риза болған шешен енді осы жауабын өлең түрінде айтып беруін сұрайды.

Сонда Абай:

Сіз – сұңқар самғай үшқан қиядағы,
Талпынған мен – балапан ұядығы.
Өрнекті өлең сөзben жауап берсем,
Жалғыз үміт – дүниенің тиянағы.
Көз көруі жетпейді қабағына,
Шам жарығы түспейді табағына.
Өз сабын болат пышақ өзі кеспес,
Мақлұқат тартпай қоймас тамағына, –
деп жауап беріпті.

(«Ел аузынан» жинағынан)



- 6.** Көркемдегіш құралдарды қолданып, жастар және ғаламтор туралы ой толғап, өлеңді толықтырыңдар немесе өздерің басқаша үйқастырып көріндер. Шешенге қойылатын талаптарды сақтап, оқып беріндер.

... мәнсіз,
... сәнсіз.
... онсыз,
... күйсіз.

... ойлаймын,
... қоймаймын.
... қимаймын,
... қолдаймын.



- 7.** Ғаламтордың адам өмірін жеңілдетудегі және білім алудағы рөлі туралы пікірлерінді жинақтап, дискуссивті эссе жазыңдар.

§5.

Жаңашыл жастар – ел болашағы



1. Берілген бағдарламалар туралы не білесіндер? Олардың болашақ өмірлеріне пайдасы тиуі мүмкін бе? Ойларынды ортаға салындар.

Жастарды қолдау бағдарламалары	Бұл бағдарламалар туралы өз ойым
«Қазақстан-2050»	
«Дипломмен ауылға»	
«Серпін-2050»	
«Жастардың кадрлық резерві»	
«Жасыл ел»	



2. Аудиожазбадан (04. mp3) Бауыржан Момышұлының «Отан сүйер ұлан бол!» тақырыбындағы өсietіn тыңдандар. Мәтіннің авторы туралы қандай ой толғар едіндер? Мәтін идеясын қазіргі өмірмен салыстырындар.



3. Мәтінді түсініп оқып, тыңдалым мәтінімен салыстыра талдандар. Маңызды тұстарын талдап, өз көзқарастарынды білдіріндер.

Жаңа әлемге жол саламыз!

Тәуелсіздіктің алғашқы құндерінен бастап жастар мәсесі менің де, мемлекеттің де ең басты назарында болып, бұл салада көптеген бағдарламалар жүзеге асырылды. Мен осына еңбектің жеңісі мен қамқорлықтың жылуын жастарымыз жақсы біletініне көміл сенемін. Қазір бүкіл әлем ауқымды өзгерістерді бастаң кешіруде. Төрткіл дүние Төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне қадам басты. Біз ұзақ мерзімді мақсаттарымызға қол жеткізу үшін осындай қарқынды өзгерістерді де өз пайдамызға қарай сәтті жүзеге асыруымыз керек. Сол үшін біз Қазақстанда саяси, экономикалық, рухани және әлеуметтік жаңғыруларды қолға алдық. Осының барлығында мен жастардың сапалы білім алып, бәсекеге қабілетті маман болып қалыптасуына ерекше көңіл бөліп, соған басымдық бердім. Өйткені сендер еліміздің өртеңі ғана емес, мен айқындаған мақсаттарды жүзеге асыратын буынсындар. Мен сендерді белсенді түрде жан-жақты дамуға, спортпен,

өнермен айналысуға, шет тілдерін үйренуге, отандық және өлемдік өдебиеттің мұраларымен танысуға, ең бастысы, өз салаңда өлемнің ең озық мамандарымен иық тірестіріп, қатар тұра алатындай деңгейге көтерілуге шақырамын.

Сендер ата-бабамызға арман болған, біздің буын негізін қалаған Тәуелсіздікті баянды етіп, біздің жеңісті жолымыз бен жасампаз дәстүрімізді лайықты жалғастыратын үрпақсындар.

Съездің «Жаңа өлемге жол саламыз!» деген атауы да жастарымыздың жаңашылдықта үмтүлышын аңғартып, көңілге қуаныш ұялатады. Мен сендердің тың бастамаларында әрқашан қолдаймын! Ендеше, жаңа өлемге салған жолдарың әрдайым ашық әрі даңғыл болсын!

(*Нұрсұлтан Назарбаевтың «Жас Отан» жастар қанатының IV съезінде сөйлеген сөзінен*)



4. Шешендік сөзді оқып, талдаңдар. Тақырыппен байланысын анықтаңдар.

Шешендік сөз қандай жағдайда туған?	Шешендік сөздің көтерген тақырыбы	Шешендік сөздің тәрбиелік мәні

«Ел алдындағы парызынды ұмытпа!»

Тама елінің Сары би деген ақылгөй ақсақалы Даттың үйінде түстеніп отырғанда, Сырым баланың әр сөзіне риза болып, оған мынадай өсиет айттыпты:

– Балам, бұл дүниеде алты ұлы сөз бар, соны есіңнен шығармай жүрсөң, ел алдында беделді, сыйлы боласың. Егер ол сөзді ұмытсан, халық сенің маңайыңа жоламай, аулақ қашады.

Сырым:

– Ол қандай сөз еді, ата, айтыңызшы? – деп сұрайды.

Сары би:

– Арлы, ожданды бол! Ел алдындағы парызынды ұмытпа! Намысынды жастан сақта! Халқынды алалама! Жақынынды жарапалама! Қалысынды қаралама!

Сары би айтқан осы алты өсиетті Сырым шешен қартайғанша есінде сақтап келген екен.

(«Қазақтың би-шешендері» жинағынан)



5. Өлең мазмұнын өз сөздеріңмен жазыңдар. Мәнмәтін бойынша тілдік бірліктердің орфографиялық нормаға сай болуын қадағаланадар. Інгайлас және себеп-саластарды анықтаңдар.

Тәуелсіздік!

Еркіндігім. Қасиеттім. Қастерлім.
Өзің барда өзегімде жоқ шер, мұң!
Кеше сенің келбетіңді арман ғып,
Боданына бұғауландық басқа елдің.
Бабалардың басын тігіп бәйгеге,
Аналардың жанарына жас бердің!
Уа, Еркіндік, қош келдің!
Өзегімді өртке ораған қоғамда,
Өз үйіме өзім өгей болам ба?!

Алшаң басып жүре алмаса алты алаш,
Азаттығым! Қадірің де жоқ онда!..
Саған жету қыын болса қаншалық,
Сақтап тұру қынырақ одан да!
Алла берген азаттықтың әр сәті
Аманат қой маған, саған, оған да!
Сенсің менің ең гажайып өлеңім,
Ең шуақты, ең шырайлы, ең шерлі!
Әр таңында сүйіншілеп тұрайын,
Құдай берген ғұмырымда өлшеулі!

(Калқаман Сарин)



6. Сұрақтарды оқып, қазіргі жастар туралы бір-біріне қарама-қарсы екі пікір айтыңдар. Екі топқа бөлініп, сарапшылар мен жүргізушіні белгілеп, ойкөкпар үйымдастырыңдар.

1. Қазіргі жастарды бұрынғы жастардан не ерекшелейді?
2. Қазіргі жастар санасында қандай жаңалықтар бар? Олардың тұрмыс-тіршілігі қандай?
3. Мейірімділік, әділдік, шыдамдылық секілді адами құндылықтар қазіргі жастар бойынан табыла ма?
4. Ұлттың рухани құндылықтарын бойына сіңірген ұрпақтың ел болашағына тигізер пайдасы қандай?




7. «Елдің индустримальық-инновациялық дамуына үлесімді қосу – басты мақсатым» тақырыбында хабарламалық эссе жазыңдар.

§6.

Жақсы кітап – жан азығы



1. Суретті көргенде қандай ой келді? Жақтар өмірімен қандай байланысы бар деп ойлайсындар?



2. Мәтінді оқыңдар. Негізгі идеясын, стилін анықтаңдар. Берілген пікірлерді өз ойларыңмен толықтырыңдар.

Жақсы кітап оқу ақылды адаммен сырласқанмен бірдей

Елбасы: «Өзінің биік, таза рухани қасиетімен кітап – мәдениет пен руханияттың қорғауда теңдесі жоқ қару», – деген еді. Кітап адамзат баласына ағарту һәм білім сыйлайды. Кітап беттерінде адамзат тіршілігінің сан қылышының құпиялары сақталған.

Кітап – уақыт пен кеңістіктің тынысына толы адамзат ойының жемісі. Адамзат кітапқа өзінің қасиетті сезімі мен жан жылуын сеніп тапсырады. Кітап адамзаттың алға жылжуына, адамгершіліктің биік шыңына көтерілуіне өлшеусіз ақыл қосады.

Кітап – ең сабырлы үстаз. Тек кітап қана қайырымдылық пен айуандықтың, ақиқат пен жалғанның аражігін айнаңтапай тануға үйретеді.

Ұлы ойшыл Конфуций: «Ойланбай оқу – бекер еңбек, оқымай ойлау қауіпті», – деген. Римдік философ Луций Анней Сенека: «Корғанды оқудан ізде, сонда сен өмірдің барлық

қайғы-қасіретінен құтыласың», – дегенді айтады. Толстой: «Жақсы кітап оқу – ақылды адаммен сырласқанмен бірдей», – деген екен.

Мұның бәрін неге айтып отырмыз? Жалпы, кітап – құндылық. Ол – адамды терең ойға жетелейді. Албырт сезімімізді тежеуге, ішкі ойлау қүшімізді арттыруға себеп болады. Кітап – дос, жұбатушы әрі басшылық қабілетті арттыратын құрал.

Белгілі ақын Аманхан Әлім бірде: «...Кітап та адамды тәрбиелейді. Бірақ ол көпжылдық жеміс ағашы сияқты: жемісін бірден бермейді. Алдымен жан-журегіце әсер етіп, сана-сезіміңде ықпал етеді де, бірте-бірте ойыңда да, бойыңда да сіңіп, ақыры уақыт өте жемісін береді. Білімді әрі білікті азамат ретінде эволюциялық жолмен қалыптастырады», – дегені бар-ды.

Максим Горькийдің: «Мен бойымдағы барлық жақсылығым үшін кітапқа қарыздармын», – деген сөзі бар екен. Бүгінгі қазақ баласы кітапқа қаншалықты қарыздар?

Елімізде 1930 жылдары 290 бұқаралық кітапхана болса, 1939 жылды олардың саны 3304-ке жеткен. Кітапханалардың саны неге бұлай күрт артқан? Рухани азық беретін кітаптардың адамзатты тәрбиелеудің басты құралы екенін білгендейдіктен, осындай өрекетке барған сыңайлы. Кітапты құдіретті құндылық, білім көзі, өмірдегі ұстазымыз деп санауымыздың себебі де осы.

(Гүлзина Бектас, Айдана Нұрмұхан)



3. Үш топқа бөлініп, тапсырмаларды орындаңдар.

1-топ. Өздерің оқыған бір кітап туралы пікірлесіндер. «Оқырман сыннып» деген айдармен оқылатын кітаптардың тізімін жасаңдар.

2-топ. XXI ғасыр жастарына қандай тақырыптағы кітаптар қызықты? Өздерің жазушы болсаңдар, қандай тақырыпта кітап жазар едіңдер? Тізімін жасаңдар.

3-топ. «Кітап оқуға шақырамыз» атты іс-шараның жоспарын жасаңдар.



4. Баспадан шыққан кітапты оқыған дұрыс па, әлде әлеуметтік желілерден немесе электронды нұсқасын оқыған дұрыс па? Екі топқа бөлініп, сарапшылар мен жүргізушіні белгілеп, осы тақырыпта ой-көкпар үйымдастырыңдар.



Жұрт алдында сөйлеудің дайындық жолдары

Жұрт алдында сөйлеуге дайындық бірнеше сатыдан тұрады:
1) психологиялық дайындық; 2) нақты сөзге дайындық; 3) күнделікті дайындық.

Міндетті түрде психологиялық дайындық жүргізілуі керек. Сөйлеуші өзінің қорқынышын жеңіп, көніл күйі мен сезімін билей алуы қажет. Шешенниң толқуы дайындығының аздығынан болуы мүмкін. Материалды қаншалықты жақсы білсе, соншалықты аз толқиды.

Нақты сөзге дайындық – тақырыпты анықтау, мақсатын тұжырымдау, материал жинақтау, оны жүйелеу, аудиторияның ерекшелігіне қарай үйлестіре білу, ойларын бір арнаға тоғыстыру.

Күнделікті дайындық – үнемі ізденип, білімін толықтыру, соңғы жаңалықтардан хабардар болу, газет-журнал, радио-телеарналардан хабарламалар тыңдап, көркем әдебиетті, ғылыми кітаптарды көп оқу.



Елді аузына қаратқан шешен болам десен...

- Тыңдаушылардың өздері жақсы білетін нәрсені тәптіштеп айтып жатудың қажеті жоқ. Өзін өзгеден артық санап, «мен білгенді тыңдаушыларым білмейді» дегендей пифыл білдіріп, білгішсініп, мақтана сөйлеген жанның айтқаны далаға кетеді.
- Шешенниң дауысы булығып шығып, бірсыдырығы әуенмен, жігерсіз, баюу сөйлейтін болса, айтқаны қаншама қызық болғанмен, тыңдаушыларды тез жалықтырады.
- Тыңдаушыларға көз қырын салмай, екі көзін қағаздан алмай сөйлейтін кісіні жұрт онша ұнатпайды, біреу жазып берген сөзді оқып, өзгелерді алдаң тұргандай көреді.
- Шешенниң сөзі қысқа әрі тұжырымды болуы керек. Аз сөзben айтуда болатын ойды көп сөзben езгіліп, тыңдаушысын ығыр қылу – әдепсіздік. Мейлінше аз сөзben көп нәрсе айтуда тырысқан жөн...

(Абат Қыдыраевтың «Шешендіктану: теориясы және практикасы» еңбегінен)



5. Әлеуметтік желі белең алған қазіргі заманда адамның кітап оқуға деген құлшынысын сақтап қалу құпиясы туралы 2 шумак өлең шығарып көріңдер немесе ойларында 8–10 сөйлеммен білдіріңдер.
6. Кітапты көп оқудың шешен сөйлеуге тигізетін пайдасы бар ма? Ойларынды жинақтап, аргументті эссе жазындар.

§7.

Шешендейк – жалпыадамзаттық құндылық



1. Сызбадағы шешендейк сөздерге берілген анықтамалармен танысып, шешенге тән қасиеттерді топтастырыңдар.



2. Мәтінді оқындар, жоғарыдағы сызба мен ережені (60-бет) пайдаланып, шешендейк сөзге баға беріңдер және талдандар.

Шешендейк сөз қандай жағдайда туған?	Шешендейк сөздің көтерген тақырыбы	Шешендейк сөздің тәрбиелік мәні

Байдалы бидің жұмбағы

Байдалы би қартайып, үйден шықпай, қундіз-түні төсекте жататын болды дегенді естіп, Мұса мырза іздең келіпті. Байдалы шешен қараша үйінің ішінде бөстекке оранып жатыр екен. Мұсаның қолын алғып, жөнін сұрап амандасты да, көріліктің жайын айтып:

– Ой, көрілік-ай, сөздің өзі – бала, тербетсе – оянады, тербетпесе – оянбайды, заманым өтті ғой! – дей беріпті.

Мұса мырза қонып, қонақасын жеп, таңертең журмек болады.

- Е, шырағым, еліце не айтып барасың? – депті Байдалы.
- Мен не айттайын, ел ағасы болған Байдалы еді, енді көрілікпен алдысып жатыр екен деймін дағы, – депті Мұса.
- Шырағым, оның рас. Үш ауыз сөз сұрайын, соны шешіп беріп кетші! – дейді қарт.

Мұса:

- Айтыңыз, – деп, тыңдайды.

Байдалы қарт сонда:

- Алыста не алыс? Жақында не жақын? Тәттіде не тәтті? – дейді.

Мұса ойланып отырып:

- Жер мен көктің арасы алыс, кісіге туыс жақын, бала тәтті, – дейді.

Сонда Байдалы қарт басын көтеріп:

- Балам, ақылың өлі алқымыңнан асқан жоқ екен. Білімді мен білімсіздің арасынан алыс жоқ. Жаннан тәтті жоқ. Бала қанша жақсы болса да, жан шығарда адамның өз жанынан тәттісі жоқ. Жақында – ажал жақын, – депті.

(«Қазақтың би-шешендері» жинағынан)

Реті	Шешендік сөзге қойылатын талаптар
1.	Шаршы топ алдында әлеуметтік тақырыпта сөйленетін шешендік сөз мәнді де мағыналы, мазмұнды болуы керек.
2.	Тыңдаушыны баурап алар, жүргегіне жетер өуезділік пен көркемдігі болуы шарт.
3.	Шешендік сөздің өзегінде ой салатын негіз, дәлел болуы керек.
4.	Айтылатын ой айқын да нақты болып, нанымды әрекетке бағдар беруі қажет.
5.	Шындық пен ақықатқа құрылыш, мәңгілік құндылығын жоймайтын сипатта болғаны жөн.
6.	Ұтқыр шешімге, тапқыр қысынға, қолма-қол шығарылатын сұрыпсалмалыққа құрылады.



3. Оқылым мәтіні кейіпкерлерінің біріне 4–5 жолдық арнау өлең немесе хат жазындар. Тілдік бірліктердің орфографиялық нормага сай қатесіз жазылуын қадағалаңдар. Етіс түрлерін анықтаңдар.



- 4.** Кестедегі талаптарды сақтап, сұрақтарға жауап берे отырып, «Шешендік өнерді жалғастырар үрпақ бар деп батыл ала-мын» немесе «Ойын мұдірмей жеткізетін жастардың азайып бара жатқаны рас» деген екі пікірдің бірін ұстанып, ойкөкпар үйымдастырындар.

Сендерге қойылатын талаптар

Айтылар ойдың, көтерілетін мәселенің мазмұны мен мәнін тану

Тыңдарманға әсер ететін факторларды жан-жақты ойластыру

Ауызша формада интонация мен ым-ишарапы, жаэбашада тыныс белгілерін сауатты пайдалану

Шынайылық болмыс пен өзіндік стиль қалыптастыру

1. Шешендік өнермен таныстырың қалай басталды?
2. Қазіргі жастардың сөйлеу дәрежесі қандай? Олардың шешен сөйлеуіне көп тіл білуі кедергі келтіре ме?
3. Сөздік қоры аз, сөйлеу мәдениеті төмен жастардың көбеюі мәселесін қалай шешуге болады?
4. Өздеріңің ата-баба өнерін дамыта алатындарыңа сенесіндер ме?
5. Шешендік өнерді менгеру жолдары туралы ойларынды ортаға салындар.



- 5.** Ойкөкпарда түйген ойларынды жинақтап, көркемдік құралдарды қолданып, шығармашылық жұмыстың бір түрін (өлең, әңгіме, шығарма) жазындар.



- 6.** Екі тапсырманың бірін орындаңдар.
1. Өздеріңде ұнаған шешендік сөзді түсініп оқып, «Түртіп алу» әдісі арқылы конспектілеңдер.
 2. «Шешендік – жалпыадамзаттық құндылық» тақырыбында аргументті әссе жазындар.

§8.

Шешеннің көпшілік алдында өзін ұстау мәдениеті



1. Сұрақтарға жауап беріп, өзара ой бөлісіндер.

1. Өздерің көрген, білетін адамдардың ішінде кімнің сөйлеу, сөз саптау шеберлігі, өзін ұстау мәнері үнайды?
2. Олардың шешендігінің, ділмарлығының сырьы, көпшілікті үйіріп алуының құпиясы неде деп ойлайсындар?

Шешеннің көпшілік алдында өзін ұстау мәдениеті



Шешеннің мәдениеті тыңдаушы ортаның ерекшелігін ескеруден және соған қарай өзін бейімдеуден анық көрінеді. Сөйлегенде мынадай нәрселер ескерілуі тиіс:

- 1) сөйлеу интонациясын қалыптастыру, атап айтсақ, дауыс саздылығы, мақам, сөз ырғағы, керекті жерінде кідіріс жасай білу;
- 2) сөз саптауда тыңдаушылардың жас ерекшелігі мен әлеуметтік ерекшелігін ескеру;
- 3) бет-жұз, дene құмылдары, ым-ишарапардың сөз әсерлілігін артыру мақсатында жұмсалып, барынша табиғи болуы;
- 4) қолды сермеуге, қатты құлуге, аса қатты сөйлеуге немесе міңгірлеп сөйлеуге жол бермеу;
- 5) өзі туралы айта беру, барлық сөзді өзінен бастау – әдепсіздік, сондай-ақ білмейтін нәрсе туралы айтудың қажеті жоқ;
- 6) дауыс көтеріп сөйлеген адамға дәл солай жауап бермей, байыппен сөйлеу керек.



2. Мәтіндерді оқындар. Екі мәтінді салыстыра талдандар.

«Ұстаз тұлғасы» мәтіні	«Әдемі сөйлеудің көзді бұлағы – халық ауыз әдебиеті» мәтіні
Мәтіндердегі автор көзқарасы	
Көзделген аудиториясы	
Күрылымы	
Тілдік ерекшелігі	

Ұстаз тұлғасы

Үлкен дипломат әрі ғалым, академик Төлеген Тәжібаев туралы айтқанда, оның тамаша ұстаздық, тәлімгерлік, дәрістерлік қасиеттерін ерекше атап көрсеткен дүрыс.

Психология саласында оқыған дәрістерінің мазмұны аса терең, ғылыми өрісі кең, тыңдаушыға тартымды да әсерлі болған. Ғалым-ұстаз өз дәрістерінің жинақы, логикасы көкейге қонымды, мазмұнды, ғылыми құндылығы жоғары болуына баса назар аударатын. Аудиторияны бірден баурап алатын, мейлінше байсалды да байыпты, биязы, майда қоңыр дауыс ырғағы да оның ұстаздық тұлғасын даралай түсетін.

Оның жүзі қандай жарқын болса, ойы да сондай айқын, сөзі де сондай сыпайы әрі салмақты болатын. Біреумен сөйлесе келгенде, оның сөзінен білімді, мәдениетті адам екені бірден сезілетін. Бірқатар кісінің әдептілігі бойына біткен қасиет болмай, жасанды, бірде олай, бірде бұлай болатыны да бар, ал Т.Тәжібаевтың ізеттілігі оның қанына өбден сіңген қасиет болатын.

Мұхтар Әуезов, Төлеген Тәжібаевтар лекция оқығанда, студенттер қалт етпей отырып, сүйсіне, ынтыға тыңдайтын. Тыңдаушыларын жалықтырмай, қызықтыра, еліктіре сөйлеуге білім, шеберлік, мәдениеттілік керек.

(Мәулен Балақаевтың «Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері» еңбегінен)



Әдемі сөйлеудің көзді бұлағы – халық ауыз әдебиеті

Кел, жас дос, әдемі де әдепті, сұлу да ойлы сөйлеуді үйренейік. Әдемі, әдеби сөйлеудің көзді бұлағы – кітап. Кітапты жай оқып қоймай, ондағы сөздерге, сөйлемдерге назар аудар, есіңе ұста, өзіңің сөзінде пайдалан. Әдемі сөйлеудің тағы бір көзді бұлағы – халық ауыз әдебиеті.

1. Шешендікке, ақыл-нақылға негізделген даналық сөздерді, жыраулардың толғауларын, термелерін көп оқы.
2. Мақал-мәтелдерді сөздік қорында қосып, оларды ұтымды пайдалануға тырыс.
3. «Шешендік қоржынын» жаса. Бұл қоржынға ойлы сөздерді жинап, жазба жұмыстарында пайдалануға тырыс.

(Қанипа Бітібаеваның «Әдебиетті оқыту әдістемесі» еңбегінен)



- Жақсы байқап сөйлер, жаман шайқап сөйлер.
 - Бір жылды сөз бітірер мың көңілдің жарасын.
 - Сөз қадірін білмеген өз қадірін білмейді.
 - Сәлемі жараспағанның сөзі де жараспайды.
 - Сөйлей білмеген кісіден үре білген ит артық.
 - Сөйлей білмес жаманнның сөзі – өтпес бір пышақ,
- Сөз білетін адамның өр сөзіне бір тұсақ.



- 3.** Мақал-мәтелдерді және Абылай ханның нақыл сөзін пайдаланып, шығармашылық жұмыс (өлең не әңгіме) жазындар.

...Абылай хан қазақ елшілерін қалмақ еліне аттандырып тұрып: « Үлкендерінді кішілерің сыйландар, кішінің де сөзін тыңдаңдар. Өздерінді жат елдің алдында жақсы елдің баласындағы үстандар. Қол бастайтын батыр болу да қымбат, жол бастайтын көсем болу да қымбат, бәрінен де ел тағдырын шешетін шешен болу қымбат... Ауыздан шыққан сөз атылған оқпен бірдей, қайтып ала алмайсындар. Сөз сөйлегенде, ойлап сөйлеу керек », – деген екен.

(« Қазақтың би-шешендері » жинағынан)



- 4.** Өздеріңе үнайтын бір жазушының сөз саптау шеберлігі туралы пікірлерінді « Қосжазба күнделігі » өдісі арқылы білдіріндер.

Шығармасынан үзінді	Менің пікірім



- 5.** Оқылым мәтініндегі тілдік бірліктерді пайдаланып, өздерің білетін бір шешенді сипаттандар. Бірыңғай мүшелерді анықтаңдар.



- 6.** Өмірден нақты мысалдар келтіре отырып, шешеннің көпшілік алдында өзін үстаяу мәдениетіне қойылатын талаптарды санамалап, сипаттамалық әссе жазындар.

III

БӨЛІМ

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМ. МИГРАЦИЯ. ЗИЯТКЕРЛІК МИГРАЦИЯ

ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР

Бұл бөлімде сендер:

- миграция және оның түрлері туралы ақпаратпен танысып, тақырыпқа қатысты термин сөздердің мағынасын түсінесіндер;
- сөзталастың ерекшелігі мен мәдениетін, сөйлеуде интонацияны пайдалануды, сондай-ақ ресми ісқағаздар стилінің тілдік ерекшеліктерін менгересіндер;
- тақырыптар бойынша өзіндік тұжырым жасап, интервью сұрақтарын дайындауды үйренесіндер;
- графикалық мәтіндердегі деректерді талдап, кесте, диаграмма, сызбадағы мәліметтерді ажыратасындар
- шешендік сөздердің жанрлық түрлерімен танысып, шығармашылық бағыттағы тапсырмалармен жұмыс істейсіндер.

Миграция – проблема емес, басқарудың қажет ететін процесс.

Эльхадж Ас Си

§1.

Миграция туралы түсінік



1. Тілдік құралдары арқылы мәтіннің стилін, сұрақтарға жауап беру арқылы негізгі үрдістерді анықтаңдар.

Мәтіннің миграцияға қатысы бар ма?	
Әңгіме оқиғасы нені еске түсірді?	
Олардың себеп-салдары қандай?	
Қандай сұрақтар туындауды?	

Қаздар қайтып барады

...Жолға шыққанына төртінші күн дегенде ұзын бойлы, қапсағай қара шал осы Етікші асуының бір өркеш биігіне көтерілді. Бар салмағын таяғына салып, тізесі дірлдеп, зорға жылжып келеді. Қеудесі сырылдал, өкпесі аузына тығылып, әлсін-әлсін тоқтап дем алады. Бірақ алдында көлденең сұлап жатып алған қырсық асудың төбесіне бір шықсам-ау деген арман қолтығынан демегендей, өрге қарай өшіге, өршелене қайта ұмтылады.

«Шекараға дейін енді небәрі қозы көш жер қалды, – деді ол қарсы алдында жатқан аласа адырға көз жіберіп. – Көз барда мына Құнгейтастан өтіп, сызықтың бойына жақындаپ алайын. Сонан соң, Құдай бұйырса, бүгін сәрсенбінің сәтіне, қараңғы түсе арғы бетке өте шығармын».

Бұл ойды ол тақ бір көрші ауылға қыдырып бара жатқандай жеп-жеңіл ойлаپ өтті... Бұл сапарға ол бақандай қырық жыл бойы дайындалмады ма? Мұның өзі – дөңбекшіп өткізген талай үйқысыз тұндердің, санамен сарғайып, сарқыла толғанған бүкіл өмірінің айнымас қорытындысы емес пе?..

Үйқы да қысып барады. Өлденеге елегізіп үйіктай алмаған. Қөзі ілініп бара жатып, әлсін-әлсін шошып ояна берген. Осы бетінде қанша отырғаны белгісіз, бір заматта қалғып кетіпті. Үш күндік сүйт жүріс оны өбден қалжыратқан-ды. Бір кезде дәл аяқ жағынан шыққан тысырдан шошып оянды. Жалма-жан көзін ашып алып, төменге қарап еді, жаңағы екі от едәуір жағындаш қапты. Әккі көкжал дыбысын білдірмей, жербауырлап, жылжып келе жатыр екен. Ол жан дәрмен орнынан атып тұрды да, қасында жатқан келідей тасты төмен қарай домалатып жіберді. Сол-ақ екен, «қанқ» еткен бір

дыбыс шықты да, салдыр-гүлдір домалаған таспен бірге құзға құлдырап, жоқ болды. Қарт қуаныштан жылап жіберді...

Сызықтан өте салысымен, ол бүкендең жүгіріп отырып, екі-үш шақырымдай үзап кетті. Тобылғылы құр сайға жеткенде, «uh» деп демін бір-ақ алды. Тұла бойын тер басып кеткен екен, дереу омырауын ағытып, терістіктен аңқылдай соққан самалға тосты. Өлдекімге мұнын шаққандай, еңкілдеп жылап жіберді. Сақалынан пара-пара жас ақты. Жер-Ананы құшақтап сүйе берді. Бірсесе жылап, бірсесе құледі. «Айналадын, туған жер, сені де көретін күн болады екен-ау!» – деп, тұншыға күбірлейді. Қалтыраған қолымен дымқыл топырақтың бір уысын алып, бетіне басады, танауына апарып қайта-қайта иіскей берді. Ентігін басып, тынығып алған соң, тағы да ілгері жылжыды. Темірқазықты бетке алып, сұыт жүріп келеді. Қанша жүргені белгісіз, өйтеуір бірнеше қырқаны асып түсті. Жер бедері бірте-бірте жылы ұшырап, таныс мекендер көзіне оттай басылды. Қарсы алдынан жанға жайлыштын күрек самал жел есіп қоя берді...

Шығыс жақ құланиектеніп, таң атуға айналды. Қарт тұла бойының қан қақсан ауырғанына қарамай, тістеніп, бар қайратын жинап, тағы да алға жылжыды. Саршоқының түбіндегі Айнабұлаққа қарай бет түзеді. Дәл осы арада оның атамекен – қыстауы бар. Сонда барып, демін бір-ақ алуға бекіді...

Таяғына сүйеніп орнынан тұрды да, сүйретіле басып есікі қыстауға кірді... Шекпенін асықпай шешіп, бір бұрышқа қойды. Онан соң көйлегінің түймесін ағытып, жалаңаш етіне асып қойған бойтұмарын алды. Барқыттан тігілген кәдімгі үш бұрышты тұмар. Қарт тұмарды ерніне жақындастып, тәубе етті. Содан кейін қалтасынан бәкісін алып, тұмарды сөкті де, төңкеріп сілкіді. Тұмардың ішінен бір уыс қиыршық топырақ түсті жерге. Бұл – осыдан қырық жыл бұрын, жат өлкеге аттанарда туған жерден түйіп алған топырақ еді...

(Қабдеш Жұмаділовтің «Қаздар қайтып барады» әңгімесінен үзінді)



2. Аудиожазбадан (05. mp3) «Байлық пен ақыл» тақырыбындағы мәтінді тыңдал, негізгі идеяны анықтаңдар. Осы тақырыпта өз ойларыңды ортаға салыңдар. Коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында шешен сөйлеп, тыңдаушыларға ықпал ете білуге талпыныңдар.



3. Глоссарийдің көмегімен сызбалардағы мәліметтерді тұтас мәтін түрінде жазып, маңызды тұстарын талдаңдар.





Ішкі миграция – бір мемлекеттің аумағындағы қозғалыс.

Халықаралық миграция – сыртқы, мемлекетаралық миграция, тұрғындардың мемлекеттік шекара арқылы қозғалысы.
Зияткерлік миграция – жұмыс бабы немесе оқу орнының аудару.



4. Шешендер мен олардың нақыл сөздерін сәйкестендіріңдер. Шешендік сөзге қойылатын талаптармен (60-бет) байланыстырып, 10 сөйлеммен қорытындылаңдар.

Төле би		Тату болса, ағайын жақын, Ақылшы болса, апайың жақын.
Қазыбек би		Ақыл деген – дария, Алдын тоссан, тоқырап.
Әйтеке би		Сөз анасы – құлақ, Су анасы – бұлақ, Жол анасы – түяқ.
Бөлтірік шешен		Атадан ұл туса игі, Ата жолын қуса игі.
Сырым Датұлы		Байлық – қолға ұстаған мұз, Бақ – ол да бір үшқан құс.



5. Мақал-мәтелдер туралы өзіндік тұжырым жасаңдар. Интонацияны (әуен, әуез, тембр, қарқын, кідіріс) сөйлеу мәнеріне сай қолданып, бір-біріңе оқып беріңдер. Сабақтас құрмаластар мен салалас құрмаластарды ажыратындар.

- Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол.
- Ерден айырылған көмгенше жылайды,
Елден айырылған өлгенше жылайды.
- Аққу көлін аңсайды,
Адам туған жерін аңсайды.
- Туған жердің қадірін, шетте жүрсөң, білерсің.



6. Қабдеш Жұмаділов шығармаларында көтерілген миграция тақырыбы туралы ізденіп, мақала жазып көріңдер.

§2.

Зияткерлік миграция



1. Мақаланы оқып, ғылыми стильде жазылғанын дәлелдендер.

Мәтіннің мақсаты	Стильдік сипаты	Тілдік амал-тәсілдері

Зияткерлік миграция елдің дамуына көрі әсер етеді

Қазіргі жаһандану кезеңінде көші-қон белсенділігінің артуы байқалады. Әсіресе зияткерлік миграция мәселесі өзекті болып отыр. Жаһандық процестің субъектісі ретінде Қазақстан да аталған түйткілден тыс қала алмайды. Елімізде білімді жастардың шетелге бет бұруы қын санап артуда. Сол себепті зияткерлік миграцияның факторлары мен тетіктерін зерттеу қажеттілігі туындалған отыр.

Зияткерлік миграция (ағылш. *brain drain*) – мамандардың, ғалымдар мен білікті жұмыскерлердің өз елінен саяси, экономикалық, діни т.б. себептермен жаппай шығу процесі. Иммигранттарды қабылдайтын мемлекеттер үлкен және арзан зияткерлік капиталға ие болады. Ал білімді жастарын, мықты мамандарын жоғалтқан ел зиян шегеді.

Білікті мамандарымыздың, ақылды жастарымыздың шетелге кету қаупі елімізде алаңдатушылық тудырудар. Сондықтан бірінші кезекте зияткерлік миграцияның үлкен ағыны – жоғары білімді дайын мамандардың сыртқа кетуі мәселесін және жоғары білім алу мақсатында шетелге арман қуып кеткен жастардың елге қайта оралмау жағдайын талдау қажет.

1996–2004 жылдар аралығында елден кеткендердің ішінде техникалық, педагогика, медицина, экономика, сәулет-құрылыш, ауылшаруашылығы, заңгерлік және тағы басқа да мамандық иелері болған.

Ал 2006 жылды статистика көрсеткіші біршама төмендей, кеткендер саны кеміді. Демек, елдегі экономикалық тұрақтылық мамандардың шетелге жаппай көшуін баяулатты.

Зияткерлік миграция процесі өлеуметтік, экономикалық, саяси т.б. факторларға қатысты орын алады. Төуелсіздіктің

алғашқы жылдарынан бастап миграция процесін реттеу мемлекеттік саясаттың ең өзекті бағыттарының бірі болып саналғанымен, қазіргі күнге дейін шешімін таба алмай келеді...

(*Қарғаш Жанпейісова, Гүлнаز Қалиасқарова*)



Сөзталас

Сөзталас – қандай да бір мәселені көпшілік арасында талқылау. Сөзталас баяндамаларды талқылағанда, хабарламалар жасағанда, жиналыстар мен конференцияларда, сондай-ақ сотта орын алады. Ал кейде күнделікті өмірде, мысалы, қоғамдық жүктеме жұмыс (спорт сайысы, газет шығару, мерекені ұйымдастыру т.б.) барысында орын алып, жоғары деңгейде болмаса да, өзіндік пікірлерін танытуға мүмкіндік береді. Сондықтан сөзталас жоспарсыз түрде, кенеттен жүзеге асып жатуы мүмкін. Тұыс-туғандардың, отбасы мүшелерінің, көршілердің, қызметтестердің, кездейсоқ адамдардың даулы сөздері де сөзталасқа жатады.

Мақсаты	Кенеттен туындаған жағдайда қарсыласқа тойтарыс беру. Қебіне әзілі жарасқан ағайын, дос-жаран, көрші-қолан, қызметтестер арасында көрініс береді.
Ерекшелігі	Күтпеген жерден өріс алуы мүмкін. Суырып салып айту, тапқырлық таныту қажет. Қарсыластың осал тұсын дәл табу, әдемі, шебер іріммен тойтарыс беру.
Мәдениеті	Дөрекілікке бой алдырмау. Уақытында дереу жауап беру. Шымшыма, әзіл сөзді дұрыс қабылдау. Мәдениетсіз әрекеттерді (дауыс көтеру, құшақтау, қағып жіберу, көз, қол қимылдарын орынсыз қолдану т.б.) шектеу, әзілге негізделген сөз орамдарын орынды пайдалану.



2. Білікті мамандардың шетелге кетуін азайту үшін қандай шаралар жасалуы керек? Үлгіні жалғастырып, сөзталас өткізіндер. Өз ойларынды ортаға салып, пікір таластырындар.

Үлгі:

Зияткерлік миграцияны азайту жолдары:

- 1) талантты жас мамандарды әртүрлі гранттар мен марапаттар арқылы қызықтыру қажет...



3. Фылыми стильге тән тілдік құралдарды қолданып, «РАФТ» стратегиясымен Сыртқы істер министрлігі қызметкерінен зияткерлік миграция туралы алатын интервьюодің мәтінін дайындаңдар.



4. Миграцияға қатысты терминдер мен ұғымдарды қатыстырып, «Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» тақырыбында сұхбаттасындар. Коммуникативтік жағдаятқа сай көшшілік алдында шешен сөйлеп, тыңдаушыларға ықпал ете білуге талпындар.



5. Шешендік сөздерді оқып, өзіндік түжырым жасаңдар. Интонацияны сақтап, бір-біріңе оқып беріңдер. Түсіндірмелі және себепсалдар салаластарды анықтаңдар.

Байлауы жоқ шешеннен
Үндемей отырған есті артық.
Бәйге алмаған жүйріктен
Белі берік бесті артық.

(*Байсерке абыз*)

Шешендіктің сәні жоқ,
Сөзіне сүттей ел үйип,
Қолтығына ел сыйып,
Басына бақыт қонбаса.

(*Дулат Бабатайұлы*)

Қол бастау қыын емес,
Көк найзалы ерің болса.
Жол бастау қыын емес,
Соңыңдан ерген елің болса.
Бәрінен сөз бастау қыын,
Тауып айтсан, мереке қылады,
Таппай айтсан, келеке қылады.

(*Досбол би*)



6. Тұған жер, атамекен туралы мақалды эпиграф етіп алып, аргументті не дискуссивті әссе жазындар. Тақырыбын өздерің қоюндар.

§3.

Шетелдерде қазақ диаспорасының қалыптасуы



1. Сөкен Жұнісовтің «Аманай мен Заманай» повесінің желісі бойынша түсірілген фильмнен ұзінді көріндер. Қөпшілік алдында дұрыс сөйлеу, тындаушыларға ықпал ете білу, шешен сөйлеу талаптарын сақтай отырып, алған әсерлерінді баяндаңдар.
2. Мәтінді оқындар. Терминдер мен ұғымдары және синтаксистік құрылымы арқылы стилін анықтаңдар.

Жаңа заманда қазақ халқының бір бөлігі өздерінің тарихи Отанынан тыс жерлерде тұрып жатыр. Олар бір бөлігі – «ирредент», ал екінші бөлігі «диаспора» саналады.

«Ирредент» деп өздерінің ежелгі атамекенінде дәстүрлі өмір сүріп отырған біртұтас халықтың бір бөлігін айтады. Өкінішке қарай, қазақтардың бірқатар жері шекаралардың өзгеруі, отаршыл басқыншылық сияқты оқиғалардың салдағынан басқа мемлекеттің құрамында қалып қойды.

Ал диаспора дегеніміз – халықтың бір елден екінші елге лажсыздан қоныс аударып, өзге халықпен бірге тұруы.

Қазақтардың Қазақстаннан тыс жерлерге қоныс аударуы XIX–XX ғасырлар аралығында жиі орын алды. Ол кезде қазақ даласын Ресейдің европалық бөлігінен қоныс аударып келген шаруалар арқылы отарлау жаппай жүріп жатты. Қазақтардың құнарлы да шұрайлы жерлерін құшпен тартып алу жалғаса берді. Міне, мұндай жағдайда қазақтардың ежелгі қонысын, дәстүрлі көшіп-қонып жүрген жерлерін тастап, қайдағы бір құнарсыз, сузыз жерлерге қоныс аударудан өзге амалы қалмады.


1916 жылы ұлт-азаттық көтеріліске қатысқандарды қудалау басталғанда, 300 мыңға тарта қандасымыз Қазақстан аумағын тастап, Қытайға көшіп кетті. 1927–1929 жылдары жүргізілген ұжымдастыру мен мал-мұлікті тәркілеу, соның салдарынан 1931–1933 жылдары орын алған ашаршылық кезінде халық құнкөріс қамымен шетел асуға мәжбүр болды...

(e-history.kz)



3. Графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдаپ, өзіндік тұжырым жасап, шағын мәтін жазындар.

Шетелдердегі қазақтар саны



(Деректер abai.kz сайтынан алынды, 2014 жыл)



4. Мақаланы негізге алып, «РАФТ» стратегиясы бойынша «Отандастар» қорының қызметкерлерінен интервью алындар.

Астанада «Отандастар» қоры мен Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының қолдауымен шағын футболдан «Alash» турнирі өтті. Ала доптың айқасына 11 құрама қатысты... Жеңімпаз командалар ақшалай жүлде алып, үздік ойыншылар марапатталды. Жарыс соңында «Отандастар» қорының вице-президенті Мәди Манатбекұлы бұл жолғы доданың сәтті өткенін, жастар арасында осындағы жарыстардың көптеп өткізілуі бұқаралық спортты дамытып, береке-бірлікті нығайтатынын айтты. «Астана төріндегі бүгінгі жарысымыз биыл өтетін жарыстарға дайындық деп айтуға болады. «Alash»-ты қолдап-қуаттаған «Отандастар» қоры мен

Дүниежүзі қазақтар қауымдастығына қандастардың айтар алғысы көп», – деді жоба жетекшісі Талапбек Тынысбекұлы.
(«Астана ақшамы» газетінен)



5. Өуен, өуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолданып, ездерің жазған интервьюді оқып беріңдер. Салалас құрмаластың түрлерін ажыратыңдар.



Ресми ісқағаздар стилі

Стильдің бұл түрі құқықтық қарым-қатынас, әкімшілік саласында, кеңсе қызметінде қолданылады. Арнайы орындарда алдын ала дайындалған үлгілері де болады.

Ісқағаздардың мынадай түрлері бар:

1. Мекемелердің, ұйымдардың ісін, қызметін үйлестіретін құжаттар: бұйрық, ереже, нұсқау, хаттама, хабарландыру, мінездеме т.б.
2. Мекемелердің өзара қарым-қатынасын үйлестіретін құжаттар: қызметтік хаттар, қатынас қағаздары, келісімдер, шағымдар т.б.
3. Жеке адамдардың өзара алыс-берісін, іскерлік келісімдерін реттейтін құжаттар: етініш, өмірбаян, түйіндеме, келісімшарт, сенімхат, тілхат, қолхат т.б.

Ісқағаздардың адам өміріндегі орны ерекше. Өндірістегі істін, адам өміріндегі іс-әрекеттің дұрыс, дер кезінде іске асуы құжаттар мазмұнының анық, дәл баяндалуына байланысты. Құжаттардың сапасыз дайындалуынан қабылданған шешім орындаушыға өз мәнінде жетпей, 35%-ке дейін шала атқарылады екен.

Ісқағаздардың мазмұны екішты болмайды, дәл, анық жазылады. Оның құрылышы белгілі бір тәртіп, рет бойынша үйімдастырылады. Мәтін қысқа құралып, баяндау стилінде жазылады.

Құжаттарды жазуда мемлекет дайындаған арнаулы нұсқау басшылыққа алынады.

Ресми ісқағаздар стилі

Мақсаты	Қолданылу аясы	Стильдік сипаты	Тілдік амал-тәсілдері
Хабарлау, ақпарат, анық мәлімет беру.	Ісқағаздарда, нұсқау хаттарда, кеңсе және жеке қызмет құжаттарында.	Ресми, ақпараттық, есептік, дәл, нақты.	Кітаби, ресми сөздер мен тіркестер, хабарлы сөйлемдер, дайын тіркестер, терминдер.



- 6.** Берілген ұлгілерді негізге алып, ісқағаздардың бірнешеуін жазыңдар. Ережеде аталған ісқағаздардың тағы қай түрінің жазылу ұлгісін білесіндер?

Үлгі:

Сенімхат

Мен, Гүлжан Смағұлқызы, (төлкүжат №000000000) інім Әскер Смағұлұлына «Табурет» фирмасының есепшісінен маусым айы үшін тиісті жалақымды алу жөнінде сенімхат бердім.

Гүлжан Смағұлқызы
18.08.2019 жыл

Қолхат

Мен, Әскер Смағұлұлы, (төлкүжат №000000000) «Талас» фирмасынан мына құрылыш аспаптарын уақытша пайдалану үшін алдым: бетонараластырғыш, сылақшы қалақ, саты. Аспаптарды бүтін күйінде 01.08.2019 жылды қайтарамын. Жарамсыз болған жағдайда базар нарқымен құнын төлеймін.

Әскер Смағұлұлы
01.05.2019 жыл

Сұраныс

20.10.2020 жыл

Алматы қаласы
«Саяхат» туристік фирмасының
директоры Е.Кендебайқызына

№189 мектептің 10-сынып оқушыларын Жамбыл ақынның музейіне апару үшін, көлікпен қамтамасыз етуді және жолсапарға мәлімет беретін маманды қосып беруінізді сұраймын.

Мектеп директоры

Н.Әбілтаев



- 7.** Ақпараттық, дәл, нақты мәліметтерді келтіріп, шетелдердегі қазақ диаспорасында Наурыз мейрамы тойланатыны туралы хабарландыру жазындар.

§4.

Халықаралық миграция



- Мәтінді оқындар. Графиктік мәтіндегі мәліметтерді салыстыра талдаң, негізгі үрдістерді анықтаңдар.

Миграциялық қозғалыстар бір елдің ішінде де, сонымен бірге мемлекеттердің арасында да болады. Сол себептен де миграцияның екі типі бар: халықаралық (мемлекетаралық, сыртқы) және ішкі (мемлекетішлік).

Қазір Еуропа мемлекеттерінің арасында «ашық» шекара тәртібі орнаған, бір мемлекеттің азаматы келесі мемлекетке көшсе, ол халықаралық мигрант болып есептелмейді. Шекаралық бақылау толығымен алынған Шенген келісіміне кіретін мемлекеттердің азаматтары Шенген визасымен сол елдердің арасында еркін жүре алады.

Халықаралық мигранттардың негізгі ірі топтарының классификациясы

1. Иммигранттар (қайта оралмайтын мигранттар)
2. Тұрақты, ұзақ мерзімді мигранттар: <ul style="list-style-type: none">еңбекші мигранттарстуденттер, стажерлербасқа адамдардың қарамағындағылар
3. Науқандық мигранттар
4. Жақын аймақтан келген жалдамалы жұмысшылар
5. Оралым, циркулярық мигранттар: <ul style="list-style-type: none">Бизнес мигранттарыҰсақ сауда-саттықпен айналысадын мигранттар
6. Қажылық сапарға шыққандар
7. Зандылық тұрғысынан: <ul style="list-style-type: none">Занды көшіп келгендерЗандыз көшіп келгендер

Миграциялық қозғалыстың 4 негізгі түрі бар:

- қайта оралмайтын миграция;
- науқандық миграция;
- маятник түрдегі (барып-қайтып) миграция;
- эпизодтық (белгілі бір уақытта қоныстанып қайту).

Халықаралық миграцияның қайта оралмайтын түріне мемлекетаралық қозғалыс жатады, бұл – тұрақты мекенжайын ғана емес, азаматтығын да өзгерту деген сөз. Қайта оралмайтын миграция демографиялық процесс ретінде қарастырылып, тұрғындардың жалпы санына, жастық-жыныстық құрылымына, репродуктивтік үстанымға әсер етеді.

Науқандық миграция – міндепті түрде қайта оралатын, бірнеше айға созылатын миграция, алайда бір жылдан аспайды. Негізінен, еңбек күшіне сұраныс тудыратын белгілі бір маусымдық жұмыстарда көрінеді.

Маятник түріндегі миграция – тұрақты мекенжайына жақын шекаралық аумаққа бір күнге немесе бір аптаға жұмысқа барып қайту. Олар – күнделікті немесе апта салып мемлекет шекарасынан өтіп, басқа елде еңбек ететіндер. Соңғы 30 жылда бұлардың саны қатты өсті. Айта кететін жайт, халықаралық тәжірибеде фронтальер-жұмысшылар мигранттар есебінен шығарылып тасталған.

Эпизодтық қозғалыс – жүйелі түрде орын алатын іскерлік, туристік т.б. қозғалыстар. Сонымен қоса қазіргі кезде күштеу арқылы жүзеге асатын миграция да халықаралық және ішкі болып бөлінеді. Саяси және экологиялық себептерге байланысты туындаған «мәжбүрлі миграция» деп аталағын бұл түріне қашқындар, саяси қашқындар, эвакуация, депортацияға ұшырағандар, жер ауыстыруға мәжбүрленген тұлғалар кіреді.

(stud.kz)



2. Берілген мәтінді «Үш түрлі күнделік» әдісімен талдаңдар.

Ерекше әсер еткен, ой салған үзінді, дәйексөз	Үзіндіні не дәйексөзді таңдау себебім, осыған байланысты туындаған сұрақтар	Мұғалімге хат (мұғалімге сұрақтар)

Олимпиадаға қатысқан тұнғыш қазақ қызы. Атажуртты аңсау немесе алма ағашы

...«Астана қаласы өкімдігінің ұйымдастыруымен мэртебелі жыын өтеді, оған ғаламшардың сан түкпір, әр қырында жүрген қазақтар келеді» деген қуанышты хабарды құлағымыз шалды.

Елорда төріне жиналған қандастарымыздың арасында 1964 жылы тұңғыш рет Токио олимпиадасына қатысқан Алданыш Рамазан дейтін қазақ қызының бар екенін естіп, іздең барып, жолықтық.

Қарсы алдымызда шашасына шаң жүқпаған желаяқ болды-ау дегенге келе қоймайтын сарықідір бәйбіше тұрды.

– Сіз Алданыш Рамазанқызы боларсыз?

– Иә, мен Алданыштын, – деп қысқа қайырды... Ептең әңгімелеге тарттық.

– Мен қазақ өмірі мен руханиятынан шалғайды өскен адаммын, – деп, әңгімесін бастады Алданыш апай. – 1945 жылы Бай-өлке аймағының орталығы Өлгей қаласында дүниеге келіппін. Қырқымнан шықпай тұрғанда кәрі әке-шешем Ұланбатыр қаласына қоныс аударған екен...

– Қазақстанға келсін деген шақыру барғанда, қандай сезімде болдыңыз? – деп, көкейде жүрген сұрақты қойдық. Апамыз елең етті. Терен күрсінді, күйбендең көзінің жасын сұртті...

– Үйде алаңсыз отыр едім, телефон шақырды, тұтқасын көтерсем, сондай бір биязы үнді әйел адам: «Сәлеметсіз бе, Алданыш апай?» – дейді... Тап-таза қазақтың тілін естіп таңғалдым. Сөйтсем, маган хабарласып тұрған Астана қаласы әкімдігінің қызметкери Қаламқас деген сіңлім екен. «Астана қаласында әлем қазақтары бас қосатын болды, соған сізді шақырып отырмыз», – деді.

Сол күні таң атқанша көз ілмей ояу жаттым... Откен өмірім елесетеді. Қара жердің бауырын шыр айналдырып, қыртысының шаңын қаққан күндерім көлбендең көз алдыма келді. Беу, дүние-ай, сағыныш деген осы екен-ау! Шүкір, мені де біреулер іздейтін күн бар екен-ау!

Ұмытпасам, 1968 жылы Ташкент қаласында жеңіл атлетикадан үлкен халықаралық жарыс өтетін болды. Біздің ел құрамасының мүшелері Иркутск қаласына келіп, Иркутск – Ташкент пойызына отырдық. Пойыз Алматыда жарты сағат қана аялдады. Ентептер төрттеге телміремін. Анадайда Алатау мұнартады. Алғаш рет Алматының алмасын жедім. Бір Құдайдан менің тілеуімді тілеп, жаратқанға мың мәрте жалбарынып үйде қалған өкем мен шешеме арнап бір-бір қызыл алма орап алдым.

Әкем сол алманы жемеді. Сандыққа салып алты жыл сақтады. Үйге келгендерге «Бұл – Алматының алмасы, қызым әкелген» деп көрсетеді. Құшырлана бір иіскеп, сандыққа қайта тоғытады. Мүмкін, біреулер қулетін де шыгар. Әкей сол алмаларды әбден шіріген соң, Бұрғыстай бұлағының басына апарып, адам аяғы баспайтын жықпыштың арасына көмді. Ұзақ отырып, дұға оқыды. Артында тұрган маған қайырылып: «Қызым, мына жерді ұмытпа, бір күндері осында Алаттаудың алмасы өсетін болады», – деді. Арада көп жыл өткен соң сол жерге расында алма ағашы өсіп шықты...

Әңгімеге осыған жеткенде апамызға қарасам, жылап отыр екен. Тірліктің қаттысы мен тәттісін көп көрген адам ғой, еңсесін тез тіккеді. Орнынан ауыр қозғалып, терезенің алдына барды. Тағы да ауыр күрсінді. Айналып келіп қайта отырды. Манағыдай емес, көңілі шат. Әңгімесін өрі қарай сабактады:

– Қаламқас сіңлім хабарласқан күні менен үйқы қашты. Таңға жақын көзім ілініп кеткен екен, түс көрдім. Түсімде алакөлеңке қызыл іңірдің кезі екен деймін, батыс жақтан қатты дауыл тұрып, елдің бәрі дүрлігіп жүр. Биік үйлер дауылға теңселіп, шынар ағаштар ырғалады. Аспанға қарасам, ақ көбелек сияқты қалықтап, сансыз ақша ұшып жүр. Ел қатарлы мен де қолымды созып едім, қалықтап келіп қолыма ақша қонды. Қарасам, ақша емес, хат екен. Қазақстаннан келіпті деймін. Қуаныштан жарыла жаздал ояндым.

Ертеңінде Астана қаласы әкімінің орынбасары қол қойған шақыру хат келді.

(*Бекен Қайратқұлының «Күміс жамбы» кітабынан*)

-  3. Фылыми стильге тән тілдік құралдарды қолданып, «РАФТ» стратегиясымен шетелде тұратын бір қандасының алған интервьюодің мәтінін дайындаңдар.
-  4. Әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолданып, өздерің жазған интервьюоді оқып беріңдер. Құрмалас сөйлем түрлерін ажыратындар.
-  5. Жеке адамдардың іскерлік келісімдерін реттейтін құжаттардың бірін (келісімшарт, сенімхат, тілхат, қолхат) жазындар. Құжаттардағы ырықсыз етістер мен түйік етістіктерді анықтандар.



Шешендік сөздің жанрлық түрлері.

Шешендік арнау

Шешендік сөздер жанрлық мазмұнына қарай: шешендік арнау, шешендік толғау, шешендік дау деп үшке бөлінеді.

1. Шешендік арнау – бір адамға арнайы айтылған сәлем, сын, әзіл, бата.
2. Шешендік толғау – шешендік нақыл, мақал, мысал, жұмбақ, жауап.
3. Шешендік дау – руаралық немесе еларалық қылмыстық, азаматтық істерді шешу барысында айтылатын шешендік сөздер.

Шешендік арнау бата, тілек, әзіл-сын, көніл айту, естірту т.б. нұсқалардан тұрады. Мысалы, Төле бидің Жетес балаға берген батасы шешендік арнауға жатады.

Тоғыз жасар Жетес: «О, баба! Ат берсең өліп қалады, тон берсең тозып қалады. Ат-тонға бергісіз, өлмейтін, өшпейтін, өмірі естен кетпейтін бір өсінет айтсаңыз! Соған ризамын», – депті. Сонда тоқсандағы Төле би былай бата берген екен:

Бір үйдің баласы болма,
Көп үйдің санасы бол.
Бір елдің атасы болма,
Бар елдің данасы бол.
Бір тонның жағасы болма,
Көп қолдың ағасы бол.
Ақты ақ деп бағала,
Қараны қара деп қарала.
Өзегің талса, өзен бойын жағала,
Басыңа іс түссе, көвшілікті сағала.
Өзіңе-өзің кәміл бол,
Халқыңа әділ бол,
Жауыңа қатал бол,
Досыңа адап бол.



6. «Тасөткел» фильмін көріндер. Фильмнен түйген ойларынды жинақтап, мәтінді аяқтаңдар.

«Тасөткел» телехикаясының қоюшы режиссері – Мұрат Бидосов. Басты кейіпкер – Ауғанстанда қалып қойған қазақ баласы Хасан. Балалық шағы соғысқа тура келген кейіпкердің бұралаң жолы – «тасөткелі» көп...

§5.

Қазақстан – еңбек мигранты көп елдің бірі



1. Қазақстандағы ресми тіркелген еңбек мигранттарының санынан қандай ой түйдіңдер? Көтерілген мәселе бойынша ойларынды тұжырымдаңдар.

Өзбекстан	96
Әзіrbайжан	673
Тәжікстан	614
Қыргызстан	561
Армения	225
Грузия	95
Украина	36
Молдаван	2

(Kaz.tengrinews.kz, 2016 жыл)



2. Мәтінді оқып, тілдік құралдары (терминдер, ұғымдар) және синтаксистік құрылымы арқылы стилін ажыратыңдар.

Атажұртқа оралған танымал тұлғалар

Қазақ диаспорасы – тарихи-саяси өзгерістердің салдарынан пайда болған қоғамдық құбылыш. Қазақ халқы таяу заманға дейін өзінің кең-байтақ этноаумағында өркен жайып келген біртұтас ұлт болатын. XIX ғасырда патшалық Ресейдің Қазақ хандығын жойып, қазақ даласын отарлап, Қытайдың Цинь империясымен Қазақстан жерінің мемлекеттік шекарасын белгілеуіне байланысты қазақтар өз атажұртында отырып-ақ Ресей мен Қытайдың құрамындағы этностық топтың біріне айналды.

XX ғасырда Кеңес одағында жүргізілген одақтас республикалардың әкімшілік аумағын белгілеуге байланысты қазақ халқының біраз бөлігі Ресей мен Өзбекстанда қалды.

XX ғасырдың 30–40 жылдары Кеңес Одағында және Қытайда жүргізілген саяси құфын-сұргін мен қолдан жасалған аштықтың салдарынан бой тасалап, жан сауғалап шет мемлекеттерге босып кеткен қазақтар бүгінгі күні өлемнің 40-тан

аса елінде өмір сүріп отыр. Бұл – қазақ диаспорасының қалыптасуының тарихи себептері.

Қазақ елі дербес мемлекеттің іргетасын бекемдеуде, ұлттық біртұтастықты жүзеге асыруда қазақ диаспорасының атқарал рөлінің маңыздылығын тереңнен түсініп отыр. Сондықтан қазақ диаспорасын тарихи Отанына оралтудың заңдық-құқықтық негіздерін қолға алды. Сөйтіп, елге елдің қосылуымен Қазақстанда ұлттық біртұтастану процесі жүргізілді. Жиырма жылда бір миллионға жуық қазақтың тарихи Отанына оралуы – еліміздің жүргізіп отырган салиқалы саясатының жемісі.

Қандастарымыз өздерінің ұлттық тіл, дін, ділдерін (менталитет) жақсы сақтауымен қатар, дәстүрлі тұрмыс-салты мен қолөнер кәсіптерін айтарлықтай жалғастырып, дамытып отырды. Дәстүрлі мәдениет бойынша айтқанда, біріншіден, қазақтың қаймағы бұзылмаған тілін, дәстүрлі дінін және тұрмыс-салтын; екіншіден, қазақтың ұлттық рухын, мінез-құлқын, моральдық қасиеттерін; үшіншіден, дәстүрлі қолөнер үлгілерін; төртіншіден, қазақтың дәстүрлі емшілік өнерін; бесіншіден, қазақтың дәстүрлі өн-би, музыкасын жеткізді.

Төл мәдениетіміз бен рухымыздың тереңдігін талмай айтып, атажұртқа алғашқылардың бірі болып, көш бастап келген Халифа Алтай сынды ардақты жан – ұлттымыздың мақтанашы.

Ал заманауи мәдениет тұрғысынан айтар болсақ, біріншіден, олар жаңа спорт өнерін өкелді, мысалы, Шығыстың таеквандо өнерін Мұстафа Өзтүрік таратты. Гунфу өнерін Жәмали Диханұлы өкелді. Екіншіден, заманауи және дәстүрлі өн-би өнерін Майра Мұхамедқызы, Шұғыла Сапарғалиқызы өкеліп, Қазақстан өн-би өнерін биік деңгейге көтерді. Жәмали Диханұлы мен Арыстан қажы қазақтың «Қара жорға» биін елге таратты. Үшіншіден, отандық тарих ғылымына жаңа ғылыми күш қосылды. Олар – Шығыстың ескі қолжазбаларын түпнұсқадан (ескі моңғол, манчжур, түркі руна, ескі парсы) тікелей оқып пайдалана алатын тарихшы, лингвист ғалымдар: Зардыхан Қинаятұлы, Сартқожа Қаржаубайұлы, Нәпіл Пазілханұлы, Ислам Жеменей, Бақыт Еженханұлы, Сағынай Сұғатайұлы, Жөнімхан Ошан, Нұрлан Кенжеахмет,


Нәбижан Мұхамедханұлы және т.б. Төртіншіден, Қытай-Тибет медицинасын Ерлан Фазезұлы, Жасай Зекей әкелді.

(«Жаһандану жағдайындағы шетел қазақтарының құндылық әлемінің жаңаруы» монографиялық жинағынан)




3. Диаграммалардағы деректерді салыстырып, маңызды түстары мен үрдістерді талдап, мәтінге айналдырып, өзіндік тұжырым жасандар.

1. «Шетел мамандарының еңбек миграциясы мақсатымен көшіп келуі дұрыс па?» деген сұраққа респонденттер төмендегідей жауап берді:



- 36% – еңбек мигранттарының келуі өз мамандарымыздың болашаққа деген сенімдерін жоғалтады.
- 26% – ел экономикасын көтеруге септігін тигізеді.
- 22% – келіспеймін, өз мамандарымыз да жеткілікті.
- 16% – жауап беруге қиналадын.

2. «Еңбек миграциясының қоғамға тигізетін кері әсері бар ма?» деген сұраққа респонденттер төмендегідей жауап берді:



- 38% – иә, кері әсерін тигізеді.
- 24% – жоқ, кері әсерін тигізбейді.
- 26% – қоғамдағы қылмыстың көбеюіне алып келеді.
- 12% – жұмыссыздар санының көбеюіне алып келеді.

(И.Сарыбаева, Қ.Авсыдықова,
«ҚазҰУ хабаршысы» журналынан)



- 4.** Мәтінді оқып, шешендік арнаудың қай түрі екенін анықтаңдар.
Шешендік сөзді талдаңдар.

Шешендік сөз қандай жағдайда тұган?	Шешендік сөздің көтерген тақырыбы	Шешендік сөздің тәрбиелік мәні

Жанқұтты он жеті жасында өкесінің айтуымен Сары елінің беделді биі Шабанбайға бата алуға барады. Жанқұттының жайын сұрап білгеннен кейін:

– Шырағым, дүниеде не адал, әлемде не мықты? – деп сұрайды.

Сонда Жанқұтты:

Адал болсаң, судай бол;

Су арамды кетіреді.

Мықты болсаң жердей бол;

Жер жаһанды көтереді, –

деп жауап береді. Жігіттің жауабына риза болған Шабанбай би Жанқұттыны бірнеше күн қонақ етіп, кетерінде:

Аллаңа жағам десең, азанды бол,

Ағайынға жағам десең, қазанды бол,

Халқыңа жағам десең, әділ бол.

Судай таза бол,

Жердей берік бол.

Өмірің ұзақ болсын,

Сөзің халқыңа қуат болсын, –

деп, батасын беріп аттандырған екен.

(«Қазақтың би-шешендері» жинағынан)



- 5.** Әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолданып, шешендік сөзге жасаған талдауларынды оқып беріңдер. Бұйрық рый етістіктерін анықтаңдар.



- 6.** Қосымша әдебиеттерден бір адамға арнайы айтылған сөлем, сын, әзіл, бата түріндегі шешендік арнауга мысалдар жазындар.



- 7.** Шетелдерде жүрген немесе елге қайта оралған танымал қандастарымыз туралы мәлімет жинап, презентация немесе ойтұжырым дайындаңдар.

§6.

Шешендік толғау



1. Нұртуған жыраудың «Қанеки, тілім, сөйлеші» термесін «Қоңыр» тобының орындауында тыңдаңдар. Тыңдаушыға ықпал ете білу, шешен сөйлеу талаптарын сақтап, алған әсерлерінді баяндаңдар.



Шешендік толғау

Шешеннің жан дүниесіндегі шымырлаған толғаныс толқындары тыңдаған жанға әсер ететін толғау күйінде өріледі.

Толғау – шешеннің ішкі толғанысы. Ол өмір, дүние сыры, адамдар қатынасының түйінін шешу т.б. курделі мәселелерге арналады. Толғау өлеңмен, жырмен айтылады. Бұның өзі қазақ би-шешендерінің даналығын, ақындығын, терең ой иелері екендігін көрсетеді. Би-шешендер – тек жұрт алдына шығып, уағыз айтушы немесе әдемі, жүйелі сөйлеуге үретуші ғана емес, таным сырларын шешуші, тағылым мәнін жеткізуші де.

Толғаулардың көп көтеретін тақырыбы – ел, жер, ұлт тағдыры. Толғауға насхат, өсиет, қоғамдық-әлеуметтік жайға алаңдаушылық, саясатқа күмән, философиялық талдау тән.

Толғаудың нақыл, мақал-мәтел, басқа шешендік сөздерден айырма-шылығы – белгілі бір мақаммен, аспаптың сүйемелдеуімен айтылуы.



2. Мәтіндерді оқып, оларды салыстыра талдаңдар. Оқылым мәтінінің шешендік толғауга жататынын дәлелдендер.

Оқылым мәтіні	«Артық болмас білгенің» айдары мәтіні
Мәтіндегі автор көзқарасы	
Мақсатты аудиторияға сәйкес қызметі	
Құрылымы мен тілдік ерекшелігі	

Бұл заманда не ғаріп?

Бұл заманда не ғаріп?
Қадірін біліп үқпаса,
Дүррі, гауһар сөз ғаріп.

Замандасы болмаса,
Қария болар тез ғаріп.
Ел жағалай қонбаса,
Бетегелі бел ғаріп.
Қаз-үйрегі болмаса,
Айдын-шалқар көл ғаріп.
Әділ биі болмаса,
Бірлігі кеткен ел ғаріп.
Қадірін елі білмесе,
Қайратты туған ер ғаріп.
Бақытты адам қаласа,
Қар ұстінде от жанар.
Бақытсыз адам қаласа,
Құрғақ үйден су тамар.
Жақсы туған баланың
Атасы жаман болса да,
Үйде отырып сый табар.
Жаман туған баланың
Атасы жақсы болса да,
Түйе ұстінен ит қабар.

(*Торайғыр шешен*)



Торайғыр Едігеұлы (1772–1825) – белгілі би, шешен. Шыққан тегі – арғын ішіндегі айдабол. Павлодар облысы, Баянауыл өңірінде туып өсken. Әкесі Едіге Төлебайұлы Тәуке хан тұсында би болған. Торайғыр орысқа бағынудан бас тартты. Орта жүзде Fұбайдолла Уәлиұлының хандық билігін орнықтыруға әрекет жасады. Орыс отаршылығына қарсы ақыл-парасатымен, айбынды сөзімен құрескен Торайғыр Ресей құжаттарында (1825) империяға қарулы қарсылық жасаған Саржан Қасымұлымен теңестірілген. Торайғырдың адамның қоғамдағы орны туралы түсінігі мен нақылдарына, жақсы мен жаманды безбендеген көркем әрі бейнелі сөздеріне дала даналығы, халық философиясы тән. Мәшіһүр Жүсіп Қөпейұлы замана қайшылықтарын терең таныған Торайғыр бидің нақыл сөздерін («Аспан, жер және адам жаратылысы туралы») өзінің тіршіліктің бастау көздері жөніндегі ой-пікірлеріне дәлел ретінде пайдаланған. Баянауыл өңірінде «Торайғыр көлі», «Торайғыр ауылды» атты жер-су аттары бар.

(«*Қазақстан*» ұлттық энциклопедиясынан)



3. Үш топқа бөлініп, тапсырмаларды орындаңдар.

1-топ. Мәтін нормаларын сақтап, Жанқұтты бидің толғауынан түйген ойларынды жазыңдар.

Шешендік сөз	Өз ойым
<p>Бір сөз айтсаң жақсыға, аталы сөзге тоқтайды. Бір сөз айтсаң жаманға, өмірінде үқпайды. Надандықтың белгісі – өзін-өзі мақтайды. Көкірегі соқырга өмірде таң атпайды. Шешеннің сөзі – дария, қап түбінде жатпайды.</p>	<p>Ұсынылып отырған осы жолдардан мен төмендегідей ой түйдім...</p>

2-топ. Қазіргі қоғамдағы шешендердегі қандай болуы керек? Төмендегі кестені толтырыңдар.

Қазіргі шешендердің сөйлеу мәдениеті	Шешендердің өзін ұстая әдебі мен мәдениеті

3-топ. Миграция мәселесі бойынша өздерінді ойландырып жүрген тақырыпқа 8 жолдық шешендік толғау құрастырып көріңдер.



4. Сызбадағы деректерді пайдаланып, «Шешен болам десеңіз...» тақырыбында эссе жазыңдар. Әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолданып, оқып беріңдер.



5. Өз қалауларың бойынша шешендік толғау жаттаңдар.

§7.

Шешендік дау



1. Суреттен қандай ой түйдіңдер? Қандай би-шешендердің бала көзінде дау-жанжалдарға билік айтқан оқигаларын білесіңдер?



Шешендік дау



Егескенді бітістіріп, дауды шиеленістірмей шешуді көздейтін, елдіктің іргесін бекітетін сөз айту – дария ойлы данаға, кемел ойлы кеменгерге тән қасиет. Шешендік дау – әлеуметтік-тұрмыстық өмірдегі шиеленісті жағдайда айтылған жүйелі уәж, ұтқыр ой, тапқыр шешімге құрылатын шешендік сөз үлгілері. Даулы мәселе орын алған түрлі жағдайда шешім табуға бағдар беретін, әділет занылыштарына негізделген тұжырымды ойлар. Шешендік дау мазмұнына қарай бес түрге бөлінеді: жер дауы, жесір дауы, құн дауы, мал дауы, ар-намыс дауы.

Билер дауды шешу барысында екі жақтың да сұрақ-талаптарын қанағаттандыра отырып, мәмілеге келу мүмкіндіктерін қарастырады. Қазақ даласында даулы мәселелерді шешу жауапкершілігін қара қылды қақ жарған әділ билерге, от ауызды, орақ тілді шешендерге жүктеп отырған.

Шешендік дауға қойылатын талаптар:

- 1) айтылар ойдың мазмұн терендігі, мәнділігі басты орында болуы;
- 2) көркемдегіш құралдар мен амал-тәсілдерді ұтымды пайдалану;
- 3) ой шындықпен астасқан, дәлелді және шешеннің жеке стилін де танытатын болуы тиіс.



2. Мәтінді оқып, негізгі 3 дерек, 2 көзқарас пен 1 тұжырымды анықтаңдар. Мәтіннің шешендердік дауға жататынын дөлелдендер.

Қазыбек пен Қоңтажы

Қалмақ ханы Қоңтажы:

– Қазақ елшілері келіп жатыр еken, осылардың сөзіне есе берсек, субемізді суырып кететіні бар ма еken, сен барып осыларды сынап келші, – дейді сыншы қариясына.

Қария көвшілікке келіп, әрқайсысымен екі-үш ауыз сөзге келіп, содан соң аттың ішіне барса, Қазыбек шалқасынан түсіп үйықтап жатыр еken. Осыны ханға айтып барады:

– Мен мынау көвшіліктің ішінен сен шоштындей адам таба алмадым, бірақ басқа бір нәрседен шошып келдім. Жылқының ішінде бір бала жатыр, екі аяғы екі жақта, екі қолы екі жақта, құлаш ұрып жатыр еken. Аузынан жалыны атқылап тұр еken. «Аузым жеткенше сөйлеймін, қолым жеткенше сермеймін, аяғым жеткенше жүремін, төңіректің төрт бұрышына болса да сөйлесуге жараймын, халықты қара шыбындау аузыма үймелетемін» деп тұr еken, – дейді.

Сонда хан: «Өзі бала болса, өзі аттың ішінде жатса, бұл жолы атына ие болсын. Дегенмен бұларды қырмайық», – дейді.

Содан соң қалмақ жігіттері қазактарды хан алдына шақырады. Қазыбек те жігіттермен бірге хан ордасына келеді.

Хан ашулы жұзбен, түсін суытып:

– Иә, қазақтар, неменеге келдіңдер? Айтатындарың болса, айтыңдар, – депті.

Бұлардың басшысы Тайкелтір би асып айтпайтын бұқпа кісі еken, «ә» дегеннен шарқылдасып, шаңқылдасып қайтэміз деген кісіше: «Алдияр тақсыр, алдыңа келдік. Берсең – алдық, бермесең – қалдық, сөзді өзіңе салдық», – деп, үш-төрт ауыз тақпақтап сөйлейді.

Сонда асып тұрған тәкаппар Қоңтажы хан Тайкелтірдің төмендеп сөйлеген сөзіне мерейі үстем болып:

– Олай болса, кешкे шейін бір жауап қайырармын, жауап қатпай қалатын күн болса, ат-тоның аманында елінді тапқандарың да теріс болmas, – депті.

Тайкелтір тағы да тақпақтап сөз бастай беріп еді, хан оны екі ауыз сөзбен үзіп таstadtы. Үзілген сөзді жалғап, қазақ жағынан ешкім ештеңе дей алмады. Қазақ-қалмақ таразыға түскендей болды. Қазақ елшілері тығырыққа тығылғандай

болып қалды. Сонда Қазыбек орнынан атып тұрып, ханға жақын келіп, қасқайып тұрып:

– Ел ебелек емес, ер көбелек емес, дат! – деді.

Хан:

– Өй, өзің жөнінді айтшы, атың кім? – депті.

– Атым – Қазыбек, әкем – Келдібек, халқым – қазақ, руым – қарекесек, – депті.

– Дауысың қаздың дауысындағы қаңқылдан тұр екен, ал датыңды айтшы! – депті хан.

Сонда Қазыбек:

– Біз, қазақ деген – мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, наизаға үкі таққан елміз. Ешбір дүшпанды басындырмаған елміз, басымыздан сөзді асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәмтұзды ақтай білген елміз. Асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса, күң боламын деп тумайды. Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз. Сен қалмақ болсан, біз – қазақ, қарпысқалы келгенбіз, сен темір болсан, біз – көмір, еріткелі келгенбіз. Қазақ, қалмақ баласы табысқалы келгенбіз, танымайтын жат елге танысқалы келгенбіз, танысуға көнбесең, шабысқалы келгенбіз. Сен қабылан болсан, мен – арыстан, алысқалы келгенбіз, жаңа үйреткен жас тұлпар жарысқалы келгенбіз, тұтқыр сары желіммен жабысқалы келгенбіз, берсең – жөндең бітімінді айт, бермесең – дірілдемей жөнінді айт не тұрысатын жерінді айт! – депті.

Қазыбектің сөзіне не дерін білмеген хан қазақтарды қонақүйге алып барып, бір жерден құтімге алуды тапсырады.

Қазақтар шығып кеткен соң, барлық билері жиылып, ханың қасына келіп: «Бір жұдырықтай баладан қарасуға түсіп, осынша дірілдеп кеткеніңіз не?» – деді.

Сонда Қоңтажы: «Сендер білген жоқсындар. Сөзді өнменіме сұғып айтқан кезде, екі иығындағы екі аюдың аузынан от шашырап тұрды. Менің енді бұған қайтарар сөзім жоқ, мал-жанын есептеп, алдында салып беріңдер», – деді...

Мал мен жанды есептеп бергеннен кейін, хан:

– Қазыбек, сен жаңа үйреткен жас тұлпар екенсің, сенің айтқан сөзіңде менің буынның шыдамады, сіресіп тұра алмадым. Сондықтан саған екі түрлі белгі беремін. Біреуі – сенің

дауысың қаздың дауысындай қаңқылдап шығады екен, сондықтан сенің атың бұдан былай «Қаздауысты Қазыбек» болын. Екіншісі – тоқсан жеті жүлдені саған арнап байладым, бұдан былай сен екі сыбағалы бол! – депті.

(«Қазақтың би-шешендері» жинағынан)



3. Уш топқа бөлініп, тапсырмаларды орындаңдар.

1-топ. Шешендік сөздердің жанрлық түрлеріне тән белгілерді төмендегі кестеге толтырыңдар.

Шешендік арнау	Шешендік толғау	Шешендік дау

2-топ. Әдебиет пәнінен өткен материалдарды еске түсіріңдер. Қазыбек бидің «Біз қазақ деген мал баққан елміз...» деп басталатын сөзіндегі метафора, метонимия, фразеологизмдерді табыңдар.
3-топ. Оқылым мәтінін 4 дәйексөзben қорытып, «Қосжазба күнделігін» толтырыңдар.

Дәйексөз (цитата)	Түсіндірме (комментарий)



4. Аудиожазбадан (06.mp3) «Алқа билер соты» тақырыбындағы мәтінді тыңдаңдар. Бұрынғы және қазіргі сот жүйесін байланыстырып, өз көзқарастарынды жазбаша баяндаңдар. Мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды талданңдар.



5. Кестені басшылыққа алып, «Тастанды сәбилердің тағдыры» тақырыбында сөзталас өткізіңдер.

Шешендік сөздеріңе қойылатын талаптар
Айтылатын ойдың мазмұны терең, мәнді де маңызды болуы
Әр сөз өз орнында тұрып, ойдың салмағын арттыруы
Көркемдегіш құралдар мен амал-тәсілдердің тілдік қарым-қатынас талабына сай болуы
Шешендік сөздің шын сөз, дәлелді сөз болуы



6. Бала Қазыбектің «Біз қазақ деген мал баққан елміз...» деп басталатын сөзін аяғына дейін жаттап алыңдар. Арасында құрмалас сөйлемдерді анықтаңдар.

IV

БӨЛІМ

ӘЛЕМДІ ӨЗГЕРТКЕН ӘНЕРТАБЫСТАР

ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР

Бұл бөлімде сендер:

- әлемді өзгерткен әнертабыстар, адамзатқа қауіп төндіретін әнертабыстар, ғарышты игеру және «ЭКСПО-2017» көрмесі туралы ақпараттармен танысасыңдар;
- пікір алмасудың ерекшелігі және публицистикалық стильдің жанрлық түрлерімен таныс боласыңдар;
- мәтінге тезистік және тірек-сызба жоспарларын жасайсыңдар;
- шешендік сөздердің композициялық құрылышы мен құрылымына қарай түрлерін ажыратуды үйренесіңдер.

Фылымды үйреніп, оны өмірге қолданбаған кісі жерін айдалап, дәнін сеппеген адамға үқсайды.

Саади Ширази

Тұншыққан талант кесек тұздан арзан.
Табысты адам мен талантты адамның жалғыз айырмашылығы – ерінбей еңбек етуінде.

Стивен Кинг

§1.

«ЭКСПО-2017». «Нұр әлем» павильоны – жел күші



1. Мақал-мәтелдерді оқып, желдің пайдасы мен зияны туралы ой бөлісіндер.

- Жел дауыл шақырады,
Бұлт жауын шақырады.
- Ауру желмен келіп, термен шығады.
- Жел еспей, бұлт көшпес.
- Ат міндім деп желікпе,
Желге мініп желіп көр.
- Желмен жарыспа,
Көлеңкеңді құма!
- Жел екпіндеп соққанмен,
Таң мезгілсіз атпайды.



2. Мәтінді оқып, тақырыбын, стилін, автор көзқарасын анықтаңдар.

Жынды жел

(Алас тайпасы туралы аңыз)

Шешемнің ып-ыстық құшағы... Бірдеме дегім келеді.
Бірақ дей алмаймын. Қеудемді бір нәрсе ашыта түскендей.
Басым айналып... жоқ, жер төңкөріле бергендей...

Сақалы қеудесіне түскен үлкен ақ сары шал. Сұп-суық алақанымен маңдайымнан сипап қояды. Одан өріде тақыр басы салбырап әкем отыр. Түсім емес, өңім.

– Батыр, қалайсың? – дейді шал, бадырайған ала көзін маған тік қадап. Денем дір ете қалды да, көзімді жұма қойдым. Бұл кім? Қайдан жүрген адам?

– Қорықпа, құлышым. Бұл кісі – емші атаң ғой. Тамырынды ұстасын да. (Өкемнің дауысы).

Шал ұстаған бас бармақтың басынан лұп-лұп соққан қан тамырдың бұлкілін сеземін. Недөуір уақыттан кейін шалдың:

– Балаға жел тиген. Су өкеліндерші, – дегенін естідім.

Бетіме бүркіп жіберген суық судан селк етіп, көзімді қалай ашып алғанымды білмей қалдым.

– Енді жылы бүркеніп жат, – деді шал бетіме күлімсірей қарап.

– Жел тиген адам осылай ес-түсінен айырыла ма? – дейді әкем. – Тұні бойы жын қаққандай сандырақтап шығады. Бұл өзі басқа бір дертең ұшыраған жоқ па осы?

Шал жымысып күлді. Содан соң шайын сораптай отырып:

– Қарағым, жел деген оңай жау емес. Баяғыда іргеден соққан жынды желдің кесірінен бір тайпа ел мұлде құрып кеткен, – деді. Мен елең еттім.

– Қызық екен, – деді әкем таңданып.

Шал сақалын саумалап біраз ойланып отырды да, тамағын қырнап, бір-екі рет жөткірініп қойды... Ал енді тыңдай беріндер...

«...Арада ай өтеді, жыл өтеді. Ақ қатын енді көп қатынды жиып алыш, ақ боз үйде мынадай сөз бастайды:

– Балаларың әлсіз, еркектерің әрсіз, сұыққа шыдамсыз екен, – дейді.

– Ол неден? – деп көп қатын елең қағады.

Ол есіктен басқа тесігі жоқ, шаңырақтан басқа жарығы жоқ үй ішіне сұқ саусағын шошайтып:

– Күн түспейтін, жел кірмейтін мынадай үйде бетте өн, бойда қуат бола ма? – дейді.

– Сонда не істеу керек? – дейді көп қатын.

– Іргені ашып, киіздерді кесіп, түс-түстан тесік жасау керек. Сонда желге де, жарыққа да қарық боласындар.

– Міне, ақыл! – деп, көп қатын іргелерді көтеріп, киіздерді тесіп-тесіп тастайды. Бірақ күткендей жел соқпайды.

– Бұ қалай? – деп, көп қатын ақ қатынға мөлие қарайды.

– Тайпаға келер тар жолдың бойы тұтасқан қара орман той. Бүкіл желді ұстап тұрған сол дағы.

Көп қатын көп ойланбай-ақ от қояды орманға. Әп-сөтте қызыл жалын көкке жалаңдал, ағаштар күн жанады, тұн жанады көк түтін будақтап. Ақыры ит тұмсығы өтпейтін ну орманның орнында жап-жалаңаш тау қалады сопайып.

Сол-ақ екен, ойдан-қырдан, оннан-солдан самал лекіп қоя береді. Қатындар мәз боп қол соғады. Еркектер желпініп кеуде ашады. Бірінің бетіне әр кіреді, бірінің бойына әл бітеді. Мұндай рақатты кім көрген!.. Бірақ, амал не, бұл рақат ұзаққа созылмайды, самалдың арты желге айналады. Желдің соңы қара дауылға ұласады. Ол күндіз-тұні түйедей боздап, иттей ұлып тұрады. Жыландаі ысылдал іргеден кіреді,

айдардай ысқырып есіктен шығады. Зәрі еттен өтеді, ызғары сүйекке жетеді. Іңдеріп жылап бала бесікте жатады. Күрк-күрк жөтеліп еркектер есікте отырады. Қөздері алақ-жұлақ етіп көп қатын ақ қатынды іздейді. Ол ізім-гайым жоғалған. Ол жоғалысымен, тағы бір сүмдік басталады. Қоктен түсті ме, жерден шықты ма, өлде желмен бірге жетті ме, тайпа ішінен белгісіз бір індегі шығады. Бұл, алдымен, жан-жануар, малдан білінеді. Қотанда қойлар бастарын бір жағына қисайтып, айналып-айналып құлап түседі. Айғырлар қуып жүріп, өз үйіне шабады. Түйелер жаңа туған ботасын тіземен таптап тастайды. Үйдегі иттер иесін қабады. Бұның соңы адамдарға жетеді. Балалар әке-шешесімен емес, қолдарындағы айнамен сөйлеседі. Олардың не деп отырғанын ешкім түсінбейді. Тілдері басқа болады.

Осының бәрін көріп-білген тайпа ақсақалы: «Бұлар – енді тірі өлік. Тайпаның күні батты», – дейді күніреніп. Бұл оның соңғы сөзі болады.

– Міне, шырақтарым, кезінде дәуірлеп түрған бір тайпанаң тағдыры осылайша бітеді», – деп, шал өңгімесін аяқтады.

Әкем күрсінді. Мен жыладым.

(Дидахмет Өшімханұлының
«Жынды жел» әңгімесінен)



3. Мәтіннің тақырыбын, автор көзқарасын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін алдыңғы мәтінмен салыстыра талдаңдар.

«Нұр Әлем» павильоны: жел күші

XIX ғасырдың басында жасанды қозғалтқыштардың көлеңкесінде қалған мұндай энергия түрлері бүгінде қайта жаңғырып келеді. ЭКСПО халықаралық көрмесіне келушілер баламалы қуат көзінің осы түрлерімен етене танысты. «Нұр Әлем» ұлттық павильонының бесінші қабаты жел энергетикасындағы бірқатар тың жобаларға арналды.

Цилиндр пішінді қондырғы

Цилиндр пішінді өнертабыс Испанияда ойладап табылды. Оның тыныш жұмыс жасауы жел диірменнен басты артықшылығы болып саналады. Айналадағы жануарлар мен құстарды үркітпейді. Екіншіден, экологиялық таза және көлемі

де шағын. Қалыпты қуат өндіруі үшін жылдамдығы секундына 1 метр жел жеткілікті. Устіңгі бөлігі жылжымалы, сондықтан жел ескенде аздаш шайқалып, пайда болған вибрацияны генераторға жібереді. Генератор электр қуатын өндіреді. Бұны шағын үйге таптырмас қуат көзі деуге болады.

(kazakh-tv)



4. Көркемдік құралдарды ұтымды пайдаланып, мәтінді жалғастырындар. Сын есімдерді тұлғасына қарай (негізгі, туынды) ажыратындар.

Жел – ежелгі халықтың ақыз-ертеғілерінде жиі кездесетін құбылмалы кейіпкер. Бірде ол – тұнық самал, енді бірде – ашулы дауыл мен құйын.



Пікір алмасу (дискуссия)

Пікір алмасу (лат. *discussio* – «қарау», «зерттеу») – көкейкесті мәселелерді шешу мақсатына құрылатын, біліктілік пен мәдени өрені талап ететін пікірталастың бір түрі. Айтылар ойларды тоғыстыра отырып, пікір алмасуға қатысушылар ортақ шешімге келу мақсатын көздейді. Мәселені жан-жақты талқыладап, ортақ пікірге келеді.

Арнайы баяндамашы белгіленбейді, қатысушылардың бәрі өз пікірін білдіруге тең құқылы бұл сөз сайысы белгіленген тәртіп, келісімді уақыт, алдын ала белгіленген тақырып төнірегінде, алдын ала белгіленген тәрағаның басқаруымен жүргізіледі.

Мақсаты	Ой-пікірді ортаға сала отырып, мәселенің ортақ шешімін табуды көздеу.
Өтілетін орны	Митинг, арнайы белгілі бір мәселе бойынша құрылған комиссия отырысы, іскерлік жиындар, арнайы басқаруалар т.б.
Ерекшелігі	Тақырып алдын ала белгіленеді. Баяндамашы болмайды. Пікір айтушылар тең құқылы. Қатысушылардың барлығы пікірін айтуда құқылы.
Мәдениеті	Тақырыптан ауытқымау, белгіленген регламентке сай ойын ықшам, нақты жеткізу. Біреудің сөзін кие жарып, мағынасын бұрмаламау. Естімей не түсінбей қалған сөзді анықтап алу. Кезегін сабырмен күту, дауыс көтермеу. Беделін көлденең тартпау, жеке мүддесін көздемеу.



5. Үш топқа бөлініп, тапсырмаларды орындаңдар.

1-топ. Алғашқы оқылым мәтініне күрделі жоспар құрындар.

Үлгі:

I Кіріспе

1.1.

II Негізгі бөлім

2.1.

2.2.

2.3.

III Қорытынды

3.1.

2-топ. 9–10-сыныпта өтілген материалдарды еске түсіріп, екінші оқылым мәтініне тезистік жоспар құрындар.

3-топ. Желдің пайдасы мен зиянын саралап, төмендегі кестені толтырындар.

Желдің пайдасы	Желдің зияны



6. Мәтіндердегі ақпараттарды ғаламдық (отандық) мәселелермен байланыстырып, сұрақтарға жауап берे отырып, «Жел энергиясын қаншалықты тиімді пайдаланып жатырмыз?» тақырыбында пікір алмасу үйімдастырындар.

1. Қазақстанда жел энергиясын дамытуға қолайлыш аймақтың көп болуына қарамастан, не себепті 1% қана балаамалы энергия көздерін пайдаланып отырмыз?
2. Бұл мәселені шешуде «ЭКСПО-2017» көрмесінің рөлі қандай?
3. «Қазақстан-2050» Стратегиялық жоспарында тұтыннатын энергияның 50%-ін балаамалы энергия секторынан алу жоспарлануда. Осыған еліміздің дайындығы қандай?



7. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. Фылыми стильдің ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды қолданып, жел энергиясы туралы мақала жазындар.
2. «ЭКСПО – жаңғырудың қозғаушы күші» тақырыбында презентация дайындаңдар.

§2.


Никола Тесла. Электр энергиясы



- Мәтінді оқып, алған әсерлерінді талқыландар. Тілдік құралдары арқылы стилін ажыратындар.

Никола Тесла (1856–1943) – данышпан физик, инженер, электротехника және радиотехника саласының өнертапқышы, үлтты – серб.

Оны «әлемнің патшасы, найзатайды бағындыруши және ең биік сананың иесі» деп атайдын. Никола Тесла 1856 жылы шілденің 9-ынан 10-ына қарашан түні қатты найзагай болғанда туған. Босандырып алған кіндік шешесі наным-сенімге байланысты найзагайды жамандықта болжаған. Ол шақалақтың қара түнектің баласы болатынын атады, бірақ анасы оған қарсы шығып: «Жоқ, ол Құн сөулесінің баласы болады», – дейді.



Тесланың биографы Бернард Карлсонның айтуынша, ғалым тамаша интеллектіге ие болса да, идеяларды іске асыруға жоқ екен. Трансатлантикалық радионы жасап шығаруға байланысты жарыс кезінде Тесла өзінің демеушісі мен іскерлік серігі Джон Морганға лездे байланыс жасаудың жаңа тәсілін баяндайды. Оның мәні – биржадағы баға белгілеулер мен телеграммалар оның зертханасына бағытталып, ал Тесла кодтап, өрқайсысына жаңа желі тағайындалап отырған. Тесланың түсіндіруі бойынша, кейін хабарламалар бір қолға сыйытын құрылғыларға таратылады. Басқаша айтқанда, ол мобиЛЬДІ байланыс пен ғаламтордың нобайын келтірген. «Тесла ақпаратты жеке адамға жіберуді бірінші болып ойлап тапқан», – деп жазады Карлсон. Сонымен қатар ғалым радиолокатор, рентген, сөулелік қару мен радиоастрономия жайлы идеяларды ойлап тапқанымен, оларды іске асырмаған.

Тесла жайлы көп таралған ақыздың бірінде ол өзінің манхэттендік зертханасында жер сілкіндіретін мәшине құрастырған делінеді. Ғалым өзінің бір сынағында бүкіл

бір ауданды қирата жаздаған. Негізінде, Тесланың құрылғысы – жер сілкіндіретін мәшине емес, жоғары жиілікті механикалық осциллятор болған. Платформаның астында орналасқан поршень оны қатты дірілдеткен.

Тесланың кітаптарды, суреттерді, жаңа өнертабыстарды миында ұзақ сақтап жүре алатын, нысандарды бір көргенде, оны толықтай елестете алатын қасиеті болған, ол нысандарды үш өлшемде (3D) көз алдына өкеле алатын. Бұл қабілеті оны бала кезінен қинап келе жатқан үрейлі түстерін бақылауға алуға көмектесті.

(reactor.inform.kz)

Публицистикалық стильдің жанрлық түрлері.

Репортаж

Публицистикалық стильдің жаңаша түрі: мерзімді баспасөз; ауызша түрі: радио, теледидар хабарлары, деректі кино.

Жанрлық түрлері: мақала, ақпараттық хабар, очерк, халықаралық шолу, репортаж және интервью.

Репортаж (латын *report* – «жеткізу») – баспа, радио, теледидарға оқиға орнынан берілетін ақпарат, әңгіме. Репортаж оқиға болған жердің топырағында туады. Сондықтан да репортаж дегеніміз – оқиғаның өзі. Репортаждың басқа жанрлардан ерекшелігі – өткен оқиғаны емес, болып жатқан оқиғаны баяндайды, соны суреттейді. Репортаждың мақсаты – болған оқиғаны бұлжытпастан суреттеу ғана емес, сол оқиғаның әлеуметтік мәні мен маңызын ашу, өзінің пікірін білдіру. Журналист оқиғаны неғұрлым тез, айқын, әсерлі түрде жеткізсе, ол соғұрлым бағалы, ықпалды да тартымды болады. Репортаж өмір шындығына сүйенеді. Тілі нәрлі, стилі тартымды келеді.



2. Аудиожазбадан (07. mp3) «Бала бағатын білезік» мәтінін тындаңдар. Мәтіндегі ақпаратты ғаламдық мәселелермен байланыстырып, салыстырындар, дерек пен көзқарасты ажыратындар.

3. Тындалым мәтінін негізге алып, өнертабыстар көрмесінен репортаж жасаңдар.



4. Мәтін тезисінен толық мәтін құрастырыңдар.

Электр энергиясын не үшін үнемдеу керек? Электр энергиясын жылу және су электростансылары өндіреді. Олар отын жағады, ол ауаны ластайды.

Электр энергиясын үнемдеу жолдары:

1. Компьютер, теледидар т.б. керек кезде ғана қосқан жөн.
2. Тамақ пісіретін ыдыстың түбі пештің көлемімен бірдей болуы керек.
3. Қыста салқын бөлме бар болса, тоқазытқышты қоспауға болады.
4. Электр құралдарының А, А+, А++ белгілері барын сатып алған дұрыс.
5. Электр үнемдейтін шамдарды пайдаланған жөн.
6. Көп жарық керек болмаған жағдайда үстел шамдарын жағуға болады.

Электр энергиясын үнемдеу арқылы табиғат тазалығын сақтау – әр адамның міндеті.



5. Адам өміріндегі электр энергиясының атқаратын рөлін зерделеп, тілдегі образды, айшықты сөздерді ұтымды пайдаланып, мәтін жазыңдар. Сабактас құрмалас сөйлемдерді қатыстырыңдар және түрлерін ажыратыңдар.



Шешендік сөздің құрылышына қарай түрлері

Шешендік сөздер композициялық құрылышына қарай пернелі сөз және термелі сөз болып екі топқа бөлінеді. Қара сөзben айттылған шешендік сөздер – **пернелі сөз**; толғау, тақпақ түріндегі шешендік сөздер **термелі сөз** деп аталады.

Термелі сөз	Пernелі сөз
Құрылышы өлең-жырға ұқсас шешендік сөздер. Өлең-жырдан айырмашылығы шешендік термегінде үшін буын, бунақ санының біркелкі болуы шарт емес. Ұйқастаң гөрі ырғағы мен ішкі мағыналық байланысына назар аударылады.	Көркем қара сөзben айттылатын шешендік сөздер. Сөздері сұрыпталып, сөйлемдері екшеліп, көлемі жағынан ықшам болып келеді. Айтуши желдірте, екпіндеп сөйлеп отырғанда, бірде үйқасып, бірге үндесіп, өлең сияқты естіледі.



- 6.** Шешендік сөздерді оқып, құрылышына қарай қай түрі (термелі сөз, пернелі сөз) екенін анықтаңдар.

Өнер – ризық, несібе таусылмайтын...

Бір үлкен жиында Шойынбеттің тапқырлығын сынамақ болған Сыздық төре: «Дәulet артық па? Бақ артық па? Өнер артық па? Тіл байлық артық па?» – деп сұрапты.

Сонда Шойынбет:

Дәulet – қолдың кірі жусаң кететін,
Бақ – сел-көшкін уақытпен өлшенетін.
Өнер – ризық, несібе таусылмайтын,
Тіл байлық – ізгілік мұрат,
Үрпаққа сөз қалдыратын, –
деп жауап беріпті.

Шойынбет би Әулиеатадағы ушыққан жесір дауына тәбе би болып, билікті былай аяқтаған екен:

Дау – берекенің іріткісі,
Рушылдық – бөлінгеннің белгісі,
Бөлінгенді бөрі жейді...
Ашу – араз, ақыл – дос,
Ағайын ақылына ақыл қос...
Бірлік түбі – береке,
Біріккенді жау алмайды...
Мал дауы малмен бітер,
Жан дауы – жегі құрт,
Жегі құрттан арылған ләзім.
Бұл – ел арасындағы даудың арты болсын!

(«Шешендік өнер» хрестоматиясынан)



- 7.** Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. Электр шэйнек, электр пеш т.б. өнертабыстар туралы ақпарат жазып келіндер.
2. «Өнер – ризық, несібе таусылмайтын...» тақырыбында шығарма жазындар.

§3.

Киіз үйдің сырты. Ақылды үй



- Мәтінді оқып, стилін ажыратыңдар, құрылымы мен рәсімделуіне, жанрлық ерекшелігіне қарай талдаңдар.



Киіз үйдің сырты

Уық, кереге, шаңырақ, күлдіреуіштерін деформациялау (дene пішінін немесе көлемін өзгерту) арқылы киіз үй қаңқасы қайыңдан, талдан жасалады. Қайың мен тал басқа ағаштармен салыстырғанда деформациялауға, яғни июге, бұруға, қысуға, созуға ыңғайлышы, бір жағынан, берік, қатты материал болып есептеледі.

Үйшілер кептірілген ағаштарды алып, қидың малмасына (диффузия) немесе ыстық шоқ араластырылған күлге салып балқытады, яғни ағаштарды пластикалық деформацияға ұшыратады. Пластикалық деформация сыртқы күштердің өсері тоқтағаннан кейін жойылмайды, өз қалпын сақтап қалады. Үйшілер ағаштарды тезге салып түзетіп алады, кейін морға салып, кереге, уыққа, күлдіреуішке лайықтап ырғаққа салып, белгілі бір үлгі, жобаға келтіреді. Ағашты қызыл түсті жосамен бояйды және өсімдік майымен майлайды. Ағаш – кеуек дene, суды, ылғалды жақсы сіңіреді. Ілғалданған ағаш беріктік қасиетін жоғалтады. Судың жұғы қасиеті ағашқа зиян. Май қабаты ағашты ылғалдың сіңуінен сақтайды. Бабаларымыз судың майлы беттерге жұқпайтынын білген. Оны

ғылыми түрде былай дәлелдейміз: сұйықтың молекулалары майдың молекулаларынан гөрі бір-біріне құштірек тартылады. Қайынға, талға құрт тұспейді, басқа ағаштар сияқты тез шірімейді, яғни оларда шірітпейтін және құрт жолатпайтын спецификалық зат бар деген болжам айтуға болады.

Киіз үйдің негізгі құрылыш материалы – киіз. Синтетикалық материал оң зарядталған өріс тудырады. Ол өріс адамның ағзасына қолайсыз әсер етеді. Ал киіз – табиғи материал. Қой жүнін сабалап, біріктіріп, жүнге ыстық су құйып, механикалық өрекет нәтижесінде ширатады.

Жүн ыстықты да, суықты да өткізбейді, өйткені қалай сабаласа да, жүн талшықтарының арасында ауа болады. Ауа молекулалары бір-бірінен алыс орналасып, энергияның бір молекуладан екіншісіне берілуі қыынға соғады. Сондықтан киіз үй аптап шілдеде сая, ызырықта жылы баспана болады.

(stud.kz)



2. Аудиожазбадан (08. mp3) «Өзі тербелетін бесік» мәтінін тындаңдар. Мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдап, мәтіннен алған әсерлерінді жазындар.

Мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдар, тілдік оралымдар	Мәтіннен алған әсерім



3. Шартты, себеп бағыныңқылы сабактас сөйлемдерді қатыстырып, «Киіз үй – қазақтың дүниетанымының, сан ғасырлық мәдениетінің жарқын айғағы» тақырыбында анықтамалық эссе жазындар.

Публицистикалық стильдің жанрлық түрлері. Мақала

Мақала ғылыми және публицистикалық стилемен жазылады. Автор өзі жазатын мәселені анық білетін және оны белгілі деректерге сүйеніп баяндай алатын дәрежеде болуы керек. Ғылыми мақалага ғылым саласына қатысты өзекті мәселелер тақырып бола алады. Ал кәсіпорын, мекеме, шаруашылық саласы, оқу орындарындағы ұжымдық іс, еңбектегі қол жеткен табыстар, достық, жолдастық қарым-қатынастар, өнер, ғылым, алдағы үлкен міндеттер т.б. публицистикалық мақаланың басты тақырыптары болып табылады.





4. Елбасының пікірін жалғастырып, мақала жазыңдар.

Қазақ жері – бірқатар материалдық мәдениеттің қайнар көзі. Заманауи қоғамның өмір сүруіне қажетті дүниелердің көбі өз кезінде дәл осы Ұлы дала елінің аумағында пайда болған. Дала тұрғындары техникалық жаңашылдықтарға жол ашып, өлемнің өр түкпірінде өлі күнге дейін қолданыста бар өнертабыстың бастауын көрсетті.

(Нұрсұлтан Назарбаев)



5. Үш топқа бөлініп, тапсырмаларды орындаңдар.

1-топ. Киіз үйдің заманауи баспаналардан ерекшелігі неде? Өз ойларынды «Төрт сейлем» тәсілімен білдіріңдер.

2-топ. «Жақсы болса да өз үйім, Жаман болса да өз үйім, Кең сарайдай боз үйім» мақалын пайдаланып, термелі не пернелі шешендік сөз құрастырыңдар.

3-топ. Киіз үйден «ақылды баспана» жасауға бола ма? Оған қандай материал пайдаланар едіңдер? Постер арқылы ойларынды дәлелдендер.



6. Гибратты сөздерді қатыстырып, аргументті эссе жазыңдар. Тақырыбын өздерің қойыңдар.

Қандай болмасын өнерді менгеру дегеніміз – өнер мәселеілерін ақылмен білу және тану қабілеттілігін менгеру.

(Әбу Насыр әл-Фараби)

Мал жұтайды, өнер жұтамайды.

(Абай Құнанбайұлы)

Осынша өнер тауып асқан – адам,
Әлемнің қызын сырын ашқан – адам.

(Шәкәрім Құдайбердіңұлы)

Өнердің екі жағы бар: пішіні – техника, мазмұны – ой.

(Лев Толстой)

Өнер-білім – бәрі де
Оқуменен табылған.

(Ыбырай Алтынсарин)

§4.

Ұшатын автокөлік



- Суретке қарап, өнертабыстар туралы пікірлеріңмен бөлісіңдер.



- Мәтінді оқыңдар. Фылыми стильдегі мақаланың құрылымы мен жанрлық ерекшеліктерін анықтаңдар.

Ұшатын автокөлік

Аустриялық «Aeromobil» компаниясы Венада өткен «Pioneers Festival» конференциясында алғаш рет жаңа ұшу қабілетіне ие «Flying Roadster 3.0» көлігінің түсауын кесті. Бұл өуекөліктің прототипі, шамамен, 25 жыл бұрын жасалған. Қазіргі таңда көлік құралы байқау сынағында тұр. Бұл жаңалықтың авторы – бұрын BMW және «Audi» автомекемесінде жұмыс жасаған, қазір «Aeromobil» компаниясының бас дизайнері Стефан Кляйн.

«Flying Roadster» көлігі түзу жолда, орта есеппен алғанда, 160 км/сағатпен жүрсе, көкке көтерілген соң 200 км/сағаттан астам жылдамдықпен ұша алады. Көлік құрастырушылардың сөзіне қарағанда, бұл өуекөлік, негізінен, транспорт жүйесі өлсіздеу елдерге арналған. Жоба өлі де көптеген толықтыруды қажет еткендіктен, жаппай өндіріске қай уақытта шығатыны өзірге белгісіз. «Flying Roadster» туындысының ең негізгі ерекшелігі – оның көлемінің кішілігінде. Қарапайым көліктер жүретін қара жолға емін-еркін сыйады. Сондай-ақ көлік тұрағына еш қындықсыз қоюға болады. Ұшатын

көлік сағатына 15 литр жанармай жағады екен. Өндірушілер қауіпсіз ұшу құрылғыларының сапасының мықтылығына кепілдік беріп, сенім білдіріп отыр. Өкінішке қарай, ұшқыш көлік иесінің жол кептелісінен қашып құтылуына көмектесе алмайды. Әуеге көтерілуі үшін оған 50 метрлік асфальтты жол немесе қарапайым шөпті алқап қажет.

(*КазАқпарат*)



- 3.** Узіндіні оқындар. «Қосжазба күнделігі» әдісі арқылы екі мәтінді салыстырындар.

«Ұшатын автокөлік» мәтіні	«Сәйгүліктер» мәтіні
	Тақырыбы
	Стилі
	Құрылымы мен тілдік ерекшелігі

Сәйгүліктер

– Мың да тоғыз жүз қырық екінші жылдың жазы. Ұлы Отан соғысының текетіреске айналып, қызып тұрған кезі, – деді Төреқұл әңгімесін баппен бастап. – Біз, он шақты кісі, қырғыз елінен майданға ат апаратын болдық. Ат-айғыры арасынан қақ жара, батысқа қарай тартып бара жатырмыз. Содан не керек, Орал қаласынан өткен соң жылқыны вагоннан түсіріп, үйірлеп даламен айдауға тұра келді... Қысқасы, айтайын дегенім, айдалған жылқының ішінде сұліктей жириен айғыр болды. Менсіз, қан жириен түсіне қарап, жылқышылар Қозықүрең деп атап кеткен. Жаңылмасам, сол кезде жасы сегіз-ондардан аса қоймаған, толысқан, азулы айғырлардың бірі-тұғын. Құданың құдіреті! Еділ бойына жетісімен, жаңағы Қозықүрең төтенше мінез таныта бастағаны. Жануар кешкі салқында ғана ептең жайылады да, күндіз басын жерге салмай, жылқының шетінде қалшиып тұрады да қояды... Саяқбай дейтін көпті көрген, қарт жылқышы Қозықүрендегі өзгерісті алдымен байқапты.

– Жігіттер, мен бірдеңе білсем, сендер осы Қозықүренен айырыласындар, – деді ол бір күні бізді қасына шақырып

алып. – Қарандаршы, жел жаққа шығып алып, самалдап тұрғанын көрдің бе жануардың?! Біраздан бері оттан, судан тыйылып, өзін-өзі мейіздей қатырып, жаратып жүр. Қашатын жылқының сұрқы ғой мынау.

Ертеңіне дайындық жұмысы аяқталып, жылқыны өзен-нен өткізудің қамы басталды. Аттарды үйір-үйірімен жағалаудағы ағаштан жасалған шарбаққа қамап, содан әрі парамға тиесінде қажет еді. Кенет күтпеген жағдай болды. Әлдебір жылқының топты жара-мара, кісі бойы шарбақтан серіппедей созылып, бір-ақ секіргенін көріп қалдық.

– Қозыкүрең кетті, – десіп, шу ете қалды жылқышылар. Қүрең айғыр ойнақтап шетке шыға берді де, бір-екі рет азынай кісінеп жіберіп, шығысқа қарай шоқыта жөнелді...

Содан не керек, ұзын сөздің қысқасы, біз апарған жылқымызды тиісті жеріне өткізіп беріп, міндетімізді өтедік те, Саратов маңынан пойызға отырып, елге қарай бет алдық... Арада тағы да жарты айдай уақыт өтті. Елге келіп, әрқайсымыз өз жұмысымызға кіріспіп кеттік. Қозыкүреңнен үмітімізді үзіп қойғанбыз. Байғұс ит-құсқа жем болды ма, әлде жол-жөнекей біреулердің қолына түсті ме деп, біраз күн еске алысып жүрдік те, ақыры ол да ұмытыла бастаған...

– Мына кісінеп келе жатқан біздің Қозыкүрең емес пе? Әй, соның-ақ дауысы, – деді Саяқбай үй сыртында тұрып...

Сәлден соң Саяқбай менен бөлініп кеткен-ді. Бір мезгілде күнірене шыққан дауысы естілді.

– Жануарым-ай, аман-есен келген екенсің ғой! Айшылық жолды алты аттап, Алатауыңа жеткен екенсің-ау!.. Қасиетті тұлпарым-ай! Елсіз-сусыз шөлдерден, асу бермес белдерден өтіп, туған жерге қалай жеттің екенсің?!

Қозыкүрең жылқының бір шетінде екі бүйірін соғып, сенделіп тұр екен. Біз қасына жақындағанда, оқыранып жіберді. Құлағының түбі, сауыры сабындалып, өне бойын ақ көбік базып кеткен. Саяқбай жаңағы сөзді айттып еңіреп жіберді де, Қозыкүреңнің мойнынан құшақтады.

(Қабдеш Жұмаділовтің «Сәйгүліктөр» романынан үзінді)



4. «Үшатын автокөлік» мәтінінің алғашқы азатжолына жасалған тірек-сызбаны үлгі ретінде алыш, соңғы бөлігіне өздерің тірек-сызба түрінде жоспар жасандар.



5. Шешендер мен олардың нақыл сөздерін сәйкестендіріңдер. Тақырыппен байланысын анықтаңдар.

Бала би	Дүниеде не өлмейді? Жақсының аты өлмейді, Фалымның хаты өлмейді.
Жиренше шешен	Жерден ауыр дегенім – ақыл, білім. Судан терең дегенім – оқу, ғылым.
Сырым шешен	Талап қыл артық білуге, Артық ғылым – кітапта, Ерінбей оқып көруге.
Абай	Таудан биік көңіл бар, Теңізден терең ғылым бар, Оттан бетер – қайғы-зар.



6. Жағдаяттық тапсырманы орындандар.

Адам өмірін женілдету үшін қандай өнертабыстарды ойларап табар едіндер? Фаламдық мәселелермен байланыстырып, «Егер мен ғалым болсам, ...» тақырыбында өз көзқарастарыңды білдіріңдер.



7. Болашақта өмірге келетін өнертабыс туралы мақала жазындар.

§5.

Адамзатқа қауіп төндіретін өнертабыстар



1. Мәтіндерді топқа бөлініп оқындар. Құрылымы мен ресімделуін, жанрлық ерекшеліктерін талдандар. Адамзатқа қауіпті өнертабыстарға тағы нелерді қосар едіңдер?

Химиялық және биологиялық қару

Ойланып қарасақ, қаруды ойлап тапқан адамның о бастағы мақсат-мұраты оң болғаны рас. Ата-бабамызды садақ пен айбалта, найза мен шоқпарсыз елестету мүмкін емес. Олардың азығы да, тыныш өмірі де осы қарудың арқасында болғаны белгілі. Бұғандегі, өркениет заманда, адамдар бірін-бірі жою үшін нелер сүмдүк, жантүршігерлік өнертабыстар ойлап табуда. Соның бірі – химиялық қару. Алғаш рет химиялық қару бірінші дүниежүзілік соғыста пайдаланылған. Ұлы Отан соғысында да газбен улау өдісі жиі қолданылыпты. Осы улы қарудың түрлері бүгінгі бейбіт заманда да көп елдің қолында жарактаулы.



Биологиялық қарулар бойынша халықаралық конвенция 1972 жылы бүл қауіпті де қорқынышты қаруды кез келген салада қолдануға қатаң тыйым салған.

Атомдық қару

Атомды зерттеу XIX ғасырдың соңында басталды. Беккерель уранның радиоактивтілігін, Резерфорд альфа және бета сөулелерін ашады. Адамзат изотоптардың көп түрін біле бастады. Резерфорд пен Содди екеуі бірлесе радиоактивті ыдыраудың заңын көпке жария етеді. Дегенмен



атомды басқаруға, оның адамзат пайдасына қызмет етуіне өлі де бірнеше онжылдықтар қажет еді.

1938 жылы өлем мәңгіге өзгерді. Міне, осы тұстан бастап физика «қайырымды» және «зұлым» болып екіге жарылады. Біріншісі адамға энергия қуатын берсе, екіншісі қырып-жойғыш бомбаны береді.

Алғашқы сынақ 1945 жылы өтті. Ядролық тәжірибелі сынақтар Күншығыс елінің бейбіт халқына жасалды. Адамды адамның аяусыз ажал құштыру оқиғасы жаһанға Нагасаки мен Хиросима қалаларын әйгілі етті.

Полиэтилен

Бұл материалды Ганс фон Пехманн 1899 жылы ойлап тапқан. Полиэтиленге екінші рет өмір сыйлаған – Эрик Фосет пен Реджинальд Гибсон. Алғашында бұл өнертасты телефон кабельдерін орауға арнаған еді. 1950 жылдан бері ғана затты орауға арналған материал ретінде қолданыла бастады.

Бір қарағанда, полиэтиленді кәдеге жарату ядролық қарудың қасында түкке тұрғысыз болып көрінеді. Әлбетте, полиэтилен ядролық қару сияқты жерді жылдам құртып жібере алмас. Дегенмен қолданылған полиэтиленді пайдаға жаратудың жолдарын қарастырмаса, планетамызды қоқысқа орап жіберуі өбден мүмкін. Галымдардың есептеуінше, жер бетінде бір жылда 4 трлн полиэтиленді пакет қолданылатын көрінеді. Бұл – адамдардан шығатын күл-қоқыстың 9%-і. Оларды өртеуге болмайды, өйткені одан атмосфераға шығатын зиянды ііс химиялық қарудан кем емес. Өртеу кезінде полиэтиленнен шығатын 800 микрограмм диоксиннен 80 кг салмақтағы ер азamat бірден өлім құшады. Полиэтилен қалдықтарын көмүге де болмайды. Олар жерге ыдырамай, мыңжылдықтар бойы қала береді.



(Жанар Әбдігалиқызы)

Адам өміріне қауіпті өнертабыстар

Мамандардың мәлімдеуінше, ғаламда 700 миллион автокөлік бар. Орта есеппен бір көлік жылына 4 тонна оттегін жүтады, есесіне 800 кг көміртек оксидін, 40 кг азот оксидін және 200 кг газдарды шығарады. ДДҰ бұл өнертабыс түрінің адам өмірін 4 жылға қысқартатынын айтып, дабыл қафуда.

Күнделікті ұстап жүрген ұялы телефон да мамандардың айтуынша жөнсіз қолдана берсе, қатерлі ісік, басқа да ауруларды тудырады. Сондай-ақ оны жасап шығару үшін су қоймаларына, қоршаған ортаға зиянды зат – перфтороктанды қышқыл төгіледі. Әлемде қаншама су қоймалары уланып, қаншама су тіршілігіне зақым келеді.

(Жанар Әбдігалиқызы)



2. Сұрақтарға жауап бере отырып, «Адамзатқа қауіп тәндіретін өнертабыстар» тақырыбында пікір алмасу үйымдастырындар.

1. Адамзатқа қауіпті өнертабыстар қатарына тағы нелерді жатқызар едіндер?
2. Не себепті физика «қайырымды» және «зұлым» болып бөлінеді?
3. Адамзаттың күнделікті қажетіне жарату үшін жасалған өнертабыстар неге орасан зор зиянын тигізуде?
4. Ауаны улап, адам денсаулығына зиянын тигізетін автокөлік пен ұялы телефонсыз өз өмірлерінді елестете аласындар ма?
5. Өнертабыстарды тек қана адам игілігі үшін пайдаланып, зиянын азайту үшін не істеу керек деп ойлайсындар?



3. Үш топқа бөлініп, тапсырмаларды орындаңдар.

1-топ. География, тарих, физика пәндерінен алған білімдеріңмен байланыстырып, оқылым материалдарына тірек-сызба жасаңдар.

2-топ. Таза ғылыми стильге тән тілдік құралдарды қолданып, «Адамзатқа қауіп тәндіретін өнертабыстар» тақырыбында мақала жазындар.

3-топ. Публицистикалық стильдің барлық талаптарын сақтап, осы тақырыпта мақала дайындаңдар.



- 4.** Қазақ шешендік өнерінің көрнекті өкілдерінің, ақын-жырауларының, ғұлама ғалымдарының өнер-білім туралы нақыл сөздерін тауып жазып, өз ойларыңмен қорытындыланадар.

- 5.** Мәтінді оқып, термелі сөзben берілген шешендік сөзді пернелі сөзге айналдырындар.

Ақылды деп кімді айтамыз?

Бір мәжілісте бас қосып сөйлесіп отырганда Шоң биге Мұса мырзасы:

Ақ сауыт деп нені айтамыз,
Арғымақ деп нені айтамыз?
Ақылды деп кімді айтамыз,
Ер жігіт деп кімді айтамыз? –

деп сұрапты.

Сонда қарт Шоң:

Ақ сауыт деп айтамыз,
Атқанда оқ өтпесе.
Арғымақ деп айтамыз,
Желгендеге жылқы жетпесе.
Ақылды деп айтамыз,
Тозған елді септесе.
Ер жігіт деп айтамыз ,
Жауға тастап кетпесе, –

деп жауап беріпті.

(«Шешендік сөздер, нақылдар мен
толғаулар» жинағынан)



- 6.** Екі тапсырманың бірін орындаңдар.
 1. «Өнертабыстарсыз өмір сүре аламыз ба?» тақырыбында дискуссиянда жасындар.
 2. «Ақылды деп кімді айтамыз?» сұрағына жауап беріп, ойларыңды түжірымдап, шешендік сөз құрастырындар.

§6.

Фарышты игеру



- Мәтіннің мақсатына және тілдік амал-тәсілдеріне қарап, таза ғылыми стильде жазылғанын дәлелдендер.

Зымыран аспанға атылды

Зымыран – Жердегі ең жедел көлік. Мұның себебі зымыранның қозғалтқышы ерекше, реактивті. Старт алдында зымыранның бактарын жанаармаймен толтырады. «Оталу» деген жарлықтан соң жана бастаған жанаармай газға айналады. Газ ғаламат күшпен зымыранның түбіндегі тар қуыс арқылы сыртқа ұмтылады. Газдың гулеген жалыны бір жаққа үшса, зымыран соның серпінімен екінші жаққа қарай ұшады. Зымыранды кез келген жаққа ұшыруға болады, ол үшін тек газдың ағыс жолын қажетінше бағыттау керек. Бұл жұмыс зымыранның тұтқасы арқылы басқарылады.



...Міне, зымыран ғарышайлағында тұр. Қоқке бағытталған ұзақ жолға аттану үшін тек жарлық берілуін ғана күтіп тұр. Тұрқының өзі – 90 метр. Онымен салыстырғанда мәшинелер мен адамдар Гулливердің алдындағы Ергежейлілер елінің тұрғындары сияқты көрінеді. Зымыранның өзі «тасығыш» деп аталады. Неге «тасығыш»? Өйткені оның ең негізгі міндеті – жүкті ғарышқа жеткізу. Жүгіміз Жердің жасанды серігі болуы мүмкін, жолаушылар немесе транспорт кемесі болуы мүмкін. Жүк ауыр, оған бір зымыранның шамасы жетпейді, ал ойдағыдай ұшыру үшін бірнеше зымыранды тіркеп «жегуге» тұра келеді. Олар бірінің үстіне бірі сатылай жалғанып, үлкен пирамидаға ұқсаған біртұтас қуатты зымыранға айналады. Жүкті оның ұшар басына орналастырып, үстін шошақ төбелі «бөрік» – сүйір ұштықпен бастырып қояды.

Ал ғарыш кемесінің ішінде не болады?

Кеме екі бөліктен тұрады: бірінші – «қонаатын құрылғы», екінші – «аспаптар бөлігі». Қонаатын құрылғы – шағын ғана кабина, ғарышкерлердің ұзақ сапар кезінде отыратын орындары. Кеме ұшып жүрген кезде кабинаның есігі, иллюминаторлары жабық тұрады. Иллюминатор – ғарышкерлер Айға, Қунге, Жерге бақылау жасайтын арнайы терезе.

Кеме Жерге қалай оралады?

Кеме зымыранның тежегіш қондырғысының көмегімен Жерге қайтып оралады. Бұл қондырғы кеменің екінші жартысы – аспаптар бөлігінде орналасқан.

(www.uniface.kz)



2. Мәтінге тақырып қойып, тірек-сызба жоспарын жасандар.

Алматылық Тимур Рысбеков – «Қазақстанның 100 жаңа есімі» тізіміне енген тұңғыш оқушы. Дарынды жастың әлеуметтік, медицина және ғарыш саласы бойынша көптеген өнертabyсы бар. Жақында оқушы Америкаға аттанғалы отыр және онда NASA ұйымдастырып отырған байқауға қатыспақшы. Ұйым тікелей Америка Құрама Штаттарының вице-президентіне бағынады. Агенттік авиация, аэронавтика, космонавтика салаларында зерттеулер жүргізумен және ғылыми тұрғыда ғарыштың құпияларын ашумен айналысады. Қазір Тимурдың 72 өнертabyсы бар. Оның 28-i патенттелген. Ол өзінің ерекше өнертabyсын ғарыш саласына арнап жасапты. Қалта телефоны арқылы басқарылатын робот ашық ғарышта кез келген тапсырманы орындай алады. Тимур жақында бұл жұмысын Америка Құрама Штаттарына апарып, бағын сынап көрмек. «Тамыз айында біз тобымызбен халықаралық платформаға шықтық. Әлемнің сарапшылары жобамызды жоғары бағалап, NASA ұйымдастыратын үлкен байқауға шақырту алдық. Оған әлемнің 30 елінен ұздік өнертапқыштар келеді. Мен бұл байқауға қолемді мәліметтер қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ерекше бағдарламаны ұсынбақпын. Сонымен қатар оянуы мүмкін жанартауларды анықтай алатын құрылғыны апарамын», – дейді жас өнертапқыш.

Тимур Рысбеков 2017 жылы халықаралық байқауға қатысып, 77 химиялық реактивті анықтай алатын роботты жасап, ұсынған еді. Сол кезде NASA сарапшылары баланың

өнертабысына қатты қызығушылық танытқан. Тіпті әріп-тестік байланыс орнатуға ұсыныс білдірген еді.

(turkystan.kz)



Фарыш (араб. «кеңістік») – ғаламның астрономиялық анықтамасының синонимі. Жер төңірегіндегі кеңістікті қамтитын жақын ғарыш және жүлдyzдар мен галактикалар т.б. кеңістігін қамтитын алыс гарыш болып екіге бөлінеді.

Дүниежүзінде алғаш рет ғарышты зерттейтін Жердің жасанды серігі 1957 жылы 7 қазанда аспан кеңістігіне шығарылды. Осы уақыттан бастап адамзат ғарыш кеңістігін зерттей бастады. Ал қазіргі уақытта жерді айнала жүздеген Жердің жасанды серіктері ұшып жүр. Олар арқылы радио мен теледидар хабарлары дүниежүзіне таратылады. Жердің жасанды серіктерінің көмегімен ая арайын дәл болжалауга мүмкіндік туды. Теңізде жүзген кемелер мен ұшақтар бағытын бұрын жүлдyzдарға, Құн мен Айға қарап болжайтын болса, қазір Жердің жасанды серіктерінің көмегімен болжай алады.



3. Өлеңнің кейіпкері, атақты өнертапқыш Томас Алва Эдисон туралы ізденіп, оның өнертабыстары туралы шолу мәтінін жазындар.

Эдисон

Сөйлеткен жансыз затты өнер иесі,
Естіп таңғалады көрген кісі.
Білмейді қалай етіп түсінерін,
Айтпаса түсіндіріп білген кісі...

Эдисон мұны істеген – ғалым адам,
Оқымас, жалқау, біздей емес надан.
Пәндерден кимие-симие ғылыми хикмет
Көп сырлар ашты түпсіз дариядан.
Періштеміз он жақтағы өсер еді,
Солардай болып өтсек дүниядан.

(Шәңгерей Бекеев)



4. Ғарышты игерудің адамзатқа пайдалы және зиянды өсері туралы пікір алмасу үйымдастырындар.



- 5.** Пікір алмасудан түйген ойларыңды жинақтап, «Фарышты игеру» тақырыбында мақала дайындаңдар.



Шешендік сөздердің құрылымы

Шешендік сөздің құрылымы бірнеше бөліктен (кіріспе, негізгі бөлім және қорытынды) тұрады. Олар бір-бірімен өзара сабактасып байланысып, біріндегі ойды екіншісі толықтырып, терендеңдіп, нақтылай түседі. Кіріспе бөлім қысқа да ықшам болады. Кіріспеде мәтінде баяндалатын оқиға туралы бағдар беріледі. Негізгі бөлімнің басты мақсаты – белгілі бір ақпаратты хабарлау, өзіндік көзқарасты баяндау және оны дәлелдеу, соған аудиторияны сендіру. Қорытынды – негізгі бөлімде айтылған ойдан туатын түйінді ой.

Кіріспе, негізгі бөлім және қорытынды бөліктердің орны тұрақты болады. Мысалы назар аударайық.

Kіріспе	Досай бидің жас кезі екен.
Негізгі бөлім	<p>Әкесі баласын сынамақ болып:</p> <ul style="list-style-type: none"> – Балам, патша үлкен бе, диқан үлкен бе? – деп сұрапты. – Әрине, диқан үлкен. – Қалайша? <p>Сонда Досай бала:</p> <ul style="list-style-type: none"> – Диқан астық бермесе, патша аштан өлмей ме? – деген екен.
Қорытынды	Әкесі баласының тапқырлығына риза болып, содан былай қарай қасына ертіп жүріп, шешендікке баулыпты.



- 6.** «Қазыбек пен Қоңтажы» мәтініне (90-бет) құрделі жоспар жасап, кіріспе, негізгі бөлім, қорытындысын анықтаңдар.

I Кіріспе

1.1.

II Негізгі бөлім

2.1.

2.2.

2.3.

III Қорытынды

3.1.



- 7.** Олжас Сүлейменовтің «Адамға табын, Жер, енді!» поэмасын оқып, негізгі ойды анықтап, аргументті эссе жазындар.

§7.

Мақсат – жетістік желкені



1. Өлеңдегі негізгі ойды анықтаңдар. «Толық адам» дегенді қалай түсінесіндер? Қазіргі өмірмен салыстыра отырып, пікір алмасындар.

Түелде бір сұық мұз – ақыл зерек,
Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек.
Тоқтаулылық, талапты шыдамдылық –
Бұл қайраттан шығады, білсөң керек.
Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек.

(Абай)



2. Мәтінді оқып, стилін ажыратындар.

Кезіндегі от сөнбесін!

Осыдан біраз жыл бұрын Америкада болған оқиғаға тоқталып өтейік.

Бір университетте студенттердің оқу бітіру кешіне өлемге әйгілі тұлғаны – миллиардерді тұлектердің алдына сөз сөйлеуге шақырған екен. Бас киімдері мен мантияларын киіп, қолдарына дипломдарын ұстап отырған тұлектердің – болашақ менеджерлердің көңіл күйлері көтерінкі еді. Олар жас, дендері сау, былайша айтқанда, бақытты. Олар өлі өмірдің қызындығын көрген жоқ, қайғының, жоқшылықтың не екенин білмейді.

Тұлектердің алдына егде адам шығып: «Көп жыл бұрын мен де сендер сияқты студент болғанмын...», – деп бастапты сөзін. Таңғалған ешкім жоқ. «Студенттердің алдына сөз сөйлеуге келген әрбір адам сөзін осылай бастайды», – деген оймен ешкім назар аудара қойған жоқ-ты.

– Иә, – деп жалғастырды әлгі адам, – көп жыл бұрын мен де студент болым. Бірақ менің еш нәрсем болған жоқ. Иә, еш нәрсем. Мәселен, сендердің көбінде автокөлік, жағдайларынды жасайтын ата-ана бар. Ал менде еш нәрсе болған жоқ. Тек дипломым болды. Дипломым және жанарымдағы отым! Қазір менде бәрі бар, ал жанарымдағы от өлі сөнген жоқ. Міне, мен алдарында тұрмын, сендерге қарап тұрып, біреуінен

ондай жанып тұрған жанарды көріп отырғаным жоқ. Біл-сендер, жанардағы отсыз сендер тек өздеріңе нан тауып жеуге жетерлік қана табыс таба аласындар. Керемет нәтижелер, үлкен жетістіктер үшін от керек! Сендер мына түрлеріңмен ұзаққа бара алмайсындар. Сондықтан мен сендермен қоштасамын... Ә, ұмытып барады екем, ұйымдастырушылардан кешірім сұраймын, кездесуіміз осындай көңілсіз нотада аяқталmas үшін, бәріңе айтарым – сәттілік! – деп шығып кеткен екен.

Ол отырған студенттердің жанарына от жақты. Олардың көз алдына болашақтарын елестетті. Егер дәл осындай қарқынмен, жастықпен, мастықпен жүре беретін болса, өмір өте шығады, ешқандай жетістікке жете алмаған адамға айналатынын дәлелдеп берді. Бұдан шығатын қорытынды: кез келген адамның жетістікке жетуі – өз қолында. Қеудесінде оты бар адам барлығына да қол жеткізеді!

(Назерке Мұса)



3. Мәтінді алдыңғы оқылым мәтінімен салыстыра талдаңдар.

«Көзіңдегі от сөнбесін!» мәтіні	Абайдың отыз екінші қарасөзі
	Тақырыбы
	Автор көзқарасы
	Көзделген аудиториясы
	Құрылымы мен тілдік ерекшелігі

Отыз екінші қарасөз

Білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға, өуелі, білмек керек. Талаптың өзінің біраз шарттары бар. Оларды білмек керек, білмей іздегенмен, табылмас.

Өуелі, білім-ғылым табылса, ондай-мұндай іске жаратар едім деп, дүниенің бір қызықты нәрсесіне керек болар еді деп іздемекке керек. Оның үшін білім-ғылымның өзіне ғана құмар, ынтық болып, бір ғана білмектіктің өзін дәулет деп білсең, әр білмегеніңді білген уақытта көңілде бір рақат хұзур хасил болады. Сол рақаттан білгеніңді берік ұстап,

білмегеніңді тағы да сондай білсем екен деп үміттенген құмар, махабbat пайда болады. Сонда әрбір естігеніңді, көргеніңді көңілің жақсы ұғып, анық өз суретімен ішке жайғастырады.

Егер дін көңілің өзге нәрседе болса, білім-ғылымды тек соған себеп қылмақ үшін үйренсөң, ондай білімге көңіліңнің мейірімі асырап алған шешенің мейірімі секілді болады. Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түседі. Шала мейір шала байқайды.

Екінші, ғылымды үйренгенде, ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек. Бақасқа бола үйренбе, азырақ бақас көңіліңді пысықтандырмак үшін залал да емес, қебірек бақас адамды түземек түгіл, бұзады. Себебі әрбір бақасшыл адам хақты шығармақ үшін ғана бақас қылмайды, жеңбек үшін бақас қылады. Ондай бақас адамшылықты зорайтпайды, бәлкім, азайтады. Мақсаты ғылымдағы мақсат болмайды, адам баласын шатастырып, жалған сөзге жеңдірмекші болады. Мұндай қиял бұзықтарда болады. Жұз тура жолдағыны шатастырушы кісі бір қисық жолдағы кісіні түзеткен кісіден садаға кетсін!..

Үшінші, әрбір ақиқатқа иждиһатыңмен көзің жетсе, соны тұт, өлсөң де айырылма! Егер де ондай білгендігің өзінді жеңе алмаса, кімге пұл болады? Өзің құрметтемеген нәрсеге бөтеннен қайтіп құрмет күтесің?

Төртінші, адамның ішінде білім-ғылымды көбейтуге еki қару бар: бірі – мұлахаза қылу, екіншісі – берік мұхафаза қылу... Бұлар зораймай, ғылым зораймайды.

Бесінші, осы сөздің он тоғызынышы бабында жазылған «ақыл кеселі» деген төрт нәрсе бар. Содан қашық болу керек. Соның ішінде «уайымсыз салғырттық» деген бір нәрсе бар, соған бек сақ бол, ол өуелі – құданың, екінші – халықтың, үшінші – дәүлеттің, төртінші – ғибраттың, бесінші, ақыл мен ардың – бәрінің дүшпаны. Ол бар жерде бұлар болмайды.

Алтыншы, ғылымды, ақылды сақтайтуғын «мінез» деген сауыты болады. Сол мінез бұзылмасын! Қөрсек қызыарлықпен біреудің орынсыз сөзіне, кез келген қызыққа шайқалып қала берсөң, мінездің беріктігі бұзылады. Онан соң оқып үйреніп те пайда жоқ. Қоярға орны жоқ болған соң, оларды қайда сақтайсың? Қылам дегенін қыларлық, тұрам дегенінде тұрарлық мінезде азғырылмайтын ақылды, арды сақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын! Бұл беріктік бір ақыл, ар үшін болсын!

(Абай)



4. Үш топқа бөлініп, тапсырмаларды орындаңдар.

1-топ. Жетістікке жету үшін өздеріңде қандай ұстанымдар міндеттейсіңдер? Тізімін жасап, 5–6 сөйлеммен қорытындылаңдар.

2-топ. Абайдың «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек» деген өлең жолдарына түсінік беріп, «толық адамға» тән қасиеттерді топтастырыңдар.

3-топ. Абайдың «Отыз екінші қарасөзіне» тірек-сызба турінде жоспар құрыңдар.



Әлемді өзгерткен өнертапқыш балалар

- 15 жастағы америкалық Честер Гринвуд 1873 жылы сүйкіта киетін құлаққап ойлад тапты. Әжесі бұл құлаққаптың сыртын көмшат терісінен, ішкі жағын барқыттан тігіп берді. 1877 жылы Честер өз өнертабысын патенттеді.
- Ең алғашқы қалың қарда жүргүре арналған көлікті 15 жасар канадалық Жозеф-Арман Бомбардье 1922 жылы өз гаражында жасап шықты.
- Тақшадағы балмұздақты ең алғаш 11 жасар американцы Фрэнк Эпперсон ойлад тапқан. Ол өз өнімін кинотеатрдың жанында турып сатқан. 20 жылдан кейін ғана Фрэнк ойлад тапқан өніміне патент алды, сериялы өндіріске кірісті.
- Көзі көрмейтін жандардың оқи алу мүмкіндігіне жол ашқан рельеф жолды жазуды 1824 жылы 15 жастағы француз Луи Брайль ойлад тапқан. Ол етік тігуге арналған бізben көзін жарақаттап алған соң, 3 жасында көру мүмкіндігінен айырылған еді. Осы қаріппен басылған алғашқы кітап «Франция тарихы» 1837 жылы жарыққа шықты.
- Ермексазды химиялық тазарту материалдарын шығарумен айналысатын Клео Маквикердің немересі ойлад тапты.
- 1930 жылы гимнастика мектебінде оқитын 16 жастағы Джордж Ниссен алғашқы батутын жасап шығарды. Ол өз өнертабысына «секіру қондырғысы» деген ат берген.



5. Көтерілген мәселені өз ойларыңмен жалғастыра отырып, «Еңбек шыңы – өнертабыс» тақырыбында мақала жазыңдар.



- 6.** Шешендік сөзді құрылымына қарай талдап, кіріспе, негізгі бөлім, қорытындысын кестеге түсіріңдер.

Шешендік сөз	
Кіріспе	
Негізгі бөлім	
Қорытынды	

Төле бидің шешендігі

Атақты билер Арқага жиналышты.

Төле би айтылған мезгілден кешігіп келеді. Оған шамданған қарт билер: «Төле би келсе, орнымыздан тұрмайық», – деп уәделеседі. Бірақ Төле би келгенде, орындарынан тұрып кетеңді. Тек екі-үш би ғана тұрмайды. Төле би көпшіліктен кешіккені үшін кешірім сұрайды. Әлгі тұрмай қалған билердің бірі сөзден ұту үшін сыйай сұрақ қояды:

– Бақ дегеніміз не? Байлық дегеніміз не? Бала дегеніміз не?

Төле би орнына отырмай, түрегеп тұрган бойда:

– Бақ – ұзатылған қызы. Байлық – еритін мұз. Бала – артта қалған із. Өмірдің адамға ең жақсы сыйы – сыйласқан сіз бен біз, – деп жауап беріпті.

Төле бидің жауабына риза болған билердің бәрі орындарынан тұрып, құрмет көрсетіпті.

(«Қазақтың би-шешендері» жинағынан)



- 7.** Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. «Артық болмас білгенің» айдарымен берілген өнертабыстардың бірі туралы таза ғылыми стильде мақала жазыңдар.
2. Өздерің қалаған шешендік сөзді құрылымына қарай талдап, кіріспе, негізгі бөлім, қорытындысын бөліп көрсетіңдер.

§8.

Тура биде туған жоқ



- Мәтінді оқып, ой тапқырлығына назар аударындар, өз көзқараста-рынды білдіріңдер. Жоспар құрындар. Қазір жер дауы, жесір дауы мәселеісі бар ма? Оны қалай шешер едіңдер? Пікір алмасындар.

Қазыбектің Төле мен Мәлсеге айтқан басалқы сөзі

Баяғы заманда жоғарғы ел мен тәменгі елде құрғақшылық болып, Ұлы жүз бен Кіші жүз жылдысып, үш жүздің баласы Орта жүздің жерін жайлаган екен. Келер жылы жүт біткен соң Ұлы жүз өз жеріне, Кіші жүз өз жеріне көшіп кетеді. Бірақ Кіші жүздің бір жігіті Ұлы жүздің бір келіншегін жолсыз алып кетеді.

Ұлы жүз қонысына көшіп барған соң, Төле би елден:

– Мал-бастарың аман ба? – деп сұрайды.

Сонда Ұлы жүздің иғі жақсылары:

– Қария, мал-бас аман, түгел келді. Жалғыз-ақ Ұлы жүздің бір әйелін Кіші жүз тартып алып қалды, – дейді.

Ұлы жүз сол үшін Кіші жүзден 200 жылқы барымта алады. Кіші жүз де қарап қалмайды. Құзге қарай үш жүз жігіт аттандырып, Ұлы жүзден 500 жылқы құдырып алады. Сөйтіп, бір әйелдің дауынан екі ел бірліктен ажырап, зор бүліншілікке үшірайды. Осы жанжал келер жылы үш жүздің бас қосқан үлкен сарабына түседі. Дауды Орта жүзден Қаздауысты Қазыбек, Ұлы жүзден Төле, Кіші жүзден Мәлсе би баскарыпты. Сонда Төле тұрып:

– Мен ағаның баласымын, билікті мен айтамын, – дейді.

Кіші жүз Мәлсе тұрып:

– Жоқ, мен атаның қара шаңырағында қалғанмын, жасым кіші болғанмен, жолым үлкен. Билік жөні менікі, – дейді.

Қаздауысты Қазыбек отырып күледі.

– «Жылағанды сұрама, күлгенді сұра» деуші еді, Қазыбек, неге күлдіңіз? – дейді Төле мен Мәлсе.

– Сендер атадан туысынды білсеңдер де, оның өсиетін білмейді екенсіңдер, – дейді Қазыбек. Аталарыңың «Ұлы жүзді қауға беріп малға қой, Кіші жүзді найза беріп жауға қой, Орта жүзді қамшы беріп дауға қой» дегені қайда? Сүрінсем,

сүйейтін алдында ағам, артымда інім бар, билік жөні менікі емес пе? – дейді Қазыбек.

Бұл сөзге екі жағы да тоқтап, билікті Қазыбекке береді. Сонда Қаздауысты Қазыбек:

– Уа, үйсін Төле!

Сен атадан үлкен туғансың,
Ініңдің бір еркелігін көтермей,
Жылқысын неге қуасың?

Уа, жарқыным, Мәлсе!

Сен атаңың қара шаңырағында қалған еркесің,
Ағаңың көзі тірісінде жеңгенді неге ертесің?

Сен, Мәлсе, жесірді қайтар,

Сен, Төле, жылқыны қайтар, – деп төрелік айтады.

Екі жағы да осыған тоқтап, екі ел жылап табысқан екен дейді.

(«Шешендік сөздер, нақылдар мен толғаулар» жинағынан)



2. Шешендік сөзді түсініп оқындар. Ақылдың қадір-қасиеті туралы ой бөлісіндер. Абай шығармаларындағы ақыл-парасат туралы гибрат-насихатпен салыстырындар.

Дүниеде азбайтын байлық біреу,
Ол – ақыл.

Дүниеде тозбайтын байлық біреу,
Ол – ақыл.

Дүниеде қайтпайтын адал қолдаушың біреу,
Ол – ақыл.

Дүниеде таймайтын адал қорғаушың біреу,
Ол – ақыл.

Дүниеде жарығы тұтас елге түсетін қасиетті шырақ біреу,
Ол – ақыл.

Дүниеде асыл текті жел жетпес пырақ біреу,
Ол – ақыл.

Дүниеде ердің басына қонатын бақ біреу,
Ол – ақыл.

Дүниеде елдің басына қонатын тақ біреу,
Ол – ақыл.

Ақылсыз басқа қонса, бақ баянсыз,
 Нақылсыз насқа қонса, тақ баянсыз.
 Құдай ақылсыз бас болғаннан сақтасын.
 Елдің ақысын өле жегеннен сақтасын,
 Үріншің табысын бөле жегеннен сақтасын.

(*Бөлтірік шешен*)



- 3.** «Қазыбектің Төле мен Мәлсеге айтқан басалқы сөзі» шешендік сөзін құрылымына қарай талдаңдар.

Шешендік сөз	
Кіріспе	
Негізгі бөлім	
Қорытынды	



- 4** Бүгінгі күннің жырауы болсаңдар, жастарға адам өміріндегі құндылықтарды ұлықтауға қандай ақыл-кеңес айтар едіңдер? Өз ойлаңды сыныптастарыңмен бөлісіңдер.



- 5.** Ақын-жыраулардың толғауларындағы көркемдік құралдарды табыңдар. Заман келбетін қазіргі қоғамдағы көкейкесті мәселелермен салыстырып, 10 сөйлем жазыңдар. Сабактас құрмаластарды ажыратыңдар.

Сергелдеңге түссе, мал жаман,
 Ығыр болса, ел жаман.
 Улгісіз пішсе, тон жаман,
 Төресі теріс би жаман.
 Бесіктегі жас бала
 Жетім қалса, сол жаман.
 Алты қанат ақ орда
 Иесіз қалса, сол жаман.

(*К.Бәрібайұлы*)

Арғымақ атта сын болмас
 Қиған қамыс құлақсыз.
 Азаматта сын болмас,
 Арты болса түяқсыз.

Айдын көлде сын болмас,
Жағасы болса құрақсыз.
Асқар тауда сын болмас,
Бауыры болса бұлақсыз.
Ақ киікте сын болмас,
Аяғы болса тұрақсыз...

(Абыл)



6. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. Сабақтан түйген ойларыңды жинақтап, «Тура биде туған жоқ» тақырыбында аргументті эссе жазыңдар.
2. Батаны жаттап алыңдар.

Уағалейкүмассалам!
Кең пейілді қазақ елім!
Кемелденген ғажап елім!
Ұлыс күні құтты болсын!
Ел іргесі мықты болсын!
Бақыт әкеп Ұлыс күні,
Баянды болып тыныштығы,
Өнші құстар баққа қонсын!
Шаттығыңың сәтті күнін,
Татулықтың тәттілігін
Көрсін ұрпақ қайырымды!
Бұлт шалмасын ай-күнімді!
Жаңа күнім жадырасын!
Төл көбейіп жамырасын!
Еккен егін өнімімен,
Еңбегінің сенімімен,
Тірлігінің жемісімен,
Бірлігінің жеңісімен,
Бағы жанып кәрі-жастың,
Басынан бақ арылмасын!
Орындалып ойларымыз,
Тойға ұлассын тойларымыз!
Әумин!

(Әдібай Табылдиев)

V

БӨЛІМ

БЕЙБІТШІЛІК, ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЖАҢАНДЫҚ ЭКОНОМИКА

ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР

Бұл бөлімде сендер:

- бейбітшілік пен бірлік, қауіпсіздік, Қазақстан қарулы күштері, жаһандық экономика және біздің өміріміздегі экономика туралы ақпараттарды талқылайсыңдар;
- көркем әдебиет стилінің тілдік ерекшеліктерімен таныс боласыңдар;
- пікірталас зандалықтарымен танысып, пікірталас үйымдастырысыңдар;
- мәтіндердің идеясы мен мазмұнын салыстыра талдайсыңдар, өлеңде берілген көркемдік құралдарды пайдаланып, мәтін жазасыңдар;
- шешендік сөздердің көркемдік сипатымен танысып, шешендік шеберлік ұғымынан хабардар боласыңдар.

Жер бетінде бейбітшілік пен тыныштық болғанын қаласақ, алдымен сәбілердің қорғаудан бастау керек.

Махатма Ганди

Экономикалық бостандық болмай, өзге бостандық та болмайды.

Маргарет Тэтчер

§1.

Көгершін – бейбітшілік құсы



1. Суретті көргенде қандай ойға келдіндер? Біздің өмірімізben қандай байланысы бар деп ойлайсыңдар?



2. Мәтінді оқып, негізгі ойды анықтаңдар. Өздерің білетін мәліметтермен толықтырыңдар.

Адамзат бағзы замандардан-ақ құстарды жақсылықтың нышанына балаған. Мәселен, дана қазақ аққуды махаббаттың, қарлығашты мейірімділіктің, бүркітті ержүректіктің символы санаған. Осындай құстардың бірі өрі бірегейі – көгершін құсы. Көгершін – көп халықта бейбітшіліктің белгісі, ол жер бетіне тыныштық пен береке өкелетін құс болып есептеледі.

1949 жылдың 20–25 сәуірінде Париж және Прага қалаларында бір мезгілде бейбітшілікті жақтаушылардың Бүкіләлемдік Конгресі өтеді. Талайларды боздатқан Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталысымен, АҚШ пен КСРО сынды өлемдегі екі алпауыт мемлекет атом бомбасын жасап, тіпті бірі Жапонияның екі қаласына тастап та үлгеріп еді. Дәл осындай қатыгездіктер Конгрестің өтуіне себепші болды.

Бейбітшілікті жақтаушыларға шұғыл түрде танымбелігі керек болып, олар атақты Пабло Пикассодан сурет салып беруін сұрайды.

Тұмсығымен зәйтүн бұтағын алып бара жатқан ақ көгершіннің сұлбасы осылай дүниеге келеді.



Көгершіннің бейбітшілік құсы ретінде бейнеленуін түсініру қыын емес. Кезінде Нұх пайғамбардың кемесіне зәйтүн бұтағын алып келіп, топан судың аяқталғанын және Құдайдың адамдармен татуласқанын жеткізген дәл осы көгершін екен. Сондай-ақ «Венераның көгершіндері Марстың дулығасына жұмыртқалағандықтан, ол кезекті қантөгістен бас тартыпты, осылайша халық аман қалыпты» дейтін антикалық аңыз да бар.

Пикассоның қызының есімі Палома (испан тілінде «көгершін» деген мағынаны білдіреді) болған, соған қарағанда бұл құсқа еркеше ілтипатпен әрі ыстық ықыласпен қараған.

(Дайындаған Айгерім Сматуллаева)



3. Мәтінді мұқият оқып, жанрлық және стильдік ерекшеліктерін талдандар.

Көгершін құсы

Көгершіндер – орманды, кейде таулы жерлерде тіршілік ететін, адам баспанасына үйір, денесі тығыз, тұмсығы қысқа құстар.

Олардың танау тесіктері терілі қаппен бүркелген. Моногамды. Көгершіндер бүкіл жер жүзіне тараған. Олардың көп тараған жерлері – Малай архипелагі мен Австралия.

Жалпы үш жүздей түрі белгілі. ТМД елдерінде 11 түрі кездеседі. Мысалы: клинтух (*Columba oenas*), вяхирь (*Columba palumbus*) және т.б. Жабайы көгершін немесе көк көгершін

(Columba livia), зікірлі көгершін (Streptopelia) Мадагаскарға таяу жердегі Маврикий, Реюньон, Родригес аралдарында кездеседі.

Қазір көгершіндердің жабайы түрлері ағашты, таулы жерлерде тіршілік етеді. Олар ұяларын ағаштың үстіне, құзына немесе жарлардың құзына шөптесін заттардан салады. Ұясында 1–2 жұмыртқасы болады. Жұмыртқаларын аталығы мен аналығы кезектесіп басады. Жұмыртқадан 14–30 күн аралығында балапан шығады.



Көркем әдебиет стилінің тілдік ерекшеліктері

Мақсаты	Шынайы өмір шындығын суреттеу, зат, құбылыстарды бейнелеу арқылы оқырман сезіміне әсер ету, ой тудыру.
Қолданылу аясы	Көркем шығармаларда қолданылады. Көп жанрлы (проза, драма, поэзия т.б.) болады.
Стильдік сипаты	Сөздің эстетикалық қуаты, бейнелілігі, образдылығы, эмоционалды-экспрессивті мәнде қолданылуды басым.
Тілдік амал-тәсілдері	Ауыспалы мағынадағы сөздер, көркемдегіш, бейнелеуіш, суреттеме (тенеу, метафора, метонимия, антитеза т.б.) құралдары мол қолданылады. Шығарманы шынайы беру мақсатында диалект, кәсіби сөздер, эвфемизм мен дисфемизмдер, ауыспалы мағынадағы бейнелі сөздер мен ауызекі сөйлеу тілі қолданылады. Әр жазушының тілдік амал-тәсілдеріне қарай өзіндік стилі болады.



4. Жағдаяттық тапсырманы орындаңдар.

Егер сендер БҮҮ тәрағасы болсаңдар, соғыс болып жатқан елдерде бейбітшілік орнату үшін қандай заңдар қабылдалап, қандай іс-шараларды қолға алар едіңдер? Ойларыңды ортаға салындар.



- 5.** Берілген өлең мәтінінің көркем әдебиет стилінде жазылғанын дәлелдеңдер.

Мәтіннің мақсаты	Стильдік сипаты	Тілдік амал-тәсілдері

Көгершіндер маршы

Орман, дала, бектерлер –
Арпалыстар өткен жер.
Соғыс зарын шеккендер,
Оралмасын өткендер!
Біз – ақ қанат кептерлер,
Бізді ұмытып кетпеңдер!

Енді қару алмайық,
Өртенбейік, жанбайық!
Біз адасып қалмайық,
Ақ аспанда самғайық!
Аталардың өмірін
Әрі қарай жалғайық!

Көгерсін жер, көгерсін,
Мол ырысқа кенелсін,
Бейбітшілік жыршысы
Біз – ақ қанат көгершін!
Біз – ақ қанат кептерлер,
Бізді ұмытып кетпеңдер!

(Мүқагали Мақатаев)



- 6.** Көркемдік құралдарды пайдаланып «Біз – ақ қанат кептерлер» тақырыбында шығарма жазындар. Жіктік жалғауларын анықтаңдар.



- 7.** Оқылым мәтіндеріндегі ақпараттарды пайдаланып және өз ойлағынды жинақтап, «XXI ғасырдың ең басты заңы – татулық» тақырыбында мақала дайындаңдар.

§2.

Бейбітшілік – ұранымыз, туған жер – тұғырымыз



1. Мәтінді оқып, негізгі ойды анықтаңдар, берілген мәліметтер мен пікірлерді өздерің білетін деректермен толықтырыңдар. Соғыс кезіндегі адамдардың аянышты тағдырын автор қалай суреттеген?

Днепрде

— Мишаға оқ тиді, — деді оң жағымда жатқан штаб бастығы Крикуненко қынжыла үн қатып. Артыма жалт қарасам, Миша жер бауырлап еңбектеп келе жатыр еken. Сүйретіліп қасыма келіп, оң жақ буйіріме басын сүйеді де:

— Мені көріп қойды... Жараланып қалдым, командир жолдас. Тапсырмаңыз орындалды, — деді.

Оның жарасын таңып, жәрдем беруге ешкімнің де мұршасы келген жоқ. Жараланған жауынгердің қолынан пулеметін жұлып алыш, жаудың шоғырланған оң жақ қанатына қарай оқ жаудыра бастадым. Құн еңкейіп барады. Есіл-дертім «Көз байланғанша бірер жігіт болса да тірі қалса игі еді» деймін. Жау оғы бас көтертер емес.

Қас қаражат пулемет оғы таусылып, пистолетім ғана қалды. Жау тағы атысты. Атуды бұрынғыдан да бетер үдете түсті. Овчаренко мен Крикуненко жаралы болды. Миша қатты қиналып жан тапсырды. Радистка қыз да көз жұмған еken. Сөйтіп, топты адамнан тек пулеметчик екеуміз қалыптыз.

Екеуміз құпия деген қару-жарақ бөлшектерін жер-жерге тығып, рацияны алдық та, қорғаныс шебінен жер бауырлай жылжып шыға бастадық. Жау оғы да саябырлауға айналған. Бірақ жарасын ауырсынған Борис менің сүйреуіме өзөр шыдап: «Жолдас командир, мені тастап кетіңіз. Атып кетіңіз. Шыдай алатын емеспін», — деп зарлап келеді. Жанқияр жауынгер жолдасындағы көзің қызып өз қолыңмен қалай атарсың.

Сол сәтте оқыс жөтелген өлдекімнің дауысы ойымды бұзып жіберген еді. Қарасам, бергі өзім жатқан жиекті жағалай, жоғары қарай бір қайықшы есіп келе жатыр еken. Өзі түрегеп түрған бойы қолындағы ұзын сырғымен жағалауды

әлсін-әлі тіреп, қайығын жайлап қана жылжытып қояды. Міне, өзі менімен тіпті қатарласып та қалды. Сақалы белуарына түскен шал екен! Не де болса осы шалмен тілдесіп қалайын деген ойға бекідім де:

– Ата, бері келіңіз, – дедім, жағаға үңіле түсіп. Сол жерде ол маған жалт қарады да, сөл кідіріп барып, қайығының тұмсығын жағаға тіреді. Сөйтіп, жағаға қарғып түсіп, қайықтың тұмсығындағы шынжыр бауын талдың бұтағына орай салды да, жаныма келді.

– Сәлеметсіз бе, ата! – дедім орнынан сүйретіліп өрең тұрып.

– Амансың ба, балам? Немене, жаралысың ба? – деп сұрады ол, алақанымен көзін көлегейлей қарап.

– Жоқ, жаралы емеспін, – дедім сыр білдірмейін деген оймен. Бірақ сыңайына қарағанда шал менің киім-кешегімнен парашютист екенімді аңғарғандай еді.

– Жаралысың ғой деймін, балам? Жасырмай шыныңды айтшы. Мен де совет адамымын. Екі бірдей балам – Қызыл Армия қатарында командир. Қазір олардың өлі-тірі екенін де білмеймін! Екі келінім мен немерелерімді немістер атып тастады. Ол кезде өзім селода жоқ едім. Қызыл Армия кейін шегінгенде колхоз малын Днепрдің сол жағалауына айдан өтіп кетіп едім. Бір айдан кейін селоға қайтып келсем, немерелерім, келіндерім жоқ екен, атып тастапты айуандар, – деп қарт кемсендеп жылап қоя берді.

– Жыламаңыз. Балаларынан айырылған жан жалғыз сіз емессіз. Қызыл Армия келеді өлі. Командир балаларыңыз да келер, – деп қартты өзімше жұбатып қоямын...

(Қасым Қайсенов)



2. Оқылым мәтінінің көркем әдебиет стилінде жазылғанын дәлелдейдер.

Мәтіннің мақсаты	Стильдік сипаты	Тілдік амал-тәсілдері



3. «Днепрде» мәтінін түртіп жазу (конспектілеу) арқылы негізгі ақпаратты іріктеңдер.



- 4.** Өлеңді мәнерлеп оқып, дауыс ырғағына мән беріңдер. Өмірдегі ең басты құндылықты атаңдар. Өз жауаптарыңды автор көзқарасымен салыстырыңдар.

Қайырлы тұн

Қайырлы тұн!
 Жер-Анам,
 Көк аспанды жамыл да,
 Таңға дейін дін аман,
 Тәтті үйқыда дамылда.
 Орманың да шуламасын,
 Суларың да туламасын.
 Ақ басты ала тауларың да
 Күніренбесін, жыламасын.
 Шамыңды өшір,
 Түсіре ғой перденді.
 Қайырлы тұн, алып Жер!
 Дүбірлетіп сенің ұлы кеуденді
 Таптамасын танктер.
 Қайырлы тұн,
 Көк аспан,
 Алып жерді төсөн де,
 Таңға дейін тәтті үйқыда толаста,
 Ұшырама кеселге.
 Қайырлы тұн,
 Ақ аспан,
 Алып жерді төсөн де,
 Боз көрпенді айқара жап иыққа.
 Сенің нұрың тыныштықпен жарасқан.
 Қайырлы тұн, үйықта!
 Шашу болып жүлдyzдарың шашылды,
 Айың келіп ақ мойның асылды.
 Шәйіге орап, әлдилесін Құс жолы
 Тыныштық деп аталатын жас ұлды...

(Мұқагали Мақатаев)



- 5.** Оқылым мәтіндерін негізге алып, «Бейбітшілік – байрағымыз, туган жер – тұғырымыз» тақырыбында аргументті эссе жазыңдар.



- 6.** Көркемдік құралдарды пайдаланып, оқылым мәтіндерін салыстырындар.

Шығарма авторы, атауы	Оқиға қалай суреттелген?	Кейіпкерге берілетін баға	Шығармадан туатын ойтузжырым
Қ. Қайсенов «Днепрде»			
М. Мақатаев «Қайырлы күн»			



- 7.** Шешендер мен олардың нақыл сөздерін сәйкестендіріңдер. Тақырыппен байланысын анықтаңдар.

Бөлтірік шешен		Еділ бол да, Жайық бол, Ешкімменен ұрыспа! Жолдастың жау тисе, Жаныңды аяп тұрыспа!
Асанқайғы		Атаның ұлы ерлерге Малыңды бер де, басың қос, Басыңды қос та бек сыйлас! Күндердің күні болғанда Басың жауда қалар ма!
Шалқиіз жырау		Білектің күшінде кеткеніңді Біліктің күшімен қайтардым. Найзаның ұшында кеткеніңді Тілдің ұшымен қайтардым.
Әйтеке би		Алтын ұяң – Отан қымбат, Құт берекең – атаң қымбат. Аймалайтын анаң қымбат, Мейірімді апаң қымбат.
Қазыбек би		Біз үш жүз керіспейік, келісейік! Егер керісе қойсақ, бізге Хандық түгіл ондық та жоқ.



- 8.** Екі тапсырманың бірін орындаңдар.
1. Бейбіт заман батырлары туралы мақала әзірлеңдер.
 2. Көркемдік құралдарды пайдаланып, соғыс зардалтары туралы ойларыңды өңгіме не өлең түрінде жазыңдар.

§3.

Бірлік пен бейбітшілік – біздің ортақ мұддеміз



1. «Топтастыру» әдісі арқылы Бауыржан Момышұлы туралы білетін мәліметтерінді жазындар.



2. Мәтінді түсініп оқып, негізгі ойды анықтаңдар. «Қосжазба күнделігін» толтырындар.

Мәтіндегі маган әсер еткен үзінді	Үзінді жайлышы өз пікірім

Отан үшін отқа тұс – күймейсің

...Мен екі рет жарақаттанған кісімін. Бірақ екеуінде де саптан шыққаным жоқ. 1942 жылы полк командирі кезімде омыртқама оқ тиді. Санбатқа жеткізгенше ес-түсімді білген жоқпын. Есімді жисам, етпетімнен жатыр екенмін. Бас жағымда дәрігер бірдене деп баж-бұж етіп тұр. Бақсам, сөзі мен туралы екен. «Бұл кісіні дереу госпитальға жіберу керек», – деп безек қағады.

– Сонша не бол қапты? – дедім дәрігерге.

– Омыртқаңызда оқ қадалып тұр, жолдас капитан, – деді дәрігер одан сайын дегбірі кетіп. – Сізді дереу госпитальға жөнелтуіміз керек.

Тістеніп, әрең дегенде қолымды жеткізіп, арқамды сипасам, расында да, оқ бар екен.

– Скальпелің бар ма? – дедім дәрігерге.

– Жоқ.

– Откір бәкің бар ма?

– Жоқ.

– Ұстараның жүзі бар ма?

– Бар.

– Ендеше, соны спиртпен шай да, оқ тұрған жердің етін кес!

– Олай етуге болмайды, жолдас капитан...

– Болады! Бүйірамын! Орында масаң, атамын! – деп етпет-теп жатқан құйімде оң жақ жамбасымдағы кабураның аузын ағыта бастадым. «Батырға да жан керек» деген емес пе, дәрігер дереке айтқанымды істеуге кірісті. Ол арқамды кескілей бастағанда пистолеттің сабын сындыра дай қысып, тісім шықырлад мен жаттым.

– Мінеки, жолдас капитан, оғыңыз! – деп, дәрігер өлден уақытта омыртқама тірелген оқты алыш, алақаныма салды. Жарамды таңдырып алыш, арқамнан алған оқты Блоха деген жауынгерімнің қолына ұстата салыш, жаумен ауыр ұрыс жүріп жатқан полкке жеттім. Бірнеше күн қатарынан жаумен жағаласып, жан ұшырып жүргенде арқамдағы жараны ұмытып та кеттім. Ол бірде суланыш, бірде қара қотырланыш, бірде қышып, өзінен-өзі жазылып кетті.

(Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» романынан)



3. Мәтінді оқып, идеясын, тақырыбын анықтаңдар, кейіпкерлеріне мінездеме беріңдер.

Тыныштық күзетшісі

...Бірнеше жылға созылған соғыс дәулеті шағын шалғайдағы ауылды өбден титықтап, жуанын жіңішкертіп, жіңішкесін үзер халге жеткізген еді. Адамдар әр күн, әр айдан үміт күтіп, енді бір сілкінсе, енді бір терін төксө, жеңіске жетеміз деген үмітпен қамбалары мен қаптарындағы барын, есігінің алдындағы адалын азаматтар жолында садақа деп, соғысқа аттандырып жатты.

Ел басындағы осындай ауыр хал ұры-қарыларды көбейтіп жіберді. Мал ұрлаушылар, кісі тонаушылар, бір таба нанға бола адам өлтірушілер де соңғы кезде көбейіп кетті...

Бұл оқиға Демесінге ерекше өсер етті. Ұрылар мен «пәшистердің» түп төркіні бір деп есептейтін Демесін соңғы күндері түнемеге үйықтамай шығатын болды. Ол ауылды айнала

шауып, таң атқанша тарс-тарс мылтық атып, жүрттың үре-йін алып бітті.

«Бұл жағдайдан қандай жол табу керек?» деген мәселе-мен ауыл активтері колхоз бастығы Ормантайдың кеңесінде мәжіліс құрып отырған беті еді...

— Ал не деп кеңес бересіндер сонда? — деді Ормантай шара-сыз кейіппен...

Қазақтағы «кімді айтсаң – сол келеді» деген мақалдың та-за өмірден алынғанын іс жүзінде дәлелдегісі келгендей, дәл осы сөтте есік айқара ашылып, қолында дорбасы бар Демесін кіріп келді. Әркім тұрған-тұрған орнында қатып қалды...

Ормантай орнынан тұрып, оның қасына жақындалды.

— Мынау не? — деді ол оның дорбасын үстап.

— Оқ, — деді ол солдаттарша сарт жауап беріп.

— Көп қой өзі. Мұның бәрін қайтесің?

— Атам!

— Кімді, батыр-ау?

— Соғысты!

— Ей, батырексі! Болды, болды! Жүрттың зәресін алма. Мылтық ататын жер – бұл емес, ана жақта, — деді Ормантай алысқа қолын сілтеп. Демесін оған төніп келді де:

— Иә, сол жақта. Мені соғысқа жібер. Мен соғысқа ба-рам, — деді жау құғандай аптыға сөйлеп.

— Жоқ, саған баруға болмайды, — деді Ормантай күрсініп.

— Неге болмайды деймін? Айт, неге болмайды?

Ормантай ойланып, әрі-бері жүрді де, оның иығына қо-лын салып тұрып:

— Сен мұнда керексің, — деді.

Демесін түкке түсінбей тұрып қалды.

— Сен біздің тыныштығымызды күзетесің. Түсіндің бе?

Енді Демесін ойланып қалды. Сәлден соң жүзіне шырай кіре бастады.

— Мен... мен керекпін бе?

— Иә, керексің, ауылға фашистер мен ұрықарыларды жі-бермеуді саған тапсырамыз. Сен тыныштық күзетшісі боласың.

— Мен – тыныштық күзетшісі?! Мына мен? Жарайсың, бастық! Сен дүниедегі ең ақылды адамсың! Мен тыныштық күзетшісі боламын! Иә, тыныштық күзетшісі!..

(Дулат Исабеков)



- 4.** Екі топқа бөлініп, оқылым мәтіндеріндегі негізгі ақпаратты контекстілеңдер.



Пікірталас

Пікірталас сәтті өтуі үшін тақырып жөніндегі біліммен қоса, пікірталас өткізу дің негізгі қағидаларын, пікірталас мәдениетін жетік менгеру қажет. Атап айтқанда:

1. Пікірталасқа дайындық қажет. Тақырыпты зерттеп, іздену керек.
2. Пікірталас майданына шығатын адамның өрт сөзді, сөмсер тілді, сабырлы да салқынқанды болғаны дұрыс.
3. Пікірталаста қарсыластың жеке басының мінін қазбалаған әбестік болып саналады. Оны сабырлылықпен тыңдай білген жөн. Оған дәрекі жауап беруге, күлкі етуге, ұрыс-керіске баруға болмайды.
4. Қарсылас пікірінің дұрыс-бұрыстығын сарапай білуі керек.
5. Тура сөзге тоқтау, салғыласпау, ашуға ерік бермеу қажет. Ортақ мұдде мен әділ шешімді мойындағы білеттін батылдық болуы шарт.



- 5.** Ծурақтарға жауап бере отырып, пікірталас үйымдастырындар. Өзінді және қарсыласынды кесте бойынша бағалаңдар.

1. Әр жерде болып жатқан қақтығыстардың себептерін қалай түсіндірер едіңдер? Соғыс кімдер үшін тиімді?
2. «Халқының бейбіт өмір сүруі басшысына байланысты» деген пікірге қалай қарайсындар?
3. «Кой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман» дегенді қалай түсінесіндер? Сондай заман елімізде тек егемендік алған соңғана орнады ма, әлде бұрын да болып па еді?

Алдындағы қарсылас	Сенің қимыл-әрекетің
Сыни пікірі қандай? Кемшіліктері, көзқарасының әлсіз тузы.	Тойтарыс берудің бағыты туралы ұсыныстарың.
Маңызды пікір айтты ма? Өз ойын қалай жеткізді?	Сенің пікірінді қарсылас қалай бағалады? Сен өзінді қалай үстадың?



- 6.** Отан үшін жанын қиған батыр бабаларыңа хат жазындар. Хаттыңда Қазақстанның бүгіні мен болашағын сипаттаңдар.

§4.

Ел қорғау – азаматтық парыз



1. Батырлық, ерлік туралы мақал-мәтелдердің мазмұнын ашындар.

- Жүк ауырын нар көтереді,
Ел ауырын ер көтереді.
- Батыр елі үшін туады, елі үшін өледі.



2. Узіндіні оқып, стилін, негізгі идеясын анықтандар. Мәтінді қалай аяқтар едіндер?

Соғыстан қайтқан солдат сезімі

...Сонымен, мен 1945 жылдың он төртінші қарашасында осы әсем қала Алматыдағы Қазақ университетінің студенті болып қабылданым...

Қыздар! Сендердің сымбаттарыңды суреттеуге соғыстан қайтқан солдаттың тілі жете алар ма?!

«Бұл қыздарды көріп отырған мен неткен бақыттымын!» – деймін ішімнен. Соғыс бойы жауды жеңіп, сендерді көрсем деп имандай арман тұтып едім ішіме. Сыз окопта сұық жаңбыр төбeden соргалап тұрганда да сендерді ойлаганмын. Ақ қар, көк мұзда жол жағасында жау танкісін тосып, зеңбіректі құрып қойып, шұңқырдың төбесіне плащ-палатка тұтып, түбінде тісім тісіме тимей сақылдап тоңып отырғанда да сендер жүргімде жатқансындар, қыздар. Жаяу жорықта жан қиналып, күндіз жау ұшақтарының төбeden атқылаған оғы шинелімнің етегін шүрк-шүрк тескілеп, түнде үйқы қаумалап, кірпіктеріме қайта-қайта желім жағып, буындарымды босатып мазамды алып, есім шығып келе жатқанда да сендер менің ойымнан кетпегенсіндер, арулар. Сол күндердің, сол айлардың, сол жылдардың берінде де мен сендерді бір минутта есімнен шығарған емеспін. Жалғыз менің ғана емес, майдандағы бар жігіттің жүргегінде болдындар сендер.

Сендерден ауық-ауық хабар алу қандай бақыт еді майдандағы жігіттерге. Әр жауынгер қолына үшкіл хат тиіп, оның сыртындағы өзіне таныс қолдың таңбасын көргенде, жел қозғаған жапырақтай дірілдеп, тез оқып шыққанша тағаты қалмай асығатын. Жаңа ғана жаудың жебір танкісін жайратып, қираған болаттың беріктігі мен сұстылышын өз бойына,

өз өңіне жиып шамырқанып тұрған қаһарлы солдаттың қызы хатын оқып шыққанда, жаны жадырап, қара көзі құлімдеп, бүйрек бетіне ал қызыл бояу шабатын. Ақ тістері ақсия көрініп, өзгеше бір рақат табатын. Осы бір өңі жұмсарып, жүзі жылып, жүргегі нәзік лупілге басқан шағында оның көкірегіне өзгеше бір күш құйылатын. Сол сәтте ол бір емес, жаудың бірнеше танкісін жалғыз өзі жайратуға өзір болатын. Майдандағы жігіттерді біресе болаттай қатайтып, біресе қорғасындаі ерітетін сендер едіңдер, сендердің ғажап хаттарың еді, қыздар. Сендердің «жауды жеңіп қайтындар!» деп әр хатта айтатын әмірлерінді орындал, тезірек Берлинге барып, одан соң өздеріне жетсек, арманымыз болмас еді деп аңсайтын едік біз.

Енді, міне, мен біреу ғана емес, бір аудитория толы қыздардың қасында отырмын. Қандай бақыттымын мен! «Мен бақыттымын!» – деп, Алатаудың төбесіне шығып айқайлағым келеді қазір. Отан армиясының сапында зұлым жауды жеңгеніме бақыттымын! Сөйтіп, өз еліме аман-есен оралғаныма бақыттымын!

Қашшама ер азamat туған жерге жете алмай, туған елдің топырағанда өскен қызыл гүлдей қыздардың ақ жүздерін көре алмай арманда кетті. Өлер алдындағы әр солдаттың аузына алған ең соңғы сөзі әйел аты болды. Біреуі анасын, біреуі жарын, біреуі ғашығын есіне алып, тіл күрмеліп, мәңгіге көз жұмар алдында ақтық күшін жиып, солардың есімін атады. Солдат сол бірауыз сөзді ұмытпай айтып, олардың өздеріне деген махаббатының қарызын өтеуге тырысты. Содан кейін Отансүйгіш, аласүйгіш, жарсүйгіш солдат жаны мәңгіге тыншықты.

(Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» романынан)



3. Мәтінді оқып, мазмұнды ашатын негізгі ойды, негізгі ойды ашатын сөйлемді, негізгі сөйлемнен кілт сөзді табындар.

Домалақ ана

Домалақ ананың қадір-қасиеті ертеден-ақ танылған. Ел аузында ол кісі жөнінде ақыз-әңгімелер көп.

Бірде Алатау асып келген қалың жау Қаратай жонын жайлап отырған Бәйдібектің аулын шауып, сан мың жылқысын

айдап кетеді. Бәйдібек бастаған ел азаматтары ауылда болмаса керек. Содан «жау шапты» деген хабарды естіп, Бәйдібек елден жасақ жиып, қасына үлкен өйелі Сары бәйбішеден туған алты ұлын алышп, жауға аттанғалы жатқанда Нұрила (Домалақ ана): «Байеке, малдың құты, жылқының иесі құла айғыр қолда қалды. Амандық болса, алты күннен кейін жылқы жауға қайыру бермей, өзі ауылға келеді. Жауды құма. Азаматтар аман болсын. Осы тілегімді беріңіз», – деп, өз отауының белдеуінде байлаулы тұрган, жүген-құрық тимеген шу асас айғырды көрсетіпті. Бірақ жауға кектенген батыр өйелінің тілін алмай, жасағын бастап жүріп кетіпті. Бәйдібек жасағы жауға Қүйік асуында жетіп, қырғын ұрыс салыпты. Алайда жасанып келген жау «аттанға» ілесіп атқа қонған аз жасаққа теңдік берменді. Осы соғыста қаза тапқан алты ұлын Үшқарасай жазығына жерлеп, батыр кері қайтыпты. Арада алты күн өткенде байлаулы тұрган құла айғыр жер күніренте дүлей күшпен кісінепті. Сол күні кешке шығыстан қалың шаң көтеріліп, ұзамай Бәйдібектің қалың жылқысы көрінеді. Ереуілдеп барып, кері қайтара алмаған жылқыны Домалақ ана осылайша үйде отырып-ақ түгел қайтарып алған екен.

(«Бабалар сөзі» жинағынан)



4. Мәтін мазмұны бойынша тест сұрақтарына жауап беріңдер.

1. Мәтіндегі Бәйдібек бидің әрекетін ашатын мақал-мәтел.
 - A) Жауды аяған жаралы
 - B) Қорқақты көп қусаң, батыр болады
 - C) Алысқан жауға арқанды көрсетпе
 - D) Жау құтырса, шаңырағыңа қобyz тартар
 - E) Асығыс түбі – қып-қызыл шоқ
2. Домалақ ананың: «Алты күннен кейін жылқы жауға қайыру бермей, өзі ауылға келеді», – деуінің мәні.
 - A) Малдың құты құла айғыр үйде қалғандықтан, көп жылқы құла айғырдың дауысын естіп, кері қайтады деп ойлады.
 - B) Жылқылар тойынған соң қайта оралатынын білді.
 - C) Ауылда құлдындары қалғанына қарап осылай айтты.

- D) Жылқының барлығы айдауға көнбейтін, жүген-құрық тимеген асау болғандықтан осылай ойлады.
- E) Жылқылар жат жерді жерсінбейді деп жорамалдады.
3. Мәтіннің басты идеясы –
- A) Бәйдібек байдың сабырсыздығын сынау
- B) Құла айғырдың құдіретін көрсету
- C) Домалақ ананың көріпкелдігін таныту
- D) Қазақ жігіттерінің ерлігін дәріптеу
- E) Жаугершілік заман қызындығын көрсету
4. Белдеуде байлаулы тұрған шу асау айғырдың айдауда кеткен жылқыларға қандай қатысы бар?
- A) Жылқының жорғасы
- B) Жылқының ең асауы
- C) Жылқының ішіндегі ең көрісі
- D) Жылқының құты, иесі
- E) Жылқының ішіндегі ең жүйрігі
-  5. Екі топқа бөлініп, оқылым мәтіндері бойынша негізгі ақпараттарды іріктең, дәптерлеріне түртіп жазындар (конспектілеңдер).
-  6. Елдегі тыныштықты сақтау үшін не істей керек? Сұрақтарға жауап берсе отырып, пікірталас үйымдастырындар.
- Елімізде ешқашан соғыс болмай, бейбітшілік мәңгі орнауы үшін не істей керек?
 - Елдің ішкі тыныштығын сақтау тек билік басындағылардың ісі ме, өлде өрбір азаматтың бұған қосар үлесі бар ма?
 - Елде ұлтаралық, дінаралық қақтығыстарды болдырмау үшін не істейіміз керек?
 - Абайдың «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» деген пікірі қазір де маңызды ма?
-  7. Отанды, елді қорғау, бейбіт өмірдің қадірі туралы нақыл сөздерді қатыстырып, «Ел қорғау – азаматтық парыз» тақырыбында хабарламалық не аргументті әссе жазындар.

§5.

Қазақстан қарулы қүштері – мемлекет қауіпсіздігінің кепілі



1. Суретті көргенде қандай ойға келдіңдер? Қазақстанның Қарулы Қүштері туралы не білесіндер?



2. Мәтінді түсініп оқындар. Берілген мәліметтерді негізге алып, кестені толтырындар.

Тақырып бойынша бұрыннан не білемін? Бұл туралы не білуім керек?	Бұл туралы енді не білдім? Қандай маңызды мәселелерді аңғардым?

1991 жылы 25 қазанда Қазақстан Президентінің Жарлығымен Қазақ КСР Мемлекеттік Қорғаныс комитеті құрылды. 1992 жылдың 7 мамырында Қазақстан аумағында орналасқан Қарулы Қүштер республиканың қарауына өтті. Жоғары Бас Қолбасшы ретінде Қарулы Қүштерді басқаруды Президент өз қолына алды. Қазақстанның бірінші Қорғаныс министрі болып генерал-полковник С.Нұрмамбетов тағайындалды. Бұгінгі күні Қазақстан өз азаматтарының өскери қызмет атқаруының жағдайы мен тәртібін дербес анықтайды, өз аумағындағы өскерлердің, қару-жарақтың және техниканың орналасу мәселесін шешеді.

Қазақстан Республикасы Қарулы Қүштеріне жалпы мақсаттағы қүштер, әуе-қорғаныс қүштері, мемлекеттік шекараны қорғау қүштері және ұлттық гвардия мен ішкі өскерлер

кіреді. Өз кезегінде Қарулы Құштер түрлі бөлімдерден және әртүрлі құрамалар мен арнайы өскерлерден тұрады.

Қазақстан Қарулы Құштерінің қатарында қызмет ету – Отан алдындағы қасиетті борышынды өтеу деген сөз. Отан қорғауды елімізге шабуыл жасаған сыртқы жаулармен қарулы құрес деп қана түсінбей керек. Біз Отанымыздың құшқуатын нығайта отырып, оны бейбіт уақытта да қорғауға атсалысамыз.

Қазақ елі егемендікке қол жеткізіп, еңсесін енді-енді көтере бастаған кезде Елбасының 1992 жылдың 16 наурыздағы арнайы Жарлығымен Республикалық Ұлан құрылды. Ұлан мемлекет басшысының және басқа да адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етумен, сондай-ақ аса маңызды нысандарды құзетумен айналысады.

Республика Қарулы Құштеріне бейбіт кезеңде мынандай негізгі міндеттерді орындау жүктелген:

- жауынгерлік даярлықты қамтамасыз ету, яғни өскерді ел ішіндегі, мемлекеттік шекара дағы қақтығыстарды түмшалап, тойтара алатын деңгейде ұстау;
- өлең кеңістігін, мемлекеттік шекараның стратегиялық маңызды аумақтарын құзету;
- елдің кез келген ауданында жағдайды тұрақтандыру жөніндегі батыл іс-қимылға әзір болу;
- халықаралық міндеттемелерге сәйкес бітімгершілік және өзге де операцияларға қатысу.

(*ҚазАқпарат*)



3. Мәтінді оқып, негізгі ойды (автордың қоғамдық-саяси позициясын) анықтаңдар.

Тәуелсіздік – тәу етер жалғыз кие

Дүниеде тәуелсіздікті, бостандықты, теңдікті аңсамайтын адам да, халық та жоқ. Сол жолдағы тынымыс з құрес те тоқтап көрген емес. Біздің егемендігіміз бен тәуелсіздігіміз – тек бір үрпақтың, бүгінгі үрпақтың ғана емес, барша үрпақтың еңбегі.

...Алдымен, алдымында тұрған басты мұратты, оған жетер жолда үстанар басты қағидаларды айқындалап алуымыз қажет. Басты мұрат – қолымызға қызындықпен түскен тәуелсіздік туына мейлінше бекем болу. Ол үшін әлемдік тәжірибеде

ұстем түсіп жатқан ұтымды жолдарды өз шама-шарқымызға лайықтап, уақтылы игере білу керек. Сол арқылы өзгелердің бастан кешіріп жатқан әлеуметтік-экономикалық гүлденуіне жету қажет.

«Өзгелердің қолынан келген іс неге менің қолымнан келмейді?» деп ойлау – адамды да, халықты да қатарға қосатын намыстылық. «Өзгелердің қолынан келген менің қолымнан келмейді» деп ойлау – қатардан қалдыратын намыссыздық. Ондайлардың екі дүниеде де обалы жоқ. Оларға ешкімнің жаны ашымайды. Намыстыға ғана қолдау көрсетіп, намыстының ғана жоғы жоқталады.

Біз де көздеңен мақсатымызға тәуелсіздік пен бостандықты қолдайтын құштердің көмегімен ғана жете аламыз. Олай болса, артқа жалтақтамай, алға ұмтылғанымыз дұрыс.

...Тәуелсіздігіміздің негізгі рухани тірегі, болашағымыздың негізгі рухани кепілі – байырғы халқымыз.

(Әбіш Кекілбаев)



4. Аудиожазбадан (09. тр3) «Екі дос» әңгімесін тыңдал, алған әсерлеріңмен бөлісіңдер. Жау қолбасшысының пікірін негізге алып, сұрақтарға жауап берे отырып, пікірталас үйымдастырыңдар.
 1. «Батырлық – білекте емес, жүректе» деген мақалдың мағынасын қалай түсінесіңдер?
 2. Қаздауысты Қазыбек бидің жоңғарларға тұтқынға түскен тоқсан туысын жүрек пен тілдің құшімен аман алып шыққанын қалай бағалар едіңдер?
 3. Ұлы Отан соғысында ерлік жасаған батырларымыздың барлығы алып күш иелері болған ба?
 4. Құнделікті баспасөзден адамдарды өлімнен құтқарып қалған жасөспірімдер туралы оқып-біліп жүрсіңдер. Оларды ерлік жасауға не итермеледі деп ойлайсыңдар? Олар өз істерін ерлік деп санай ма?
 5. «Батырлық бауырмалдықтан шығады», «Ерлік Отанды сүюден басталады» деген пікірлерге қатысты көзқарастарыңды ортага салыңдар. Өмірмен байланыстырып, мысалдар келтіріңдер.



Шешендік сөздердің көркемдігі

Шешеннің сөзі бастан-аяқ тұтастық сипатқа ие болу үшін, айтылатын ойлар бір-бірімен сабактаса байланысып тұру үшін қолданылатын сөздер мен сөз тіркестерінің рөлі ерекше. Атап айтсак:

- 1) шешеннің өзіндік көзқарасын білдіретін сөз оралымдары: *менің пікірімше, менің байқауымша, менің ойымша, меніңше т.б.*
- 2) мезгілдік-мекендік қатынасты білдіретін сөз оралымдары: *біріншіден, екіншіден, келесі мәселе, одан әрі айтар болсақ, атап айтқым келеді, ескерте кетсек т.б.*
- 3) осыған дейін айтылған ойлармен сабактастыру үшін қолданылатын тіркестер: *жоғарыда көрсеткеніміздей, өздеріңіз естігендей, өткен жолғы айтылған мәселелерді нақтылай түссек т.б.*
- 4) бұдан кейін айтылатын ойға шолу жасау үшін пайдаланылатын сөздер мен тіркестер: *алдың ала айта кетейін, әрі қарай жалғасады, ...мәселелерді сөз ететін боламыз, ...талқылауға көшеміз т.б.*

Сөздің мәнерлілігін арттырып, көркемдік қуатын күшайтетін тәсіл – қайталау. Ол сөздің қарқындылығын танытады, сөздегі өзекті ойды нақтылауға қызмет етіп, сөздің мәнін тереңдете түседі. Қайталауда заттың, құбылыстың сапасы ерекше айқындала түседі. Мысалы: *Teatr – тәрбие отауы. Teatr – тіл. Teatr – ұлттың салт-дәстүрі.* Бір сөйлеммен берсе де болар еді, дегенмен қайталау арқылы ерекше әсерлілік, әуезділік туындалап отыр. Ескертетін бір жайт: арнайы мақсат қоя айтылған қайталаулар ғана сөз әсерлілігін арттырады. Ал ой жұтандығынан, сөздің қордың аздығынан болатын қайталау тыңдаушыны еліктірмек түгілі, жалықтырады.



5. Шешендік сөздің көркемдік сапасына қойылатын талаптарды сактап, тақырыпты қорытындылап, пікірлерінді білдіріңдер. Мақалмәтелдер мен фразеологизмдердің болуын ескеріңдер.



6. Үш топқа бөлініп, тапсырмаларды орындаңдар.

1-топ. Алғашқы оқылым мәтіні бойынша негізгі ақпаратты ірікten, түртіп жазындар (конспектілендер). Сабактас құрмаластарды ажыратындар.

2-топ. «Тәуелсіздік – тәу етер жалғыз кие» мәтініндегі тілдік бірліктерді пайдаланып, өлең немесе шығарма құрастырындар.

3-топ. Пікірді, көзқарасты растайтын, қолдайтын немесе жоққа шығаратын дәлелдер келтіріп, «Отан қорғау – біздің азаматтық борышмыз» тақырыбында аргументті эссе жазындар.



7. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. Ата-әжелеріңнен естіген не өздерің билетін баталарды жазып, жаттап алыңдар.
2. Берілген өлеңді негізге алып, шығарма жазыңдар.

Елінді сүй!
Сүй елінді!
Сезім-шың!
Ел дегенде ет-бауырың езілсін.
Ел дегенде көкірегің сөгіліп,
Ел дегенде қаныңды ойла өзінің.

Ел дегенде өзегінді өрт шалып,
Тұрсын дәйім от-жанарың шоқтанып.
Ел дегенде үйқың қашып елегізіп,
Елмен бірге қуана біл шаттанып.

Елмен бірге заман жүгін мойынға іл,
Өле-әлгенше ел-жұртыңа қайыр қыл.
Қара нардай көтеруге ауырды,
Елің үшін жан беруге дайын тұр.

Ел дегенде асау жүрек үрғылап,
Шыбын жаның тұрсын сенің шырқырап!
Тұған Отан – абыз атаң, тұғырың,
Фазиз анаң – сарқылмайтын шымбұлақ.

Сенің елің, менің елім – байтағым,
Байтақ даала – өз өуліе, айбатым.
Бар әлемді құшағына сыйдырып,
Бауыр басар қасиетін байқадым.

(*Fалым Әрпін*)

§6.

Экономика – біздің өмірімізде



- Мәтінді оқындар. «Үш жақты күнделік» өдісі арқылы ойларынды жазындар.

Мәтіндегі ең маңызды үзінді	Сол үзіндіге менің пікірім	Соған лайықты мақал

«Экономика» сөзі алғашқы ұғымында отбасы шаруашылығын білдірген. Қазіргі уақытта бұл термин өндіріс, тұтас халықшаруашылығы, қарожат-ақшаға т.б. байланысты айтылады. Біз экономиканы қоғамдық өндірістің жүйесі деп түсінеміз.

Әрбір адам көпқырлы экономикалық қатынас арқылы басқалармен байланыста болады. Ол өнім шығарады, жалақы алады, меншік иесі болады, сатушы немесе сатып алушы рөлін атқарады. Ақша қоғам жасаған материалдық және рухани байлықтан адамның өзіне керегін сатып алуға мүмкіндік береді.

Қоғамдағы әрбір азаматтың пайда табуға, оны иеленуге құқығы бар. Адамның меншігі – оның дene болмысы, білімі, ақыл-ойы мен қабілеті. Интеллектуалды меншігі – ашқан жаңалығы, өзі жасаған өнер туындылары, шығармалары мен ғылыми еңбектері. Жекеменшігі – үй-мұлкі, киім-кешегі, көлігі, саяжайы т.б. Ол өз меншігін пайдаланады, тұтынады, басқа біреуге бере алады, өзінің үрпақтарына мұра етіп қалдырады. Сондай-ақ өз меншігін қорғайды, дамытады, байытады, тиімді түрде тұтынады...

Адамның көсібі, тұтыну қажеттілігі, тұтыну қатынасындағы ұқыптылығы, икемділігі оның өмірінде маңызды рөл атқарады. Алған жалақысы немесе қосымша табысы отбасының өмір сүруін қамтамасыз етеді. Демек, адам отбасылық өнімнен қоғамдық өндіріске дейінгі экономикалық қатынасқа тікелей араласады. Адам – өнімді шығарушы ғана емес, оны бөлүші және тұтынушы. Ол – экономикалық өмірдің шешуші тұлғасы.

(«Жалпы экономика» оқулығынан)



2. Үш топқа бөлініп, өлеңмен, әнмен, шешен тілмен әрлеп, берілген отандық компаниялардың тауарларына жарнама жасаңдар.

1. «Фуд-Мастер» компаниясының сүт өнімдері.
2. «Рахат» кондитерлік фабрикасының өнімдері.
3. «Дәulet-Бекет» ЖШС шығаратын ұлттық сусындар.



3. Мәтінді оқындар, негізгі ақпаратты анықтаңдар. Ондағы деректерді салыстырып, өз болжамдарындағы ұсынындар.

Апа

...Шынымды айтсам, бізді, тіпті бізді ғана емес, ерте-ректе әкемізді, оның іні-қарындастарын асыраған апамның теректен ойып жасаған келісі мен ескі астауы бар еді. Олар апамның төркінінен ала келген аса қымбат заттары болатын. Кейде темір пешке отты маздатып жағып тастап, пештің жыртығынан саулаған жарық түсіп, ала көлеңкелеген қоңыр үйде отырып, апамның әңгімесін тыңдайтынбыз. Тегінде, ол кісі көп сөйлемейтін, тек өз ісімен ғана жүретін, қак-соғы жоқ, инабатты, жуас адам еді. Дүниеде өсек-аяң, құлық пен сүмдышты білмейтін, тірі пенденің бетіне «әй, сен сондайсың» деп қарамаған, тірі пендеге тілі тимеген, ораза-намазы бұзылмаған, таза да тәқаппар әйел еді.

Қазір ойлаймын, егер қазақтың әйелдері атқарар бүкіл ісmerліктің қолөнер институтын немесе фабрикасын ашып, менің апамды бастық сайласа, тұтас бір он саусағынан өнер тамған үрпақ дайындаш шығарар еді. Иә, ол кісі кезінде ешкім елеп-ескермеген, алтын қолды, құдіретті әйел еді. Қазақта осыншалық мықты, осыншалық ақылды әйелдер болғаны қандай жақсы?! Бірақ біздер, XX ғасырдың азаматтары, көп ретте осындей асылымызды байқамай айналып өтеміз. Айырылып қалған соң ғана сан соға өкінеміз. Өзгені қойып, мықтымсып жүрген мына менің өзім сол анам бар кезде неге барлығын: киіз басып, үй тігуді, арқан есуді, тери илеп, өндеп, киім тігуді, алаша тоқып, өрнектеп сырмақ тігуді, саба, сүйретпе, торсық істеуді тәпіштеп жазып алмағанмын?!

(Оралхан Бекейдің «Апамның астауы» әңгімесінен)



4. «Апа» мәтіні бойынша тест сұрақтарын шешіңдер.

1. Мәтін мазмұнынан алшақ сөйлем:
 - A) Апамнан ісмерлік өнерді үйренем деушілер көп еді.
 - B) Ала көлеңкелеген қоңыр үйде отырып, апамның әңгімесін тыңдайтынбыз.
 - C) Апам тек өз ісімен ғана жүретін жуас адам еді.
 - D) Апам өсек-аяң, құлық-сұмдықты білмейтін.
 - E) Апамның қолы алтын еді.
2. Жазушының апасын іскерліктің фабрикасы мен өнер институтының бастығына лайық санау себебі:
 - A) Шапшан, ұғымтал, зерек болғандықтан
 - B) Қолөнердің түр-түрін менгерген ісмер болғандықтан
 - C) Туысынан жуас, көнбіс, момын болғандықтан
 - D) Инабатты, ибалы, пысық болғандықтан
 - E) Тәрбиелі, мәдениетті, иманды болғандықтан
3. Апасының келісі мен астауын қымбат зат деп санаудының себебі:
 - A) Теректен ойып жасалған соң
 - B) Көп адамдарды асыраған соң
 - C) Ауылда басқа ешкімде болмаған соң
 - D) Ағаштан шебер ойылып жасалғандықтан
 - E) Әкесінен үлкен болған соң
4. Мәтіннің мазмұнына сай қелетін даналық ой:
 - A) Сый қылсаң, сыпыра қыл
 - B) Шын жомарт жоқтығын білдірмес
 - C) Қолда барда алтынның қадірі жоқ
 - D) Сыйластықта шекара жоқ
 - E) Арымақ, семірмек – көңілден
5. Мәтіннің соңғы бөлігінде байқалатын автордың көңіл күйі:
 - A) Шаттану, қуану
 - B) Алаңдау, уайымдау
 - C) Сүйіну, риза болу
 - D) Сан соға өкіну
 - E) Аяу, мұсіркеу



5. Қосымша ресурстардан қазақстандық жас өнертапқыштардың ойлап тапқан өнертабыстарымен танысып, қайсысының табысты Startup (ағылш. «іске қосу», «бастап кету») болатынына болжам жасаңдар.



6. Аудиожазбадан (10. mp3) «Ата өнегесі» әңгімесін тыңдаңдар. Мәтінде көтерілген мәселені, автор позициясын талдай отырып, негізгі ойды анықтаңдар. Өз отбасында атадан балаға қалған қандай дәстүр, көсіп, өнер түрлері бар?



7. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. Берілген сөздерді қатыстырып, «Отандық өндірісті дамытайдық!» тақырыбында үндеу дайындаңдар.

Отандық экономика, отандық өндіріс, отандық өндіруші, отандық тауар, ішкі сауда-саттық, өлемдік сауда-саттық, отандық өндірушіні қорғау.

2. Елбасы Жолдауындағы ақпаратты пайдаланып, «Еліміздің әлеуметтік-экономикалық табыстарының негізі – бейбітшілік пен ұлтаралық келісім» тақырыбында эссе жазыңдар. Эссе түрін өздерің таңдаңдар.

Қазақстанда табысты жұмыс істеп келе жатқан нарықтық экономика моделі қалыптасты. 2017 жылы еліміз өлемдік дағдарыстың қолайсыз салдарын еңсеріп, сенімді өсу жолына қайта түсті. Қазақстанның қолайлы дамуы орта таптың қалыптасуына мүмкіндік берді. Кедейшілік 13 ессе қысқарып, жұмыссыздық деңгейі 4,9% -ке дейін төмендеді.

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық табыстарының негізі, біздің басты құндылықтарымыз – азаматтық бейбітшілік, ұлтаралық және конфессияаралық келісім...

*(Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына
Жолдауы. 10 қаңтар, 2018 жыл)*

§7.

Шешендік шеберлік



- Мәтінді оқып, Қазыбек бидің шешендік шеберлігіне баға беріңдер.

Мәтіндегі мәлімет туралы пікірлерің қандай?

Автор қандай тұжырымға сендергісі келеді? Автор ұстанымымен келісесіндер ме?

Бұл тақырып бойынша тағы қай өдебиеттерден оқыдындар?

Қазыбектің қалмақ ханына үш рет елші болып баруы

«Құба қалмақ заманы» деп атанған заманда қалмақ пен қазақтың ел шабысқан дауларын бітістіруде Қазыбек үш рет билік айтқан екен.

Оның бірі – Қазыбектің «Телқоңыр» дейтін тайға мініп, өзге билерге атқосшы боп барғанда айтқан билігі.

Екінші билігінің тарихы мынадай: Қазыбек өзіне қараған елін қалмақтың тіке шабуылынан аулағырақ қонысқа ірге тептіру үшін Сарыарқаның жерін шолып қайтуға кетеді. Соны естіген Қоңтажы дереу қалың қол аттандырып, Қазыбекке қараған елді шаптырып алады. Малмен қоса жүзге тарта ер баланы байлап өкетеді. Оның ішінде Қазыбектің өз баласы Қазымбетте кетеді. Өйткені Қазыбектің тұқымынан біреуді қайтсе де байлап өкелу жөнінде ханның тікелей тапсырмасы болған деседі. Сарыарқаны қоныстырыққа ұнатып, елге қайтқан Қазыбек шабылған елін көрген соң, өзі басшы болып қалмаққа екінші рет жол тартыпты.

Қоңтажы хан керегін алып қалу мақсатымен әртүрлі құлыққа салады. Ханның көздегені Қазымбетті қайтармау екен. «Тірі емес» деп, балаға құн төлеу ниетін білдіреді. Қазыбек:

– Жұмыр басты, екі аяқты адамымның өзін қайыр, төрт аяқты бозымның көзін қайыр. Ерім үшін құн алмай өлісемін, бозымның көзі жоқ болса, екі есе құн аламын. Бұл айтқаным болмаса, тал түсте талап аламын дегенде, Қоңтажы:

– «Ерім үшін құн алмай, өлісемін» дегенің жөн. «Бозымның төлеуін екі есе қып аламын» дегеніңе жол болсын! – депті.



– Бозымның төлеуі екі есе болатын себебі – белеңнен шыға келген қалың топтың ішінде оның жарқ еткен айбыны Қоңтажыдай ханды да сескендіреді. Төлеуі толық болса, ендігәрі есте жүреді, – дейді Қазыбек.

Сонымен, қазақ биі бұл жолы да шапқыншылыққа түсken балалармен қоса малдың көзі жоғының толық төлеуін алып қайтады.

Ал енді үшінші билігіне тоқталайық. Осы бітімнен қайтып келе сала Қазыбек елін Сарыарқаға көшіріп, сол жерді атамекендік қоныс етеді. Бірақ өлі де ол қонысқа көшіп болмаған елдің соңғы бөлігін, сондай-ақ Қазыбекке ниеттес Кіші жүздің бір бөлігін Қоңтажы тағы шаптырып алады.

Қазыбек шабылған елден хабаршы келеді. Қазыбек тағы да қалмаққа тартады. Би бұл жолы Қоңтажының алдына серт қойып, мұндай шапқыншылық ендігәрі қайталанбайтындаі етуге немесе біржола бітіспеске аттанады.

Қазыбек Қоңтажының ордасына түсіп:

– О, хан, сен ел шабуды қоймадың, мен елшілікке келуден танбадым, – дейді. Қоңтажы бұған:

– Қазыбек би, дұрыс айтасың, сенің қаршадай 14 жасар күніңде айтқан сөздерінді естіп: «Шіркін-ай, мынадан бір тұқым алар ма еді», – деп ойладым. Содан Қазымбеттей ұлыңды алдырыдым. Бірақ сен келіп: «Ерімнің өзі қайтпай тұрып, бітім етпеймін», – дедің. Небізге тілінді кесіп тастап кетпедің. Одан соң менен іргендей аулак салып, әрі көштің. Сені қайта бір келтіру үшін мен артта қалған елінді шаптырып алдым. Ендігі сөздің турасы – сенімен достасуға құмармын. «Даудың артын қыз бітейді, судың артын шым бітейді», – деуші еді. Сондықтан не қыз ал, не қыз бер, – депті.

Қазыбек: «Саған беретін қызыым жоқ, қыз берсөң, ала-йын», – дейді. Хан Қазыбектен: «Ұлың нешеу еді?» – деп сұрайды. Қазыбек: «Бір жарым ұлым бар», – деп жауап береді. Хан бұған таңданып: «Бір жарымы қалай? Сенде дығырдай бес ұл бар деп еститін едім», – дейді. Қазыбек: «Мениң елге ие болатын ұлым біреу-ақ, аты – Бекболат, соны бүтінге есептедім. Ал мал мен қатынға ғана ие болатын төртеуін есепке алып жүргенім жоқ», – деп ханға қарапты.

Қоңтажы өз қызын беріп, оны Бекболатқа қосуды өтініпти. Қазақ пен қалмақ шапқыншылығы осымен тоқталған екен.

(«Қазақтың би-шешендері» жинағынан)



2. Мәтінді оқып, негізгі ойды анықтаңдар. Мәтінді өздерің білетін мәліметтермен толықтырыңдар.

Түгел сөздің түбі бір...

Майқы би айтыпты дейтін, ел есінде сақталып, мақал, нақылға айналып кеткен аталы сөздерден адамгершілік, арнамыс, ел бірлігін сақтау идеясының самалы есіп тұрады. Ойлы, сары алтындаі салмақты сөздердің өз тұсындағы хандарға, би-бектерге бағыштай айтылғаны аңгарылады. Сондай нақылдардың ел аузынан хатқа түскені мыналар:

Алтау ала болса, ауыздағы кетеді,
Төртеу түгел болса, төбедегі келеді.

Ханның би ақылды болса,
Қара жерден кеме жүргізеді.

Би екеу болса,
Дау төртеу болады.

Дауыл болмай, жауын болмас,
Даулы болған қауым болмас.

Естіге айтқан тұра сөз
Шыңға тіккен түмен тең.
Езге айтқан тұра сөз
Құмға сіңген сумен тең.

Аспан ашық болса,
Құн шуақты болады.
Хан әділ болса,
Халық ынтымақты болады.

Хан – халықтың қазығы,
Қараша – ханның азығы.

Парақор биге ісің тұспесін,
Сараң үйге кісің тұспесін.

(«Қазақтың би-шешендері» жинағынан)



- 3.** Мәтіндегі көтерілген мәселелеге байланысты пікірталас өткізіндер. Пікірталастағы мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды талдаңдар.

«Шешен болу үшін та біткен талант керек» деген ұғым – бұгінгі таңда ақылғасыйымсыз, таяз ойлаудың айғағы. Дарынды болып тумадым деп өкінудің қажеті жоқ, өз ісінің майталман шебері болу – әркімнің қолында, тек жатыпшер жалқаулықтан сақтасын. Халық айтады: «Сөйлей-сөйлей шешен боларсың», – деп. Ғұламалар айтады: «Ақын та қалыптасады, шешен жүре қалыптасады», – деп. Дегенмен көп көргеннің бәрі – көсем, көп сөйлегеннің бәрі шешен еместігі де аян. Астарында термен келер тәжірибе жатыр.

(Абат Қыдырышаев)



Сөзбен қаймықтыру, сөзден жаңылыштыру, жауларын сөз тыңдарлық жағдайға түсіру – мықты өнер. Ол қару-жарастың да күшті. Қарсыласынды қанаарлы сөзіңмен, тапқырлығыңмен, шешендігіңмен иілткенің суырылған қылышты қынабына қайта тықтырғанмен бірдей.

(Мәтжан Тілеуҗанов)



4. Кестедегі шешендік сөзден түйген ойларыңды өлеңмен не қара сөзбен жеткізіндер.

Шешендік сез	Өз ойым
<p>Көш бастау қын емес, Қонатын жерде су бар. Қол бастау қын емес, Шабатын жерде жау бар. Шаршы топта сөз бастау қын, Шешуін адам таппас дау бар.</p> <p style="text-align: right;"><i>(Бұқар жырау)</i></p>	<p>Осы жолдардан мен тәмендегідей ой түйдім...</p>



5. Көркемдік құралдарды пайдаланып, тақырыпты қорытындылап, пікірлеріндегі 10–12 сөйлеммен жазыңдар. Төл сөз бер автор сөзінің тыныс белгісін түсіндіріндер.



6. «Салиқалы, салмақты ойдың, қызыл тілдің шебері – Қаздауысты Қазыбек би» тақырыбында хабарламалық эссе жазындар.

VI

БӨЛІМ

ҰЛТТЫҢ ТАРИХИ ЖӘДІГЕРЛЕРІН САҚТАУ

ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР

Бұл бөлімде сөздер:

- Алтын адам, Ботай мәдениеті, Ясауи кесенесі және т.б. өлкे тарихынан сыр шерттегі ескерткіштердің тарихымен танысасындар;
- әңгіме және дәңгелек үстел ұйымдастыруды үйренесіндер;
- тақырыптарға байланысты өлең, әңгіме, естелік, шығарма жазасындар;
- шығармашылық бағыттағы тапсырмалармен жұмыс істейсіндер;
- қазіргі шешендік сөздердің сипатымен танысасындар.

Халықтың рухани әлеміне саяхат оның
көне ескерткіштерімен, тарихи жәдігер-
лерімен танысадан басталады.

Өзбекәлі Жәнібеков

Тарихты білу – өзінді-өзің тану тәрізді
қазіргі даму процесіне аса қажет әрекет.
Ол прогрессе кең жол ашады.

Олжас Сүлейменов

§1.

«Алтын адам» – ұлы даланың тарихи жәдігері



1. Мәтінді топқа бөлініп оқып, тақырыбын, автор көзқарасын, аудиориясын, құрылымын, тілдік ерекшелігін талдаңдар.

Қазақстан жерінен көптеген археологиялық қазба табылған. Қоңе қалалардың орны халқымыздың бай тарихынан сыр шерткендей. Ал құні бүгінге дейін жоғалмай келген сан ғасырлық тарихы бар қалалар қазір туристердің таңдана арайтын мекеніне айналды.



1970 жылы Алматы облысындағы Есік қорғанынан «Алтын адам» табылған кезде, алыс-жақын елдердің барлығы елең еткен-ді. Археологиялық олжаны тапқан тарих ғылымдарының докторы Кемел Ақышев басқа ғалымдармен кеңесе отырып, бұл біздің заманымыздан бұрынғы IV ғасырда өмір сүрген сақ ханзадасы деген шешімге келді. «Алтын адамның» бойындағы қаруы да, үстіндегі киімі де түгелдей дерлік алтыннан құйылған. Бұл – киімнің ішіндегі адамның, оның елінің дәuletін көрсетсе, екіншіден, сол кездің өзінде-ақ түсті металлургияның қыр-сырын менгерген тайпалардың өмір сүргенін дәлелдегендей.

Аталмыш олжаның көшірмесі Алматыдағы Орталық музейге қойылды, кейін қазақ елінің басты символы ретінде басқа елдерге көрмелерге шығарылды.



Екінші «Алтын адам» 1999 жылы Атырау облысының Аралтөбе қорғанынан табылған. Олжаны қазу жұмыстарын тарих ғылымдарының кандидаты Зейнолла Самашев жүргізген. Болат семсеріне қарап, ғалымдар біздің дәуірімізден бұрынғы III ғасырда өмір сүрген сарматтардың көсемі деген қорытындыға келді.



Ал үшінші «Алтын адам» 2003 жылы табылды. Тарих ғылымдарының докторы, профессор Әбдеш Төлеубаев бастаған археологтер тобы бұл олжаны Шығыс Қазақстан облысының Шілікті жазығынан қазып алған. Галымдардың пайымдауынша, бұл «Алтын адам» б.з.б. VIII–VII ғасырларда өмір сүрген. Мекен еткен жеріне жəне үстіндегі құйма

алтыннан жасалған аң-құс белгілеріне қарағанда, сақ патшасына келетін бұл олжы өлі де зерттелуде.

Төлеубаев қорымда батыр емес, патшаның, сақ мемлекетінің байырғы басшысының жерленгеніне сенімді. Оған бағалы киімдері, қорым ішінде көптеген алтын өшекейдің болуы дәлел бола алады.

Міне, сонымен күні бүгінге дейін үш «Алтын адам» табылғанынан хабардар болдыңыздар. Улан-байтақ Қазақстан жерінде өлі қанша «Алтын адам» жатқаны белгісіз. Оны зерттеу – уақыттың еншісінде.

(Зейінжамал Досжанова)



- 2.** Фылыми стильге тән тілдік құралдарды ұтымды қолданып, оқылым мәтініне аннотация жазындар. Жазған жұмыстарыңды салыстырындар.



Сөз дәлдігі

Сөз дәлдігі – сөздерді тілдегі мағынасына лайық қолдану. Сөз мағыналарын жақсы білген адам сөзді орнымен жұмсай алады. Кейде адамдар сөйлегендеге не жазғанда сөзді қате қолданып жатады. Мысалы: *«Арландар» тобынан алғаш болып қол бастаған Теміртас Жүсіпов табандылық танытты*. Аппақ қармен көмкерілген тау беткейінде қысқы күннің қызыуы көз қарықтырады (газеттен). Осы сөйлемдердегі қол бастау, қысқы күннің қызыуы қолданыстарында дәлдік жетіспейді. Қол бастау – жорық, соғыс жағдайына байланысты қолданылатын тіркес, дұрысы жарысты бастаған болуы керек. Сол сияқты көз қарықтыратын күннің қызыуы емес, сәулесі не жарығы болуы тиіс.

Дәл сөйлеуге қажетті алғышарттың бірі – мағиналас сөздерді, олардың деректі, дерексіз ұғымды білдіретін түрлерін талғап, таңдай білу. Мысалы: *жоғары сыныптағы құрдастарым да құттықтал келді*. Өзінен жоғары сыныпта оқитындарды «құрдас» демейді, құрдастардың жастары шамалас болады. Сондай-ақ еңбек ардагері деген тіркес бар, ал жұмыс ардагері деп айтпаймыз.

Сөз дәлдігі – әдеби тіл стильдерінің (көркем әдебиет, публицистика, фылыми стиль, ресми стиль) бәріне бірдей қажетті сапа. Осыған орай, бір стильде норма болып есептелетін қолданыстар екінші бір стильде нормаға қайшы болуы мүмкін. Мысалы: *беске бітірді, оқудан құлап қалды* т.б. Тәрізділер ресми тіл стиліне сай емес, бірақ сөйлеу тілі үшін қалыпты жағдай болып саналады.



- 3.** Сөз дәлдігін сақтап, берілген сөз тіркестерін қатыстырып, шағын мәтін құрастырыңдар. Аралас құрмаластарды ажыратыңдар.

Археологиялық қазбалар, ерте заман мен орта ғасырлардан қалған ескерткіштер, бізге жеткен жәдігерлер, жасы 17–18 шамасындағы сақ тайпасының көсемі, баскиіміндегі қанатты аттар бейнесі, әшекейлер, қызыл қынапты ұзын семсер, Қазақстанның азаттық символы.



Рецензия (ағылш. *review*) – жаңа туынды туралы мағлұмат бере отырып, оның қысқаша талдамасын және бағасын қамтитын сынни еңбек. Рецензияда рецензенттің өз көзқарасы баяндалып, өз бағасы беріледі, еңбектің жетістігі мен кемшілігі айтылады, кейде оны жетілдіре түсін ұсыныстар жасалады. Рецензия ғылыми негізде, объективті түрде, баршаға түсінікті тілде, шығарманы жазған авторға да, оқырманға да пайда келтірерлікте түрде жазылуы керек.



- 4.** Мәтінді оқып шығыңдар. Ғылыми стильдің тілдік құралдарын қолданып, мәтінге рецензия жазыңдар.

Барыс – Орталық Азияның сәні

XVII ғасырда орыстың тери сататын саудагерлері «Ирбис» сөзін Азия аңшыларынан естіген. Тувада бұл аңды «ирбиш», Жетісуда «ильберс», Қытаймен шектесетін Алматының шығыс жағында «ирвиз» деп атайды. Ал қазақтар оларды жайғана «барыс» деп атайды.

Барыс – әлі толық зерттелмеген, сырды жұмбақ аң. Ұзын, қалың өрі үлпілдек жүні ашық сүр түсті, тіпті ақ деуге өбден болады, оның үстіне қара өрі ірі дақтар шашыраңқы орналасқан. Дөңгелек басты, дөңес мандай, тік құлақ, үлкен сары көзді, қара мұрынды, ақ-қара мұртты, жалпақ ерінді.

Барыс Гималай, Памир, Тянь-Шань, Алтай, Үлкен Кавказ таулары мен таулы массивтерді мекен етеді. Шатқалдарда, жоталарда, таудың ең биігінде жүретін ол адам аяғы баспаған жерлерде ғана тыныш өмір сүре алады. Ол 6000 метр биіктікке дейін шыға береді. Жаз мезгілінде өз «шекарасынан» – шатқалды, ағаштары мол жерден төмен түспейді. Ал қыста тау етегіне қарай түсіп, орман ішінде жортуыл жасайды.

Барыс немесе ирбис жалғыз жүргенді ұнатады. Өзі түйік, дыбыс шығармайды. Кей жағдайда ғана жыртқышқа тән ырылын естуге болады. Сондай-ақ барыстың көру және есту қабілеті ерекше дамыған. Барлық мысықтұқымдастар секілді түнде жортқанды жақсы көреді.

Барыс өте сақ. Қебіне түнде, ымырт түсे бастағанда қорегін іздеуге шығады. Барыстардың күнделікті қайтып келетін тұрағы жоқ. Тек аналықтары – таутандар кішкентай аландарын аяққа түрғызғанша 1,5–2 айға дейін уақытша үңгірлерді мекендейді. Негізгі қорегі – ешкі, арқар, қабан, марал, елік, қоян, кекілік пен ұлар. Олардың еркіндікте қанша өмір сүретіні белгісіз. Ал зообақтарда 18 жылдан өмір сүреді екен. Олардың бақталасы өрі жауы – қасқыр.

Қазір өлем бойынша барыстың азайып кету қаупі бар. Олар Халықаралық табиғатты қорғауда одағының «Қызыл кітabyна» және Қазақстанның «Қызыл кітabyна» енді. Барыстарды аулауға немесе атуға тыйым салынған. Қазақстанда барыс Алматы және Ақсу-Жабагылы қорығында бар. Мемлекетіміздің символына айналған ортаазиялық барыстың тұқымы жыл сайын кеміп барады.

«Қазақстан-2030» ұзақ мерзімді даму стратегиясында Елбасы барысқа айрықша сипат берді. Стратегиялық бағдарламада еліміздің символы ретінде барыстың не үшін таңдалғанын Әбіш Кекілбаев былай түсіндіреді: «Президент барыстың бейнесін кездейсоқ алып отырган жоқ... Барыс – дербес, тәқаппар, мейлінше сақ, бірақ қорқақ емес, барынша батыл, бірақ өзгелерге қиянат жасап, біреудің мекені мен жеміне көзін алартпайтын, басқаларға жоқтан өзгеге бола азу көрсетіп, тырнақ батыруды білмейтін, бірақ өзінің есесін де ешкімге жібермейтін, төңірегін-дегілерге ақырып-бақырмай-ақ, айрықша шалымдылығымен өзін сыйлата алатын текті жануар».

(Дайындаған Айнур Жалмаганбетова)



5. Көтерілген мәселелерді жан-жақты ой елегінен өткізіп, терен, зерделеп, халқымыздың өткені мен бүгіні және болашағы туралы сұхбат құрындар. Қөшпілік алдында шешен сөйлеп, тыңдаушыларға ықпал ете білген сыныптастарынды анықтандар.

6. Сөз дәлдігін сақтап, «Алтын адам – Қазақстанның ең құнды жәдігері» тақырыбында презентация дайындандар.

§2.

Жылқыға жүген салған жер



- Суретті көргенде қандай ойға келдіңдер? Жылқы малының халқы-мыздың тұрмысындағы рөлі қандай?



- Мәтінді оқып, стилі мен жанрлық ерекшеліктерін талдандар.

Ботай мәдениеті

Ботай – ертедегі Еуразия жылқы өсірушілерінің ғажайып қонысы. Ескерткіш 15 гектар алаңды алғып жатыр. Бұл мәдениеттің өмір сүру уақытты б.з.б. V–IV ғасырларда өтті. Зерттеулердің тарихи маңызы – жылқыны алғаш қолға үйретудің жер жүзінде ең басты орталығы Қазақстан болып саналуында. Тастан, ағаштан және балшықтан жасалған ботайлықтардың қонысы дөңгелек пішінде болған. Жоғары жағынан түтін шығатын қазактардың киіз үйлеріне ұқсас. Археологиялық Ботай ескерткіші ЮНЕСКО қорғауына алынды.

Мұнда 60 000 сүйек пен тастан жасалған бүйімдар, тастан жасалған балталар мен пышақтар, жебе және найза үштары, сүйектен жасалған инелер, қыштан жасалған ыдыстар және т.б. табылды. Галымдарды табылған ат сүйектерінің көптігі таңғалдырған. Жұмысқа аңдар сүйегін зерттейтін ғалым-остеологтер шақырылды. Олар ауқымды істер атқарды. 133 мындағы жылқы сүйектері зерттелді. Нәтижесінде анықталғаны – Ботай аттары бұрын белгілі жылқылар

түріне жатпайтын болып шықты. Ботай аттарының сүйегі өзге де ежелгі аттар сүйегінен ерекшеленіп тұрды. Фалымдар бірауыздан «Ботай аттары қолға үйретілген» деген пікірді ұстанды. Олар далада жүрген жабайы жануар еместігін айтады. Жылқылар үй шаруасында, аң аулауда қолданылған. Күні бүгінге дейін «жылқылар қолға кеш үйретілген» деген пікір айтылған еді. Ботай қонысынан табылған материалдарға өлемнің барлық ғалымы қызыға бастады.

Ботай жылқысын зерттеп білуге Солтүстік Қазақстан облысына Новосібір, Мәскеу, Англия, Германия ғалымдары келді. Олар Ботай қонысы Еуразия даласындағы малшаруашылығының орталығы болған деген ортақ пікірге келді. Фалымдар Ботайды 28 жыл бойы зерттеді. Алайда Ботай жері сақтаған жұмбақтар өлі де толық ашылған жоқ.

(«Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы, 2-том)



3. Фылыми стильге тән тілдік құралдарды пайдаланып, «Ботай мәдениеті» мәтінінің тезисін жазындар.



4. Мәтінді оқып, алдыңғы мәтінмен салыстыра талдаңдар.

«Ботай мәдениеті» мәтіні	«Жылқыбұлақ басында» мәтіні
Тақырыбы	
Автор көзқарасы	
Көзделген аудиториясы	
Құрылымы мен тілдік ерекшелігі	

Жылқыбұлақ басында

...Бір қызығы, Нәсір ата Марданқөкті ауылдағы топ жарысқа қостырмайды. Қөз тиіп қала ма деп қорқады. «Құсқанат жүйрікке көз тисе, қанаты қайырылып, тұяғы мұжіледі», – дегенді көп айтады. Қатарласа жарысатын ешкім болмағандықтан, Марданқөктің аңы тері алынғанша шабамын. Жарықтық оңай терлейтін жануар емес. Қарабас тауына бір барып келген күннің өзіне көкірегінен шым-шым ғана тер

шығады. Ал Нәсір атанаң көңілінен шығу үшін аттың үсті малмандағы су болуы керек. «Бәйгені аламын десең, сүйек тері шыққанша шап», – дейтін. Оның үстіне аттың терін иісінен сезетін ақсақалдың көңілінен шығу тіпті де қыны...

Біз ауыл жұрты түгелдей дерлік жиналған Наурыз алаңының дәл ортасындағыз. Биыл мерекеге арнап тігілген киіз үйлердің қарасы тым көп. Ана бұрышта ауылдың үлкендері бірін-бірі жамбасқа алып, түйе палуанды анықтай алмай жатыр. Бұл ойындардан кейін тай жарыс, жорға жарыс, құнан бәйге бар.

– Қасым, ей, Қасым, – деп, жаныма Нәсір ата да拉қтай жүгіріп келді де: – Анау тұрған Қарагерді көрдің бе? – деп, қолын соза топталып тұрған жылқыларды нұсқады.

– Қайсысы, ата, анау тұрған ай қасқа ма?

– Соның сол жағындағы. Терлігі жасылы.

– Бойы неткен сұңғақ...

– Аты – Қарақүйин. Семейден келіп отыр. Бұл бәйгеде Марданкөктің басты қарсыласы – сол. Содан көзді алма, – деп әжімді мандаіын қасыды.

Ауыл халқы бәйге өтетін алаңға жиыла бастады. Сол сәтте жалау ұстаған жалпақ мұрын, шегір көз жігіт ағасы қолын төмен сермеді. Мен тебініп үлгерместен, жанымдағы жылқы біткен топырақ шаша алға үмтүлді.

Біз жарыса шауып, қызыл кезеңнің басына шықтық. Енді ауылға қарай құлдилаймыз. Нағыз бәйге сонда басталмақ.

Марданкөкке қамшы сала бастадым. Ол болса ышқырына алға үмтүлді. Шапқанда қос аяғына көз ілеспей, орғытып келеді. Қарақүйин қасымда. Мен үсті-үстіне қамшы бастым. Кенет ауаға шалынды ма білмеймін, Марданкөк тақыр жерде еңкейе келе, созыла жығылды. Мен өупірім жерге алға үштім. Мен орнымнан қарғып тұрып, қара жерде жамbastай жатқан Марданкөкке қарай бар екпініммен үмтүлдім. Бар ойым – аяғы сынса, жүгенін сыптырып алып, мәреге қарай жүгіру. Қарасам, аяғы сап-сау.

– Марданкөк, тұр, тұр, – деп жылқының басынан ұстап, жылап жібердім. Сөйтіп жүргенде қасымнан екі тұлпар қатарласа шауып өте шықты. Қөзімнің жасы тоқтамай, ат үстінде еңкілдең келемін. Мәреден төртінші болып көріндім...

(Темірлан Қылышбек)



Әңгіме және дөңгелек үстел

Пікірталас тұрларі көп. Бір мұддені көздеғен жандар әңгімелесіп, пікір алмасады, белгілі бір тақырыпты талдап, талқылайтын ақпараттық-насихаттық сипатындағы кездесу-сұхбаттар өткізіледі.

Пікірталасқа бастайтын пікірлесудің қарапайым түрі – әңгіме, ал жоспарлы тұрде өткізілетін жүйелі түрі – дөңгелек үстел.

Әңгіме

Мақсаты	Белгілі бір тақырып төңірегінде жиналған көвшіліктің сұрақ қойып не өз пікірін айтудын мүмкіндік беру. Мұнда қатысуышыға өз пікірін білдіруіне еркіндік беріледі.
Ерекшелігі	Жоспарлы тұрде болмағандықтан, күтпеген сұрақтар қойылып, жеке бастың мұддесін көздейтін пікірлер айтулы орын алады. Жүргізуші пікірталас мәдениеті талаптарын сақтай отырып, мәселені ушықтырмай шешуі тиіс.

Дөңгелек үстел

Мақсаты	Белгіленген тақырып, талқыланатын жоба құжат бойынша арнағы маман шақырылып, алдын ала ойластырылған жоспар бойынша жүргізіледі. Сұрақтар да алдын ала берілуі мүмкін.
Ерекшелігі	Дөңгелене отырған топтың осы мәселеге қызығушылығын, өзін толғандыратын нәрсе туралы толық мәлімет алу мүмкіндігін қамтамасыз ету қажет. Арнағы маман мен тыңдарманның қарым-қатынасы пікірталас мәдениетіне сай орын алуды керек.



Жылқы малының жасына қарай атаулары

Құлыш (жас төлі)

Жабагы (6 айлық)

Тай (1 жастан асқан)

Аталығы	Аналығы
Құнан айғыр (2 жастан асқан)	Құнажын байтал (2 жастан асқан)
Дөнен айғыр (3 жастан асқан)	Дөнежін байтал (3 жастан асқан)
Сөурік айғыр (3–4 жастағы, үйірге салынбаған)	Бесті бие (4 жастан асқан)
Сақа айғыр (10–11 жастағы)	Қасабалы бие (7–8 жастан асқан)
	Көртамыс бие (10 жастан асқан)



5. Жылқының түсіне және т.б. белгілеріне қарай берілген атауаларын білесіңдер ме? «Артық болмас білгенің» айдарымен берілген мәліметті пайдаланып, өзара пікірлесіп, әңгіме өткізіңдер.



6. Жылқы малына қатысты мақал-мәтелдерді қатыстырып, «Тұлпар желіде танылады» тақырыбында шығармашылық жұмыстың бір түрін (өлең, әңгіме, шығарма) орындаңдар.

- Жүйрік атқа жел қамшы.
- Жүйрік ат – бірде ат, бірде қанат.
- Сұлу аттың көркі – жал.
- Тұлпар желіде танылады.
- Жүйрікке озудан қалу қын.
- Қазанат қамшы салдырмайды.



7. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. Халық ауыз әдебиетіндегі батырлардың тұлпарларын сипаттап, эссе жазындар.
2. Райымбек батырдың батасын жаттап алыңдар. Өздерің де осы үлгімен шағын бата құрастырыңдар.

Жасы үлкенге айтарым:

Адал болсын ұланың,
Асқақ болсын ұраның!
Ұл-қызың тұрсын желкілдеп,
Туың тұрсын желпілдеп!

Берік болсын бірлігің,
Бірлігің – ол тірлігің!

Ұлдарыма айтарым:


Атаң, анаң, ел-жұртың –
Бәрі сенің ардақтың,
Ардақтыңды аяла!
Туган жердің топырағы –
Халқыңың қасиетті тұрағы.
Тұрағыңды тоздырма,
Жаттың қолын создырма!

§3.

Көне тарихтың күәсі болған құнды жәдігер – Қожа Ахмет Ясауи кесенесі



1. Сурет бойынша білетін ақпараттарыңмен бөлісіндер.



2. Мәтінді оқып, стилін анықтаңдар. Құрылымын мен тілдік ерекшелігін талдаңдар.

Киіз үй, шаңырақ және қазан туралы

Қазақ тұрмысына тән киіз үй, шаңырақ, ошақ, қазан, таба наң тағы басқа заттардың ежелден терең мәні бар.

Әкемнің қызыметіне байланысты бала кезімізде көп көшіп-қондық. Әрине, қазір еске алғанда үй жығып, үй тігу, көшу, жаңа қонысқа орналасу, әкемнің жерошақ қазып, а남ның қазан орнатуы кинодағыдай болып көрінгенімен, ол кезде романтикасынан гөрі қыындықтарының көп болғанын түсінемін. Үй тігу, кереге керу, шаңырақ көтеру, уық шаншу, туырлық жабу, белдеу тарту сияқты жұмыстарға шамамыз келгенінше қолғабыс жасайтынбыз. Сонда әжем, біз біліп жүрсін деді ме екен, шаңырақты көтергенде бақанның екінші

ұшы тиген жерге, яғни үйдің дәл ортасына ошақ орналасуы керектігін айтатын.

Келе-келе ұлken үйдің қасына жапсарлас етіп кішкене үй тігіліп, ошақ сонда орналастырылатын болды. Бұғінгінің тілімен айтсақ, қонақбөлме мен асбөлме сияқты.

Ошақтың бос тұрмауы керектігін де сол кезде естіген едім. Анам да ошақты қойған соң, бірден қазанды орнатып, ішіне сүт құйып, пісіретін. Кейде су құятын. Жалпы, ырымшыл халық болғандықтан, қазанның бос тұруы жаман ырымға саналатынын мен кейіннен білдім.

Қазан – «құт» деген түсінікті беретін символ. Қошпен-ділер өмірінде қазанның орны бөлек. Қазансыз отбасы жоқ, ошақ та жоқ, үй де жоқ. Қазактың қазанды қатын-баламен бірге атайдыны, Махамбеттің «қара қазан, сары бала қамы үшін егеулі найза қолға алғаны» соны көрсетеді. Қазан қызы жасауының міндепті бүйімьы болғаны да көп жайды аңғартады. Қайда көшсе де қазаның тастамайтын ғұрып бүгінге дейін жалғасып келеді.

Қазақ халқы үшін қазан бірлік пен қонақжайлыштың нышаны іспетті. Қазанды татулықтың белгісі ретінде танытатын аңыздардың бірі «жауласқан мың батырдың найза-сының ұшы ерітіліп, қазан құйылған екен» деп басталады. Бұл – қазанның татулықтың, береке-бірліктің символы ретінде танылуының негізділігін орнықтыра түседі.

Қазанның бізге жеткен керемет ұлгісі – Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде тұрған қасиетті Тайқазан. Әмір Темір заманынан қалған құнды жәдігер ұзақ жылдар бойы Эрмитажда тұрып, жұртшылықтың талабы бойынша елге қайтарылғаны белгілі.

Фылыми деректер бойынша, бұл қазан 1399 жылы 25 маусымда Түркістан қаласының батысында 27 км жерде орналасқан Қарнақ елді мекенінде, сирек кездесетін жеті түрлі асыл металдың (мыс, мырыш, алтын, күміс, қола, қорғасын, темір) қоспасынан құйылған. Қазанның салмағы – 2 тонна, сыйымдылығы – 3 мың литр, биіктігі – 1,60 метр, диаметрі – 2,42 метр. Тұғырының биіктігі – 0,54 метр, диаметрі – 0,607 метр.



Кесенедегі Тайқазан «сақ» типтегі қазанға жатады. Алып қазан жасау көне сақ, ғұн, үйсін дәуірлерінен жалғасып келген дәстүр екенін деректер мен айғақтар растайды. Елдік санасты биік, отбасылық құндылықтарды жоғары ұстанған халқымыз үшін қазан береке мен бірліктің, молшылықтың, елдіктің нышаны болған. Бұл күнде Тайқазан өзінің құтты орнында, қазақ халқының, Қазақстан атты үлкен шаңырақтың, қала берді құллі түркі жұрттының берекесінің, тыныштығы мен бірлігінің нышаны қызметін атқарып тұр.

(*Камал Әлпейісованың «Ушкір бұрыштарға үрінбай өмір сүру философиясы» мақаласынан*)



3. Узіндіні оқып, тақырыбын, мақсатты аудиториясын, құрылымын, тілдік ерекшелігін алдыңғы мәтінмен салыстыра талдаңдар.

Отырадар қаһармандығы немесе жеңілген жеңімпаз туралы дастан

– Даңқың қайда төске өрлеген?
Екі жұз мың әскерменен
Алты ай бойы кіп-кішкентай
Отырады ала алмау,
Алты ай бойы Отырадың осал тұсын таба алмау –
Ойы – дауыл, сезімі – аспан,
Тек жеңіспен көзін ашқан

Менің алғыр үрпағымның сүйегіне зор таңба.
Намысымса сызат түсті мына сенің арқаңда, –
Деп Шыңғыс хан Шагатайға оқты көзін қадады.
– Осы өкініш мені де өртеп барады.
Отырардың бақытына орнаған
Болар, бәлкім,
Алдымай тұр зор қамал.
Бірақ, әке, жүргенім жоқ аянып,
Қанша үмітім желге ұшты,
Қанша әскерім жер құшты.
Дала жатыр қызыл қанға боялып,
Егер бүкпей баяндасам шындықты,
Рухы – өр,
Тәні – бекем,
Бұл бір қайсар халық екен,
Тірлікten де артық қойған бірлікті.
Жүргегінде ыза табы қалмағандай бір мысқал:
– Шалалаусың, – деп жымиды Шыңғыс хан.
– Сақталмауы мүмкін емес зерденде,
Сен тоғызға келгенде,
Ұлу жылы,
Үкітайдың тойында
Оқ өтпейтін алып батыр жайында
Ертек айтқам оңашалап өзіңе,
Сол ертекті неге алмадың пайымға?
– Кешір, әке, балалық па,
Зерсіздік пе, шалалық па?
Тек нобайы ғана қапты ойымда.
– Жә, ендеши, түсірейін есіңе.
Жомарт, аңқау сайын дала төсінде
Сан мың әскер жеңбеген өр алышты
Бір-ақ адам табанына салыпты.
Өлгі алыштың кеудесінде бармақтай
Оқ өтетін осал жері болыпты.
Даңқ кімнің күліп тұрса басында,
Сатқындық та бұғып жүрмек қасында,
Айлакер жан соны жазбай таныпты.
Қай кезде де айла кескен нарықты.
Жақын барып үцілместен жауыңа,
Шығам деме, ұлым, жеңіс тауына,

Адам аз ба күшке сеніп адасқан?
Жауың мықты,
Бұған, сірө, таласпан.
Әр мықтының осал жері болмай ма?
Болса қайсы,
Оған бастар жол қайда?
Ал бұл сұрақ бар кез сенің жүру керек басында,
Менің күллі жеңісімнің құпиясы – осында!
Көңілінен құрт серпіліп наласы,
– Үқтым, әке, – деп жыымиды баласы.

(*Мұхтар Шаханов*)



4. Қазақстан тарихынан алған білімдеріңе сүйеніп, сұрақтарға жауап беріп, дөңгелек үстел өткізіңдер.

1. Александрия кітапханасы 391 жылы өртке оранған соң, он ғасырға жуық уақыт әлемдегі ең үлкен кітапхана қай қалада орналасты?
2. Бұл кітапханадан қазақтың қай ғұламасы білім алды?
3. Ондағы құнды жәдігерлер қай жылы кімнің шабуылы кезінде жойылды?
4. Әлемдегі ең үлкен кітапхананың Римде емес, Парижде емес, қазақ даласында жұмыс жасап, білім нөрін сепкені сендерде қандай сезім тудырды?
5. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұлттық жәдігерлерімізді сақтау, жойылып кеткендерін қалпына келтіру, оларды насиҳаттау мақсатында қандай іс-шаралар атқарылып жатыр?



5. Фылыми стильдің ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды қолданып, алғашқы оқылым мәтініне аннотация, соңғы мәтінге тезистік жоспар құрындар.





Ой айқындылығы

Сөз дәлдігімен тікелей байланысты ұғымдардың бірі – ойдың айқындылығы. Сөз дәлдігі жекелеген сөздер мен тіркестердің қолданысына байланысты болса, ой айқындылығы тұтас сөйлемнің мағынасына қарай ажыратылады және сөйлеушінің әдеби тілінің байлығы мен нормасын жетік білуімен, грамматикалық формаларды орынды қолдануымен өлшенеді. Сөйлеуші сөздердің табиги мүмкіндітерін: тұра мағынасын, көпмағыналылығын, синонимдік, антонимдік, омонимдік қасиеттерін кең түрде пайдаланумен бірге, сөздерді аудиоспалы мағынада, тұрақты тіркестер мен мақал-мәтеддерді орынды қолдана білмесе, ой айқындылығына нұқсан келеді.

Мысалы: Қасымды айтып жіберши, тезірек үйге кірсін! Үйде баласын жалғыз тастап, «қой да тыныш» дейтін ата-ана бар. Алғашқы сөйлемде табыс септігінің -ды жалғауы барыс септігінің -ға жалғауының орнына қолданылғандықтан, сөйлемнің алғашқы бөлігіндегі ой айқын емес. Ал екінші сөйлемде «Қой да тыныш, қойшы да тыныш» мәтепін түгел қолданбағандықтан, ой айқындылығына нұқсан кеп тұр. Сол сияқты «Қор (қаражат) болмағанда қор болғандай екен» (газеттегі мақала атавы) сөйлемінде омонимдерді орынсыз қабаттастыра қолдану да мағына айқындылығын көмескілейді.



6. Сөз дәлдігін, ой айқындылығын және мәтін нормаларын сақтап, «Көне тарихтың қуәсі болған құнды жәдігерлер» тақырыбында шығарма дайындаңдар.
7. Төмендегі суреттерді пайдаланып, Шығыс моншасы туралы хабарламалық не сипаттамалық эссе жазындар.



§4.

«Қазақстанның киелі жерлері» картасы



- Мәтіндерді 4 топқа бөлініп оқындар. Тезисін жазу мақсатында негізгі ақпаратты іріктеңдер.

Тараздың ежелгі ескерткіштері

Ақыртас – VIII–IX ғасырларда салынған қорған. Тараз қаласына 40 км жерде, Ақшолақ теміржол бекетінен 6 км оңтүстікте орналасқан бұл кешен соңғы 130 жыл бойы зерттеліп келеді. Қазір де онда археологиялық жұмыстар жүргізілуде.



Кешеннің тастан жасалып, пішімі малға шөп салатын ақырға үқсас болуына байланысты «Ақыртас» деп аталған. Ол алыстан көрініп тұруы үшін таудың үстіне төртбұрышты етіп салынған. Қазіргі кезде қабырғаларының сақталған сілемдері 140 метр шамасында. Ирі тас блоктардан қаланған. Қорғанның 4 қақпасы бар, біреуі – солтүстікте, үшеуі – оңтүстікте. Тұрғын үйлер ауланың ішіне топтастырыла салынған қызмет көрсететін және шаруаға қажетті бөлмелер кешенінен тұрады. Ауланың түпкі жағында Ақыртас иесінің жатын бөлмесі мен қонақтарға арналған бөлмелер орналасқан. Солтүстік есік жақтағы үйлер қызмет ететін адамдар мен күзетшілерге, бір бөлігі ат қораға арналған. Су қоймасы бар орталық аула, өскерлерге арналған алаң, жарлықтар жарияланатын немесе діни рәсімдер атқарылатын арнаулы орындар болған.

Маңғыстаудағы Бекет ата кесенесі

Бекет ата ескерткіш ғимараттары – Маңғыстау, Үстірт, Жем бойындағы Бекет ата есімімен байланысты жерасты ғимараттарының ортақ атауы. Олар туралы халық жадында сан алған аңыздар сақталған.

Бекет ата Мырзагұлұлы (1750–1813) – өулие, халық батыры, көреген абыз, ағартушы, сәулетші. Туып, өскен жері – Маңғыстау өңірі. Бекет атаның білімдарлық, батырлық, өділдік,

еңбексүйгіштік, көріпкелдік қасиеттері өз дәуірінде ерекше танылған. Халық оны айрықша қадірлеп, өулие тұтқан. Адайлар өзінің ұранына айналдырған. Халық Бекет атаның өмірін, қысылғанға жар болған ерекше қасиетін, өулиелігін ықыласпен әңгімелеп, үрпақтан үрпаққа ұластырыған.



Бекет атаның бес мешіті бар. Оның бірі – Оғыландауда, екіншісі – Бейнеуде, үшіншісі – Жем бойында, төртіншісі – Арап жағасындағы Баялыда, бесіншісі – Маңғыстау ауданындағы Тобықтыда. Бекет ата бұл мешіт-медреселерде Құдайға құлшылық еткен, бала оқытқан.

(«Алаштың ардагы» елтанымдық және тілтанымдық жинағынан)

Алтайдың қазыналы қойнауы құпияға толы

Алтайдың құпияға толы қойнауы адамзат баласын таңдандырумен келеді. Бұл жолы да Қарақаба жазығында қазақ археологиясына тың жаңалықтар қосылды. Археолог, тарих ғылымдарының докторы Зейнолла Самашев мырзаның айттынша, биылғы қазба жұмыстарының кезінде бұған дейін табылмаған, кездеспеген жаңа археологиялық ашылулар болды. Соның бірі – жас баланың мүрдесі. «Бұл табылған қорым көне түркі дәуіріне тән. Шамамен VII–VIII ғасырларға келеді. Жерлеу рәсімі былай атқарылған: алдымен, осындай көлемде шұңқыр қазып, оған жылқыны қойған. Бір жақ шетіне лақат жасаған да, оған адамның өзін жерлеген. Оның үсті жабық тұратын болған», – деп түсіндірді археолог ғалым. Мүрденің ер бала екенін, құлағында екі сырғасы болғанын, ол сырғалардың күмістен жасалғанын тілге тиек етті. Бұған дейінгі қорғандарды қазған кезде үлкен, егде кісілердің табылғанын ескерсек, жас баланы жерлеу ғұрпы алғаш рет кездесіп отыр.

(Заңгар Қәрімхан)

Бесшатыр – Жетісудың киелі жері

Бесшатыр – Алматы облысындағы Іле өзені жағалауында, Желшабыр тауының бектерінде орналасқан көне қорымдар, сақ дәуірінің аса ірі ескерткіші. Бесшатырды 1957 және

1959–1961 жылдары Жетісу археологиялық экспедициясы (жетекшісі К.Ақышев) зерттеді. Қорым құрамында үлкенді-кішілі 31 оба бар. Олар батыстан шығысқа қарай 1 км, солтүстікten оңтүстікке қарай 2 км болатын алқапты алып жатыр.



21-і таспен, ал 10-ы қырыршық тас араласқан топырақ үйінділермен жабылған. Қорым шартты түрде екі бөлікке (солтүстік және оңтүстік) бөлінеді. Солтүстік топқа Бесшатыр зирағының ең үлкен екінші және үшінші обалары кіреді.

Зерттеу барысында 18 оба қазылды. Олардың үшеуі – үлкен, қалғандары – орташа және кіші обалар. Алынған ғылыми деректер ежелгі сақтардың әлеуметтік топтарға жіктелуі, шаруашылығы, тұрмыстық салт-дәстүрлери, діни нағым-сенімі, архитектуралық жетістіктері, тұтынған қару-жарагы мен құрал-жабдықтары жайлы құнды мәліметтер береді.

(«Қазақ энциклопедиясы», 2-том)



2. Ғылыми стильге тән тілдік құралдарды қолданып, оқылым мәтіндерінің тезисін немесе аннотациясын жазындар.



3. Мәтінді түсініп оқындар. Тақырыбын, автор көзқарасын, құрылымын, тілдік ерекшелігін алдыңғы оқылым мәтіндерімен салыстыра талдаңдар.

Томирис (Тұмар) ханша (б.з.б. 570–520) – күнгей түркі сақтардың ел билеген атақты өйел патшаларының бірі. Грек жазбаларында оның елін «массагет» деп атайды. Тұмар ханша есімінің тарихқа еніп, әлемге танылуы Ахемен өулетінен шыққан, «төрт құбыланың тұтас билеушісі» атанған парсының өйігілі патшасы Кирдің (б.з.б. 558–530) Орта Азияға басқыншылық жорықпен келген, «жеңілуді білмейді» деп дәріптелген өскерін ашық шайқаста тас-талқанын шығарып жеңуімен тікелей байланысты.

Мемлекетінің аумағын тойымсыздықпен кеңейте беруді ойлаған Кир патша батыс елдеріне аттанбас бұрын өуелі шығыс жағын қауіпсіздендіру мақсатымен күнгей түркі

сақтарды бағындырып алуды көздейді. Сөйтіп, сақ еліне елші аттандырып, олардың ханшасы, сол кезде қүйеуі өліп жесір отырған Тұмардың өзіне тұрмысқа шығуын сұрайды. Бұл – Кирдің сақтармен соғысуға іздеген желеуі еді.

Тұмар ханша Кирдің ұсынысын қабылдамай тастайды. Осыны сылтау еткен Кир өзінің жауынгерлерін шығысқа қарай қаптатады. Аракс дариясына жетіп, өзен үстінен қалқыма көпір салуды әмір етеді.

Өздерін жаулап алуға келген парсылардың әр қадамын алыстан бақылап, біліп отырған Тұмар ханша олардың дариядан өту ушін көпір салғалы жатқанын естіп, Кирге арнайы жаушы жібереді. «Мидиялықтардың патшасы! – дейді жіберген жаушысы арқылы Тұмар ханша Кирге. – Ниетінен қайт. Өнбес істі қума. Егер алда-жалда соғыспай қоймаймын десең, онда көпір салып, уақыт өткізіп, өуре болма. Дарияның біз жақ бетіне шығып соғысамын десең, біз үш күншілік жерге кетіп, жол ашайық, ал дарияның арғы жағында соғысамын десең, сен үш күншілік жерге шегін. Қалауыңа қарай өзің шеш».

Кир дарияның сақтар жағында соғысуды үйғарып, шешімдерін Тұмарға хабарлайды. Сақтар уәделерінде тұрып, үш күншілік жерге шегініп кетеді. Олардың кеткеніне анық көз жеткізгеннен кейін Кир бүкіл өскерін дарияның арғы бетіне өткізіп, сақтардың шабуылдаушы тобын алдап қолға түсіріп, түгел қыргынға ұшыратады. Осы топтың басшысы, Тұмар ханшаның ұлы Спаргапты тұтқынға алады.

Сүйікті ұлы мен шеп бұзар жауынгерлерінің қайғылы хабарын алған Тұмар Кирге жаушы жіберіп, оған өзінің соңғы сөзін жеткізеді. «Қанқұмар Кир! Женіске желікпе. Айлатасілмен біраз жауынгерімді опат еткеніңді қанағат тұтып, ұлымды өзіме қайтар да, есен-сауында жөнінді тап. Егер өйтпесең, Тәңірдің атымен ант етемін, қанға қаншама тойымсыз болсаң да, адам қанын шөлің қанғанша ішкізермін!»

Бар аңсары біреудің елін шауып, олжаға батып, атағын шығаруға ауған Кир ханша ақылын тыңдамай, өзінің шайқасатынын айтып, Тұмардың жаушысын кері қайтарады.

Тұтқынға түсken Тұмардың ұлы Кирден аяқ-қолын босатуын өтінеді. Қолдан бұғау, аяқтан кісен алынысымен, ол қасында тұрған парсы жауынгерінің қаруын жұлдып алып, өзін-өзі өлтіреді.

Келесі күні екі жақтың арасында бұрын-соңды көз көріп, құлақ естімеген сұрапыл қырғын соғыс басталады. Ақырында далалық ұрыс тәсілін тиімді пайдаланған сақтар парсылардың әскерін түгел дерлік жусатып салады. Қоршауға түсіп, бас сауғалар мүмкіндігінен айырылған Кирдің өзі де жауынгерлерімен бірге айқас алаңында қаза табады. Тұмар ханша шайқас аяқталған соң, сарбаздарына Кирдің денесін таптырып алыш, басын кестіріп, қан толтырылған меске салып тұрып: «Тірі қалдым, сені жеңіп шықтым демесем, жар дегендегі жалғыз ұлымды аярлықпен қолға түсіріп, сен менің түбіме жеттің, жауыз! Енді Тәңірге берген сертімді орынданап, басыңды қанға бөктіріп, шөлінді қандырғаннан басқа амалым жоқ», – дейді.

Осылайша күнгей сақтар өздерін жаулауға жасанып келген басқыншыларды жеңіп, елінің тәуелсіздігін сақтап қалаады. Тұмар ханша елбасылық ұлы тұлғасымен, қолбасшылық асқан ерлігімен тарихқа енеді.

(«Қазақстан» ұлттық энциклопедиясынан)



4. Алдын ала жоспар құрып, сұрақтар дайында, «Қазақстанның киелі жерлері – ұлттық мақтанышымыз» тақырыбында дөңгелек үстел өткізіндер.



5. Мәтін нормаларын (мәтін құрылымы, азатжол, мәтін бөліктері, тақырып) сақтап, «Тұмар ханша – тарихи тұлға» тақырыбында аргументті әссе жазындар.



6. Ата-анаңың туған жеріндегі тарихи жәдігерлер туралы мәлімет жинап, презентация немесе ойтұжырым дайындаңдар.

§5.

«Ұлы даланың жеті қыры. Архив-2025» бағдарламасы



- Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы бойынша жасалған графикалармен танысып, ойларынды ортаға салыңдар.

Тарихи сананы жаңғыру

1. Архив-2025
2. Ұлы даланың ұлы есімдері
3. Түркі әлемінің генезисі
4. Ұлы даланың ежелгі өнер және технологиялар музейі
5. Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы
6. Тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі

«Архив-2025» жеті жылдық бағдарламасы

- Тарихшылар мен мәдениеттанушылардан құрылған арнайы топтардың отандық және шетелдік ірі архивтермен өзара ықпалдастықта болып, іздеу-зерттеу жұмыстарын жүргізуі
- Қалың жүртшылыққа қолжетімді болуы үшін архив деректерін белсенді түрде цифрлық форматқа көшіру
- Мектептер мен өлкетану музейлерінің жанынан тарихи-археологиялық қозғалыстар құру



2. Мәтінді мұқият оқындар. Құрылымы мен тілдік ерекшелігін графикалық мәтінмен салыстыра талдаңдар.

Ұлы даланың жеті қыры

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында халықты тарихқа құрметпен қаруға және зерделеуге, өткеннен сабак үйренуге шақырады. Себебі әр халықтың шежіресі қаһармандыққа, жеңістер мен трагедияға толы, оны сол күйінде қабылдаған абзal. Ол үшін ғылыми түргыдағы көзқарас қажет.

«Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы екі бөлімнен тұрады. Алғашқысы «Ұлт тарихындағы қеңістік пен уақыт» деп аталады. Мақаланың аты айтып түрғандай, негізгі бөлім Ұлы даланың жеті қырын айқындалап береді. Оның ішінде жеті қазынамыздың бірі – жылқыға ерекше мән беріліп отыр. Ұлы дала халқы металл өндірудің терең тарихымен мақтана алады. Сондай-ақ Еуропа мен Азияны жалғаған Қазақстандағы Ұлы Жібек жолын жаңғыртуды да көздел отыр. Қазақ даласының сулы, нұлы табиғаты да елеусіз қалмады.

Ал мақаланың екінші бөлімі алдағы уақытқа бағыттағдар береді. Елбасы төл тарихымызды бағалап, жаңғыртуға арналған нақты 6 тапсырма жүктеді. Оның ішінде «Архив – 2025» жеті жылдық бағдарламасын жасау, Түркологиярдің дүниежүзілік конгресін ұйымдастыру, «Ұлы дала» атты ежелгі өнер және технологиялар музейін ашу сынды міндеттер бар.

Осыдан бір жарым жыл бұрын Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы жарыққа шықты. «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласындағы жобаларды «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жалғасы ретінде қарастырды. «Рухани жаңғыру» жалпығұлттық бағдарламасының жаңа компоненттері ата-бабамыздың көпғасырлық мұрасының цифрлық өркениет жағдайында түсінікті өрі сұранысқа ие болуын қамтамасыз ете отырып, оны жаңғыртуға мүмкіндік береді. Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болады. Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа он көзқарас таныту – еліміздің табысты болуының кепілі.

(Индира Сулейменова)



3. Екі топқа бөлініп, «Ұлы даланың жеті қыры» мәтінінің мазмұны бойынша әңгіме және дөңгелек үстел ұйымдастырыңдар.

1. «Ата-бабамыздың көпғасырлық мұрасының цифрлық өркениет жағдайында түсінікті әрі сұранысқа ие болуын қамтамасыз ету» дегенді қалай түсінесіңдер?
2. Халықты тарихқа құрметпен қарауға және зерделеуге, өткеннен сабақ алуға ғылыми түрғыдан бағыт беретін осындай құжаттар керек пе?
3. «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласының құндылығы неде?



4. Мәтінді түсініп оқыңдар. Екі мәтінді салыстыра талдаңдар.

«Ұлы даланың жеті қыры» мәтіні	«Қасиетті қамшы» мәтіні
Тақырыбы	
Автор көзқарасы	
Мақсатты аудиторияга сәйкес қызметі	
Құрылымы мен тілдік ерекшелігі	

Қасиетті қамшы

Заманында батыр әрі аруақты адам болған Байбақты атаның бір қасиеті – ауырып жатқан адамды алыстан сезіп, атына мініп, соған қарай шауып кетеді еken. Бір күні киіз үйді қоршап, жылап отырған бір топ адамның үстінен түседі. Аңдаса, келіні әл үстінде жатқан үй болып шығыпты. Сол кезде Байбақты ата он екі өрім дойыр қамшысымен үйдің сыртынан ұрып, «Тастап кет, әй, ит, тастап кет!» деп айқайлады. Арада біраз уақыт өткеннен кейін киіз үйдің ішінен әлдебір дауыс естіледі, барып қараса, екі дүниенің ортасында жатқан келіншекке жан кіріпті дейді.

– Менің өкпемді бір қызыл ит суырып алып, үлкен көк суға қарай қашты. Көк суға жақындал қалғанда, ат мінген ақ сақалды бір атамыз: «Тастап кет, әй, ит, тастап кет!» – деді. Манағы өкпені суға салғанда, мен өлетін едім. Қайта айналып келіп, өкпемді орнына салып кетті, – депті.

Ал жорықтарға қамшысын алып, жалғыз шыққанда Бай-бақты ата жаудың көзіне мың адам болып көрінген деседі. Ел аузындағы аңыздарда атаның қамшысы туралы түрлі тылсым жайттар айттылады. Қазір ол қамшы Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейінде сақтаулы...

Кезінде ең жақсы қамшыны сыйға ұсыну дәстүрі болған. «Қамшы ұстағаннан жын-шайтандар қашады» деген түсінік те бар. Бұл ретте қамшы емшілердің емдік қаруына да айналған.

Бүгінде қамшы өру де ұмытылып барады. Менің атам Ерекен Қалмұханов Жәңгір ханның ұстаған қамшысын жасаған шебер адам еді. Ол кезде былғары илеу технологиясының өзі басқаша болатын. Осы дәстүрді қайтадан қолданысқа енгізсек, әр қазақтың төрінде домбыра мен қамшы тұрса, рухани жаңғыру деген – осы. Қазір облыстық музей қорында жиырмаға жуық қамшы бар. Солардың арасында талай аңызға арқау болған Байбақты атаның тобылғы сапты қамшысы көз тартады.

(Бакытқул Бабаштың
«Қасиетті қамшы» мақаласынан)



5. Үш топқа бөлініп, тапсырмаларды орындаңдар.

1-топ. Алғашқы оқылым мәтініне рецензия дайындаңдар.

2-топ. «Қасиетті қамшы» мәтінінің аннотациясын жазыңдар.

3-топ. Мәтін нормаларын (мәтін құрылымы, азатжол) сактап, «Әр қазақтың төрінде домбыра мен қамшы тұрса, рухани жаңғыру – осы» деген пікірді дамытып, өз ойларыңды «ПСМТ» формуласы арқылы білдіріңдер.

1-сөйлем: «Менің ойымша, ...».

2-сөйлем: «Мен оны былай түсінемін: ...».

3-сөйлем: «Мен оны мына деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын: ...».

4-сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім: ...».



6. Өз өңірлерінен шыққан батырлар, ақын-жыраулар, шешендер мен көсемдер туралы деректер мен аңыз-әңгімелерді негізге алып, елең шығарып көріндер немесе ойтұжырым дайындаңдар.

§6.

Өлке тарихынан сыр шертетін ескерткіштер



1. Мәтінді оқып, тақырыбы мен автор көзқарасын анықтандар. Мәтін мазмұны бойынша проблемалық сұрақтар дайында, бір-біріңің сұрақтарыңа жауап беріндер.



Боралдай қорымы көшпенде халықтардың өркениеті ретінде еліміздің тарихында айтарлықтай маңызға ие. Ежелгі көшпенділердің мәдениеті, қаймағы бұзылмаған салт-дәстүрінің тарихы скиф-сақ дәуірінен бастау алады. Олардың өмір сүрген аймағы мен тұрғылықты мекендері, тұрмыста қолданған заттары мен шаруашылығы – бүгінде тарих. Ал сол тарихтың көзбен көріп, көңілмен сезініп қайтуға Алматы тұрғындары мен қонақтарының зор мүмкіндігі бар. Ежелгі көшпенділер тарихынан сыр шертетін аймақтың бірі – Боралдай сақ қорғаны тарихи-мәдени аумағы.

Боралдай сақ қорғаны археологиялық саябағы – ежелгі көшпенді халықтың бүгінге жеткен бір ескерткіші, салынған уақыты б.з.б. VI ғасырмен сәйкес келеді. Алматы қаласының солтүстік батыс аймағында, Үлкен Алматы өзенінің сол жақ жағалауында орналасқан. Солтүстігінде Боралдай ауылымен, оңтүстігінде Үлкен Алматы каналымен шектесіп, Боралдай үстіртінің бір бөлігін алыш жатыр. Бұл қорымның ұзындығы

3 км болса, ал ені 800 метрдей аумақты алып жатыр. Осы 430 гектар аумақты алып жатқан Боралдай сақ қорғандары археологиялық саябағында 47 сақ және 200-ден астам уйсін қорғаны орналасқан. Аса үлкен қорғандардың биіктігі 10–14 метрге дейін жетеді. Ал диаметрі 80–150 метрді алып жатыр. Осы уақытқа дейін тарихи ескерткіштері мен табиғи ландшафты сақталған.

Сақ қорғандарын тұрғызу үшін тас, топырақ, кірпіш кесектері сияқты құрылыш материалдарының бірнеше мың тоннасы пайдаланылған. Оларды көтеру үшін сол кездің өзінде-ақ құрылыш өнерінің өзіндік технологиялары болды.

Жоба жетекшісі, археолог Руслан Шербаев: «Бұл қорғандарға бірнеше мың жыл болса да, осы күнге дейін еш бұлінбей сақталып келді. Оларға төнетін жалғыз қауіп – жақын маңайдағы қала көлемінің қеңеюі. Бірақ бұл қорғандар ашық аспан астында әлі талай мың жыл тұра алады. Боралдай сақ қорғандары – Қазақстанның қасиетті мекені. Бұл саябақ жақындаған «Қазақстанның қасиетті географиясы» жобасының тізіміне ілікті. Сонымен қатар қорғандарды ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік мұралары қатарына қосу ұсынысы да жоспарланып отыр. Бұл аумақта жерленген адамдар – тайпалық және діни көсемдер, даңқты қолбасшылар, сақ тайпаларының бетке ұстар тұлғалары. Осы деректерді негізге ала отырып, бұл қорымды Қожа Ахмет Ясауи кесенесімен салыстыруға әбден болады», – деді.

(*ҚазАқпарат*)



2. Мәтінді оқып, таңбалы тастың 10 түрлі қасиетін атаңдар.

«Өсетін ел тарихын таспен жазады, өшетін ел тарихын жаспен жазады» деп дана халқымыз айтпақшы, Алматы облысы Жамбыл ауданының Мәтібұлақ ауылдық округі аумағында орналасқан ашық аспан астындағы Таңбалы Мемлекеттік тарихи-мәдени және табиғи қорық-музейі – қазақ халқының ғана мақтанышы емес, ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мәдени мұралар тізіміне енген аса құнды жәдігерлеріміз, киелі тарихи мекен.

Таңбалы археологиялық кешені – жоғалып кеткен дала өркениетінің ерекше куәгері және қоршаған ортаға бейімделудің, табиғатпен үндесу және табиғи ландшафты

экологиялық залалсыз пайдаланудың үлгісі. Мұнда республикалық маңызы бар ескерткіштер саны 100-ге жуық. Атап айтсақ, археологиялық қорғандар, қорымдар мен қоныстар. Ашық аспан астындағы қорық-музейіндегі ерекше қорғалатын ортаңғы аймақта 5000-та жуық жартас суреттері (петроглифтер) кездеседі.



Таңбалы қорық-музейі Алматы қаласынан солтүстік-батысқа қарай 170 км жерде, Қарабастау ауылынан 4 км өңірде орналасқан. Бұл қорық аумағының жалпы ауданы 3800 гектар жерді құрайды.

Елорданың символына айналған мәуелі бәйтеректің суреті ең алғаш рет б.з.б. XII–X ғасырлардағы (қола дәуірі) Таңбалыдағы жартасқа салынған. Шатқалдағы мәуелі бәйтерек суретінің сол кездің өзінде-ақ құндылығы жоғары болғандығы анық.

«Азия дауысы» фестивалінің әмблемасына айналған Құн басты Құдайдың суретінің орналасқан жері де Таңбалы шатқалы. Бұл кешен – әлі де зерттеуді, қорғауға алуды қажет ететін адамзаттың тарихи-мәдени мұрасы.

Таңбалы қола дәуірінен түркі дәуіріне дейінгі бабалардың «Мәңгілік Ел» орнату жолы бейнеленген рәміздер жүйесі деуге болады. Мысалы, жартастағы бөрілі байрақ көтерген, ту желбіреткен салт атты жауынгерлер елдіктің, ерліктің, Отан үшін құрестің бейнесін жас үрпаққа паш етіп тұргандай. Негізі, музей тасқа қашалған 250 суреттен құралады. Қазіргі кезде Таңбалыдағы жаңа туристік бағыттың дамуы, ашық аспан астындағы тарихи мұралар құндылығының алдыңғы орында тұруы – бүгінгі күннің басты талабы.

(Ерлік Әлімқұлов, Таңбалы Мемлекеттік табиги қорық-музейінің директоры)



3. Өлеңді мәнерлеп оқып, аннотация жазындар.

Күлтегіннің көк тасы

Ұлы таулар, тебірен, жата бермей шалқалап,

Ұлы дала рухына басын иді шартарарап.

Тәңірінің біздерге көктен түскен сыйындай,

Көктас көшіп келеді тарихымды арқалап.

Аруағыңдан айналдым, бабаларым, хас батыр,

Көз жасындағы мөлдіреп қасиетің таста тұр.

Құн астында күніреніп құлпытасың қалмаса,

Мың жылдардың үңгірейіп арғы жағы бос жатыр.

Исі түркі жұртының тұмарындағы, Көктасым,

Бұзып жеттің бүгінге ғасырлардың қақпасын.

Тұмен-тұмен қол ертіп, тік көтеріп даланы,

Тұзегендей Күлтегін Астанама ат басын!

Екеніміз шын болса Ер түріктің ұрпағы,

Бізге қымбат Көктастың ұшып түскен ұнтағы.

Құдіретін өз тұтып Күлтегіндей киенің,

Ұл жасасын ұлтының бола білген ұлтаны!

Қуанышқа кенеліп қазағымның құшағы,

Көңіл құсы шарықтап сан қыырға ұшады.

Елтаңба мен Көк байрақ, Өнүрандағана емес,

Күлтегіннің тасында Елдігімнің нышаны!

Еріксізден еңкейтіп енді ешкімге, Жасаған,

Іілмесін басымыз тар бұғаудан босаған!

Босағамда бүгілер тәқаппардың тізесі,

Төрде тұрса текті сөз бабам тасқа қашаған!..

(Несінбек Айтұлы)



4. Аудиожазбадан (11. mp3) Жандарбек Жұмағұловтың «Қызғалдақтар – өнер туындыларында» атты мәтінін тыңдал, терминдер мен ұғымдарды, өздеріңе әсер еткен үзінділерді кестеге жазындар.

Терминдер мен ұғымдар	Маған әсер еткен үзінділер



Пікірталас мәдениетіндегі сөз қолданыстар

Азамат пікірінің танылатын орны – пікірталас алаңы. Ол – ой додасы, сөз майданы. Мұнда сөз ой қазанында қайнайды, қалыпқа түседі, өзіндік көлбетімен сомдалып танылады. Пікір айттылады, айттылған пікірге қарсы ой туады. Пікір айтқан адам өз пікірін дәлелдеуі тиіс.

Сөз қолданысына байланысты кейбір қағидаларға тоқталайық.

1. Пікірталаста қолданылған сөз бәріне түсінікті болғаны дұрыс.
2. Сөзді мағынасына, грамматикалық тұлғаларды мақсатқа сай қолдану, ойды жеткізу тәсілдерін білу қажет.
3. Мақұлдау мәніндегі сөздер (иә, дұрыс айтасыз, сізben келісуге болады) мен теріске шығару немесе мақұлдату мәніндегі сөздерді (бірақ, дегенмен, мына мәселелеге назар аударайық) үйлестіре білген жөн.
4. Қажет кезде сұраулы сөйлемдерді, қанатты сөздерді орынды қолдана білу керек.
5. Сөздің дұрыстығы, тазалығы, жатықтығы – ой айқындығының басты шарттары.
6. Сөздің күші қарсыласқа әсер ететіндей болу керек.
7. Берілген уақытты үнемді пайдаланып, тақырыптан ауытқымай, нақты пікір айта білу – қарсыласты сыйлаудың белгісі.
8. Тақырып мазмұнын ашуды басты назарда ұстая керек.



5. Өз өлкелеріндегі тарихи ескерткіштер туралы шығармашылық жұмыстың бір түрін (өлең, әңгіме, естелік, шығарма) орындаңдар.



6. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.
1. Несілбек Айтұлының «Күлтегіннің көк тасы» өлеңін жаттаңдар.
 2. Тақырыпты «Мәңгілік Ел» стратегиясымен байланыстырып, әссе жазыңдар. Әссе түрін өздерің таңдаңдар.

§7.

Мұхтар Әуезов – көркемсөздің хас шебері



Қазіргі шешендік сөздердің сипаты

Қазіргі шешендік сөздердің де, шаршы топтың да сипаты өзгерді: шешендер білім-ғылым, оқу-ағарту, тәлім-тәрбие, мәдениет-өнер тақырыптарын қозғаған көркемсөз иелері, яғни ақындар мен жазушылар, ғалымдар, журналистер болса, тыңдаушы топ – білім-ғылым, оқу-ағарту, мәдениет саласындағы көпшілік. Шешендік өнердің көрінетін орындары – жиналыс, конференция, съезд, семинар, диспуттар. Шешендік сөз енді өлеңмен емес, бірынғай қара сөзben айтылатын болды.

Еліміз тәуелсіздік алып, дербес мемлекет болғаннан бастап, шешендік өнердің қажеттілігі күн санап артып келеді. Елдің тәуелсіздігі өзімен бірге ойлау тәуелсіздігін, санадағы, танымдағы тәуелсіздікті, тіл тәуелсіздігін қоса алып келді. Қазақ тілі мемлекеттік тіл болып қабылдануына байланысты сот істері қазақ тілінде жүргізіле бастады. Республикадағы телеарналар мен радиохабарлар қазақ тілінде жүргізілуде, қазақ баспасөз басылымдарының тілі өткірлене түсті. Осының бәрі қазақ тілінде шешен сөйлеу талабын қүшетті.



1. Мәтінді оқып, ондағы негізгі 3 дерек, 2 көзқарас, 1 тұжырымды анықтаңдар.

Әуезов дәрістері – әсемдену, өрлеу сағаттары

Шешендік деген не? Шешендік – өшейін ширақ сөйлеу, құрғақ пысықтық жасау емес. Шешендік – шексіз білімнен, терең ойдан, асқан парасаттан туатын нәрсе! Әуезовтің шешендігі ғұлама ғалымдығында жатыр...

Әуезов – көдімгі қазақтың «сегіз қырлы, бір сырлы» дейтін кіслікти Қісісі, Ұлы тұлғасы. Ол – ұстаз ғана емес, жазушы әрі ғалым және осы үш мамандығының үшеуін де жете мен-герген, үшеуінде де иненің жасуындай осалдық танытпаған, үшеуінде де алып, күшті. Әуезов феноменінің ерекшелігі осында жатыр.

Ал осы үш түрлі қасиетінің де сарқып құяр сағасы біреу, ол – әдебиет. Сөз өнері – Әуезовтің бірден-бір және ғұмырлық стихиясы. Демек, Әуезовтің дәрісін тыңдау – шекірт атаулының бақыты. Әуезовтің әр лекциясы – бір-бір оқулық,

бар лекциясы – ұлан-тайыр ұлы мектеп. Әуезов мектебіндегі Әуезов өткізген өрбір екі сағат сабак – шәқірт шабытының шалқу, шарықтау шағы, пісу, жетілу сөттері.

Әуезовтен екі сағат лекция тыңдаған адам өзінің жаңағы – бұдан екі сағат бұрынғы психологиялық қалпынан, ақыл-ой мағынасындағы хал-қүйінен кәдімгідей өзгеріп, жаңғырып, жаңарып шығады. Иман тұрғысынан біршама «пісе, жетіле» түседі. Танымы көрер көзге байып шығады. Бұл – керемет метаморфоза! Осыны түсінген тыңдаушылар Әуезовтің әдеттегі әр лекциясына Алматының әр түкпірінен әдейі келіп, рұқсат сұрайды. Әуезовті тыңдау – олар үшін әсерлену, әсемдену, эмоциялық өрлеу сағаттары. Сондықтан олар Қазақ университетіне тұра Меккеге келгендей шұбырады.

(Зейнолла Қабдоловтың «Мениң Әуезовім» роман-әсмесінен)



2. Мәтінді оқындар. Әуезовтің шешендік шеберлігінің сырын ашуға тырысындар.

Мұхтар Әуезовтің шығармаларындағы сөз қолданыс ұлтілері – игерілуге тиіс ұлан-тайыр байлық. Оның ұлылығы сол – қазақтың көркемсөз үлгісінің барлық қадір-қасиетін, байлығын өз шығармаларында жандандырып қолдана білген және сол қазынаға жаңа сөз үлгілерін қосқан.

Алып суреткердің де Абай сияқты үш рухани бұлақтан: қазақтың шешендік өнерінен, шығыс пен батыс әдебиетінен нәр алғанын атап өткеніміз жөн. Осы үш бұлақтан сузындаған қаламгер өзінің әлемге өйгілі «Абай жолы» әпопеясында шешендік сөз үлгілерін, шығыс пен батыс жазушыларына тән сөз оралымдары мен баламаларды өте шебер қолдана білген. Оның кейіпкерлерінің бәрі дерлік – тілге шешен, ділмәр, озық ойлы жандар.

М.Әуезов «Абай жолы» арқылы Еуропа, орыс жазушыларына тән айшықты, анық баламаларды қазақ прозасында алғаш рет табиғи сіңістіріп, тіліміздің өз зандаудығына айналдырып жіберді. Жазушының тіл оралымы тосын, көзге қызындау көрінетіні, көркем әдебиет оқуға дағыланбаған адамға кей ретте ауырлау тиетіні осындай сонылығына байланысты.

Қаламгер халық аузынан шығып, ауыз әдебиетінде жалғасын тапқан даналық сөздерді «Абай жолы» эпопеясында мейлінше кеңінен қолданды. Бұл кездейсоқ емес. Тегінде, халық өкілдерін сөйлетуге шебер Өуезов бұл шығармасында драмаларындағы шешендік дәстурді асқан тапқырлықпен жалғастырған.

Сөзді, сөйлеуді шешен құру шығармада түрліше тәсілдер арқылы жүзеге асады. Өмірдегіні өз күйінде көрсету, көрсетіп қана қоймай, оны басқа біреу байқай бермейтін қырынан сезіндіру – М.Әуезов тәсіліне тән құбылыс.

Егер Өуезов өзінен бұрынғы әдебиетке місі тұттай қараған болса, онда туған өнерін жаңа биікке көтерудің орнына өзі де құрдымға құлаған болар еді. Барды бағалай білетін байыптылық қана оны асқар таудың басына алып шықты...

(Рахманқұл Бердібай)



3. Мәтін нормаларын (мәтін құрылымы, азатжол, мәтін бөліктері, тақырып) сақтап, тәмендегі суреттер бойынша шешендік сөз не әңгіме құрастырындар.



4. Жұптарыңың жазған шешендік сөзі мен әңгімесіне рецензия дайындандар.
5. «Сыр толғау» әдісі арқылы өздеріңе ұнаған шешендік сөз бойынша кейіпкерге хат жазындар.
6. Білім, өнер, достық, жолдастық тақырыбына шешендік сөз, өлең құрастырындар.

VII

БӨЛІМ

ТАБИҒАТ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯ

ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР

Бұл бөлімде сөндер:

- табиғатты аялау, табиғат музейлері, «Жасыл ел» бағдарламасы, экология мәселелері туралы ақпараттармен танысасындар;
- адам мен табиғат арасындағы байланыс, түрмисстық қалдықтар мәселесі туралы пікір алмасасындар;
- айтыс пен сынни пікірдің өзіндік ерекшелігі туралы білесіндер;
- табиғатқа байланысты шешендік сөздердің идеясын анықтап, мағынасын ажыратасындар.
- көркемдегіш құралдарды пайдаланып, табиғат тақырыбында шығармашылық бағыттағы тапсырмалармен жұмыс жасайсындар.

Біз табиғаттың өзін қайта тұлететін ұрпақпыз. Жер, су, ауа – адам баласына мұра болып келе жатқан мол қазына...
Әрбір ағашты, әрбір бұтақты, жалғыз дәнді де ыждағаттылықпен сақтау, қамқор болу – басты міндеттің бірі.

Ыбырай Жақаев

§1.

Табиғат – тіршілік көзі



1. Суреттерге қарап, тақырыпқа болжам жасаңдар.



2. Мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтаңдар. Мәтінде көтерілген мәселе-
леке сынни түрғыда баға беріңдер.

Ақ шырақ! Жырлайын сені жақсылап

Алматыға алғаш табанымыз тигенде, қалың өскен ағашқа
қайран қалатын едік.

Байзақов көшесінен енді салынып жатқан КазГУ қала-
шығына дейін аққайың арасымен жүргенде, санамызға
өз-өзінен өлең құйылатын... Сөз арасында айта кетсек, ақын
өлеңдерінің ішінде ұшырасатын «жапырақ жүрек жас
қайыңға», «аршалар мен шыршаларға» қарағанда, біз үшін
бозқараған анағұрлым биікте тұратын...

Алматыға келмей тұрғанда, осы қалада институт бітірген
Клара апамыздың студенттік қоштасу альбомын қарайтын-
быз. Табақтай қос беттегі қарт профессорлар мен диплом
алған жастардың бармақтай суреттері емес, ақ бас тау мен
биік теректер өспеттеген Алматы келбеті ынтықтырған.

Иә, дәуулер жазу жазатын қарындаштай тым биік теректер
шаһарға кіре беріс жолдың бойында өседі екен.

Тұptеп келгенде, алып қалада алғаш қарсы алған көк терек те, көше кезген ақындардың жырларынан жиі ұшырасатын аққайың да емес, Алматыдағы ең жақсы көретін ағашымыз басқа болып шықты. Қайсы? Панфиловшылар паркіндегі саясында сансыз сыр сақталған қарт емендер ме?

...Майдангер ақын Жұмағали Саинге тиесілі шеткі көшениң жол аралығына қатар егіліп, күзде бармақтай қызыл жемістері домалап жататын долана ма?

Желтоқсан көшесінен өрлең, Тимирязев көшесіне бұрылар тұстағы қатарласа өскен қалың мойыл ма? Бала кезімізде мойылдың жемістері күзде уылжып піскенде, уыстап асайтын едік. Көп жесен, тісіңді қарман қалатын қасиеті бар...

Әлде Желтоқсан көшесінің қарсы бетіндегі жөке ағаштары ма? Ол гүл шашқанда үймелейтін қалың араны айтсаңшы! Гүлінің күлтесін салып ішкен шайдың дәмін айтсаңшы! ..

(*Қайнар Олжай*)



Сын айту – ойлаудың биік шыны

Жеке сынни көзқарасты қалыптастыру үшін оқу керек, іздену көрек. Білім алу, танымды кеңейту арқылы ғана сын айта аламыз. Сын айтуды қарапайым пікір білдіруден бастасақ болады. Пікір білдіру арқылы сынни көзқарас қалыптасады.

Ұлы ғалым Ахмет Байтұрсынұлының сынға берген анықтамасымен танысадық. «Сын деп адам ісінен шыққан нәрсені тексеріп, баға беруді айтамыз. Сынға салынатын нәрсе көп адам күшімен, ісімен жасалған мемлекет сияқты ұлы нәрсе болуы да ықтимал. Жалғыз адам жасаған ұсақ нәрсе болуы да ықтимал. Адамның қай ісінен шыққан нәрсе болса да, сынға салудағы мақсат – жақсы-жамандығын ашу, мән-мағынасын анық таныту. Ғылым тарапынан шыққан нәрсе болса – ғылым жүйесіне дұрыс-терісін көрсету. Өнер тарапынан шыққан нәрсе болса – мақсатқа сәйкес келген-келмегенін көрсету. Қесіптен өнген нәрсе болса – тіршілікке жайлыш-жайсыздығын көрсету. Қоғамшылықпен құралған нәрсе болса – адам қалпына қолайлы келу-келмеуін көрсету. Сөйтіп, адам ісінен шыққан нәрсенің түрлісі түрлі мақсатпен сынға түседі.

Әдебиет адам ісінің бір түрінен шыққан нәрсе болғандықтан, бұдада сынға түспек. Шығармалардың түсетін сынының жалпы аты «әдебиет сыны» деп айтылады», – деп көрсетеді А.Байтұрсынұлы.



- 3.** Графиктік мәтіндегі (кесте) мәліметтерді тұтас мәтін түрінде оқындар. Мәтін мазмұнына сәйкес 4 сұрақ құрастырындар.

Тоқылдақ – орман санитары



Тоқылдақ			
Дене түркі	Түрлері	Қорегі	Пайдасы
Денесі шағын. Салмағы 360 граммнан аспайды. Үшкір тұмсығы оте мықты. Саусақтары қысқа. Тырнақтары имек, өткір. Құйрыққауырсындары қатты. Ағашқа жабысып тұрғанда, құйрығын таянып етеді.	Дүниежүзінде 200-ден астам, Қазақстанда 8 түрі кездеседі. Ең көп кездесетін түрлері – қара тоқылдақ, шұбар тоқылдақ және кіші тоқылдақ.	Өткір тұмсығымен ағаштың қабығын тесіп, зиянды құрт-құмырсқа мен олардың дернәсілдерін алып жейді. Қыста жеміс ағаштарының жаңғақтарымен, дәндерімен тамақтанады.	Орман шаруашылығына көп пайдасын тигізеді. Мысалы, қара тоқылдақ бір күнде қоңыздың 900 дернәсілін немесе 1000 құмырсқаны жеп қояды екен.

(Бақыт Бұқарбек)



- 4.** Өздерің ізденіп, алғашқы оқылым мәтінінде аталған ағаштар туралы поэзия жинақтарынан өлең үзінділерін жазып алып, жаттаңдар.



- 5.** Көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, табигат тақырыбында «әдемі» сөзімен өлең құрастырындар. Жұптарыңың өлеңіне сын айтып, өнер тарарапынан шыққан нәрсенің мақсатқа сәйкес келген-келмегенін көрсетіндер.

... әдемі,
... әдемі.

... әдемі,
... әдемі!



- 6.** Графиктік мәтіндегі деректерді толықтырып, түжырым жасаңдар. Мәтін нормаларын сақтап, мәтін құрастырындар.



- 7.** Елбасының ойын жалғастырып, сипаттамалық не аргументті әссе жазыңдар.

Біздің еліміздің, жеріміздің көркін арттыру үшін орман егуіміз керек. Жеріміз көп, даламыз кең болғанымен, дүниедегі жалпы ауқымына шаққанда, орманы ең аз ел – біздің ел. Басқа мемлекеттерде бір ағашты кессе, екі ағаш отырғызады. Қазір заң бойынша, біз оны қабылдадық. Елге орманды көп еgetін болсақ, халықтың денсаулығына, ауаның тазалығына, тек өз еліміздің ғана емес, күллі дүниежүзінің экологиясын жақсартуға қосқан үлесіміз болып саналады.

(Нұрсұлтан Назарбаев)

§2.

Табиғатты аялау – халық даналығында



- Мәтінді түсініп оқып, «SWOT-талдау» әдісі арқылы мәселенің жағымды және жағымсыз жақтарына сараптама жасаңдар.

Құшті жақтары	Әлсіз жақтары	Мүмкіндіктер	Қауіптер

Жер-Ана туралы мысал

Ертеде Жер кіршіксіз таза болған. Ол шексіз мейірімді өрі жайдары еді. Ол жануарлар өлемінің үйірлері, табындары мен отарларына пана болды, оларға азық берді, ал олар Жердің көркемдігі мен тазалығын сақтап, оған үқыпты қарады.

Күндердің бір күнінде Тәңірадам пайда болды. Ол құдіретті, зор өрі сымбатты болды. Ол күлгенде, онымен бірге Күн де күлетін, ол қамыққанда онымен бірге Ай да қайғыға бататын, ол өн айтқанда, аспан мен жел оған қосылып өн шырқайтын, сондықтан Жер оған ғашық болды. Ол да Жерге ғашық болды, оның ұлылығы мен кеңдігіне, мейірімділігі мен көркемдігіне, асқақтығы мен тазалығына ғашық болды.

Уақыт өте келе олар балалы болды. Сәбилер өсіп, айбаттанып, өздері нәресте сүйді, бірақ әрбір жаңа үрпақ оларға өмір сыйлаған ұлы махаббаттан алыстай берді.

Жер-Ана олар үшін өмір сүрудің, байлықтың қайнар көзіне айналды, олар оның кім екенін де ұмытты, ал Тәңірадам олар үшін бірі сеніп, бірі сенбейтін аңызға айналды.

Олар өздерінің қажеттіліктері үшін жер жыртып, егін егіп, Жердің бастапқы тазалығын құртатын көп мөлшердегі қалдықтар тастады. Тамақ іздеп, Жердің мәпелеп өсірген жануарларын аяусыз қырды. Содан соң алтын және басқа да қазба байлықтарды іздеп, Жер-Ананың денесін ойып, ұлken шұңқырлар қазып, шөл мен шөлейттерді қалдырыды. Бірақ бұл да аз болды, олар өздері сияқтылардың көзін құрту үшін қуатты қаруларды сынақтан өткізіп, жарылыстар жасады.

Ал Жер-Ана осының бәріне шыдады, ол адамдар бір күні естерін жияды деп, өзінің оларға өмір сыйлағанын, олар ұлы махаббаттың перзенттері екенін еске түсіреді деп, адамдар оған

сүйікті, таза болуға құқық береді деп сенді, бір кезде өзін сеніп тапсырған Тәңірадамның лайықты ұл-қыздары болады деп үміттенді, күтті. Еш нәтиже болмаған соң, ол өзін адамдардың естеріне саламын деп шешіп, барлық төзімнің шегі барын ескертіп, өз күшін көрсетті. Бірақ өзара соғыстарға белшесінен батқан, алтынның зыңылынан керен болған, сараңдықтан көздерін қараңғылық басқан адамдар адамдықтың биігінен төмендеп, әрі қарай өмір сүре берді.

Сонда Жер-Ана бойынан барлық қаһарын шығарып, ұлкен толқынымен өзін қорлық пен зәбірден шайып, адам болуды қойғандардың өшпенделіктегі мен ызаларынан тазартты, ал Тәңірадам адамдардан сырт айналып, жай Тәңір болды.

Егер адамзат Жерге қайырымды болып, нағыз сүйіспен-шілігін көрсете алмаса, Тәңірадамның адамға деген шынайы сенімін қайтара алмаса, Жер-Ана мен Тәңірадамның махаббат дастаны, адамзат өркениетінің пайда болуы мен қалыптасу тарихы осылайша өкінішті аяқталуы мүмкін.

(Төлеген Мұхамеджанов)



2. Мәтінді түсініп оқындар. Мәтінде көтерілген мәселеге талқылау сұрақтарын құрастырындар, сынни түрғыда баға беріндер.

Қарлығаш әулие

Жоңғар басқыншылары өрттей қаптап, қазақ жерін таптап келе жатады. Қамсыз малын бағып отырған ел тым-тырақай босып, үдере көшеді. Сонда жалғыз-ақ бір үй түтінін түтетіп отыра береді.

Жоңғар қонтайшысы батырларын жұмсал:

– Анау жалғыз үй неғып көшпей отыр, барып біліп келіндер! – дейді.

Ол Төле бидің үйі екен... Жоңғар өскеріне Төле би:

– Шаңырағыма қарлығаш ұя салып еді. Сол құс қашан сарыауыз балапандарын қанаттандырып, өргізіп кеткеніше, мен ешқайда көшпеймін. Қарлығаш – қасиетті құс, адам баласының досы. Сендер білесіндер ме? Ертеде дүниежүзін топан су қаптағанда Нұқ пайғамбардың кемесін суға батудан аман алып қалған – осы қарлығаш. Адам баласына қастандық жасамақ болған жыланнан да қорғап қалған – осы қарлығаш. Жау келді деп, үйімді жығып, оның ұясын бұзып, балапандарын шырылдатар жайым жоқ! Сендердің де

бала-шағаларыңды улатып-шулатып қырып, қырғын-сүргін қылып жатса, жақсы көресіндер ме?! Хандарыңа осы сөзімді айтып барыңдар! – дейді.

Жоңғар жігіттері барып Төле бидің осы сөзін айтса, қонтайшысы:

– Ол өулие адам екен, оған тимендер, оның төңірегіндегі елін де қозғамаңдар! – депті.

Содан байлай қарай Төле би «Қарлығаш өулие» атанып кетіпти.

(«Қазақтың би-шешендері» жинағынан)



3. «Қарлығаш өулие» шешендік сөзін құрылымына қарай талдаңдар.

Шешендік сөз	
Кіріспе	
Негізгі бөлім	
Корытынды	



4. Көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, берілген тақырыптардың бірін таңдап, шығармашылық жұмыс (өлең, әңгіме не шығарма) жазыңдар.
1. Егер мен суретші болсам...
 2. Егер мен ақын болсам...



Сыни пікірдің өзіндік ерекшелігі

Сыни пікір – көркем шығарма, мақала, ғылыми-зерттеу жұмысы, монография, эссе және т.б. жазылған сыни шолу, сараптамалық пікір.

Сыни пікірдің құрылымы:

1. Еңбектің авторы, тақырыбы, көлемі т.б. туралы мәлімет.
2. Жұмыстың қысқаша мазмұны, өзектілігі.
3. Сыни пікір берушінің жұмыстың құрылымын, баяндау стилін, дәлдігін, автор шеберлігін т.б. бағалау.
4. Сыни талдау, яғни жұмыстың құрылымын, баяндау стилін, дәлдігін, автор шеберлігін т.б. бағалау.
5. Жұмыстың артықшылықтары мен кемшіліктерін көрсету.
6. Жұмысты бағалау, ұсыну т.б.
7. Сыни пікір берушінің аты-жөні, лауазымы.



5. Берілген ұлгіні негізге алып, жүптарыңың жазған шығарма-шылық жұмысына сыни пікір жазыңдар.

Алматы қаласы №17 мектептің 11-сынып оқушысы Манапова Жұлдыздың «Асыл тас атауларының танымдық сипаты» мақаласына

СЫНИ ПІКІР

Мақала қазақ тіліндегі айрықша лексикалық топ – асыл тас атауларының танымдық сипатын ашуға арналған. Мақалада қазақ халқының естетикалық талғамы, дүниетанымы, біз білетін және білмейтін атаулардың тілдік табиғаты туралы қызық материалдар бар.

Жұмыс кіріспе, негізгі бөлім және қорытындыдан тұрады. Кіріспеде халқымыздың естетикалық талғамы туралы жазылған шығармаларға, дереккөздерге шолу жасалады. Негізгі бөлімде көптеген асыл тас атауларының этимологиясына байыпты талдау жасалған, оны дәлелдейтін мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер сараланған. Қорытындыда асыл тас атаулары халқымыздың тарихи-мәдени, естетикалық, өркениеттік құндылықтарынан ақпарат беретін тілдік бірлік ретінде анықталды.

Мақаланың тілі жатық, мәселені талдауда автордың ғылыми-көпшілік стильді орынды қолданғаны байқалады.

Жұмыстың артықшылығы: асыл тас атауларына байланысты аталымдарды, фразеологизмдерді, антропонимдерді жинақтап, топтастырған, өзіндік пайымдаулар жасаған.

Десе де мақалада әшекей бүйім атаулары мен асыл тас атаулары арапасып кеткен. Мысалы: шашбау, түйме, қын т.б. әшекей бүйімдарын асыл тас атауларына жатқызуға болmas.

Қорыта айтқанда, 11-сынып оқушысы Манапова Жұлдыздың «Асыл тас атауларының танымдық сипаты» мақаласы – өзекті мәселеңі көтерген, оқушының ізденүшілік қабілетін танытатын жұмыс. Жоғарыда аталған ескертулерді жөндеп, баспаға ұсынуға болады.

Сыни пікір беруші:

№85 мектептің педагог-сарапшысы
Н.Дүсіпова



Табиғат құбылыстарына қатысты тыйым сөздер

- Ауыл жанындағы суда жүрген құсты атуға, үркітуге болмайды. Балапан шығарған құсты атпайды.
- Далада, жолда түрған жалғыз ағашты кеспейді. Ол қыста белгі, жазда пана ретінде сақталған.
- Буаз және төл ерткен аңдарды атпайды.
- Жаңа өсіп келе жатқан көкті жүлмайды. «Көктей солғыр» деген қарғыс осындаидан шыққан.
- Құдыққа түкірмейді, маңайын ластамайды.
- Құмырсқаның илеуін, құстың ұясын бұзбайды.



6. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. Берілген сөйлемдерді аяқтаңдар. Мәтін құрылымын сақтай отырып, тұтас мәтінге айналдырыңдар.

Дана халқымыз табиғатты сақтай білген ...

Табиғатты ластанудан қорғау үшін ... ұсынамын.

Мениң табиғатты көркейтуге қосар үлесім ...

Экологиялық тәрбиені қалыптастырудың жолдары ...

Табиғатты аялайық! Өйткені ...

2. Мақалдарды жалғастырыңдар. Мақалдарды және жоғарыдағы тыйым сөздерді негізге алып, хабарламалық эссе жазыңдар.

- Ер – елдің көркі, орман-тоғай ...
- Бір тал кессең, ...
- Дәрі ..., дана көптен шығады.
- Қорада малың болсын, көшеде ...
- Атаңнан мал қалғанша, ...
- Бұлақ көрсөң, ...
- Сулы жер құрақсыз болмас, таулы жер ...
- Жылап жүріп арық қазсаң, ...

§3.

«Жасыл ел» бағдарламасы



- Суреттер бойынша тақырыпқа болжам жасап, өз ойларыңмен бөлісіндер.



- Аудиожазбадан (12. mp3) «Жасыл ел – жастар тірегі» мәтінін мұқият тыңдаңдар. Мәтінде көтерілген мәселеге байланысты талқылау сұрақтарын құрастырып, сини түрғыда баға беріндер.



- Мәтінді оқындар. Еліміздегі жер-су атауларына байланысты қандай азыздарды білесіндер? Берілген мәліметті толықтырындар.

Жұмбақтас

Есте жоқ ерте заманда бір бай өмір сүріпті. Байдың бірнеше ұлы мен жалғыз қызы болыпты. Қызы асқан сұлу, мейірімді жөне ат құлағында ойнайтын шабандоз екен. Сұлу қызға құда түсуге, негізінен, байлар мен билер ғана келетін. Өзгелері баймен құда болуға жасқанатын.

Бір күндері көрші елдің ханы қызға құда түспекші болады. Олар жолда кетіп бара жатқанда, жабы ат мінген бір жігіт оларды басып озады. Қасында ерткен нөкерлері бар тәқаппар хан жалғыз жігітті көзіне де ілмейді. Өншейін жүрген көп жолаушының бірі деп ойлайды.

Жігіт те сұлуды көруге құштар. Ханнан бұрынырақ барып, қызды көруге асығулы болатын. Жас жігіт жарлы болғанымен, құміс көмей әнші әрі домбыраның құлағында ойнайтын дәүлескер күйші еді. Байдың қызы кедей жігітті бір көргеннен ұнатып қалады.

Қыздың әкесі кедей жігіттің өнерлі екендігін білсе де, оны менсінбейді. Тіпті үй маңына да жолатпайды. Бірін-бірі жүрекпен ұғысқан екі жас қашып кетуге уәделеседі. Сөйтіп, қыздың ақылымен ең жүйрік екі тұлпарды таңдал мініп, түн ішінде ауылдан қашып шығады. Олар таң атқанша жол жүреді. Қөгілдір Қекшетау жеріне жетеді. Бурабай көліне тоқтағанда, қыздың ағалары екі жасты тауып алады. Бұл кезде әнші жігіт ғашығымен бірге көл бетінде сейіл құру үшін қайық жасап бітірген болатын. Олар қайықпен көлге түскен кезде, байдың қаныпазер ұлдары екі жасты садақпен көзденеп ата бастайды. Зуылдан ұшқан жебенің біреуі кедей жігіттің жүрегіне келіп қадалады.

Қызы Аллаға жалбарынып, қайықпен қоса жігіт екеуінің тасқа айналуын сұрайды. Тәңірі қыздың тілеуін қабыл етіп, тасқа айналдырады. Осылайша Бурабай көлінде Жұмбақтас жартасы пайда болады.

Жұмбақтас жартасы туралы бұл аңыз – Қекшетау хақындағы көптеген аңыздың бірі ғана, – деді Елімайдың атасы аңыз-әңгімесін аяқтап.

– Фибраты мол оқиға, – деді кішкентай Елімай таңданысын жасырмай.

– Бұл гажап өлкені «қазақтың Швейцариясы» деп атайды, – деді атасы тағы бір әңгіменің шетін шығарып. – Қазақтың небір дүлдүл ақындары мен атақты композиторлары Қекшетау жайлы өлеңдер мен әндер жазған.

(Толымбек Әбдірайым)



- 4.** Графиктік мәтіндегі мәліметтерге сүйене отырып, деректерді салыстырыңдар. Маңызды тұстарын талдал жазыңдар.

1 текше метр	Карағай	36 тонна шаң ұстайды
	Емен	56 тонна шаң ұстайды
	Қатты ағаш (бук)	63 тонна шаң ұстайды
Бактериялар	Орманды жерде	490 бактерия бар
	Қалалы жерде	36000 бактерия болады

(«Қазақ әдебиеті» газетінен)



Пікірталас шыны – айтыс

Пікірталастың бір түрі – айтыс. Сонау көне замандардан бері қарай жалғасып келе жатқан айтыс – ой жарысының, сөз додасының мейлінше көркем де күрделі түрі. Пікірталастың бір түрі болғандықтан, оған тән жалпы заңдылықтар айтыста да сақталады. Мысалы, қарсыластың пікірін жоққа шығарып, өз пікірінің дұрыстығына көз жеткізу, өзіндік көзқарастарын қорғау, қарсыласын сынау, сөз орамдарын қорғаныс құралы ретінде тиімді пайдалану, үтқыр ой мен өткір тілді қолдану шеберлігіне үмтүлу т.б.

Айтыскерлер – тыңдаушылардың, қалың қауымның көкейіндегі ойды жеткізуі ел өкілдері. Олардың аузымен қоғамда қалыптасқан пікірлер ашық айтылады. Негізгі түйіні – өмір шындығы.

Бетпе-бет келген екі ақын женудің сан алуан жолдарын, амал-тәсілдерін қарастырады. Суырыпсалма өнерпаз айтыста сөз таппағаннан емес, аталы сөз берін жүйелі ойдан, бұлтартпас шындықтан женіледі.

Айтыстың мақсаты – елдіктің, бірліктің қамын жеу, жақсылықтар мен қол жеткен табыстарды паш ету, кемшиліктер мен олқылықтарды сынап, ескерту жасау. Мұның өзі айтыстың халық қолына қару етіп ұстаған жауынгер жаңр екендігін көрсетеді.

Айтыс сыртқы көлеміне, түр ерекшелігіне қарай екіге бөлінеді: 1) түре айтыс; 2) сүре айтыс. Түре айтыс – бір-бір ауыз өлеңмен қысқа, шапшаң жауаптасып отыратын, жалпы көшілік қолданатын айтыс. Сүре айтыс – өлеңге әбден төсөлген, ысылған нағыз ақындардың ұзақ сөйлеп, көп жыр төгіп, көсіле жырлайтын түрі.

«Айтыс – еріккеннің ермегі емес, биік өнер. Ол сөз берін ойдаң, тапқырлықтың шыны. Соңдықтан да айтыскерге терең білім, үлкен даярлық керек. Ақын тарихты зерделейді. Қоғамдық ой қалыптастырады. Ата сөзін жинайды. Шежіре ақтарады. Қазіргі ақындар осы үрдісті одан әрі дамытып, халықтық мәселелерді көтеруді айтыстың ажырамас бөлігіне айналдырды» (Мырзатай Жолдасбеков).



5. Екі топқа бөлініп, табиғат пен адамның айтысын (түре айтыс) ұйымдастырындар. Қазіргі айтыстарда экология мен табиғат мәселелері қозғала ма? Айтыстан мысал келтіре отырып дәлелдендер.



6. Айтыс үзінділері мен авторларын сәйкестендіріндер.

Оразалы		Кай заманда қазақтың қоймасына Қазіргідей алтын мен күміс толды? Кай заманда қазақтың қазанына Қазіргідей құт бітіп, ырыс толды?
Айнұр		Құлмамбеттен қалған құлышымын, Халықтың өзі баптаған.
Мұхамеджан		Төуелсіздік құрдасы мен боламын, Басына қонып тұрған құсы құтты.
Дидар		Төрде отыр қазақ тілін керек қылмай Өзге тілдің қаламын ұштағандар. Қысқартуға ең бірінші ілінсе екен Қазақ тілге тілдері қысқа адамдар.
Жандарбек		Жалқаулық жаратқанға ұнамайды, Қамсыз қазақ қартайтқан ұлы Абайды. Балақ түріп, қарекет қылғандардың Бақ келіп, есігінен сығалайды.



7. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. «Қазақстанның Швейцариясы» тақырыбында сипаттамалық эссе жазындар.
2. «Қазіргі айтыс» жинағынан (құрастырушылар: И.Нұрахметұлы, С.Дүйсенғазин. – Астана: «Құлтегін» баспасы, 2004) ақындардың Жер-Ана, туған жер, табигат тақырыбын көтерген айтыстарынан үзінділер жазындар. Өздерің де ақындарша ой толғап, экология туралы 3–4 шумақ өлең шығарындар немесе өз ойларынды 8–10 сөйлеммен қорыттындыланадар.

§4.

Экология және табиғаттың қорғау. Қоқыс – ғасыр мәселесі



1. Сұрақтарға жауап бере отырып, ойларыңды ортаға салындар.

1. Адам мен табиғаттың өзара қарым-қатынасы қандай?
2. Елімізде, өздерің тұратын аймақта қандай экологиялық мәселелер бар?
3. Адамның тіршілік өрекеті қоршаған ортаға қауіп төндіре ме? Қоқыс мәселесін қалай шешуге болады деп ойлай-сындар?
4. «Планетадағы тіршілікті қорғау – бүкіл адамзаттың парызы» деген пікірге қосыласындар ма?



2. Мақаланы оқындар. Мәтінде көтерілген мәселеге сынни түрғыда баға беріп, пікір алмасындар.

Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру

Қанымызға сіңген көптеген дағдылар мен таптаурын болған қасаң қағидаларды өзгертпейінше, біздің толыққанды жаңғыруымыз мүмкін емес.

Төл тарихымызға, бабаларымыздың өмір салтына бір сөт үңіліп көрсек, шынайы pragmatizmniң талай жарқын ұлгілерін табуға болады.

Халқымыз ғасырлар бойы тұған жердің табиғатын көздің қарашығындағы сақтап, оның байлығын үнемді өрі орынды жұмсайтын тенденсі жоқ экологиялық өмір салтын ұстанып келді. Откен ғасырдың ортасында, небәрі бірнеше жыл ішінде, миллиондаған гектар даламыз аяусыз жыртылды. Бағзы замандардан бері үрпақтан үрпаққа жалғасып келген ұлттық pragmatism санаулы жылда адам танымастай өзгеріп, астартек ысырапшылдыққа ұласты. Соның кесірінен Жер-Ана жаратылғаннан бері шөбінің басы тұлпарлардың тұяғымен ғана тапталған даланың барлық құнары құрдымға кетті. Түгін тартсаң, майы шығатын мындаған гектар миялды жерлеріміз экологиялық апат аймақтарына, Арал теңізі қаңқасы кепкен қу медиен шөлге айналды. Осының бәрі – жерге аса немқұрайды қараудың ащы мысалы.

Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымыздың бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек.

Прагматизм – өзінің ұлттық және жеке байлығынды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағынды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердендікке жол бермеу деген сөз. Қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі – орынсыз сән-салтанат емес. Қерінше, ұстамдылық, қанағатшылдық пен қарапайымдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану көргенділікті көрсетеді.

Нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби түрғыдан жетілуге басымдық берे отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану – мінез-құлықтың прагматизмі деген – осы.

(Нұрсұлтан Назарбаевтың
«Болашаққа бағдар: рухани
жаңғыру» атты мақаласынан)



3. Берілген мәліметтерге сүйеніп, экологиялық мәселелерді шешу жолдарын ұсынып, мәтін жазындар.

Фалымдар өзен түбін зерттеген. Оның 5 км бөлігінің түбінде ондаған, тіпті жүздеген темір, құбыр, шелек пен шәйнек, таба мен үтік, сынған бөтелкө мен қалбыр т.б. қоқыстар бары анықталған. Жүз жылда да шірімейтін қоқыс Жер бетін басып қалса, не болмақ?

Реті	Қалдық түрлері	Шіру мерзімі
1.	Қағаз, картон	2–10 жыл
2.	Консерві қалбыры	Шамамен 90 жыл
3.	Полиэтилен пакет	Шамамен 200 жыл
4.	Пластмасса	Шамамен 500 жыл
5.	Әйнек	Шамамен 1000 жыл



4. Аудиожазбадан (13. тр3) Қалқаман Сариннің «Тербеліп тіршілік тің бесігі» өлеңін тыңдалап, талқылау сұрақтарын құрастырындар, сыни түрғыда баға беріңдер.



5. Мәтінді оқындар. Диаграммадағы мәліметтерді салыстыра отырып талдаң, негізгі үрдістерді анықтаңдар.


Қатты тұрмыстық қалдықтарды игеру – Н.Назарбаевтың 2013 жылы мәлімдеген «жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасындағы басты тармақтардың бірі.

Үкімет 2030 жылға дейін қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өндіреү үлесін 40%-ке жеткізбек. Осы салада тәртіп енгізуге жауапты Энергетика министрлігі бұл міндетті уақытынан ертерек, яғни екі-үш жыл бұрын орындағынын мәлімдеді.

Энергетика министрлігінің 2018 жылғы дерегі бойынша, 3,5 мыңдан астам полигонның көбі санитарлық-экологиялық нормаларға сай келмеген. Қоқыс орындарының көбі құжатпен заңдастырылмаған. Дегенмен де жағдайдың өзгеріп жатқанын, кейбір қалаларда тұрмыстық қалдықтарды сұрыптаپ жинау жүйесінің енгізілгенін, ал 130-дан астам көсіпорынның қатты тұрмыстық қалдықтарды сұрыптап, қайта өндіртінін айтады.

Қазақстанда 2017 жылы қоқыстың 10%-і ғана қайта өнделген. Өзге елдерде ше? Диаграммаға назар аударайық.

Қоқысты қәдеге жарату



(Санат Орын Әлидің
«Қазақстанда қоқысты қәдеге жарату
мәселесі неге шешілмей отыр?» мақаласынан)



- 6.** Суретке қарап, топтық тапсырмаларды орындаңдар. Өз ойларыңды 10 сөйлеммен қорытындылаңдар.

1-топ. Адам әрекетінің салдарынан табиғат, табиғат ресурстары қандай өзгеріске ұшырайтыны туралы пікір алмасындар.

2-топ. Экологиялық апат аймағындағы қоршаған ортаның ластаниның тіршілікке зияны туралы өз ойларыңды айтындар.

3-топ. Қазіргі кезде адам баласының қоршаған ортаның жағдайына алаңдау себебі туралы ой бөлісіндер.



- 7.** «Егер табиғатқа тіл бітсе...» тақырыбында шығармашылық жұмыстың бі түрін (өлең, әңгіме) орындаңдар.



- 8.** Шоқан Уәлихановтың пікірін жалғастырып, шығарма жазындар.

Сұлулықты, көркемдікті түсіне білудің өзі – үлкен эстетикалық тәрбие күші. Үшқан құс, жүгірген аң, өзен-көл, тау-тас, өсімдіктер дүниесі – бәрі де адамға ләззат береді. Ес білгеннен бастап ата-анасының, үлкендердің өне бойы айтып отыратын өситеттерімен тәрбиеленген үрпақ өзі де табиғатқа нұқсан келтірмейді және өзгеге жол бермейді.

(Шоқан Уәлиханов)

§5.

Шешендік – ақылмен билеу өнері



1. Мәтінді түсініп оқындар. Сырымның тапқырлығы мен шешендігіне «Қосжазба күнделігі» өдісі арқылы баға беріндер.

Мәтіндегі маған әсер еткен үзінді	Сол үзінді туралы өз пікірім

Сырым батыр

Сырым батыр елден сырғып, Хиуа хандығында жұрсе, бір той үстінде мақтанған Хиуа ханы оған:

– Қазақта ас-мас, жігіт-мігіт, атмат деген жалғама сөздер көп көрінеді, солардың мәнісі неде? – деп сұрайды.

– Сұрағыңызға тойдан кейін жауап берейін, – дейді Сырым батыр.

Тойда Сырымның аты бәйгеден келді. Жолдасы балуан күресінде жылып, жүлде алады. Той бітіп, жұрттарқар алдында Сырым ханның бағанағы сұрағына былай деп жауап қайырады:

– Бізде той жасағанда жұртқа қой сойып, қүйрық; жылқы сойып, қазы тартады. Сусынға қымызы береді. Соны «ас» дейді. Ал мынадай тас табаққа салып тартқан шөп-шалам мен сусынға берген шайды «мас» дейді. Сәйгүлікті сынайтын жарыста озып келген жүйрікті «ат» дейді, артында қалған тұғырды «мат» дейді. Алқа топтың алдында күресіп, алып үрган ерді «жігіт» дейді, жер қауып жығылған еркекті «мігіт» дейді. Қазақтың «ас-мас», «ат-мат», «жігіт-мігіт» дейтін сөздердің мағынасы – осы, хан.

(«Сөз тапқанга қолқа жоқ» кітабынан)





2. Шешендік сөзді түсініп оқындар. Негізгі идеяны анықтаңдар.

Бұлақ көрсөн, көзін аш

Бәйдібек би:

– Бұлақ көрсөң, көзін аш, құдық көрсөң, шегенде, оның басына тал ек, – дейді екен. Малын өргізіп жайылым іздеген ауылдастарына:

– Қыстау, қорған салындар. Оны тастан кетпендер. Оған айналып соғып, қыс қыстап, жаз жайлап жүріңдер. Аттың түяғы жеткен жер бекер қалмасын. Төбе басына оба үйіп, қада қағып, белгі тастан отырындар, – деп өсиет айтатын болыпты. Бәйдібек бабаның осы өсиеті бекер емес екен.

Бір жолы монғол ма, жонғар ма, әйтеуір бір елмен шекарада мал жайылымына талас туыпты. Сонда екі елдің ел басы, билері орталарынан кісі шығарып, шекараны анықтау үшін жүріп отырып: «Мынау бұлақ кімдікі, мынау құдықты кім қазған, талды кім отырғызған?» – десе, Бәйдібек ауылының адамдарынікі болып шыға беріпті. «Мынау обаны кім үйген, мынау қаданы кім қаққан?» – десе де, Бәйдібек адамдары ие бола беріпті.

Айдан анық, тайға таңба басқандай белгі-дәлелдерін көріп, даукас елдің амалы құрыпты. Қенбеске амалы қанша, сол «Бәйдібек қыстауы», «Бәйдібек ауылының жайлауы», «Бәйдібек құдығы», «Бәйдібек бұлағы», «Бәйдібек талы» деген жерлерден шекара сызығы тартылып, екі ел шекарасы белгіленіп, жер дауы шешімін тауыпты деседі ел.

«Атаның ат түяғы жеткен жер – балаға мирас» деген – осы.
(«Қазақтың би-шешендері» жинағынан)



3. Мәтінді оқындар. Өз пікірлерінді кестеге жазындар.

Маган ұнаган үзінді	Менің пікірім	Өмірден мысал келтіру арқылы дәлелдеу

Табиғат-Ана

Табиғат-Ананың Жер, Су, Ағаш деген үш ұлы болыпты. Олар өте ақылды, мейірімді екен. Табиғат-Ана бір күні ұлдарын шақырып алғып:

– Адамдарға көп қызмет еткен ұлымға үлкен сый тартамын, – деп уәде береді.

Сонда ұлдары анасының айтқанына қуана келісіп, адамдарға жақсылық жасауға жолға шығыпты. Үшеуі үш жаққа кетіп, адамдарға көп игілікті істер жасапты. Құндердің күнінде үшеуі еліне қайтып оралғанда, аналарының бұрынғыдан да бетер көріктене түскенін көрген ұлдары:

– Апаратай, сіз қандай керемет күйге түскенсіз, мұның сыры неде? – деп сұрайды. Сонда Табиғат-Ана:

– Аяулы ұлдарым менің, бұның сыры – сендердің адамзатқа жасаған қайырымдылықтарында, – деп жауап береді. Содан бері Жер, Су, Ағаш аналарының сұлулығын сақтап қалу үшін, адамдарға адал қызмет етүмен келеді екен.

(А.Мырзагұлова)



4. Өздерің қалаған шешендік сөзге талдау жасаңдар.

Шешендік сөз	
Тақырыбы мен идеясы	
Жанрлық мазмұнына қарай қай түрі?	
Құрылышына қарай қай түрі?	
Құрылымы	
Kіріспесі	
Негізгі бөлімі	
Корытынды бөлімі	
Тілдік ерекшелігі	



5. Өзіндік тұжырым жасап, тәмендегі тақырыптардың біріне аргументті эссе жазыңдар.

1. Атаның ат тұяғы жеткен жер – балаға мирас.
2. Таза болса табиғат, аман болар адамзат.
3. Шешендік – ақылмен билеу өнері.



6. Жұптарыңның аргументті әсесеіне сынни пікір жазыңдар.

1. Әссеңің авторы, тақырыбы (1 сөйлем).
2. Жұмыстың қысқаша мазмұны, өзектілігі (2 сөйлем).
3. Жұмысты оқығаннан алған әсерің (1 сөйлем).
4. Жұмыстың құрылымы, баяндау стилі, дәлдігі, автор шеберлігі (2 сөйлем).
5. Артықшылықтары мен кемшіліктері (2 сөйлем).
6. Сыни пікір берушінің аты-жөні (1 сөйлем).



7. Дала философтары – қазақ жырауларының толғауларынан алынған үзінділерді авторларымен сәйкестендіріңдер. «Табиғат және экология» тақырыбымен байланысын анықтаңдар.

Қазтуған жырау		Айналасын жер тұтқан Айды батпас деменіз. Айнала ішсе, таусылмас Көл суалмас деменіз.
Бұқар жырау		Еділдің бойын ен жайлап, Шалғынына бие біз байлап, Орындықтай қара сабадан Бозбаламен құліп, ойнап, Қымызы ішер күн қайда!?
Шалқиіз жырау		Тоғай, тоғай, тоғай су, Тоғай қондым, өкінбен. Толғамалы ала балта қолға алыш, Топ бастадым, өкінбен.
Доспамбет жырау		Жапырағы жасыл жаутерек Жайқалмағы желден-дүр. Шалулығы белден-дүр, Төренің кежігүі елден-дүр.



8. «Табиғат және экология» тақырыбын қорытындыландаңдар. Өздеріңе ұнаған нақыл сөздерді қатыстырып, өлең, әңгіме немесе шығарма жазыңдар.

VIII БӨЛІМ

ЖАҢА ӘЛЕМДЕГІ ТЕАТР МЕН КИНЕМАТОГРАФИЯ

ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР

Бұл бөлімде сөздер:

- әлемдік театр өнері, қазақстандық театрлар тарихы мен кинематография саласындағы туындылар туралы ақпараттармен таныс боласындар;
- көпшілік алдында сөйлейтін сөздің ерекшелігімен танысып, шығармашылық бағыттағы тапсырмалармен жұмыс істейсіндер;
- матіндерге логикалық және стильдік түзетулер енгізіп, редакциялайсындар;
- қазіргі шешендік сөздердің түрлерімен және шешендік сөздердің тәрбиелік мәнімен танысасындар;
- дараплаушы, ерекшелеуші, ойдың аражігін ажырататын тыныс белгілерін ережеге сай қолдануды үйренесіндер.

Театр – адамның сахнадан өзін көріп,
өзін-өзі түсінетін орын.

Шәкен Айманов

Ұлы фильм жасау үшін үш нәрсе керек:
сценарий, сценарий және тағы да сценарий.

Альфред Хичкок

§1.

Театр – мәдениет ордасы



1. Театр туралы ой бөлісіндер. Еліміздегі қандай кино және театр қайраткерлерін білесіндер? Суреттерде қай өнер қайраткерлері бейнеленгенін анықтаңдар.



Ол – қазақ өнерінің шоқтығы биік тұлғасы, талантты актері өрі режиссері. Үлттық театр өнері мен кино саласының қалыптастыры, дамуы үшін бүкіл ғұмырын арнады. Оның есімі қазақ киносы тарихында үлттық киноны барынша биікке көтерген талант ретінде мәңгілік сақталады. Қазақфильм киностудиясы осы өнер қайраткерінің есімімен аталағы.



Ол – өнші, актер, Қазақ КСР-нің Халық әртісі, Ш.Айтматов атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты, КСРО Кинематографистер Одағының мүшесі, режиссер, драматург, аудармашы.

Ол – арқалы әртіс, ардақты өнші, ардагер өнер иесі. Халық өндерінің бағын ашып, көрермен күлағының құрышын қандырган атақты баритон.



2. Мәтінді оқындар. Фылыми стильдегі мақаланың жанрлық ерекшеліктерін талдандар.

Өнер түрлері

Театр (грек. «оыйн-сауық орны») – өмір көріністерін драмалық әрекет арқылы көрермендердің көз алдында актерлер күшімен бейнелейтін сахналық өнер. Ол өз заманының озық идеяларын бойына сіңіре отырып, ізгілік мұраттарын пашеткенде және адамның ішкі жан дүниесін терен де шынайы ашып бейнелегенде ғана өзінің жоғары көркемдік сатысына

көтеріледі. Театрдың да өнердің өзге салалары секілді өзіне тән ерекшеліктері бар.

Театр – әдебиет, музыка, кескіндеме, архитектура, кинематографияның мәнерлі амал-тәсілдерін бойына жинақтаған синтездік өнер. Мұның өзі сахна мен көрермендердің ой-сезімдерінің бір-бірімен өзара үштасуын, оған қоса спектакльді жасаушылар мен көпшілік қауымның арасындағы жалпы мақсаттың ортақ болып, бір арнадан шығуын талап етеді.

Әдебиет (араб. «асыл сез») – сөз өнері, әлеуметтік мәні бар шығармалар жиынтығы.

Музыка (грек. «музалар өнері») – белгілі биіктікегі дыбыстардан тұратын, адамға сазды өуенімен өсер ететін, дыбыстық көркем бейнеге негізделген өнер түрі.

Кинематография (грек. «қозғалыс», «жазып алу») – кинофильмдерді шығару және оны көпшілікке көрсету ісімен шұғылданатын мәдениет пен экономиканың бір саласы, өнердің ең бұқаралық түрі.

(«Қазақ мәдениеті» әнциклопедиялық анықтамалығынан)



3. Мәтінді тұтас оқып шыққаннан кейін оны бөліктерге бөліп, тақырыпша қойындар, негізгі ойды анықтаңдар.

...Өзім әкемді көргенім жоқ. Мен туған соң жеті күннен кейін қайтыс болыпты. Үлкен ағам Қаптағай Семейде бір орыс көпесінің қолында болып, төрт жылдан кейін оралды. Өзімен бірге сол көпестің қызын алып келді. Көпес ағамның білім алудына көмектесті. Содан соң Семейге қызметке тұрып, бізді елден көшіріп алыш келді.

Семейде мектепке барып, білім алдым. Алғаш сахнадағы қойылымды осы мектепте көрдім. Оның ерекше өсер еткені сондай – өзім де сахнада ойнап жүргендей болдым. А나ң марқұмның дауысы ән салғанда Құләштікінен айнымайтын.

Отбасымыздағы барлық ауырталықты өз мойнына алыш, ағайым бізді Алматыға көшіріп өкелді. Өте пысық едім. Мектептегі үйірмелерден, биден қалмайтынмын...



Бір күні радиодан «хор айтуға қыздарды алады» деген хабарды естіп, Бикеш дейтін жан құрбым екеуміз дауысымызды тыңдатуға бардық. Музыкант Б.Ерзакович бізді хорға қабылдады. Бұл – 1932 жыл еді. Ашаршылық жылдарында да барлық дүниеге үлгеріп жүретінбіз.

«Өнер» деген киелі дүниені осында үғына бастадым. Бізге ән салғызыды, өлең оқытты. Содан бізді Ленинградқа алып барды. Алғашқы сабағымыз басталған күні ұстазымыз шакырып алып: «Әмина, біз сенің қабілетінді көруіміз керек. Сол үшін саған тапсырма. Сенің үйің өртеніп жатыр, ішінде кішкентай інің қалып қойыпты. Сол кезде не істейтініңді көрсетуің керек», – деп, мені сыртқа шығарып жіберді. Не істерімді білмей, біраз ойланып тұрдым. Апамды қатты сағынғаным бар, ішке жанұшыра айғайлап: «Апа, өрт! Апа-а-а, өрт!» – деп кіріп, ананы лақтырып, мынаны құлатып, жылай бастадым. Ентігімді баса алмай тұрған мені ұстазым жұбатып, риза болды.

Қыздардың ішіндегі ең кішкентай болғандықтан, ұстазымыз Василий Меркурьев мені үйіне алды. Үш қызы бар еді, олар не істейді, мен де соны істеймін.

Бір күні ол кісі мені театрға жіберді. Театр есігін алғаш ашуым. Музыка ойнауда, әртістер билеп, неше түрлі қимылдар жасауда, бірақ сөйлемейді. Сөйтсем, балетке барыптын. Келгеннен кейін ұстазым: «Қалай екен, не болды?» – деп сұрады. Не айтарымды білмей, сасып қалдым да: «Сөйлемейді», – дедім. Ішек-сілесі қатып күлсін-ай кеп!

(Әмина Өмірзакова)



4. F.Мұсіреповтің «Хас сұлудың көз жасындағы мөлдір өнер – театр» деген пікірін негізге алып, аргументті эссе жазындар. Жұптарыңың жұмысын азатжолдарға бөліп, ақпаратты дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізіп, редакцияландар.



Тыныс белгілері

Тыныс белгілері – ойды нақты, дәл, түсінікті етіп жеткізу мақсатында интонациялық, мағыналық, грамматикалық ұстанымға сай қолданылатын шартты белгілер.

Қолданылу орнына қарай тыныс белгілері екіге бөлінеді:

- I. Сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілері: нұктес (.), сұрақ белгісі (?) , леп белгісі (!), көп нұктес (...). Негізгі қызметі – **даралаушы**, біршама тиянақты ойды екіншісінен даралап, бөліп тұрады. Мысалы: *Жолдың бұл тұсы ылғи белес-белес болатын. Алыстан жолды бағып отыратын тұрғылары бар.* (М.Әуезов).
- II. Сөйлем ішінде келетін тыныс белгілері қызметіне қарай екіге бөлінеді: бөлуші және ерекшелелеуші.
1. **Бөлүші тыныс белгілері:** үтір (,), нұктелі үтір (;), үтірлі сызықша (, –). Олар жай сөйлемде бірыңғай мүшелерді, құрмалас сөйлемде оның құрамына кіретін жай сөйлемдерді бөліп көрсетеді. Мысалы: *Бірақ қаладан, жабырқау медреседен жаңа құтылып, енді ауылына жетуге асыққан шәкірт бала ол сөзді тыңдайын дег ойысқан жоқ.* (М.Әуезов). Әрі *тұртінектеді, бері тұртінектеді, – түк таппады.* (Қ.Найманбаев).
2. **Ерекшелеуші тыныс белгілері:** қос нұктес (:), тырнақша (« »), сызықша (–), жақша (). Олар қаратпа, қыстырма, одағай сөздер мен тіркестерді, онашаланған мүшелерді сөйлемнің өзге мүшелерінен айыру үшін, төл сөзді автор сөзінен ерекшелеп көрсету үшін қолданылады. Мысалы: *Шеген:*
– Мен әшейін – «цирк», Бораш барып тұрған – «опера», – деді.
(F.Мусирепов). *Тұған өлкенде – Арқаны есіне түсірши, Шығыс ұлы!* (Б.Бұлқышев). 1900 жылы «Искра» («Ұшқын») газетінің бірінші нөмірі шықты.



5. Тыныс белгілерін ережеге сай қолданып, мәтінді көшіріп жазыңдар.

Кез келген ортандың өз заңы өз мәдениеті болады
Театр – нағыз өнердің ордасы Ал мұндай киелі ордада мәдениет сақтамау өбестік Сонымен сіз сақтауға тиіс 7 қағида
1) қойылымға кешікпей, уақытынан бұрын келіңіз

- 2) билетте көрсетілген орынға отырыңыз
- 3) қойылым басталар алдында ұялы телефоныңызды дыбыссыз режимге қойыңыз не сөндіріп тастаңыз
- 4) қойылым басталысымен басқа шаруаның бәрін доғарыңыз өйткені сіз үшін киелі сахнаның саңлақтары барын салып өнер көрсетпек
- 5) қойылым барысында ерсі қылыш көрсеңіз сол үшін айқайлаудың күлкілі көрініс болса да өте қатты күлудің керегі жоқ
- 6) қойылым көңіліңізден шықпай жатқанның өзінде көрермендер залынан шығып кетуге асықпаңыз соңын күтіңіз
- 7) қойылым біткен соң орныңыздан тұрып, қошемет көрсетіңіз

Әртістің қуанышы халқының қошеметіне бөлену. Ендеше сіз үшін саф таза өнерін паш еткен сахна еркелерін қошеметке бөлеңіз Егер жағдайыңыз көтерсе өнер иелеріне гүл сыйлаңыз Сахнаның аса киелі екенін ешқашан да ұмытпаңыз.

(Дайындаған Ақерке Әбілхан)



- 6.** 5-тапсырмадағы тыныс белгілерін не себепті қойғандарыңды түсініріп, оларды қолданылу орнына қарай бөліп (даралаушы, бөлуші, ерекшелеууші) көрсетіңдер.

Үлгі:

Мысал	Тыныс белгі	Түрі	Қойылу себебі
Кез келген ортаның өз заңы, өз мәдениеті болады.	Үтір	Бөлуші	Бірыңғай мүшелерді бөліп тұр.



- 7.** Әмина Өмірзақова туралы «Қазақ киносында ана бейнесімен танылған талант иесі» тақырыбында хабарламалық эссе жазындар. Тыныс белгілерін қолданылу орнына қарай бөліп көрсетіңдер.

§2.

«Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры



1. «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры туралы не білесіндер?



2. Мәтінді оқып, театрға қатысты терминдер мен ұғымдарға түсінік беріңдер.

Терминдер мен ұғымдар	Білдіретін мағынасы

«Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен 2013 жылы ашылды. Әлемдік сәулет өнерінің ең үздік классикалық дәстүрлері ескеріле салынған театр архитектурасында ұлттық нақыш айқын байқалады. Оның техникалық жабдықталуы әлемдік стандарттарға сай келеді.

2013 жылдың 21 маусымында театр өзінің шымылдығын қазақ музыкасының жаунары – М.Төлебаевтың «Біржан – Сара» операсымен ашты. Сол жылдың күзінде көрерменге Дж.Вердидің «Аттила» операсын ұсынды.

Бүгінгі таңда «Астана Опера» репертуарында А.Жұбанов пен Л.Хамиидидің «Абай», Е.Брусиловскийдің «Қыз

Жібек» опералары, Ф.Жұбановың музыкасына қойылған «Қарагез» балеті сынды ұлттымыздың атақты композиторларының шығармаларымен қатар, әлемдік опера және балет классикасы Дж.Вердидің «Аида», «Травиата», Дж.Пуччинидің «Богема», «Тоска», «Мадам Баттерфляй», Ж.Бизенің «Кармен», П.Чайковскийдің «Үйқыдағы ару», «Аққу көлі», «Шелкунчик», С.Прокофьевтің «Ромео мен Джульєтта», А.Хачатурянның «Спартак», Б.Асафьевтің «Бақшасарай бүркәғы», Л.Минкустың «Баядерка» және «Дон Кихот», Б.Эйфманнның «Роден» балеті, Р.Петидің «Париж Құдай Анасының соборы» балеті, К.Макмилланның «Манон» және тағы басқа өнер туындылары бар.

«Астана Опера» сахнасында Бибігүл Төлегенова, Айман Мұсақожаева, Жания Әубекірова, Нұржамал Үсенбаева, Алан Бөрібаев, Майра Мұхамедқызы және тағы басқа әйгілі қазақстандық әртістермен бірге әлемдік музыка өнерінің жұлдыздары Пласидо Доминго, Зубин Мета, Елена Образцова, Валерий Гергиев, Хоше Каррерас, Анна Нетребко, Марсело Альварес, Светлана Захарова, Вадим Репин, Денис Мацуев, Владимир Спиваков, Ильдар Абдразаков өнер көрсетті.

Бұл сахнада белгілі қазақстандық әртістер мен ұжымдар, сонымен қатар неапольдық «Сан-Карло», генуялық «Карло Феличе», Санкт-Петербургтегі Мариин театры, Новосібір опера және балет театры, Тбилиси мемлекеттік опера және балет театры және тағы басқа айтулы ұжымдар гастрольдік сапар шеңберінде өнерлерін паш етті. ЭКСПО-2017 аясында көптеген іс-шара етті, оның ішінде Пласидо Домингоның XXV Халықаралық «Опералия» вокалистер байқауы, миландық Ла Скала театрының гастрольдері аясында Дж.Вердидің «Фальстаф» операсы және Бетховеннің №9 симфониясы т.б. қойылды.

«Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры тұрғындардың барлық әлеуметтік топтарының, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі адамдардың келуіне қолайлыш. Олар үшін театрда «кедергісіз орта» жасалған. Үлкен есіктер, қауіпсіз пандустар, арнайы лифт және спектакльдер мен концерттерді барынша жайлыш әрі қауіпсіз тамашалауға мүмкіндік беретін өзге де қажетті атрибуттар бар.

(*khabar.kz*)



- 3.** Мәтінді оқып, өздеріңе әсер еткен үзінді жайлы пікірлерінді «Қосжазба күнделігіне» жазындар.

Мәтіндегі маған әсер еткен үзінді	Сол үзінді туралы өз пікірім

Сахналық тартымдылық пен табиғи талғампаздық

Балауса қызы әке-шешесінің қостауымен үйінің терезелерін айқара ашып, шағын концерттер үйымдастыратын. Сол сәтте көршілер жинала қалатын. Олардың қол шапалақтауы, «Уа, жасай бер, Нұржамал!» деп жамырай айттылған сөздері оны көкке көтергендей болатын. Ата-анасы да, мектептегі үстаздары да, көрші-қолаң да, құрбылары да Нұржамалдың өнердің төріне шығатынына шексіз сенетін. Осындағы ақ пейілден шыққан тілектер жас қызды қанаттандырыды, өнер жолына батыл тұсуіне сенімін нығайта түсті.

Н. Үсенбаева Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында Қазақстанның Халық өртісі Бекен Жылысбаевтың класында білім алады. Классикалық опералардың әртүрлі арияларын орындалап, шеберлігін шындағай түсті.

Откен кездерді есіне алғып, ойына түсірген Нұржамал: «Әлібек Дінішевтің өндерді, арияларды орындау шеберлігі маған ете үнайтын. Арманым онымен бірге ән салу еді. Консерваторияның бесінші курсында оқып жүргенімде, мұның сөті түсті. Екеуіміз Евгений Брусиловскийдің «Қызы Жібек» операсында басты партияларды орындағық», – деді...

Шымылдық ашылды, жарық сөндіріліп, залда қара көлеңке орнады. Қойылымның декорациясы кез тартарлықтай... Қара күштің, зұлымдықтың салдарынан Абайдың шәкірті Айдардың қаза табуы, Ажардың өшпес қайғысы, Айдар мен Ажар трагедиясынан ұлы Абайдың көңілінің күйреуі – бәрі өнмен суретtelген. Ажар партиясын Нұржамал Үсенбаева орындағы. Жар кейпіндегі Ажар-Нұржамал ақ періштедей таза, нәзік.

Қазақ опера және балет театрының соло-әншісі Нұржамал Үсенбаеваның 1984 жылдан бастап осы театр сахнасында орындаған аса елеулі партиялары қатарында Е.Брусиловскийдің «Қызы Жібек» пен «Ер Тарғын» операларындағы Қызы

Жібек пен Даны, А.Жұбанов пен Л.Хамиидидің «Абай» операсындағы Ажар, М.Төлебаевтың «Біржан – Сара» операсындағы Сара, Б.Жұманиязовтың «Махамбет» операсындағы Зылиха, И.Штраустың «Жарқанат» операсындағы Розалинда т.б. бар.

Биік деңгейдегі кәсіби шеберлік пен шынайылық, баурап алар сахналық тартымдылық пен табиғи талғампаздық – Нұржамал Үсенбаеваның әншілік өнеріне тән қасиет.

(*Бохай Қожырұлы*)

Қазіргі шешендік сөздердің түрлері



Қазіргі шешендік сөздердің көтерген тақырыбы, мазмұны мен айтылу орнына қарай мынадай түрлері бар:

- 1) білім-ғылымдық мазмұнды;
- 2) әлеуметтік-саяси мазмұнды;
- 3) әлеуметтік-тұрмыстық мазмұнды;
- 4) діни мазмұнды;
- 5) сотта қолданылатын сөздер.

Барлық шешендік сөздердің түрлеріне ортақ мақсат: ақыл-ойды қозғау, ұғым-түсінігін кеңейту, білім беру, сезімге әсер ету. Шешен сөйлеудің ең негізгі шарттары: сөз дұрыстығы, қысқалығы, эмоционалдылығы, байлығы, түсініктілігі мен дәлдігі.



4. Фылыми стильге тән тілдік құралдарды қолданып, оқылым мәтіндерінің біріне рецензия жазындар.



5. Тыныс белгілерін дұрыс қойып, көшіріп жазындар. Тыныс белгі түрлерін, қойылу себебін көрсетіндер.

Үлгі:

Мысал	Тыныс белгі	Түрі	Қойылу себебі
2002 жылы маған біздің Сыртқы істер министрлігінен хабарласып, «Гранд Опера» театрының шақырып жатқандығын айтты.	Үтір	Бөлуші	Құрмалас сөйлем құрамындағы жай сөйлемдерді бөліп тұр.

2002 жылды маған біздің Сыртқы істер министрлігінен хабарласып «Гранд Опера» театрының шақырып жатқандығын айтты Францияға ұшып барып Гранд-опера театрында алғашқы концертімді қойдым Вердидің «Травиата» операсы мен француз Гуноның «Ромео мен Джулєтта» операсынан ариялар орындалады Осы концерктен кейін театрдың директоры арнайы жолығып Гранд Операда екі маусымда өнер көрсетуімді сұрады Сөйтіп Франция сахнасына жол тарттым дейді Майра Мұхамедқызы

Майра француз тілін үйренуге тым көп уақыт жұмысамағандығын айтады. Алғашқы үш ай арнайы оқытушы жалдап оқығанын кейін өз бетімен дайындалғанын жеткізді Бас-аяғы 6 айдың ішінде французша үйреніп алдым деген Майра француздардың ұлттық рухының биік екендігін сөз етті

Нанси Бордо Лондон Вашингтон қалаларының ұлттық опера театrlарында тағы басқа да әлем сахналарында өз өнерімді көрсеттім Мүмкіндік бар жерде қазақтың өндөрі шырқалды қазақтың ұлттық киімімен шықтым Сонда европалықтар тамсана қол соқты Әрине қазақтың өнін бүкіл әлемге танытсам деген мұратым бар дейді өнші Майра Мұхамедқызы

(Есенгүл Кәпқызы)



6. Мәтіндердегі термин сөздерді пайдаланып, «Мен көрген қойылым» тақырыбында сипаттамалық эссе жазындар. Жұптарының жұмысына логикалық және стильдік түзетулер енгізіп, редакцияланадар.



7. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. Қазақ опера өншілерінің бірі туралы ізденіп, хабарламалық не сипаттамалық эссе жазындар.
2. «Балет өнері» тақырыбында ғылыми стилде мәтін жазындар. Мәтіннің қазіргі шешендік сөздердің қай түріне жататынын анықтаңдар.

§3.

Қазақ бүлбұлы – «Құләш» телехикаясында



1. Мәтінді мұқият оқып, кино, кинематографияның адамзатқа қажеттілігі туралы пікірлерінді дәлелдендер.

Кино – өнердің бір саласы, кинематографияның техникалық негізінде қалыптасқан көркем шығармашылық түрі. Кинематография (грек. *kinematos* – «қозғалыс», *grapha* – «жазу») – кинофильмдерді шығару және оны көпшілікке көрсету ісімен шүғылданатын мәдениет пен экономиканың бір саласы, өнердің ең бұқаралық түрі. Фильмді жасауға әр алуан мамандықтағы шығармашылық қызметкерлер: кинодраматург, режиссер, актер, оператор, суретші, композитор, продюсер, каскадер, экономист, менеджер т.б. қатысады. Фильм жасауда кинорежиссер жетекші рөл атқарады.

Кино, негізінен, 4 салаға бөлінеді: көркем фильм, деректі фильм, мультипликациялық фильм, ғылыми-көпшілік кино.

Көркем фильм – кино өнерінің негізгі және кең тараған түрі. Ол әдеби шығарма желісі немесе арнайы жазылған сценарий бойынша актерлердің қатысуымен жасалады.

Деректі киноға тарихта, өмірде болған мәні зор оқиғаларды баяндайтын фильмдер мен киножурналдар жатады.

Мультипликациялық кино суреттер мен қырышқартарға қимыл берे отырып жасалады.

Ғылыми-көпшілік кино – жұртшылыққа жаратылыс пен әлеуметтік құбылыстарды үғындыратын, өнер сырларымен таныстыратын фильмдер жиынтығы.

(«Балалар энциклопедиясынан»)



2. Мәтінді оқындар. Құрылымы мен рәсімделуін, жанрлық ерекшеліктерін талдандар.

Фильмнің аты: «Құләш»

Шыққан жылы: 2013

Жанр: Өміrbаян

Рөлдерде: Әйгерім Уалжанова, Медғат Өмірәлиев

Суреттеме: қазақстандық продюсер Баян Есентаеваға тиесілі «Shine Production» компаниясы көрермендер назарына

қазақтың опера әншісі Күләш Бәйсейітованың өміріне арналған сериал ұсынды. Негізгі түсірілімдер Орал мен Мәскеу қалаларында өтті.

Күләш Жасынқызы Бәйсейітова (1912–1957) – қазақтың әйгілі әншісі (лирика-колоратуралық сопрано), қазақ опера өнерінің негізін салушылардың бірі, қоғам қайраткери, КСРО Халық әртісі (1936), КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1948–1949).



3. Аудиожазбадан (14. mp3) «Күләш» фильмі – көрермендер назарында» мәтінін тындаңдар. Мақсатты аудиторияға арналған тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдаңдар. Өздерің білетін ақпараттармен толықтыра отырып, «Фасыр бұлбұлы» атты тақырыпта ойларынды ықшам түрде айтыңдар.



Білім-ғылымдық мазмұндағы шешендік сөздер

Білім-ғылымдық мазмұндағы (академиялық) шешендік сөздердің қолданылатын орындары мен түрлері:

- 1) жоғары оқу орындарындағы дәрістер;
- 2) ғылыми конференциялар, симпозиумдардағы баяндамалар;
- 3) ғылыми жоба қорғау және диссертациялық ғылыми кеңестерде сөйленетін сөздер.

Бұл сөздердің басты ерекшелігі – ғылыми терминдердің молдығы, біршама қатаң стильге негізделуі. Осы белгілеріне қарап дәрістер мен баяндамалардың шешендік сипатының болуы міндетті емес болып көрінүі мүмкін. Шындығында, білім-ғылымдық мазмұндағы сөздер нақты, тілі барынша түсінікті, тындаушысына қызықты болуы шарт. Ал бұлар – шешендік сөздің басты талаптары.



4. Тыныс белгілерін дұрыс қойып, үзіндіні көшіріп жазыңдар.

Атқа қонса қаны қызатын қазақпыш

Ат құлағында ойнау асau тұлпарды ауыздықтау тек азиялықтарға немесе қазақтарға ғана тән өнер емес АҚШ-та Латын Америкасында мұны спорттың бір түрі ретінде

қарастырады Бірақ халықтың менталитеті мінез-құлқы тұлпарларды тізгіндеудің тактикалық тәсілдердерінен байқалатыны даусыз. Мысалы Еуропа АҚШ немесе Үндістандағы каскадерлер тек ережеге бағынады Белгілі бір қалыптың шеңберінен шықпайтын өнерден ләззат ала алмайсың Атқа мінгеніңде сен оған еркіндік беруің керек Сенің шеберлігің хас тұлпардың еркіндігін өзіңің ерік-жігеріне бағындыра білуінде

Елде жүргенде маған киноөнімнің бюджеті маңызды емес Кино алаңы мен үшін тәжірибелді шеберлігімді арттыратын алаң Өз фильмдеріміздің бірінде менің командамдағы дублердің бірі жіп-жіңішке сымға байланып 9-қабаттан жерге құлады Трост кез келген сөтте үзіліп кетсе не боларын көз алдыңа елестетудің өзі қыын ғой Шетелдік өріптестерім мұны көріп Ақымақсыңдар азғантай ақыға бола мұндай жанкештілікке барудың қажеті жоқ дейді

Шетелдік киноларда мұндай қауіпті тәсілдерімді қымбатқа бағалаймын ал туған жерімде ақша маңызды емес Біз тек өз жұмысымызды жақсы істегіміз келеді Қазақ каскадерларын дәл осындан отаншылдық сезімі мен жаратылышынан дарыған жанкештілігі ғана дараландырып тұрады.

(«*Nomad Stunts*» каскадерлер тобының жетекшісі
Жайдарбек Күнгожиновпен сұхбаттан үзінді.
Әңгімелескен Гүлбарышын Сабаева)



5. Кино өнерінің термин сөздерін пайдаланып, білім-ғылымдық мазмұндағы шешендік сөз құраңдар. Құраған мәтіндерінді жұптарыңмен алмастырып, логикалық және стильдік түзетулер енгізіп, редакциялаңдар.



6. Үш топқа бөлініп, тапсырмаларды орындаңдар.

1-топ. Қазіргі қазақ киносына көңілдерің тола ма? Пікірталас үйымдастырыңдар. Пікірталас түйінін 10 сөйлеммен жазыңдар.

2-топ. Әлемге әйгілі каскадерден алатын интервьюеге 10 сұрақ өзірлендер.

3-топ. Өздеріңе ұнайтын кино не театр актері туралы диалог құрыңдар. Пікірлерінді жинақтап, 10 сөйлем жазыңдар.



7. «Күләш Бәйсейітова – қазақтың әйгілі опера өншісі» тақырыбында аргументті не хабарламалық эссе жазыңдар.

§4.

Алматыдағы «Алатау» дәстүрлі өнер театры



1. Суретте бейнеленген ғимарат туралы не білесіңдер?



2. Мәтінді оқып, бөліктерге бөліңдер. Әр бөліктің қандай мәселені қозғап тұрғанын айтып беріңдер. Термин сөздерді теріп жазыңдар.

Алматы қаласының 1000 жылдығына, Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай 1040 орындық концерт залы, қосымша 2 кинотеатры бар «Алатау» дәстүрлі өнер театры ашылды.

– «Халқымызда «Өмір – қысқа, өнер – мәңгі» дейтін қанатты сөз бар. Халық өзінің қуанышы мен қайғысын өсем әнге, тәтті күйге айналдырып, үрпақтан үрпаққа қалдырып отырған. Жүректен шыққан сұлу саз ғана жүректі қозғайды, адамды түрлі күйге бөлейді. Мың жыл бұрын ғұмыр кешкен Қорқыт күйлері, алты ғасыр асса да ескірмейтін Асанқайғы толғауы мен кешегі Құрманғазы күйлері, Ақан, Біржандардың өндері өлі де халықпен бірге жасап келеді. Өнерді «мәңгі» дейтініміз де сондықтан. Еліміздің Тәуелсіздік алуды шығармашылық бастамалардың дамуына, ұлттық сана-сезімнің өркендеуіне даңғыл жол ашты. Осыдан 25 жыл бұрын біз өрісі кең әлемдік өркениетке дербес ел ретінде қолымызды создық. Осы орайда біз әлем жүртшылығына өз

үнімізben сыйлы, өзіндік мәдениетімізben құнды, төл өнері-мізben құрметті екенімізді сезіне бастадық.

Қазақ мәдениеті қайраткерлерінің бірнеше буыны осы әсем қаламызыда өмір сүріп, өздерінің өлмес туындыларын өмірге әкелді. Міне, осындаған мәдениет пен өнердің киелі орталығында дәстүрлі өнердің қасиетті шаңырағы, оңаша отауы болуы тиіс еді. Исі қазақ үшін, оның мәдениеті үшін, аса маңызды ән-жыр, терме, күй, айттың, ұлттық кино сияқты бес айтулы бағытта қызмет ететін, осы сала майталмандарының басын құрайтын шаңырақ болады деген үміттеміз... Бұдан былай осы театрда халықаралық деңгейдегі фестивальдар, ұлттық салт-дәстүрді, өнерді насиҳаттайтын шаралар жүйелі өткізіліп, жастарды тәрбиелейтін үйірмелер түрақты жұмыс жасайды. Осы бағыттағы өнер ұжымдарының басы бір орталықта тоғысып, болашақта «Алатау» театры қазақ мәдениетінің қара шаңырақтарының біріне айналсын! – деді өз сөзінде Бауыржан Байбек.

Шара әрі қарай айттың ақындары Мұхтар Ниязов пен Аспанбек Шұғатаевтың сөз қағысымен жалғасты. Одан кейін «Сазген сазы» ансамблі, Сәуле Жанпейісова, Рамазан Стамғазиев, Талғат Мұқышов, Нұржан Жанпейісов, Ұлжан Байбосынова, Шолпан Дәржанова, Айгүл Қосанова, Батыржан Мықтыбаев, Әйгерім Қарсақбаева, Жанқожа Аяпов сынды әнші-күйшілер, түрлі ұлттық аспапта орындаушылар өз өнерлерін ортаға салды.

(*Қаншайым Байдәулеттің «Алатау» дәстүрлі өнер театры бес бағытта қызмет көрсетеді* мақаласынан)



3. Фылыми стильге тән тілдік құралдарды қолданып, оқылым мәтініне рецензия жазындар.

Өлеуметтік-саяси мазмұнды шешендік сөздер

Өлеуметтік-саяси мазмұнды шешендік сөздерге саяси шолушылардың, радио және теледидар шолушыларының сөздері, саяси тақырыптағы баяндамалар, митингіде сөйленетін сөздер, әскери-патриоттық сөздер жатады. Әскери-патриоттық тақырыптағы шешендік сөздер Отан қорғауда сарбаздардың рухын көтерген. Ұлы Отан соғысы жылдарында Б.Момышұлы сияқты қолбасшылардың шешендік сөздері жауынгерлерді женіске жігерлендіріп, Отан үшін аянбай соғысуға үндеген.





4. Мәтіннің әлеуметтік-саяси мазмұнды шешендік сөзге жататынын дәлелдецдер.

Қай халықтың болсын өзге жүртқа үқсамайтын бөлек болмыс-бітімін даралап, өзіндік тағдырын айқындастын басты белгісі – мәдениеті. Мәдениет – ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, жаны, ақыл-ойы, парасаты. Өркениетті ұлт, ең алдымен, тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкендер-кішілі үлесімен мақтанады. Сөйтіп, тек өзінің ұлттық төл мәдениеті арқылы ғана басқаға танылады. Осы орайда «Мәдени мұра» бағдарламасы мәдениетке деген мемлекеттік көзқарастың соны стратегиялық ұстанымын айқындаған маңызды жоба болды. Ол жаңадан қалыптасып жатқан қазақстандық қауымдастықтың әлеуеті мен гуманистік бағыт-бағдарын танытты.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының идеясы ұзақ мерзімдік үлкен жоба ретінде көзделгендейдіктен, алда атқарылар шаруалар шаш етектен екенін өздерініз де білесіздер. Бағдарлама – ел тарихында, ұлттық тағдырымында айрықша орын алған әлеуметтік жоба. Бұл бастаманың ел рухының көтеріліп, ұлт жадының жаңғыруына септігін тигізетін құбылыстарының біріне айналғаны ақиқат.

(Нұрсултан Назарбаевтың қогамдық кеңестің кеңейтілген мәжілісінде сөйлеген сөзі)



5. Мәтінді оқындар. Жыр алыбы Жамбылдың жан-жақты қабілеті, ақындық мұрасы туралы мысал келтіре отырып, мәтінді жалғастырындар. Көпшілік алдында коммуникативтік жағдаятқа сай дұрыс және тындаушыларға ықпал ете сөйлеңдер.

«Алатау» дәстүрлі өнер театрында өлең сөздің дүлдүлі, жыр алыбы Жамбыл бабамызға арналған «Жыр-жолбарыс» музикалық спектаклі қойылды.

Театр шымылдығы зал толы көрерменнің қошеметтімен ашылды. Бірден жырдың атырабына қарай жетелеп кететін домбыра үні қойылым тақырыбынан хабар бергендей жүз жасаған Жамбылдың балалық шағына қарай бастады. Сахнадағы сан-салалы көріністер құндақтаулы сәбидің өмірі тек жырмен, дала жырымен байланысты екендігін нақыштап

түрғандай еді. Шағын ауылдың қуанышты өрі мұнды сәтерін бимен өрнектеген әртүрлі қымылдар, сондай-ақ дала төсін дүбірлеткен жылқы образы ерекше бір үйлесімде Жамбыл өмірімен астасып жатты.

(Эльвира Серікқызының «Алатай» өнер театрында «Жыр-жолбарыс» спектаклі қойылды» мақаласынан)

Көпшілік алдында сөйленетін сөздің ерекшелігі

Әдеби тілдің нормасына, тіліміздің грамматикалық нормасына сай келмейтін, құнделікті өмірде қате қолданылып жүрген кейбір сөзқолданыстарға тоқталайық:

1. Жасы үлкен адамға қатысты «жасар» деген форма қолданылмайды. Әдетте бұл сөз кішкентай балаларға қатысты айтылады. Мысалы: «екі жасар бала», «сегіз жасар бала». Ал жасы үлкен кісілер туралы «сексен екі жасқа толған», «жасы seksen екіге келген» деп айтылады.
2. «Мен бару керекпін», «біз бару керекпіз» деген қолдану дұрыс емес. «Мениң баруым керек», «біздің баруымыз керек» деген қолданған жөн.
3. Көшпенді ме, көшпелі ме? «Көшпенді халық», «көшпенді мәдениет» деген дұрыс, ал «көшпелі» сөзін «көшпелі вагондар» деген сияқты қолданыстарға қоюға болады.
4. «Америкалық», «италиялық» деген дұрыс. Ал арасына «н» дыбысы қосылып кеткен «американдық», «итальяндық» деген қолданыстар – орыс тіліндегі сөзді тұра аудару.
5. Көптік мағынадағы сөзben тіркескен заттық мағынадағы сөзге көптік жалғауы жалғанбайды. «Бес-алты оқушы» («бес-алты оқушылар» емес), «он шақты қой-ешкісі бар» («он шақты қой-ешкілері» емес), «көптеген ұлт» («көптеген ұлттар» емес), «барлық адам» («барлық адамдар емес») деген қолданылады.
6. «Саламат» па, «салауат» па? Біз «саламатсыз ба» деген амандастырыз, оның жіңішке формасы «сәлеметсіз бе» нормаға айналды. Біз «салауатсыз ба» деген амандаспаймыз той. Олай болса, «салауатты өмір салты» – қате қолданыс. «Саламатты өмір салты» болу керек. Ал «салауат» деген сөз «рақым», «кешірім» деген ұғымға жақын келеді.
7. «Отбасы» деген сөз орыс тіліндегі «семья» деген сөздің ұғымын береді. Ал қазіргі кезде жиі қолданылып жүрген «жанұя» сөзі – жасанды, біздің мәдениетімізге жат сөз. (Анар Фазылжан).



- 6.** 10-сыныпта өткен пунктуация ережелерін еске түсіріңдер. Берілген мәтіндерден бірнеше мысал алып, тыныс белгілерінің қойылу себептерін жазыңдар.

Үлгі:

Мысалдар	Тыныс белгілері	Қойылу себебі
Ш.Айтматов, Қ.Мұхамеджанов	Нұкте	Бас өріптерінен шартты түрде қысқартылып алынған адам есімінің қысқартылған әрпінен соң нұкте қойылады.



- 7.** Б.Момышұлының әлеуметтік-саяси тақырыптағы нақыл сөздерін оқып, кестені толтырыңдар.

Бауыржан Момышұлы – шешен	
Б.Момышұлының шешендігіне 3 дәлел	3 дәлелге 3 дерек

Бауыржан Момышұлының нақыл сөздері

- Ел дегенде еміреніп, жұрт дегенде жүгініп қызмет ет!
- Отан үшін отқа түс – күймейсің.
- Опасызыда Отан жоқ.
- Әділдікті мойындау – адал кісінің ісі.
- Намысты нанға сатпа!
- Қарабет болып қашқанша, қайрат көрсетіп өлген артық.
- Өз үлтyn сыйламау, оны мақтаныш етпеу – сатқындық.
- Ерлік – елдің қасиеті, жүректілік – жігіттің қасиеті.
- Тәртіпсіз ел болмайды,
Тәртіпке бас иген ел құл болмайды.
- Қайрат етер кезінде жүк көтерер нардай бол,
Ақыл айтар кезінде жүз жасаған шалдай бол!

§5.

«Жауҗүрек мың бала» – азаттықтың айнасы



1. Суреттерді көргенде қандай ойда болдындар? Актерлер туралы қандай ақпарат айтар едіндер?



2. Мәтінді түсініп оқындар. Құрылымы мен жанрлық ерекшеліктерін талдандар.

«Жауҗүрек мың бала» – Ақан Сатаевтың көркем драмалық фильмі. Фильмнің тұсауы Қазақстанда 2012 жылы З мамырда кесілді. Фильмнің ұраны – «Туган ел, сүйген жар, намыс үшін от кешкендер».

Фильм қазақ халқы жонғар шапқыншылығына қарсы ерлікпен құрескен XVIII ғасырдың бірінші жартысын бейнелейді. Сол кезде қазақ жасақтары бірігіп, басқыншыларға тойтарыс беріп, майданда шешуші жеңістерге жеткен еді.

Фильм сюжетінің негізіне жонғарларға қарсы құресте кең-байтақ жері мен елін қорғауға бел буган өжет те жас мың жауынгер туралы азыз желісі алынған. Осы соғыста ел үшін құрескен жауынгер ер-азаматтар қатарында жауҗүрек Сартай батыр да ту көтеріп, өзіндей өрімдей жас, жеткіншек сарбаздарды жорыққа бастап шығады. Мың бала атанған Сартайдың азғана жасағы өлдекайда көп жауға қарсы шауып, жеңіске жетеді.

Кейіпкерлері: Сартай батыр (Асылхан Төлепов), Таймас (Аян Төлепберген), Зере (Әлия Әнуарбек), Қорлан (Құралай Анарбекова), Әбілқайыр хан (Берік Айтжанов) және т.б.

(«Қазақфильм» киностудиясының сайтынан)



- 3.** Аудиожазбадан (15. тр.3) «Қайтыс болған каскадер туралы не білеміз?» атты тақырыптағы мәтінді мұқият тыңдаңдар. Қазақстандық каскадерлардың өлемдік дәрежеде өнер көрсете алтындығына көңіл бөліндер. Мақсатты аудиторияға арналған тілдік оралымдарды талдаңдар.



- 4.** Мәтінді оқып, негізгі ойды анықтаңдар. «Жерүйық» фильмі туралы ойларыңды ортаға салыңдар.

«Жерүйық»

Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» АҚ режиссер Сламбек Төуекелдің «Жерүйық» атты көркем фильмін журналисттер қауымына көрсетті. Фильм Таяу Шығыстан, Кавказдан, Волга бойынан қазақ жеріне күштеп жер аударылған ұлттардың қызын-қыстау кезеңін бейнелейді, сценарий авторы Лаврентий Сонның балалық шағынан сыр шертеді. Ұлы Абайдың «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» деген сезі фильмге эпиграф етіп алғынған. Басты кейіпкері Орынбайдың (актер Болат Әбділманов) прототипі – Л.Сон тұрған колхоздың төрағасы.

Лаврентий Сон: «Бұл – адамгершілігі үшін өмірде көп азап шеккен адам. Бірақ дәл осындай өзгенің қайғысына бей-жай қарамайтын жүрегі кең адамдардың арқасында Қазақстанға көшіп келген көптеген ұлт өкілі ажалдан аман қалды. Олардың қазақ халқының бір бөлігіне айналуына осындай адамдардың көп септігі тиді», – деп, журналисттер қауымымен ой бөлісті.

Тілшілер фильмнен жақсы өсер алғандарын қуана баяндағы. Киносыншы, «Известия Казахстана» газетінің тілшісі Галина Леонова фильмді мектеп бағдарламасына қосу керектігін сез етті. «Балаларға осындай достық, мейірімділік сынды мәңгілік тақырыптарды тілге тиек ете отырып, шынайы тарихты бейнелейтін фильмдер қажет-ақ», – деді Г.Леонова.

Кино мамандары фильмді түсіру барысында жинақталған материалдарды екі сағаттық фильмге сыйдыру мүмкін емес болғандықтан, болашақта 12 сериялы телехикая түсіруді жоспарлап отыр.

(«Қазақфильм» киностудиясының сайтынан)



Әлеуметтік-тұрмыстық мазмұнды шешендік сөздер

Әлеуметтік-тұрмыстық мазмұнды шешендік сөздерге көрнекті қоғам қайраткерлерінің, жазушылардың, әнер адамдарының, ғалымдардың, басқа да айтулы тұлғалардың мерейтойларында, салтанатты жиындарда, қаралы жиындар мен астарда, елшіліктер қабылдауында айтылатын сөздер жатады. Бұл сөздер тыңдаушыларға әсер ететін түрде: не көтеріңкі көңіл күймен, не мұнды өкінішпен ұсынылады. Кейінгі кезде әлеуметтік-тұрмыстық мазмұнды сөздер жиі қолданылып жүр.



5. Мәтіннің әлеуметтік-тұрмыстық мазмұнды шешендік сөзге жататынын дәлелдеңдер.

Қазақтың кесіби ән әнері дегенде біздің есімізге түсетін санаулы есімдердің бірі – бүгінгі той иесі Бибігүл Төлегенова. Өзінің тума таланты мен тынымсыз еңбегінің арқасында әнердің шыңына шыққан, халқының шынайы маҳаббатына бөленген Бибігүл апамызды мерейтойымен құттықтап, ол кісіге деген халқының ыстық ықыласын жеткізу – мен үшін үлкен мәртебе.

Бибігүл Ахметқызы 70 жылдан аса киелі сахнада жүр. Осы жылдар ішінде отандық және әлемдік опералардың ариялары Бибігүл Төлегенованың орындауында әнерсүйер қауымның жүргегінде ұмытылмастай болып сақталды. Ол кісінің орындаудағы халық әндеріне, ұлттық опера әнеріндегі Қызы Жібек, Гүлбаршын, Еңлік бейнелеріне, әлемдік опера жаунарларындағы Ақшақар, Джильда образдарына әлем елдерінің көрермендері тәнті болып, қол соқты.

Бибігүл Ахметқызы кино саласында да көпшіліктің көзаяйымына айналды. Шәкен Аймановтың «Тақиялы періште», Рұстем Әбдіраштың «Балалық шағымның аспаны» фильмдеріндегі бейнелері көрермен жадында сақталды.

Сонымен бірге Бибігүл Ахметқызы – талай таланттарды тәрбиелеп, танымал еткен ұлағатты ұстаз, қазақ вокалдық әнерінің мэтрі. Оның шәкірттері бүгінде әлемдік сахналарда жасында жарқылдалап, ел мәртебесін, ұстаз өнегесін асқақтатып жүр.

Құрметті Бибігүл Ахметқызы! Халық сізді мейірбан ана, ұлағатты ұстаз, жас өнерпаздар мен хас таланттардың жаңашыры ретінде де ерекше қадірлейді. Сізге дүниенің бар жақсылығын тілеймін. Денсаулығыңыз мықты болып, еңбегіңіздің жемісін ұзағынан көре беріңіз. Өзіңізді ерекше қастерлейтін халқыныздың ыстық ықыласы мен махаббатына бөлене беріңіз!

(Бақытжан Сагынтаев)



6. Кестедегі мәліметтер бойынша ойларыңды дұрыс жүйелеп, мәтін нормаларын (құрылымы, азатжол, мәтін бөліктері, тақырып) сақтап, мәтін жазындар. Тыныс белгілерін ережеге сай қолданындар.

Кино өнерінің бір саласы – мультипликациялық фильм

Атауы: «Ер Төстік және айдаһар»

Жыл: 2013

Ел: Қазақстан

Режиссерлері: Жәкен Дәненов, Рустам Тұралиев

Басты рөлдерде: Дұлыға Ақмолда, Димаш Ақымов, Құнсұлу Шаяхметова, Мерей Әжібеков, Лидия Қәден, Нұкетай Мышбаева, Қадырбек Демесінов, Ақкенже Әлімжан, Бауыржан Қаптағай, Елдар Отарбаев, Бейбіт Мұсілімов

Сценарий авторлары: Жәкен Даненов, Рустам Тұралиев, Михаил Алдашин

Продюсерлер: Рустам Тұралиев, Еділ Құсайынов

Жанр: мультфильм

Қазақ кино тарихындағы тұңғыш толықметражды анимациялық фильм сюжетіне арқау болған – халық ертегісі «Ер Төстік»

Бұл – әлемдегі соңғы анимациялық 2D және 3D үлгідегі технологиялар қолданылған жоба


Осыған дейін шетелдік анимациялық фильмдермен тәрбиленіп келген жас үрпақ аталмыш фильм арқылы қазақ ертегілерінің көне кейіпкерлерімен қауышып, халқымыздың рухани әлемінен нәр ала бастайтынына үміт зор



7. Мәтіндегі ойды жалғастырыңдар. Қазақ анимациясын дамыту үшін қандай жұмыс атқарар едіңдер? Пікірталас ұйымдастырыңдар.

«Ер Төстік және айдаһар»

Сонау 1967 жылдары «Қарлығаштың қүйрығы неге айыр?» мультфильмімен Әмен Қайдаров қазақ анимациясының шымылдығын ашса, енді сол ағамыздың ізін жалғап келе жатқан шекірттерінің бірі, режиссер-аниматор Жәкен Дәненов тәжірибесі молайып, қарымы күшейген шағында үстазының жолымен қазақтың алғашқы толықметражды анимациялық фильмінің авторы атанып отыр.



Жалпы, «Ер Төстік және айдаһар» мультфильмі 3D форматы мен «motion capture» заманауи технологиясы арқылы жасалған. Сондай-ақ қазіргі көрерменнің талап-тілегіне сай жаңа кейіпкерлер мен әлемнің барлық жаңалығын сол сөтінде-ақ жеткізіп отыратын, ғаламторы бар Ipad сияқты нанотехнологияларды фильм сюжетіне кірістіріп, бүгінгі өмірімізге жақыннатқан...

(Ақмоншақ Ахмет)



8. Қазақ киносы мен театрының айтулы тұлғасының мерейтойына байланысты өтетін салтанатты жиында айтылатын әлеуметтік-түрмистық мазмұнды шешендік сөздің мәтінін жазыңдар.

§6.

«Балуан Шолақ» фильмі немесе «қазақтың бұлшық еті» туралы туынды



1. Суреттер қай фильмдерден алғынған? Фильмдерді қойған режиссерлер мен оларда ойнаған актерлер туралы не білесіндер? Тағы қандай отандық фильмдерді білесіндер?



2. Мәтінді түсініп оқындар. «Бабалар өткен кемеңгер» тақырыбында еркін пікір айтындар. Тыңдаушыға ықпал ететіндей шешен сөйлеуге тырысындар.

«Сегіз қырлы, бір сырлы»

Балуан Шолақ (шын аты – Нұрматанбет) Баймырзаұлы дарынды композитор, ғажайып өнші, ат құлағында ойнайтын шабандоз болған. 35 жасында 51 пүт (816 кг) кірдің тасын көтеріп, жүртты қайран қалдырған. Араға 14 жыл салып, яғни 49 жасында 1 тонна 70 келі тартатын тасты көтеріп, өудем жерге апарып қойған екен.

Сәбит Мұқановтың «Балуан Шолақ» повесінде балуанның тұлғасы айрықша суреттеледі. Онда: «Жұрттың айтуынша, Балуан Шолақ атан өгізді бұзаудай арқалап әкетеді, етіне темір қысқаш батпайды, білектей темірлерді сымдай бұрайды, асау атты жалғыз ұстап үйретіп мінеді. Аттың үстінде зәулім қорғандардан мысықтай қарғиды, ағаш үйдің қабырғасын басыман сүзіп



құлатады, дария көлдерден үйректей жүзіп етеді, жүгіргенде жөбішенді атқа жеткізбейді, бір жеуіне бір тайдың еті жүқ болмайды, киімді салдарша малынып киінеді, ер-тұрманы – жарқыраған алтын мен күміс. Сөйлесе кетсе, алдырмайтын шешен, қасарысқан адамына мейірімсіз, досына қоң етін кесіп берсе, қыңқ демейтін шыдамды. Дауыс біткеннің әншісі, саусақ біткеннің домбырашысы және сырнайшысы, жүрген жері – ойын-сауық...» – деп келтіреді.

Міне, осындай жан-жақты өнер иесі болған Балуан Шолақ туралы фильм түсірілді. «Қазақфильм» басшылығы бұл жобадан жақсы туынды шығатынына сенім білдіріп отыр. Олай дейтініміз, фильмнің сценарийін кинода ойып алар орны бар жазушы, драматург Дулат Исабеков өзінің «Жаужүрек» пьесасы негізінде жазған.

«Балуан Шолақ» фильмінің режиссері Н.Садығұлов: «Мен Балуан Шолақ тұлғасына Өнер академиясында оқып жүргенімде қатты қызықтым. Балуан Шолақтың бойындағы ақындық, серілік, әншілік, оның Отанға деген махаббаты өрқайсымызға үлгі боларлық. Меніңше, бүгінгінің жастары Балуан Шолақтай ерді білуғе тиіс», – дейді.

Балуан Шолақ бейнесін экранға алып келу – үлкен жауап-кершілікті талап ететін жұмыс. Түсірілім тобы балуанның тұлғалық қасиетін түсіріп алмай, биік дәрежеде көрсетуді мақсат тұтқан. Сол себепті түсірілім тобы балуанның үрпақтарымен тілдесіп, оның тағдырын зерттеп, мол ақпарат жинанды...

Режиссер фильмнің бас кейіпкері – Балуан Шолақ рөліне актерді көп іздеген. Кастигке кәсіби актерлермен қатар спортшылар да қатысқан. Віринің дене пішіні сәйкес келмесе, екіншісінің образ жасауда шеберлігі жетпеген. Көп сынақтан соң Балуан Шолақтың рөліне актер Еркебұлан Дайыров бекітілді. Балуаннның образына сәйкес келуі үшін актер күрестен дәріс алып, он келі салмақ қосыпты. Е.Дайыров: «Үлт мақтандырына айналған Балуан Шолақ образын жасау – өркімге бұйыра бермейтін бақ. Бұл рөл физикалық және психологиялық тұрғыдан қыынға соғатынын жасырмаймын. Алайда образды алып шығатыныма сенемін» – деді.

(Айнур Исаеваның «Балуан Шолақ» фильмі немесе «қазақтың бұлшық еті» туралы туынды) мақаласынан)




Аңызға айналған Асанәлі

...Бұгінде алты алаштың қадір тұтар тұлғасына айналған Асанәлі Әшімовтің халық сүйіспеншілігіне бөлениуінің бір сыры ел мен жердің киесін терең сезініп, туған топырақтан тамыр ұзбей, ұлтының ұлық қасиетін бойына сіңіруінде болса керек.

Асанәлі – соғыс дәуірінің ұрпағы. Жеңіске 20 қүн қалғанда қаза тапқан әкесі Әшімнің аялы алақанының жылуын көрмесе де, үлкен әкесі Ісқақтың аталақ мейіріне қанып есті. Әшімовтің әртістік өнерінің алғашқы үшқыны ба-ла кезінде-ақ білінген еken. Ауылға сирек келетін әртістерге еліктейтін әдет тапқан бозбала Асанәлі келістіріп ән де айтқан. Бойындағы бұла талант оны Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының театр факультетіне алып келеді. Окуын аяқтай салысымен, яғни 1961 жылы «Қазақфильм» киностудиясына актер болып қабылданады...

А.Әшімов орындаған «Қызы Жібек» фильміндегі Бекежан рөлі әлем киносы тарихындағы үздік рөлдердің бірі болып саналады...

(Дина Имамбаеваның «Аңызға айналған Асанәлі» мақаласынан)



Діни мазмұнды шешендік сөздер

Діни мазмұнды шешендікке діни уағыздар, діни мейрамдарда халыққа айтылатын сөздер жатады.

Діни шешендіктің моральмен, жалпыадамзаттық құндылықтармен байланысты болуы оның тағылымдық, ізгілік сипаттарын танытады. Басты мақсаты – тыңдаушыларды иландыру, олардың ішкі сезімдеріне қозғау салып, өз пікірлеріне сендеру. Қазіргі діни шешендікте жалаң уағыздан гөрі саламатты танымдық көзқарас басым. Діни мазмұнды шешендікте діни сауаттылықтың маңызы зор. Діни шешендік халықты иландыру, үгіттеу сипатында айтылатындықтан, оған ауызекі сөйлеу стилінің белгілері тән. Онда дінге қатысты терминдер, имандылықта шақыратын, ізгілікке үндейтін сөздер мол кездеседі.





3. Улкен кісілердің көмегімен «Қадыр тұні» туралы мәлімет жинақтап, онда орындалатын шарттарды жазындар. Жұптарыңмен алмастырып, түзетулер енгізіп, редакцияландар.



4. Елбасы пікірін жалғастырып, өз пікірлерінді «ПСМТ формуласы» өдісі арқылы білдіріндер.

1-сөйлем: «Мениң ойымша, ...».

2-сөйлем: «Мен оны былай түсінемін: ...».

3-сөйлем: «Мен оны мына деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын: ...».

4-сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге қелдім: ...».

Біз XXI ғасырдың жаһандық картасында ешкімге үқсамайтын, дербес орны бар ұлт боламыз десек, «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыруымыз керек. Әлем бізді қара алтынмен немесе сыртқы саясаттағы ірі бастамаларымызben ғана емес, мәдени жетістіктерімізben де тануы керек.

(Нұрсұлтан Назарбаев)



5. Топтық тапсырмаларды орындаңдар.

1-топ. Оқылым мәтініндегі тырнақшаның қойылу себебін түсіндіріндер.

2-топ. Оқылым мәтінінде үшінші және төртінші азатжолындағы үтірдің қойылу себебін түсіндіріндер.

3-топ. Оқылым және «Артық болмас білгенің» мәтіндеріндегі сызықшаның қойылу себебін түсіндіріндер.

Үлгі:

Мысалдар	Тыныс белгілері	Қойылу себебі
«Қыз Жібек», «Атаманның ақыры», «Транссібір экспрессі»	Тырнақша	Газет, журнал, кітап, шығарма, қаулы, кино аттары тырнақшага алынады.



6. «Артық болмас білгенің» мәтінін жалғастырып, Асанәлі Әшімовтің қазақ киносына қосқан үлесі туралы хабарламалық эссе жазындар.

§7.

Қазақ киносы – қазақ тарихы



1. Қазақ киносының тарихын білесіндер ме? Қай отандық фильмдерді (қазіргі өлде кеңестік) сүйіп тамашалайсындар?
2. Фылыми стильдегі мақаланың құрылымы мен тілдік ерекшеліктерін талдандар.

Қазақ киносының тарихы

Ұлы Қазан көтерілісінен кейінгі кезеңде қоғамдағы аласапыран өзгерістер ұлт өміріне әсер етпей қоймады. Сондықтан ұлттық киноның даму тарихын «көпүлтты қеңес киносы» деген ұғыммен тығыз байланыста қарастырmasқа болмайды.

Еліміздің кино өндірісі жиырмасыншы жылдар сонында жолға қойыла бастады. Қазақ киносының тарихын бірнеше кезеңге бөліп қарастыруға болады.

Алғашқы кезең – 1910–1927 жылдар аралығы – Қазақстан аумағын кинофикациялау кезеңі. Бұл кезде қазақ көрермені алғаш рет экрандық шығармамен танысты, киноның құдіретін көрді, оған аса қызықты. Кинематограф ұшқыны 1910 жылы Верный (қазіргі Алматы) қаласында ашылған тұңғыш кинотеатр қызметінен басталғаны тарихи деректерден белгілі.

Екінші кезең – 1928–1938 жылдар аралығы – қазақ жерінде алғашқы хроникалық сюжетті киноөндірісінің пайда бола бастаған тұсы. Бұл кезде бүкіл өлемдік кино өнерінде дыбыссыз кезең өтіп, киноға «тіл бітті», монтаж теориясы жүйеленді. Қеңес киносы да құлашын кең жайып, Қазақстанда «Востоккино» тресінің бір бөлімі ашылды. Техникалық мүмкіндіктің шектеулі болғанына қарамастан, ел өмірінен хроникалық сюжеттер көптеп түсіріле бастады.

Үшінші кезең – 1938–1944 жылдар аралығы – ұлттық кино өнеріміздің қалыптасуына алғышарттар тудырған кезең. Алматы киностудиясы құрылды, киносценарийлер конкурсы ұйымдастырылды, кино саласына жазушылар бет бұра бастады. Қазақ киносының алғашқы толықметражды көркем фильмі – «Амангелді» (реж. Марк Левин) түсірілді. Соғыс жылдары Алматыда шоғырланған «Мосфильм», «Ленфильм» сияқты ірі киностудиялардың қызметі ұлттық киноөнеріміздің қалыптасуына тікелей әсерін тигізеді.

Ұлттық кино өнеріміздің өркендей бастаған тұсы – төртінші кезең – 1945–1960 жылдар аралығы. Осы жылдары Алматы киностудиясының көркемсуретті фильмдері өндіріске жіберілді. Ұлттық режиссура мектебі өріс алады. Шәкен Айманов, Мәжит Бегалин, Абдолла Қарсақбаев, Сұлтан Қожықовтардың кинематографиялық, шығармашылық жолдары қалыптаса бастады. Кино саласында көсіби деңгейде мамандар даярлау мүмкіндігі айқындалды.

Бесінші кезең, 1960–1970 жылдар арасы, ұлттық киномыздың өрлеу жылдары болып есептеледі. Бұл кезеңде өмір шындығы, кейіпкер психологиясы сияқты терең мазмұнды құбылыстар экрандық көркем шығарма тақырыбына айналды. Кино өнері мен ұлттық әдебиет арасындағы байланыс күшіне түсті, нәтижесінде «Қылыш кезең», «Атамекен», «Қызы Жібек», «Менің атым Қожа», «Тұлпардың ізі», «Тақиялыш періште», «Алдар көсе» сияқты кинотуындылар экранға шықты.

Алтыншы кезең, 70–80-жылдары, әдеби шығарманы экрандаудың жаңа сатысы киноға театр режиссерлерінің келуіне ұласады. Бұл жылдары классикалық әдеби шығармалар желісімен көптеген фильмдер экранға шығады. Атап айтсақ: Мұхтар Әуезовтің «Көксерек» (1973 ж., реж. Т.Өкеев), Дулат Исабековтің «Гаунартас» (1975 ж., реж. Ш.Бейсембаев), Әбдіжеміл Нұрпейісовтің «Қан мен тер» (1978 ж., реж. Ә.Мәмбетов), Әнуар Әлімжановтың «Жаушы» (1980 ж., реж. Ә.Мәмбетов) шығармалары көрерменге жол тартты.

Қазақ киносының тарихындағы жетінші кезең – «жаңа толқын» кезеңі. Шығармашылық ізденістер қазақ киносын тағы бір деңгейге көтерді, жас режиссерлерімізді әлем тани бастады. Соңғы жылдары түсірілген фильмдеріміз халықаралық кинофестивальдарда жоғары бағаланып жүр. Бұл, сөзсіз, ұлттық кино өнерінің зор жетістігі болып есептеледі.

(«Қазақ киносының тарихы» оқулығынан)



3. Сұрақтар бойынша сұхбат құрындар. Шешен сөйлеген сыныптастырынды анықтаңдар.
 1. Қазіргі отандық фильмдер туралы пікірлерің қандай?
 2. Кинодан қандай тәлім-тәрбие алуға болады?
 3. Саған отандық кино үнай ма, әлде шетелдік кино үнай ма?



- 4.** «Ең әсерлі қазақ киносы» тақырыбында мақала жазып, жазған мақалаларыңды жұптарыңмен алмастырып, түзетулер енгізіп, редакциялаңдар.



Сотта қолданылатын шешендейтік сөздер

Сотта қолданылатын шешендейтік сөздерді екіге бөліп қарастыру керек: қазақтың ескі әдет-ғұрып заңы бойынша жүргізілген дауларда орын алған шешендейтік сөздер және біздің дәуіріміздегі сот жұмысында айтылатын айыптаушылар мен қорғаушылардың сөздері.

Бұрынғы билікті айыптаушының да, қорғаушының да сөздерінде дәстүрлі модельдер: мақал-мәтелдер, фразеологизмдер, салыстырулар т.б. басты рөл атқаратын болса, қазіргі сотта айтылмақ ойдың дәлдігі, пікірдің айқындылығы басты орынға шықты.

Соттағы шешендейтік қарсыластармен бетпе-бет өтетіндіктен, ерекше жинақылықты, кез келген сұраққа тез жауап беру үшін қарсы жақтың осал жағын да, мықты жағын да нақты тани білуді, байқағыштықты қажет етеді. Соттағы шешендейтікте тек барды баяндау емес, даулы, керегар сауалдар туыннатуға қарсыласының пікірін жоққа шығаруға мән беріледі. Соттағы шешендейтікке қойылатын талаптар:

- сөздің айқындылығы;
- ойдың жинақылығы;
- логикалық қисынның күштілігі.



- 5.** «Абай институты» хабаршысында жарияланған заңгер-ғалым Салық Зимановтың «Абай – ұлы билердің соңғысы және оның бітім-биліктері туралы» мақаласын оқып, «Практикалық талқылау» өдісімен талдаңдар.

Талқылаушы	Мәтіннің тақырыбы мен идеясын анықтайды.
Белгілеуші	Мәтін мазмұнын ашатын мақал-мәтелдер айтады.
Байланыстырушы	Мәтін мазмұнын өмірмен байланыстырады.
Топ шешені	Абайдың шешендейтігіне мәтіннен мысалдар келтіреді.
Қорытындылаушы	Мәтіннің құндылығын айтып, баға береді.



- 6.** «Ең үздік қазақ актері» тақырыбында сипаттамалық эссе жазыңдар.

§8.

Шешендердің сөздердің тәрбиелік мәні



- Мәтінді түсініп оқындар. «Үш жақты күнделік» әдісі арқылы ойлаурынды жазындар.

Мәтіндегі ең маңызды үзінді	Сол үзіндіге менің пікірім	Соған лайықты мақал

Би-шешендердің сөздері – тәлім-тәрбие құралы. Отбасылық ортадан бастап, ауыл-аймақпен, ағайынмен, көпшілікпен қарым-қатынас жасау мәдениетінің адамгершілік асыл қасиеттер аясында қалыптасуында би-шешендер сөздерінің ықпалы зор болды. Ата-ана, аға-іні, туған-туыс, бүкіл адамзатты құрметтеу мәселесі би-шешендер сөздерінде кең қамтылған...

Бөлтірік Әлменұлы (1771–1854) – қазақ тарихындағы осындай мемлекеттік тұғырдағы қайраткер тұлға. Оның сөздері халықтық тәлім-тәрбиені құрайтын барлық мәселелерді (достық, жолдастық, жомарттық, қайырымдылық, кішпейілділік т.б.) кешенді түрде қамтығандығымен ерекшеленеді. Ол жақсылық пен жамандық қасиеттерді салыстыра бағалайды. Толғауларында адамдар қарым-қатынасының күрделі қайшылықтары, қақтығыстары шындық құбылыстармен нақты дәлелдене, дәйектеле түсіндіріледі.

Бөлтірік айтқан ұлағатты сөздердің ешқашан мәнін жоймайтыны анық. Мысалы: «Сөзден тәтті нәрсе жоқ. Сөзден ащы нәрсе тағы жоқ. Сөзден жеңіл нәрсе жоқ. Сөзден ауыр нәрсе де жоқ. Сөзінді тіліңе билетте, ақылыңа билет. Ақылды сөзінді ақылсызға қор етпе, ақылдыға айт. Не сөйлейтініңді біл. Кімге сөйлейтініңді біл. Қай жерде сөйлейтініңді біл. Қай кезде сөйлейтініңді біл. Қалай сөйлейтініңді біл. Оны білмесең, сара сөзің шала болады, арты жала болады, өкең қапа болады».

Бөлтірік сөздерінің біразы адамдарды жолдастыққа, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу болып келеді: «Саңылауы жоқпен сабактас болма. Байлауы жоқпен санаттас болма. Тілегі жаманмен қапаға түспе. Тегі жаманмен ортаға түспе».

Бөлтірік шешен сөздеріндегі тәлім-тәрбиелік мағыналы ойлар жақсылық пен жамандық үғымдарын танып-білу ұлағатын саралауға арналған. Мысалы, «Жаның жеті жаманнан аман болсын», «Өнерің мен өнеген азбасын», «Жеті жақсы», «Балаға ақыл», «Бес жаман», «Ақыл» т.б. нақыл сөздері жас үрпақтың адамгершілік ұлағатымен қалыптасып өсуіне бағдар береді.

Бөлтірік Әлменұлы сөздерінің барлығында да тәрбиелік мән бар. Адамгершілік қасиеттерді бағалау түрғысында сан алуан оқығаларға (жер дауы, жесір дауы, барымта т.б.) байланысты туындаған сөздері халықтың жадында жатталған.

Қорыта айтқанда, қазақ тарихындағы көрнекті би-шешен, батыр Бөлтірік Әлменұлының шығармашылығы мен қайраткерлігі тұтасқан қызыметінің өнегесі біздің ұлттық және жалпыадамзаттық мұрраттарды игерген озық өркениеттік болмыссызызды анықтай түседі. Қазақ өркениетінің осындай гуманистік тағылымы үрпақтарды адамгершілік ұлағатымен мәңгілік болашақта да тәрбиелей береді.

(*Темірхан Тебегеновтің «Бөлтірік шешен сөздерінің тәрбиелік мәні» мақаласынан*)



2. Мәтінді түсініп оқып, шешендік сөздің ерекше эмоциялы тұстарын белгілеңдер.

Өміrbай шешен

Жамбыл облысының Сарысу ауданында Борбас деген жасы келген кісі болған. Қонысы шалғай болғанымен, Сыр бойындағы ағайын-туыстармен жүздесіп-көрісуді аңсап, алтыжеті адаммен ағайынға дидарласып қайтуға барған екен. Қөптен сағынысып көріскен туыстарының біріне қонып, біріне түстеніп, сейіл-серуен құрады. Бірнеше күн арқа-жарқа боп сағынышын басқан соң, ақ пейілмен құрмет еткен туыстардың ықылас-ниетіне риза боп, рақметін айтып, елге қайтуға рұқсат сұрайды. Кетерінде жақсы менен жайсандарды алдағы жылы күзде өз ауылышына серуендей қайтуға шақырады.

Межелі мерзім жеткенде бір-бірімен хабарласып, ел адамдары Борбастың ауылышына аттанады. Үлкендерге ілесіп он үш жасар Өміrbай да барады. Борбастың Жантас, Бектас, Алтыбас деген ұлдары болған. Сол кезде Алтыбастың оқу бітіріп, білікті азамат атанған кезі екен.

Он үш жасар қаршадай баланың қияндағы елден ересектерге еріп келгеніне Алтыбас таңданып:

– Түріне қарасам, ойын баласысың, ақсақалдарға еріп келгеніңің мәнісі не? – дейді.

Сонда Өміrbай бала:

– Ер бала он екі жасында балиғатқа жетеді. Әкелер мен көкелерге ергеннен нем кетеді? Есті болып ешкім де іштен тумайды. Игі жақсылардың әңгімелерінен бір сабақ жіп ілсем, маған сол жетеді! – депті таңдайы тақылдала.

– Жарайды, балам, – дейді әкесі Алтыбасқа, – қонақтың үлкен-кішісі жоқ, мазалай бермендер енді.

Сонда Өміrbай іле-шала:

– Дұрыс қой, көке, маған сұрақ бергені. Мұсіркеу түбі – азап, азаптың түбі – тозақ, ағаларымның маған сұрақ қойғаны – мені елегені. Мен үшін бұл – ғажап! – дейді.

Екі елдің ақсақал-қарасақалдары шүрқыраса табысып, ел-жұрттың амандық-саулығын сұрай, мәре-сәре болып жатқанда, отау үйдің белдеуінде байлаулы түрған түйенің баурына көрші үйдің бір қозысы ойнақтап кіріп, түйе тарпып, қозыны өлтіріп қояды. Борбас тұрымтайдай баланың әлгін-дегі сөзіне еріксіз назар аударған еді. «Бұл бала, сөзіне қарғанда, тегі, болайын деп тұрған науша-ау!» – деп түйін түйген. Осы оймен әдейі Өміrbайды шақыртып алышп:

– Ал, наушам, түйем тарпып, көршінің қозысын өлтірді. Осы қозының кесімін айтшы! – дейді.

– Жақсы, көке! Тарпыған аяғын кессем – түйеніз шолтақ болады, өркешін кессем – молтақ болады, қозысынан айырылған адам осы түйенің қырыққан жүніне ортақ болады! – дейді жүзі балбұл жанып.

Борбас балғын жастың өжет-өрлікпен сөз таба сөйлеуіне сүйсініп:

– Талабыңа ақылың серік болғандай наушам екенсің! Ғұмырың ұзақ болғай, қаражүректілерге тұзак болғай, ел-жұрттың шырақ болғай! Жұзің жарқын, ашық болсын, лебізіңде халқың ғашық болсын! Енші деп емес, бір жорға құнан тұсаукесер жоралғы болсын! – деп маңдайынан сүйген екен.

(«Қазақтың би-шешендері» кітабынан)



- 3.** «Өмірбай шешен» мәтіні бойынша тест сұрақтарын құрастырындар.

Үлгі:

Әңгімедегі іс-әрекеттің реті:

1. *Борбастың ауылына үлкендермен Өмірбайдың да келуі*
 2. *Борбастың Сыр бойына қонаққа келуі*
 3. *Өмірбайдың дауды шешуі*
 4. *Жас балага Алтыбастың таңданысы*
- | | |
|---------------|---------------|
| A) 3, 2, 1, 4 | D) 3, 1, 4, 2 |
| B) 4, 1, 3, 2 | E) 2, 3, 1, 4 |
| C) 2, 1, 4, 3 | |



- 4.** Фылыми стильтеге тән тілдік құралдарды қолданып, алғашқы оқылым мәтініне рецензия жазындар.



- 5.** Сызбадағы мәліметтерді негізге алып, «Шешендік – ақылмен билеу өнері» тақырыбында аргументті эссе жазындар. Жұптарыңмен алмастырып, түзетулер енгізіп, редакциялаңдар.

Үлгілі жандардың, ұлағатты туындылардың тағылым-тәрбиесі, рухани шапағат, парасат

Озгеше қарым-қабілет, тумақасиет

Тыңдаушысын нақыл, ғибрат сөздерінің әдемілігімен баурайтын өнер

Ақылмен билеу өнері

«Шешендік» дегеніміз не?

Фылым-білімді, рухани мәдениетті, халықтың тұрмыс-тіршілігін терең меңгерумен сипатталады

Тіл өнері мен сөйлеу мәдениетінің ең жоғарғы сатысы

Дидарласуышының не нәрсеге болса да сендеріру, иландыру үшін бізге берілген сый

Біліктілік пен білімнен, түйсік пен сезімнен, ұшқыр қиялдан туындастын сөз өнері

(Абат Қыдыршаев)



- 6.** Екі топқа бөлініп, оқылым мәтіндеріндегі тыныс белгілерінің қоюылу себептерін кестеге жазындар.

Тілдік бағдар	Мысалдар	Сұрақтар	Жауаптар
Төл сөздің тыныс белгісі. Қаратпа сөздің тыныс белгісі. Құрмалас сөйлемнің тыныс белгісі	– Жарайды, балам, – дейді Алтыбасқа әкесі, – қонақтың үлкен-кішісі жоқ, мазалай бермендер енді.	Сызықша мен үтір не себепті қойылған?	Автор сөзі төл сөзді екіге бөліп тұrsa, екі жағынан үтір мен сызықша қойылады. «Балам» – қаратпа сөз, алдынан үтір қойылады. Төл сөздің екінші бөлігі – құрмалас сөйлем, сондықтан жай сөйлемдерінің арасына үтір қойылады.



- 7.** Берілген шешендік сөзді жаттап алындар. Тыныс белгілерінің қоюылу себебін түсіндіріңдер.

Жолдастың мыңын алма, бірін ал!

Жәнібек батыр жас уағында білім аламын деп Қаракерей Соқыр Абызды іздең барған екен. Барса, Абыз жүз жиырма алты жасқа келіп отыр екен. «Осы жақта бір атамыз бар дегенді естіп, бір-екі ауыз ақыл-білім алайын деп келдім», – дейді Жәнібек. Сонда Соқыр Абыз аз ойланып отырып:

А, балам, болсан боларсың!
Қол бастап, жау алайын деген үл екенсін,
Алдыңа келсе, өділдігінді аяма,
Аймағың кетпес алдыңдан.
Олжа түссе, олжаңды аяма,
Жолдастың кетпес жаныңдан.
Жолдастың мыңын алма, бірін ал,
Мың кісіге бір кісі олжа салады.
Жас күнінде қалың бер де, қатын ал,
Жігіттің хан болатын кезі,
Қызың ханым болатын кезі сол болады.
Қару жисаң, мылтық жи:
Жаяу жүрсөң таяғың,
Қарның ашса, тамағың, – депті.

Жәнібек осылай Абыздың батасын алып қайтқан екен.

(Балтабай Адамбаев)

IX

БӨЛІМ

ЕҢБЕК НАРЫҒЫ ЖӘНЕ СҰРАНЫС

ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР

Бұл бөлімде сөздер:

- еңбек нарығы және оның әлеуметтік мәселелері, жұмыс күші, сұраныс факторлары, жұмыссыздық пен инфляция, кәсіпкерлік және табысты адамдар туралы ақпараттармен танысасындар;
- графиктік мәтіндегі мәліметтерді салыстырып, пікір алмасасындар;
- жоспар түрлерін (курделі, тезистік, тірек-сызба) құрасындар;
- шешендік сөздерді қорытындылап, атқаратын рөлі мен маңызы туралы ой бөлісесіндер;
- тыныс белгілерін дұрыс қолдануды менгересіндер.

Егін сал не сауда қыл, малыңды бақ,
Білім білген әр істе шебер болмақ.
Қолөнерден пайда қыл үйреніп ап,
Кетпес дәулет осы ғой, әмбеге хақ.

Шәкәрім Құдайбердіұлы

§1.

Еңбек – адамның тіршілік өрекетінің негізі



1. Мәтінді оқып, 2–3 сөйлеммен қорытындылаңдар, тақырып қойындар. Мәтін бойынша 3 түрлі жоспар құрындар.

Жай жоспар	Құрделі жоспар	Тезистік жоспар
Мәтіндегі маңызды бөлімдердің атауы	Мәтіндегі маңызды бөлімдер (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды) атаулары, мағыналық компоненттері	Мәтін бөлімдерінің тақырыпшалары мен азатжолдардың негізгі мазмұнына қатысты атаулар

Адамды мақсат пен бақытқа жеткізетін қасиет – еңбек-қорлық. «Еңбек ер атандырады» дейді халық даналығы.

Күнделікті тіршілікте көзге көрінбейтін еңбек өрекетінің адамның бүкіл ғұмырына қатысы бар. Адам еңбегі – тіршіліктің алтын діңгегі. Адам баласының еңбегі нәтижесінде қоғам дамып, өркениет өрістейді. Сондықтан да еңбек тәрбиесі үрпақ тәрбиесінде маңызды орын алады.

Ұлы ойшыл әл-Фараби тәрбиесіз берілген білімнің қоғамға зияны туралы айтса, ибн Сина еңбекке мән беріп, оны қоғам дамуы мен адамгершілік негізі ретінде тану қажеттігін тілге тиек еткен. Ұлы ақын Әлішер Науай еңбекті қоғамдық дамудың жемісі ретінде қарастырады.

Адамның еңбек ету дағдысының қалыптастыруы оның еңбекті бағалап, қажеттілігін сезінуінен басталады. Еңбек ете білу – өнер, шығармашылық пен шеберлік өнері.

(«Тәрбие құралы» кітабынан)



2. Интервьюоді оқып, негізгі ойды анықтаңдар. Мәтінде көтерілген мәселеге қатысты талқылау сұрақтарын ұйымдастырындар, сынни түрғыда баға беріндер.

Мен үшін мүмкін емес нәрсе жоқ!

Есімі «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасына енген, мүгедектерге арналған еліміздегі ең алғашқы спорттық оңалту орталығының ашылуына бастамашы болған, 19 жасында көлік апатынан мойын омыртқаларын зақымдап, арбаға

таңылған талдықорғандық Елдос Баялышбаевты Qazir еркін әңгімеге шақырды.

Qazir: Елдос, хал-жағдай жақсы ма? «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасынан сенің жетістіктерінді көріп, қуанышп җүрмін. Өзің жайлы, өзгелердің көзқарастары мен пікірлері туралы, жобаларың жайлы оқырмандарымызға басынан бастап баяндап берші.

Елдос: Сәлем, Жаннат, негізі, мен программауашымын той, бірақ өмірімнің «программасы» өзгеше, ерекше. Қол-аяғы қимылсыз жатқан кімге ұнасын? Отбасыма да оңай болған жоқ. Қайтсем де қол-аяғымды жиынп, басымды көтермекке бел будым. Содан үздіксіз жаттығулармен айналыстым. Құдайым қош көріп, қол-аяққа жартылай болса да жан бітіп, бетім бері қарай бастады. Ата-анам мен ағамның да қолдауы ұшан-теңіз болды. Өзімнің тағдырластарымның осындай тауқыметте жүргені күн-түні көкейімде тұрды. Сонымен, аздық-көпті көмек болар деген оймен 2014 жылы оңалту орталығын аштық. Ондағы ойым өзім сияқтылардың құлазыған көңілдеріне сенімнің бір үшкынын болса да себу еди.

Мен сияқты мүмкіндігі шектеулі жандарға шынығу арқылы талай белесті бағындыруға болатынын жеткізуім керек екенін түсіндім. Өздеріне өздері қызмет қыла алғатын күйге жетелеуім керек. Олардың ойларын оңалтып, жаншылған жігерлерін неге шындаамасқа? «Асар» осындай астана-кестен болған бүкіл арманымды қайта айшықтап, қайтадан қаз басқан кезімде туды.

Qazir: «Асар» спорттық оңалту орталығына Қазақстанның түкпір-түкпірінен келетіндерді былай қойғанда, алыс-жақын шетелдіктер де ел кезіп таба алмаған емін ізделп келіп жатыр екен. Қарап отырсам, қыруар жұмыс атқарылған, солар жайлы біраз мәлімет бере кетейік, Елдос.

Елдос: Білесіз бе, бұл жерге тән дауасынан бұрын жан дауасын ізdegендер денені шынықтырудан гөрі ерік-жігерді шынықтыру үшін келеді. 2014 жылы Талдықорған қаласы әкімдігінің қолдауымен ашылған бұл орталықтың биыл қызмет етіп келе жатқанына төрт жыл болды. Өзіңе, өзгеге, жетістікке сенім болмаса, сенің оңалатыныңа сенетін жүрт та шамалы. Құлшының құз басына бір-ақ көтереді, сондықтан көпшілік ерік-жігерлерін жанып, өзін-өзі жекпе-жекке

шақырғандай болып келеді. Бұл – басты жетістік. Қалғаны – үздіксіз еңбектің, төгілетін тердің, үзілмейтін үміттің еншісінде.

Алғашқы екі жылда мемлекеттік-әлеуметтік тапсырыс төңірегінде оқалтудан 260 адам өтті. Қелік апаты, инсульт, ДЦП-дан зардап шеккендер осында келіп, оқалып жатыр. Бас-аяғы төрт жыл ішінде келгендер саны 350 адамнан асты. Оның ішінде Қырғызстаннан, Ресейден, Өзбекстаннан келген түрлі топтағы мүгедектер де бар. 50-ге жуық адам арбамен келіп, өз аяғымен кетті. Жұздеген адам өзіне-өзі қызмет ететін деңгейге жетті. 2011 жылғы қысқы Азиада ойындарының чемпионы, спорт шебері Евгений Левкин де орталығымызда болып, біраз оқалып қайтты.

Qazir: Атқарылып жатқан басқа да жобаларыңмен өзім таныспын, өз аузыңнан көпшілік ести кетсін, айта отыршы.

Елдос: Азды-көпті оқалушылардың орталыққа төлейтін ақысы айлық жалақыны жабуға жұмсалып кетеді. Қалғанын реттестіріп келеміз. Мысалы, 2014 жылды «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы арқылы 3 миллиондық грант бүйірды, оған арнайы жаттығу құрылғыларын жасадық.

2016 жылды «Startup Bolashak» конкурсына қатысып, екінші орынды иелендім. Мұның нәтижесі ретінде Алакөлде мүгедектерге арналған еліміздегі ең алғашқы мамандандырылған пансионат ашылды.

Ал былтыргы жылдың ақпан айында Қазақстан Республикасындағы Жапония елшілігінің қолдауымен «Шөп тамыры» бағдарламасы бойынша 26 миллиондық грантты иелендім. Орталығымызға қажетті керек жараққа, жаттығу құралдауна қол жеткіздік, ал мамандарымыз оқалту және жаттығу жабдықтарымен жұмыс жасау бойынша арнайы біліктілікті арттыру курстарынан өтті. Арасында өткізілген бірнеше қайырымдылық концерттер, шерулер мен түрлі шаралар да бар, санынан жаңылышы самын қазір.

Qazir: Елдос, қала бойынша үздік көсіпкер атандың, мүгедектердің өмір сапасын жақсартуға қосқан үлесің үшін «Жаншуақ» сыйлығын да иелендің. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың, Денсаулық сақтау, Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің алғыс хаттары мен түрлі қошеметтен кенде емессің. Жуырда «100 жаңа есімге» ендің.

Тағы бір жетістігің – «Сәби» қорының «Өз бизнесінді жаса» байқауындағы жеңісің. Елу мың доллар болатын жүлдесін сенің жобаңа тағайындағы. Қандай да бір себептермен іске аспай қалуы мүмкін бе?

Елдос: «Сәби» қорының жүлдесіне баспана мәселесін шешпекпін. Оңалту орталығына келушілерге арналған заманауи хостел салынады, қазір «қағаз» жұмыстары реттеліп жатыр.

Qazir: Ендігі «программа»?

Елдос: Бір-бір үміттерін арқалап, «Асаға» оңалуға келіп жатқандар саны күн сайын артуда, енді солар бас сауғалайтын баспана тұрғызсам деймін. Тағдырластарымның жүріптүруына, қатынауына барынша қолайлы хостел салу – жоспардың келесі тармағы.

Мен «мүмкін емес» дегенге сенбеймін. Кезінде маған: «Омыртқасы сынған, жұлдыны зақымданған адамның қайта тұруы түгіл, отыруы мүмкін емес», – деген еді. Үзілген үміт те жалғанады, жоғалған арман да айналып өзінді табады, өртенген сезім де бір күні өлмейтін махаббатқа айналады. Бәрі мүмкін, тек өзіңмен күрсек білсең болғаны. Өзінді жеңе білмесең, өзгеге не көрсете алмақсың?! – деп, сөзін қорытындылады Елдос.

Жігерін жанып, жеңілмей келе жатқан, жүзінен күлкісі кетпейтін жігітпен сұхбаттан соң, жадырап тарастық. *Qazir* Елдостың әр жобасының жүзеге аса беруіне тілекtes.

(*Жаннат Манасбайқызы*)



3. Үлттық салт-дәстүрді жаңғырту мақсатында қандай кәсіппен айналысадар едіндер? Мәтіндегі ойды жалғастырып, дискуссивті эссе жазындар.

Қазіргі уақытта қала баласының да, дала баласының да ермегі велосипед, гидроскутер, телефон болғаны рас. Халқымыз еңбек пен өнерді егіз санаған. Жұн иіріп, өрнек тоқу, киіз басып, үй жабу, ою ойып, сырмақ, тұсқиіз өрнектеу, тері илеп, бас киім тігу қыздар үшін ерекше өнер болған. Ал тері, ағаш, темірмен байланысты кәсіпті ер адамдар атқарған. Асау үйретіп, қайыстан жүген тартып, өмілдірік, құйысқан, қамшы, шідер секілді әбзел істеген...



- 4.** Өздерің жазған дискуссивті әсseedегі тыныс белгілерінің қойылу себебін түсіндіріңдер.

Үлгі:

Мысалдар	Тыныс белгілері	Қойылу себебі
Қазіргі уақытта қала баласының да, даала баласының да ермегі велосипед, гидроскутер, телефон болғаны рас.	Үтір	Бірыңғай мүшеслердің арасына қойылған.



Еңбек туралы мақалдар

- Еңбек ер атандырады.
- Еңбегің егіз болса, байлығың сегіз болады.
Еңбегің қатты болса, татқаның төтті болады.
- Еңбегің өнімді болса, көңлің сенімді болар.
- Еңбек деген байлық бар ерінбеген жететін,
Жоқшылық деген жебірді жермен-жексен ететін.
- Еңбек ерлікке жеткізер,
Ерлік елдікке жеткізер.
- Еңбек еткен емеді.
- Еңбек етпей, елге өкпелеме,
Егін екпей, жерге өкпелеме.
- Еңбекке бейім болсан, қатарыңдан кейін болмайсың.

(«Мақал-мәтелдер жинағынан»)



- 5.** Үш топқа бөлініп, тапсырмаларды орындаңдар.

1-топ. «Еңбек – адамның тіршілік өрекетінің негізі» деген пікірді қалай түсінесіңдер? Еңбекқор деп қандай адамды айтамыз? Пікірлерінді жинақтап, 10 сөйлем жазыңдар.

2-топ. «Мен үшін мүмкін емес нәрсе жоқ!» мәтініне тезистік жоспар құрыңдар.

3-топ. Қазіргі таңда кәсіпкерлерге өз кәсібінің нәтижесін көрсетуіне қандай мүмкіндіктер жасалған? Өз ойларыңды постер арқылы қорғандар.



- 6.** Жоғарыдағы мақалдарды қатыстырып, «Табысты адамдар – табысты ел» тақырыбында аргументті әссе жазыңдар.

§2.

Еңбек нарығы және оның әлеуметтік мәселелері



1. Еңбек нарығы дегенді қалай түсінесіндер? Ойларынды ортаға салындар.
2. Фылыми еңбектегі деректерді «Инсерт» өдісі арқылы талдаңдар. Сызбадағы мәліметтерді талдаң, негізгі үрдістерді анықтаңдар.

V бұрыннан білемін	+ жаңа ақпарат	- менің ойлағаным қайшы	? білгім келеді

Еңбек нарығы

Еңбек нарығы – жұмыс күшін тауар ретінде сату және сатып алу туралы экономикалық қатынастардың жүйесі. Еңбек нарығында жоғары білікті еңбектің дәрежесі көтеріледі, әрбір жұмыс орнының бағасы өседі, жұмыскерге және оның еңбегіне талап күшіндерді, жұмыскердің қабілеті мен іскерлігіне қатаң таңдау жүргізіледі. Нарық еңбекке қабілетсіздерді, жалқаулар мен әлсіздерді ешқашан аямайды. Ол шапшаңдық, іскерлік пен біліктілікті талап етеді.

Еңбек нарығы – бәсекелік нарық. Өз еңбегімен жоғары табыс табу үшін жоғары білікті жұмыскерлер мен мамандар бір-бірімен бәсекелік сайыста болады. Қоса көрсеткіштер арасында да фирмаға тәжірибелі және білікті мамандарды тарту үшін бәсекелік күрес жүріп отырады.

Еңбек нарығында еңбекақы, баға механизмі арқылы белгілі сегмент шеңберінде жұмыс күшіне сұраныс пен ұсынысты қалыптастыратын, экономикалық агенттердің қимылдарын үйлестіруге қызмет ететін бәсекелестік орын алып отырады.

Еңбек нарығының негізгі мақсаты – еңбек ресурстарын тиімді және нәтижелі қамту. Еңбекке жарамды адамдарды жұмыспен қамту – аса күрделі әрі мемлекеттік маңызды мәселе. Нарыққа бет алған сайын бұл мәселе өткір және батыл қойылған саяси-экономикалық және әлеуметтік мақсаттарға жетудің шарттарының бірі болып отыр.

Еңбек нарығы

Сұраныс пен ұсыныс механизмі арқылы белгілі бір жұмысбастылық көлемі мен еңбекақы деңгейі анықталатын, экономикалық агенттер арасындағы бәсеке нәтижесінде қалыптасқан экономикалық орта.

Жұмыс күшін тауар ретінде сату, сатып алу туралы экономикалық қатынастар жүйесі. Еңбек нарығында кәсіпкерлер мен еңбекке қабілетті адамдар арасында белгілі бір қарым-қатынас орнатылады.

Сегменттер, секторлар және өртүрлі ішкі және сыртқы байланыстардан тұратын қоғамдық қатынастардың күрделі жүйесі, сонымен бірге интеграцияланған немесе біртұтас өндірістік ресурстар нарығының қосалқы жүйесі.

Басқалай өндірістік ресурстарға (құрал жабдықтар, жер т.б.) қарағанда, еңбек – өзгеше ресурс, өйткені ол сақтау заты бола алмайды, ол өндірістің субъективті секторларымен, қызметкерлердің жеке сипаттамаларымен тығыз байланысты.

Өндірістік ресурстар нарығында еңбек нарығы ерекше орын алады, өйткені еңбек нарығының өндіріс процесі болмайды, ал қоғам адамдардың еңбек қызметінен тыс дұрыс жұмыс істей алмайды.

(*Т.Какижанова мен Г.Искакованаң «Еңбек нарығы дегеніміз не?» мақаласынан*)



3. «Еңбек нарығы» мәтіні бойынша топтық тапсырмаларды орындаңдар.

1-топ. Оқылым мәтініне күрделі жоспар құрындар.

2-топ. Оқылым мәтінінің тезистік жоспарын жазындар.

3-топ. Оқылым мәтінінің алғашқы төрт азатжолындағы мәліметтерді тірек-сызба түрінде жазындар.



4. Мәтін кейіпкерлерінің еңбек нарығына қосқан үлесі туралы ой бөлісіндер. Мәтінде көтерілген мәселені, негізгі ойды анықтаңдар.

Фотограф сыйлаған мәңгілік ғұмыр



Оспан Әли есімімен көпке танылған фотограф Әлібек Ибраевтан адам мен табиғат үндестігі салтанат құрған осы бір суреттің сырын сұрауға асықтық...



Кие мен қасиет, обал мен сауап, мейірім мен маҳаббат бір ғана суреттің өн бойынан саулай төгіліпті. Құралайдың момақан ғана қалпына қараңызышы!.. Өзін көктің де, жердің де иесі сезініп, алшаңдай басқан адамзатқа қанағат пен рақымды үқтыврысы келгендей, жәудірей қарап қалыпты. Киіктің лағын қос қолдай көтеріп түрған қорықшы Ерлан Нұргалиевтің портреті жүректерді жылдытқан картинаға айналды.

– Сол уақыттарда елімізде киіктердің қырылып жатқан кезі еди. Киіктің киесі туралы өңгіме бала күннен көңіл түкпірімде айрықша қатталып қалған-ды. Осы тақырыпта бірнеше жұмыстарым болуы тиіс деп, Орман шаруашылығы комитетіне хабарлассам, Қорғалжын мемлекеттік қорығына пресс-тур ұйымдастырып жатыр екен. Көп ойланбастан мен де ілестім. Бізді «Охотзоопром» мекемесінің жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі инспекторы Ерлан Нұргалиев қара кешке дейін ертіп жүрді. Жұзі ерекше жылы адам көрінді. Өңгіме арасында киіктің неге киелі аң саналатынын сұрадым. «Киіктер ешқашан жетім қалған лақтарды далага тастамайды. Далада келе жатқан кез келген киік жалғыз-жарым құралайды кездестіре қалса, жанына барып емізіп, ертіп әкетеді. Жетімін жылатпаған қазақ киікті осы себепті киелі санаса керек», – деді.

– «Аға, олай болса, өз балаңыздай көтеріп түсіңізші!» – деп, сол сәтті түсіріп алдым, – деп еске алды Әлібек.

Қорықшы үдең тұрған браконьерлік шабуыл туралы да көп айтса керек, фотоға түсірудің нағыз қызығына батқан фотограф бұған аса мән бере де қоймаған. Ал түп-тура бір жылдан соң борышын адал атқарған табиғат жанашыры туралы сүйт хабар естітінін, өзі түсірген суретімен-ақ оған мәңгілік ғұмыр сыйлайтынын ол кезде білген жоқ еді.

– Өзім түсірген фотоны жан-жақтан жіберіп, Ерлан ағамыздың қазасын естіртеді деген ой басыма кіріп шыққан емес. Браконьерлер аңға ғана емес, адамға да шабуыл жасайды деп ойламаған едім. Бұл фотосурет адам мен табиғаттың етене жақындығын көрсететін жаныма жақын туындыларымның бірі болып қалды, – дейді өткен күндерге ой жүгірткен Әлібек.

Фотограф Оспан Әлидің алғашқы қадамы Миландағы ЭКСПО-2015 халықаралық көрмесіндегі Қазақстанның үлттық павильонына туындысы қойылудан басталған еді. Бір жылдан соң Әлібектің 500 фотографтың арасынан іріктелген жұмыстары Париждегі «Карусель дю Лувр» сауда орталығында таныстырылды. Одан кейінгі жылдардағы Астанада өткен «Тәуелсіздіктің 25 маманы», «Мен қазақ даласының қызымын» атты фотокөрмелері үлттық реңкімен ерекшеленеді. Ал 2018 жылы Францияда өткен «Қазақстан ырғағы» атты автордың жеке көрмесі жаңа мүмкіндіктерге жол ашты деуге болады. Сол сапарда шетелдік заманауи өнер

орталықтарының бағыт-бағдарымен танысқан фотограф енді тұрақты байланыс орнатуды мақсат етіп отыр.

Әлібек қазір Астанада «Ospan Ali productions» креативті агенттігіне жетекшілік етеді.

(Ая Өміртайдың «Фотограф сыйлаған

мәңгілік ғұмыр» мақаласынан.

Фотолар Оспан Әлидің жеке архивінен алынды)



Ұлы Абайдың нақыл сөздері

- Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға.
- Еңбек – қуаныш, жалқаулық – айырылmas азап.
- Адал еңбекпен мал іздемек – арлы адамның ісі.
- Сақалын сатқан кәріден
Еңбегін сатқан бала артық.
- Егер де мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды. Алдау қоспай, адал еңбегін сатқан – қазақтың қолөнерлі төресі сол.



5. «Фотограф сыйлаған мәңгілік ғұмыр» мәтінінің тезистік жоспарын жазындар.



6. Болашақта ірі кәсіпкер болсаңдар, еңбек нарығына қандай үлес қосар едіңдер? Қажетті ақпараттарды қолданып, өз ойларынды тірек-сызба түрінде жазындар.



7. Оқылым мәтінінен бірнеше мысал алып, тыныс белгілерінің қоюлу себебін түсіндіріңдер.

Үлгі:

Мысалдар	Тыныс белгілері	Қойылу себебі
Құралайдың момақанғана қалпына қаралызы!..	Леп белгісі, көп нүкте	Көтеріңкі дауыспен айтылған сөйлемнің соңына леп белгісі қойылады. Сөйлемдер не сөздер қалдырылған жерге көп нүкте қойылады.



8. Абайдың «Еңбек – қуаныш, жалқаулық – айырылmas азап» нақыл сөзінің мағынасын қалай түсінесіңдер? Өз ойларынды дәлелдей, дискуссивті эссе жазындар.

§3.

Еңбек нарығындағы жұмыс күші. Сұраныс факторлары



1. Мәтінді оқындар. Қай мамандықта сұраныс көбірек? БАҚ және ғылыми еңбектерден деректер келтіре отырып, негізгі ойды анықтаңдар.

Еңбек нарығы – сұраныс пен ұсыныс механизмі арқылы белгілі бір жұмысбастылық көлемі мен еңбекақы деңгейі анықталатын, экономикалық агенттер арасындағы бәсеке нәтижесінде қалыптасқан экономикалық орта.

Еңбектің сұранысы мен ұсынысына өсер ететін өлеуметтік факторларға мыналар кіреді: ұсынылған еңбектің сапасы және қызметкердің біліктілігі, өлеуметтік қамсыздандыру деңгейі, білім беру жүйесінің дамуы, кәсіподақ қозғалысының дамуы, деңсаулық сақтау жүйесінің дамуы, еңбек жағдайының өзгерісі.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Назарбаев 2012 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында ең бірінші мәселе ретінде қазақстандықтардың еңбекпен толық қамтылуы мәселесін қарастырган. Бұл мәселе оқытуудың тиімді жүйесін қалыптастыра отырып, еңбек ресурстарының мобиЛЬДІЛІГІН арттыруға негізделіп жүзеге асады. Экономиканың жандану және өрлеу кезеңдерінде жоғарғы деңгейдегі нарықтық жағдаяттың қалыптасуына байланысты жаңа кәсіпорындар ашылады, бұрыннан жұмыс істейтін кәсіпорындар үлгаяды және соның арқасында жаңа жұмыс орындары ашылады да, жұмыс күшіне деген сұраныс артады. Мұның нәтижесінде еңбектің бағасы неғұрлым өседі де, халықтың өлеуметтік жағдайы жақсарады.

Бүгінде еңбек күші стратегиялық ойлау, тапқырлық, мәдениеттілік тағы басқа сол сияқты қабілеттіліктерге икемделуі қажет. Адам ресурстарын өрдайым дамытып отырғаны жөн. Қазақстан Республикасы дүниежүзілік нарықта езінің бәсекелестік позициясын орнықтыру үшін мемлекеттің рөлін күштейтіп, экономиканы стратегиялық басқаруын дамытуы және кадрлық саясатты көтеруі тиіс.

(Толқын Какижанова)



2. Мәтіннен түйген ойларынды «ПСМТ формуласы» әдісі арқылы жазындар. Осы мәселе туралы білетіндерінді ортаға салып, дереккөздеріне сілтеме жасаңдар.

1-сөйлем: «Мениң ойымша, ...».

2-сөйлем: «Мен оны былай түсінемін: ...».

3-сөйлем: «Мен оны мына деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын: ...».

4-сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім: ...».

Біздің елімізде жұмыс күшін ұсынатын жұмыскерлерде өз еңбегіне сұранымның бар-жоқтығы туралы ақпарат жоқ. Олар өздері тұратын қала не аудан шенберінде қандай бос жұмыс орнының бар екендігін толық білмейді. Ал басқа аймақтағы жұмыс орындары туралы тіпті хабарсыз.

Мысалы, америкалықтар еңбек еткен жылдарында жұмыс орнын 7,5 рет, Жапонияда 2,6 рет ауыстырады. Батыс Еуропада бұл көрсеткіш Жапонияға қарағанда жоғары. Дамыған елдердегі нарық өзінің өзгермелі коньюктурасына қарай жұмыскерлердің 3,2 белгігін үнемі оқуға жіберіп отырады. Жапонияда әрбір екінші жұмысшы әйтеуір бір жерде оқиды. Осы елде сапа үйірмелері, тәжірибемен алмасу тобы, жаңа технология және еңбек тәсілдерін игеру құбылыстары кең тараган. Швецияда еңбекке байланысты арнайы заң қабылданған. Заң талабына сай әрбір жұмыскер жұмыс уақытының есебінен кез келген курста оқуға құқылы және ешқашан жалақысын жоғалтпайды. Сондықтан жұмыскердің оқуы мен білім дәрежесі жоғары бағаланады. Бұл процесс – нарықтық принципке көшетін экономика үшін қажетті құбылыс.

(Толқын Какижанова)



3. Аудиожазбадан (16. mp3) «Әнет баба» мәтінін тындалап, онда көтерілген мәселелеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, талқылау сұрақтарын құрастырындар.



Сөйлеу мәнерлілігі

Адамның сөйлеу әрекетінде екі сипат болуы шарт. Бұларсыз сөйлеу өзінің қызметін дұрыс атқара алмайды. Бірінші – сөйлеудің мазмұндылығы, екінші – мәнерлілігі.

Сөздің мазмұндылығы дегеніміз – екінші біреуге жеткізілетін ойдың айқындығы, мәні мен мағынасының болуы.

Сөздің мәнерлілігі дегеніміз – адамның сөйлеу кезіндегі эмоциялық қалпын білдіре алуы, яғни әрбір сөйлемді өзінің сазымен айта алуы. Сөздің мәнерлілігі – тыңдаушылар мен оқушылардың назарын аударып, қызығушылығын арттыратын қасиеттері. Сөйлеуші тыңдаушылардың тек ақыл-ойына ғана емес, сонымен бірге оның сана-сезіміне, қиялына да әсер етуі керек. Сөздің бейнелілігі мен сезімдік күші оны жақсы қабылдап, түсінуге, есте сақтауға септеседі, жақсы сөзден тыңдаушылар эстетикалық ләzzат алады. Сөздің мәнерлілігі ақпараттық (айтылған ақпарат тыңдаушыларға қажет болғанда) және сана-сезімдік (тыңдаушыларды сөздің айтылу, сөйлеу шеберлігі қызықтырғанда) болып екіге бөлінеді.



- Тыңдалым мәтініндегі Әнет баба пікірін жалғастырып жазындар.
Жазған жұмыстарынды мәнерлеп оқындар.

Үш жаман бар. Олар мыналар: нақақ қан төгу, кісі малын нақақ алу, ата-бабадан қалған ескі жұртты бұзу. Міне, бұдан сақ болындар!



- «Еліміздегі еңбек нарығын дамыту үшін қандай жаңа технология мен еңбек тәсілдерін игеру тиімді?» сұрағына жауап бере отырып, дискуссивті әссе жазындар.
- Жинақтардан, ақпарат көздерінен ізденіп, Әнет бабаның бір шешендік сезін жаттап алындар.

§4.

Жұмыссыздық пен инфляция – экономикалық тұрақсыздықтың көрінісі



1. Кестедегі мәліметтерді салыстырыңдар. Жұмыссыздықты жоюдаң қандай әдістерін ұсынар едіңдер?

Негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіш	2018 жыл	2019 жыл
Жұмыссыздық деңгейі	4,8%	4,8%
Жұмыссыз ретінде тіркелгендер саны	149,5 мың адам	131,8 мың адам
Орташа жалақы	163 604 тг	173 499 тг (мамыр айындағы бағам бойынша)

(КР Статистика комитетінің мәліметінен)



2. Мәтінді түсініп оқыңдар. БАҚ және ғылыми еңбектерден инфляция туралы деректер келтіре отырып, негізгі ойды анықтандар.

Еңбек нарығы – тауар болып табылатын еңбек ресурстарының нарығы. Олардың тепе-тендік бағасы мен саны сұраныс пен ұсыныстың бір-біріне әсер етуімен анықталады. Қесіпкерлер мен еңбекке қабілетті адамдар – нарық агенттері, олар еңбек нарығында өзара қатынаста болады. Жұмыссыздық – еңбек нарығының құрамдас элементі. Жұмыс күші бар ересек адамдар еңбек нарығына қатысуына қарай бірнеше негізгі категорияларға бөлінеді.

Жұмыссыздықтың типтері:

1. Фрикциондық жұмыссыздық. Еңбек нарығында адамдардың бір орыннан екінші орынға қозғалысымен, бір кесіпорыннан екіншісіне ауысуымен байланысты туындаитын жұмыссыздықтың белгілі бір түрі. Вакансиялар туралы толық ақпарат болмағанда немесе осы ақпарат тым қымбат болғанда, жұмыскерлер мен бос жұмыс орындарының арасында белгілі бір сәйкесіздік болады, яғни фрикциондық жұмыссыздық пайдада болады.

2. Құрылымдық жұмыссыздық. Оған экономикадағы құрылымдық өзгерістердің нәтижесінде бос жұмыс орындары мен жұмыссыздардың арасындағы кәсіби-біліктілік пен аумақтық сәйкесіздік себеп болады. Мысалы, жаңа технологиялар мен жаңа тауарлардың пайда болуының нәтижесінде жұмыс күшінің кәсіби-біліктілік құрылымында өзгерістердің орын алуы. Экономиканың бір секторындағы жұмысынан айырылған жұмыскерлер басқа саладағы бос жұмыс орындарына орналаса алмаған жағдайда, құрылымдық жұмыссыздық орын алады.
3. Маусымдық жұмыссыздық. Өндірістің кейбір салаларындағы (мысалы, ауылшаруашылығы, құрылыс және т.с.с.) өндіріс көлемінің маусымдық ауытқуымен байланысты болады. Бұларда жыл бойында еңбекке сұраныс біркелкі емес, елеулі өзгеріп отырады.
4. Циклдық жұмыссыздық. Экономикалық құлдырау мен экономиканың бір секторындағы немесе аймақтағы жұмыс күшінің артуы басқа жерде оның жеткілікісіз болуымен қатар жүреді. Ол экономикалық коньюктураның өзгеруімен анықталады. Циклдық өрлеу кезінде азайып, дағдарыстар кезінде көбейіп отырады.

Инфляция термині қазақша «қампаю, ісіну» дегенді білдіреді. Инфляция – өндіріс процесінің бұзылуы, шаруашылық салаларының бір-бірімен үйлесімсіз дамуы және мемлекеттің эмиссиялық саясаты мен коммерциялық банктер іскерлігінің икемсіздігі салдарынан туындаитын курделі әрі көпфакторлы құбылыс.

Сұраныс инфляциясы, негізінен, ақшалай факторға байланысты туындаиды, яғни айналыстағы ақша массасы өссе, соның нәтижесінде төлем қабілеті бар сұраныс та жоғары болады. Ал сол кездегі бір қалыпты баға жағдайында өндірістің оралымсыздығы сұранысты қанағаттандыра алмайды. Сөйтіп, жиынтық сұраныс экономикалық өндірістің мүмкіндіктерін жоғарылатып, бағаның көтерілуіне өкеледі.

Шығындар инфляциясы өнімге баға белгілеуде әсер ететін ақшасыз факторларға байланысты туындаиды.

Тауар бағасының өсуі халықтың табысын төмендетіп, жалақының қайта индекстелуін талап етеді. Жалақының өсуі өз кезегінде өнімді өндіру шығындарының өсуіне, пайданың төмендеуіне, қолданылып жүрген баға бойынша шығарылатын өнім көлемінің қысқаруына әкеп соғады. Пайданы сақтап қалу мақсатында өндірушілер тауар бағасын көтеруге мәжбүр болады. Нәтижесінде инфляциялық серіппе пайдалады, бағаның көтерілуі жалақының өсуін талап етсе, жалақының өсуі бағаны көтереді. Бұл – жалақы мен бағаның «инфляциялық серіппе» теориясы деп аталады.

(7kun.kz)



3. Графиктік мәтіндегі ақпарат бойынша өз ойларынды ортаға салып, пікірталас өткізіндер.

Еңбек нарығын реттеу

- Жалдау мен жұмыстан босатуды, жұмыс уақытын, еңбекпен қамту түрлерін реттейтін мемлекеттік, еңбек және әкімшілік құқығының маңызды нормаларын қайта қарастыру арқылы
- Халықтың ең аз қамтылған категорияларына, жұмыстан шығып қалғандарға әлеуметтік көмек көрсету арқылы
- Жұмыссыздық деңгейін бақылау арқылы
- Халықты даярлау және қайта даярлау жүйесін үйымдастыру арқылы
- Аймақтық жұмыспен қамту бағдарламасы және т.б.



4. Графиктік мәтіндегі қажетті ақпаратты қолданып, жұмыссыздықты жою жолдары туралы ойларынды дәлелдеп, мәтін жазындар. Тыныс белгілерін дұрыс қолданындар.



(КР Үлттых қ экономика министрлігінің
Статистика комитетінің сайтынан)



5. Өздеріңе ұнаган мақалды тақырып етіп алып, пікірлерің мен көзқарастарынды растайтын немесе жоққа шығаратын дәлелдер келтіріп, аргументті әссе жазындар.

- Көңілсіз жұмыс – өнімсіз жұмыс.
- Жұмысы жемістінің өмірі келісті.
- Жақсы болар жігіттің
Жұмыссыз жүрген күні жоқ.
Жаман болар жігіттің
Еш жұмысқа қыры жоқ.
- Қолыма жұмыс бергенің –
Жаныма тыныс бергенің.
- Жұмыс істеп, бой түзе,
Өнер біліп, ой түзе.
- Жұмыстың көзін тап,
Қисықтың ізін тап.

(«Мақал-мәтедер жинағынан»)

§5.

Кәсіпкерлік – ерекше экономикалық құбылыш



- Мәтінді түсініп оқып, мазмұнын өз пікірлеріңмен кеңейтіп баяндандар. «Кәсіпкерлік» сөзіне түсініктеме беріңдер.

Абай: еңбек һәм кәсіпкерлік

Абай он жасынан бір мүшеліне дейін бар болғаны үш-ақ жыл оқыған. Семейдің екі діни медресесінде, сосын Приходская школада үш ай дәріс алып, орысша тіл сындырган. Бүгінгі түсінікпен бастауыш мектеп деңгейіне де жетпеген. Бірақ мәселе ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсарин жастарға өсиет еткендей, «оқығанды көңілге ықыласпен тоқи білуде» ғой. Ілім іздеген жасқа білім көзінің қайда жатқанын, оны қалай алуға болатынын үйренсе, ар жағын қаузап, өзі-ақ алып кете-ді емес пе? Абай да ілім-білім жинауды өз бетінше ізденіп, үйрену әдісін жетік игерген. Семей кітапханаларының тұрақты оқырманы болумен бірге, Ресейден газет-журналдар жаздырып алып тұрғаны оның осындай ізденімпаздық ізгі қасиетін айғақтайды. Бұларды неге айтып отырмын? Дүниедегі жақсы мен жаман, озық пен тозық, шынайы мен жалған өзара салыстыру арқылы ғана танылады. Ал салыстыра білуің үшін өзінде барды ғана емес, өзгеде барды да жақсы білуің керек. Абай осындай «дүниені оймен шолған» аса білімдар, саналы адам болды. «Әке – балаға сыншы» деген ғой, оның бойындағы ерекше қасиетті, әрине, сұңғыла Құнанбай алдымен таныды.

Мал тапқысы келмейтін адам жоқ, соны қалай табудың көзін білетін адам аз. Ол үшін оқып іздену, білім жинау керек. Өйткені «Өзің тірі болсаң да, көкірегің өлі болса, ақыл табуға сөз үға алмайсың. Адал еңбекпен ерінбей жүріп мал табуға жігер қыла алмайсың» («Алтыншы сөз»).

Мал табудың бір жолы ретінде «Отыз үшінші сөзінде» Абай ұсақ кәсіпшілікті көрсетеді.

«Қолөнер үйрен. Бірақ мына кеселдерден аулақ бол:

- бүл ісімді ол ісімнен асырамын деп артық тыраштанба;
- малға бөге қалған кісімсіп кекіреңдеме;
- қу тілге, мақтанға алданып дарақыланба;
- тамыршыл болып босқа шашыла берме».

Абайдың мақалға айналған қанатты сөздері «Отыз жетінші сөзінде» топтастырылған. Мұнда да ол адал еңбек ету, өнімді кәсіп табу мәселесіне баса көңіл бөледі. Соның бірнешеуіне тоқталайық:


- Егер ісім өнсін десең, ретін тап;
- Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дүшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады.

Өмірді жаңғыртып, жақсартатын, тұрмысты түрлендіріп мәнді де сәнді қылатын, адамның тәндік те, рухани да сұраныстарын толық қамтамасыз ете алатын құдіретті күштің кәсіпкерлік екенін Абай жақсы білген.

(Өтен Ахмет)



- 2.** Графиктік мәтіндеңі негізгі үрдістерді анықтаңдар. Еңбек пен білімнің егіз екенін дәлелдей, сұхбаттасыңдар.



Кәсіпкерлік – экономикалық іс-әрекет, мақсаты – пайда табу, табысқа ие болу. Кәсіпкерлік өз мақсатымен тәуекелге бел буатын, жеке табыс пен пайда табуға ұмтылған азаматтардың қызметтері болып саналады.

Кәсіпкер – кез келген уақытта өз бетінше шешім қабылдайтын, жаңалықтарын белсенді түрде тез іске асыратын, барынша тапқыр, тәуекелшіл, жігерлі, жауапкершілігі мол адам.

Фирма – дербес шешім қабылдай отырып, жоғары пайда табуға ынталанатын жеке және заңды тұлғалардың кәсіпкерлік қызметінің ұйымдық-құқықтық формасы.

Бизнес – пайда алуға бағытталған экономикалық қызмет, кәсіпкерлік.

Бизнес-жоспар – идеясын іске асырып пайда алу үшін жасалатын кәсіпкер әрекетінің жоспары.

Субсидия – бюджеттен берілетін қарожат түрі.



3. Сұрақтарға жауап беріп, кестені толтырындар. Ойларынды қорытындылап, сынни тұрғыда баға бере отырып, дискуссивті әссе жазындар.

Ақшага нені сатып алуға болады?	Ақшага нені сатып алуға болмайды?



4. Мәтін деңгейінде тыныс белгілерін дұрыс қолданып, өлеңдегі неғізгі ойды өз сөздерінмен жазындар.

Өзінді оят, дабылын қақсын арманың!

Өзінді оят!

Жүре бермей түңіліп,
Күдіктеніп, қорқып, ылғи кідіріп.
Тұтансын сенде жалын беретін жүрекке,
Үмтүлдүратын
Ұлы арман және Бір үміт.

Өзінді оят!

Дабылын қақсын арманың,
Күтуде талай жетістіктерің алда мың.
Шабыттанғайсың жарқын болашақ жайында,
Уайым-қайғының астында сөніп қалмағын.

Өзінді оят!

Адам екениңді еске алып,
Білімнің жолын, ілімнің жолын төске алып.

Өмір дегенің – өткенің емес, қалғаны,
Жүрген жоқсың сен жақсылықтардан кеш қалып.

Өзінді оят!
Күшінді сезін жасындаі,
Таланттың таудай, тек қана жатыр ашылмай.
Үлкен ойыңмен үлкен жобалар бастарсың,
Үмтыйлсаң, досым, ұялшақтыққа бас үрмай.

Өзінді оят!
Жүгенін жібер жүйріктің,
Демегін маған: «Орынсыз жерде киліктің».
Қыныңдықтарды сынақ деп қара баптайтын,
Құресіп жүріп мен дағы, қалқам, ширықтым.

Өзінді оят!
Өтірік ойлармен тұс көрмей,
Қиялдаپ жүріп, қалмасын ісің істелмей.
Әрекеттенгін, әрекет – өмір өзегі,
«Білмедім» деме, аспаннан жаңа түскендей.

Өзінді оят!
Өмірің өтіп кетпесін,
Орала қоймас уақыт дегенің өткесін.
Армандарыңды жүзеге асыр жігермен,
Көңіліңдегі көгілдір раушан көктесін!

(Рысмендиев Аманжол)



5. Мақал-мәтел, тұрақты сөз тіркестерін пайдалана отырып, күрделі жоспар құрып, «Бай болу үшін кәсіп керек» атты тақырыпта шығарма жазындар.

§6.

Табысты адамдар – табысты ел



- Мәтінді сыйбадағы мәліметтермен бірге оқындар, «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасының халықта тигізетін пайдасын анықтаңдар.

«Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы Елбасының «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу. Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауын және Қазақстанның 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын іске асыру үшін өзірленген.

«Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы Мемлекеттік ұдемелі индустрiadы-инновациялық даму бағдарламасын іске асыру тетіктерінің бірі болып табылады.



Кәсіпкерлік – кез келген адам айналысуға болатын өрекет түрі. Табысты кәсіпкер болу үшін білім, іскерлік қабілет, күшжігер, жауапкершілік, табиғи дарын болуы керек. Мұнай, газ, металл – барлығы халықтың 5–7% -іне ғана жұмыс береді. Әлемде халықтың 90% -іне жұмыс беретін – шағын және орта бизнес. Германияның дағдарыстан шайқалмай өтуінің себебі – бүкіл өнімнің 80% -ін кіші және орта бизнес өндіреді.



- Мәтінде көтерілген мәселені, автор позициясын талдай отырып, негізгі ойды анықтаңдар. «Егер мен ғалым болсам, не істер едім?» деген сұрақ төңірегінде ой бөлісіңдер.

«Болашақ» бағдарламасының тұлегі, физика-математика ғылымдарының кандидаты, физика ғылымдарының PhD

докторы, Серік Нұркеновтің отандық медицинаға қосқан үлесі зор. Онкологиялық ауруларды ерте кезеңде анықтау өдісін «ядролық медицина» саласымен жолға қойған білгір маманның еңбегі бүгінде лайықты бағаланып, Серік Нұркенов «Қазақстанның 100 жаңа есімінің» қатарына еніп отыр.

– Біздің амал-әдісіміз алдын ала ісіктерді анықтайды. Ең алдымен, біз дәрігер емес, медициналық физик екенімізді атап өткім келеді. Біздің бағытымыз – ядролық дәрі-дәрмектерді өндіріп, қолданыстан кейін науқастарды зерттеу. Ол – позитронды-эмиссионды (компьютерлік) томография деп аталады. Сол арқылы дәрігерлер науқастың қай жерінде қандай ісік барын ерте кезеңде анықтайды. Біз бериллий негізінде жаңа термотөзімді нано-жабындылар өзірледік. Олар ядролық медицина, ғарыштық және ядролық энергетика саласында маңызды тәжірибелік қолданысқа ие. Бұл онко-процестерді (ісік жасушалары) ең ерте кезеңінде жылдам анықтауға мүмкіндік береді. Осылайша ақпараттық позитронды-эмиссионды томография, яғни «ядролық медицина» бағыты елімізде 2010 жылдан жасала бастады. 10 жылдың ішінде Қазақстанда 17 мың адам біздің әдісіміз бойынша зерттелді. Бұл – құтқарылған мыңдаған адамның өмірі.

Физик ретінде айтарым, онкологиялық аурулар мәселесін шешу атом энергиясын бейбіт мақсатта қолданумен тікелей байланысты. Мейлі қалада, мейлі ауылда тұрсын, әрбір азамат осы емдеу өдісін тегін алуы керек деп есептеймін. Елімізде алдағы уақытта халықаралық стандарттарға сәйкес онкологиялық орталық ашылады.

Медициналық физиканы әлемдік медицинадағы трендтердің қатарына жатқызуға болады. Менің ойымша, кез келген салада әлемдегі трендтерден әсте қалып қалмау керек. Абайдың «Өзіңе сен, өзінді алып шығар, Еңбегің мен ақылың екі жақтап» қағидатына сүйенер болсақ, өткенді ұмытпай, болашаққа ұмтылсақ, алар асуымыз асқақ болмақ.

Жаһандану заманының сын-тегеуріні, Абайша айтқанда, «қолыңызды кеш сермеуді» кешіре бермейді. Жаһандану заманында жаңғыруға бет алдық. Қеудесінде сәулесі бар кез келген адам үшін айтылар ой түсінікті. Жақсысын ал, жаманын қабылдама, еңбек, адалдық жолынан адаспа!

Өзің үшін ғана емес, өзге үшін де қамқор бола білсөң, азамат болғаның. Жаңғыру, бәлкім, осыдан басталар.

Әр адам өз ұрпағының болашағына жауапты екенін сезіне білуі керек.

(*ҚазАқпарат*)



3. Мәтін кейіпкерінің ұстанымдары бойынша ойкөптар өткізіндер.

Ричард Брэнсонның ойымен толық келісемін	Ричард Брэнсонның кей пікірімен келіспеймін

Ричард Брэнсонның бойынды рухтандыратын даналық сөздері

Ричард Брэнсонға таңдана және сүйсіне қарамау қыын. Ол – бизнес әлеміндегі ең беделді тұлға, арманшыл әрі жеңімпаз адам. Оның өзі және кәсіпкерлік қызыметі жайлы пікірлеріне құлақ салып көрейік.

Өзіндік ерекшелігі жайлы:

– Мен үшін бизнеспен айналысу дегеніміз – костюм киіп, стейххолдерлерге жағымпаздану емес. Ең бастысы, өз-өзіңе, идеяларыңа адал болу және басты мәселелерді назарда ұстаяу.

Позитивті көзқарас жайлы:

– Менің өмірлік ұстанымым – әр минуттан ләzzат алу. Мен «Бұғін мен қалайда мынаны жасауым керек» деген оймен ешқашан ештеңе істемеймін. Бизнесмен өз ісін үлкен қызығушылықпен істеу керек, оған бәрі ұнау керек. Бұл шығармашылық қабілетті арттырады.

Кәсіпкерлік жайлы:

– Кәсіпкерліктің бар мәні – сені толғандыратынның бәрін қаржыға айналдыру, сол салада жетістікке жету және алға ілгерілеу. Менің ойымша, бір сарынды жұмыс пен сағаттап бір жерде отыру – бұл жалпы кәсіпкерлік рухқа жасалған қиянат.



Адамдар жайлы:

– Адамдарға шынайы қамқор болу өте маңызды. Сіз егер адамдарды жақсы көрмейтін болсаңыз, жақсы көшбасшы бола алмайсыз. Оларды жақсы көргенде ғана жақсы қасиеттерін байқай аласыз. Бизнес – адамдардың өмірін жақсарту үшін ойлап табылған жай ғана идея.

Сын-тегеурін жайлы:

– Мениң өмірге деген қызығушылығым өзіме ақылға сыймайтын сынақтар ұйымдастырып, соларды бағындыруымнан туындаған.

– Маган жігер беретін не? Ол – әрі қарай да өзіме сын-сынақтар жасау. Мен өз өмірімді университеттегі шексіз оқу деп есептеймін: күн сайын жаңа нәрсе үйренемін.

Жалпы барлығы жайлы:

– Өзің мақтан тұтатын бір нәрсе жасап шығару. Бұл менің бизнесстегі пәлсапам десем болады. Шындығын айтсам, мен ешқашан көп қаржы табу үшін бизнеспен айналысқан емес-пін. Егер бұл басты себеп болса, онда ештеңе істеудің қажеті жоқ. Мен жұмысты жұмыс деп, ал көніл көтеруді көніл көтеру деп қабылдамаймын. Мұның бәрі – өмір.




4. Ричард Брэнсонның ұстанымдарынан тірек-сызба түріндегі жоспар құрып көріндер.



5. «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәнінен алған білімдеріңмен байланыстырып, берілген сызба бойынша сөйлемдер құрастырындар. Үлгі бойынша тыныс белгілерінің қойылу себебін түсін-діріндер.

Үлгі:

Мысалдар	Тыныс белгілері	Қойылу себебі
Меншік нысаны бойынша кәсіпкерлік үш түрге бөлінеді: 1) жекеменшік; 2) мемлекеттік; 3) шетелдік.	Қос нүктө, нүктелі үтір	Бірыңғай мүшелердің алдынан келген жалпылауыштық мағынадағы сөзден соң қос нүктө қойылады. Цифр не әріптер арқылы санамаланып айтылған сөздер нүктелі үтір арқылы ажыратылады.



6. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. «Білікті білім жинап, кәсіп етер» тақырыбында аргументті эссе жазыңдар.
2. Табысқа жету үшін адамға қандай қасиеттер керек? Тірек-сызбамен көрсетіңдер.

§7.

Шешендік сөздердің маңызы



1. Аудиожазбадан (17. mp3) «Бәйдібек бидің өсиеті» мәтінін тындалап, көтерілген мәселені, автор позициясын талдай отырып, негізгі ойды анықтаңдар.
2. Мәтінді оқып, негізгі ойды анықтаңдар. Сөйлеу мәнерлілігін ескере отырып, мәтін мазмұнын ауызша баяндаңдар.



Бәйдібектің ерлігі

Бір шежіреде Бәйдібектің батырлығы былай хикая етілген. Алатаудың арғы жағынан жау қолы қаптап келе жатады. Жалайыр қариялары жан-жақтағы елге ат шаптырады. Бұл хабарды естіп Қаратаудан Бәйдібек батыр қол жинап аттанады. Екі жақ Алтынемел жотасында тоқайласады. Өуелі жекпе-жекке батырлар шығады. Түйедей қара атқа мінген бір шойын қақ ортага шығады. Бұл – қалмақтың Дөде батыры еken. Оған жалайырдың Алшынбай батыры қарсы жүреді. Екеуі найзалаасады. Алшынбайдың қылышы қақ бөлініп, Дөдемен арпалысып жүріп мерт бол кетеді.

Бәйдібек батыр:

– Енді кім шығады? – деп айқай салады. Найманның Шектібай батыры көк атын ойқастатып, Дөдеге жетіп барады. Тағы айқас, тағы найзалаасу. Шектібай да дүлей Дөдеге төтеп бере алмай, ауыр жарапанып қалады.

Дөде енді жекпе-жекке Бәйдібектің өзін шақырады.

Бәйдібек:

– Келсөң кел, өзім де сол сөзінді күтіп тұр едім, – деп, өзінің Ақбоз айғырына мініп, оған қарсы шығады. Сарбаздары: «Иә, Құдай, қолдай гөр!» – деп тілеп, шуласады. Екеуі өуелі қылыштасады. Дөденің күші басым болғанымен, айла-тәсілі аз еken. Бәйдібектің қимылына төтеп бере алмай, өбден қан сорпаға түседі. Дөде бар күшін жинап алғып, енді найзасын кезенеді. Бәйдібек те найзасын ыңғайлайды. Оның жылқы бағып жүргенде, қарт жылқышылардан үйренген дағдылы бір өдісі – құрыққа үқсатып найзасының үшінше шылбырдан қыл тұзақ байланатын-ды. Ол енді Дөдеге сол тәсілін қолданбақ. Мұны Дөде де, жау жағы да елей қоймайды, онша мән бермейді. Екеуі әрі-бері атойлап шауып, найзалаасып жүреді. Бір

уақытта Дөде оған оқтала бергенде, Бәйдібек оның бұғыдай мойнына қыл тұзакты шалып алғып, ат-матымен сүйрәй жөнеледі. Дөде қолындағы найзасын тастай салып, екі қолымен буынып бара жатқан мойнынын босатып алмақ боп жанталасады. Бәйдібек батырдың темірдей тегеурінді қолы қоя ма, әне-міне дегенше Дөденің аюдай денесін жерге сүйретіп, екі айналдырып тастайды да, жайына кете береді. Осылай Дөде жантәсілім қылады. Бәйдібек жауды түре қуып, тас-талқан етіп жеңіп шығады.

Бәйдібектің ел-жұртын шапқыншы жаудан қорғап қалудағы ерліктері жөніндегі шежіре-дерек, аңыз-әңгімелер аз емес. Кезінде солар хатқа түсе қоймаған.

Бәйдібек би 718 жылдың күздінде сексен алты жасында Балабөген басындағы өзінің қыстауында қайтыс болыпты.

(*Нысанбек Төреқұл*)



3. Мәтінді оқып, Өнет би туралы білетін мәліметтеріңмен бөлісіңдер, дереккөзіне сілтеме жасаңдар.

Өнет би

Жалпы, «Жеті жарғымен» қатар «жеті қазына», «жеті ата», «жеті жұрт», «жеті ғалым», «жеті хақ» деген секілді ұғымдардың көбі сол Өнет бабаның есімімен тығыз байланысты. «Дүниеде неше түрлі жетім бар?» – деп сұрағанда, Өнет баба айтты:

Дүниеде жеті жетім бар. Олар мыналар:
Сөз – жетім, ынтаменен тыңдалмаса;
Бөз – жетім, киілместен тозған болса;
Жер – жетім, иесі жоқ қалған болса;
Ел – жетім, жақсы басшы арман болса;
Көл – жетім, қаз қонбаса, құстары ұшып;
Ер – жетім, жеке қалса тізе құшып;
Болмаса замандасың тойға барма,
Басына жалғыздықтың торы түсіп.

Қазақ «жеті жоқ» деп Өнет бабаның тұсынан мына нәрсelerді айтады:

Аспанда тіреуіш жоқ,
Тасбақада тамақ жоқ.
Жерде сүйеуіш жоқ,
Аққуда сүт жоқ,

Таста тамыр жоқ,
Анда қанат жоқ,
Жылқыда өт жоқ.

Халқымызда «жеті қазына» деген үғым бар. Әнет бабадан: «Жеті қазынаға нелер жатады?» – деп сұрағанда, ол кісі мудірмей жауап беріпті: «Жеті қазына – әйел, ер жігіт, ілім-білім, жүйрік ат, қыран бүркіт, берен мылтық, алғыр ит».

Соны айтқанда, біреу тұрып былай дейді:

– Баба, қазақта «бала – белде, қатын – жолда» деген мақал бар. Ер жігіт әйелді жаудан олжалап та алады, қалың малына қырық жылқы айдалап апарып, айттырып та алады. Қазақта тағы бір мақал бар. «Қойныңдағы қатыныңа сенбе, астыңдағы атыңа сенбе» дейді. Тағы айтады: «Атың жаман болса – сатып құтыларсың, қатының жаман болса – қайтіп құтыласың?» Соған қарағанда «әйел – жеті қазынаңың бірі» деу дұрыс бола қояр ма екен?

– Әйел жеті қазынаның бірі ғана емес, біріншісі болуға тиіс, – депті Әнет баба сонда. – Дүниедегі барлық тіршілік атаулының анасы – әйел. Сондықтан оған тіл тигізуге де, қол тигізуге де болмайды. Пайғамбарымыздың өзі әйелдерді қатты құрмет тұтқан. Ал кейбір ауылдың бейпілауыздары әйел туралы жаман сөз айттар болса, ондайларға тыйым салу керек!



(Нысанбек Төреқұл)



4. Тыңдалым және оқылым мәтіндеріндегі тыныс белгілерінің қойылу себептерін кестеге жазындар.

Тілдік бағдар	Мысалдар	Сұрақтар	Жауаптар
Сөйлем ішіндегі тырнақша	Халқымызда «жеті қазына» деген үғым бар.	Тырнақша не себепті қойылған?	Дәйексөз ретінде алынған сөздер, сөз тіркестері тырнақшага алынып жазылады.



Шешендей сөздердің маңызы

Сөз құдіретін білген қазақ «Өнер алды – қызыл тіл», «Аузы құлып сандықты тіс ашпаса, тіл ашады» деп тілді аспандата дәріптейді, енді бірде «Басқа пәле – тілден», «Қөнектей басына шүмектей тілің жау», «Айтылған сөз – атылған оқ» деп, тірнектеп жиған абырой-беделіңді орынсыз айтылған сөздің төгіп жіберетінін алға тартады. Халық «Құлаққа кірген сүйк сөз көңілге барып, болар мұз» деп сөз семсерін онды-солды сілтеудің адам көңілін жарапайтынын, сондықтан әрбір сөзге абай болуды, сөзben жұбатуға да, жылатуға да болатынын мензейді.

Бұрынғы қазақ жүртynың би-шешендері даулы мәселенің түйінін төрт-ақ ауыз сөзben тындырған. Билердің кесім-бітімі көвшіліктің көзінше жария болып отырған. Ешқандай құпия, алдын ала ымыраласу, пәтуаласу деген болмаған. Билер өзінің сөзін: «Ал, хала-ық, бұған не дейсіндер, ризамысыңдар?» – деп көвшілікке салып, мақұлдасткан. Осы құнгі айтылышпен жүрген жариялышық, демократия дегеніміздің өзі осы емес пе?!

Билер қазақ елінің берекесі, отансүйгіштік, ерлік және ар-ұждан сияқты маңызды қасиеттерді жоғалтпауға және адами құндылықтарды сақтауға үйретіп отырды. Сондықтан да халық өзінің от ауызды, орақ тілді, қара қылды қақ жара әділ билік айтатын шешен билерін ханнан бетер қадірлеп, олардың айтқан кесімді, бітімді сөздерін жадында сақтап келген.

Сөзді киелі санау, орынды сөзге тоқтау, сөздің парқы мен құдіретін білу – бүгінгі ұрпаққа да аса қажет қадірлі қасиет. Тіл өз құндылығын жойып, бағасын төмендетті ме? Әрине, жоқ. Шешендей сөз – бүгінгі қунде де өзінің мәні мен маңызын жоғалтпаған, заман талабының үдесінен шыға алатын аса қажетті құндылық.



5. Берілген үзінділердің мазмұнына сүйеніп, тіл туралы мақалдарды қатыстырып, шешендейті үйрену мәселесі мен шешендей сөздердің маңызы туралы сұхбаттасындар.

Шешен сөйлеуге көп тыңдал, көп оқып, халықтың ауыз әдебиетін, өсіресе айтқыштық пен терең ойдың інжу-маржандары – мақалдар мен мәтелдерді жетік біліп, сырына үңілу арқылы, кітапты көп оқу арқылы жаттығып теңеледі. «Ақылды адам сөзді нақылсыз айтпайды. Бір айтпаса, нақылды ақылсыз айтпайды» деген тұжырым содан шыққан.

(Мүсілім Базарбаев)

Асанқайғы, Жиренше
Сөйлеп өткен қазақ тіл.
Жәнібек пен Қойлыбай
Сыйласп өткен ғажап тіл.
Ата-анамыз әлдилеп,
Уатқан бізді баба тіл.
Осы тілді жек көрген
Дүниеден қалар құр.
Бағаласаң, шынымен,
Баба тілің – асыл-дүр.

(Қожаберген жырау)



6. Сұхбаттан түйген ойларынды жинақтап, сыныптастарыңның пікірлерін мысалға келтіріп, дискуссияті эссе жазындар. Тақырыбын өздерің қойындар.
7. Жүйелі сөз, тапқыр сөз, шешендік туралы даналық сөздерді кірістіріп, аргументті эссе жазындар.



Анық, түсінікті сөйлеу – сөйлеудің басты қасиеті.

(Аристотель)

Кісі сөз өнерін білетін, шешен сөйлей алғын болуға тиіс. Ей, перзентім, сен де шешен бол, сөйлей білгін, бірақ жалған сөйлеме, сөйлесең, шындықты сөйлеп, туралықты айтумен атағың шықсын.

(Ахмет Иңгінеки)

Көп біліп, дәп сөйлеген – шешен, аз біліп, көп сөйлеген – мылжың.

(Зейнолла Қабдолов)

Тыңдалым материалдары

(01. mp3)

Қазақтың қонағы неше түрлі болады?

Сырым батыр үйіне қонып отырған қадірменді қонағы Төленді биден:

– Биеке, қазақтың қонағы неше түрлі болады? – деп сұрапты.

– Қазақтың қонағы төрт түрлі болады: бірінші – арнайы қонақ, екінші – құдайы қонақ, үшінші – қыдырма қонақ, төртінші – қылғыма қонақ.

– Ал оны қалай айырамыз? – дегенде:

– Арнайы қонағың – алыстан арнайы келген жақын туыс, нағашы, жиен, құда, күйеу, қайын сияқты жегжатың немесе адал досың, жақсы жолдас-жораң. Міне, бұл – нағыз сыйлы қонағың.

Құдайы қонақ – өзің танымайтын, білмейтін шалғай елден, алыс жерден жолаушылап жүріп, ат басын тірең қалған тосын да бөгде қонақ. Міне, бұл – нағыз сауап қонағың.

Қыдырма қонақ – ерігіп те желігіп, үйден-үйді, ауылдан ауылды кезіп, сөз аңдып, осек теріп, қымыз ішіп, ет жеп жүрген сандалма қонақ. Міне, бұл – нағыз далбаса қонағың.

Қылғыма қонақ – үй арасындағы, ауыл ішіндегі тұтіні түзу шыққан үйді торып, өзінің құлқыны үшін аузына тигенін қылғытып жіберіп, басы ауган жаққа тарта беретін көлденең қонақ. Міне, бұл – нағыз сұғанақ қонағың, – депті көпті көрген көне би Төленді қарт.

(«Шешендік шиырлары» кітабынан)

(02. mp3)

Үш бидің жер бөлуі

Қазақта үш би бопты ел қалаған,
Аузына не айтар деп жұрт қараған.
Өз Төле, Қаздауысты Қазыбек би,
Әйтеке – үшеуінен сөз тараған.
Үшеуі ақылдасып, жер бөледі,
Үлкен деп Ұлы жүзге жол береді.

«Әз Төле, қалау сізге берілді» – деп,
Әйтеке, Қазыбек би тең келеді.
Төле би таңдал апты Алатауды,
Ол кезде мекендерген Қаратауды.
Сол заман халық қандай ынтымақты,
Қазаққа үш-ақ кісі айтқан қаулы.
Қазыбек Сарыарқаға ие бопты,
Айтқаны елге сондай жүйе бопты.
Жайық пен Маңғыстауды Әйтеке алышп,
Халыққа құтты қоныс майдай жақты.
Үш бидің толып жатыр өсиеті,
Үлгі боп елге істеген әділеті.
Болса да талай ғасыр өлгеніне,
Қалған жоқ ел аузынан қасиеті.

(Кенен Әзірбаев)

(03. mp3)

Отан сүйер ұлан бол!

Адам өміріндегі ең үлкен қуаныш – бала сую. Ана бөлесіне ақ сүтін береді, түн үйқысын төрт бөледі.

Мен немере сүйіп отырған адаммын. Балаларды өте жақсы көремін. Сол балалардың, бұлдіршін балдырығандардың бақытты болашағы үшін сұрапыл соғыс азабын мейлінше көрген адаммын. Қырық жыл қырғында тірі қалғандардың бірімін. Мен әскери адаммын.

Сондықтан да біздің айбынды армиямыздың торқалы тойы – мен үшін үлкен де ерекше қуаныш мейрамы.

...Талай жылдар өтті, бірақ ешқашан да, ешкім де біздің армияны жеңе алмады. Бұл армия Ұлы Отан соғысында орасан зор күші бар фашистердің сағын сындырып, қиратты. Отаның бостандығы мен тәуелсіздігін қорғап қалды.

Бейбітшілікті қорғаушы жеңімпаз армия – жержүзіндегі ең әділліктердің армия. Мен осындағы армияның солдаты болғандығымды мақтан етемін.

Мен де адаммын жараган сүйек, еттен,
Арым бар, намысым бар жан тербеткен.
Қазақтың қарапайым бір ұлымын,
Жанымды арым үшін құрбан еткен...

Балаларыма, немере-шәберелеріме айттар жалғыз тілегім:
Отаныңды сүйер ұлан болындар! Өз Отаныңа лайықты азамат
болып өсіндер!..

(*Бауыржан Момышұлы*)

(04. mp3)

Жаның жеті жаманнан аман болсын

Бірде Бөлтіріктен қасындағы жас өнерпаздар сұрапты дейді:

– Ақ ата, тәнің мен жаның бірдей сау болсын деген сөзіңіздің мәнісі не? Тәні саудың жаны да сау болмай ма? – деп.

Сонда Бөлтірік былай деп айтқан екен:

– Тәні саудың бәрінің жаны сау бола бермейді. Тән мен жаның саулығы бірдей болуы – кісі бойында сирек кездесетін байлық. Кісінің жанын аздыратын дерптің түрі көп.

Күншілдік деген бар, содан сақтан!

Кекшілдік деген бар, содан сақтан!

Астамшылық деген бар, одан алыс жұр!

Сараңдық деген бар, одан қалыс жұр!

Қараулық деген бар, одан таза бол!

Бәлеқорлық деген бар, одан ада бол!

Ынсансыздық деген бар, содан аман бол!

Төрт мүшенең түгел болса, жаның осы жеті жаманнан аман болса, жаның мен тәніңнің бірдей сау болуы деген – сол. Жаның осы жеті жаманнан аман болсын.

(*Бөлтірік шешен*)

(05. mp3)

Байлық пен ақыл

Бір шалдың төрт ұлы болыпты. Бір күні шал ұлдарын жинап алып былай депті:

– Мен қартайдым. Біреуіңнің үй иесі болатын уақыттарың жетті. Кімнің ақылы мен байлығы сай болса, сол мұрагерім болады. Маған байлықтарың мен ақылдарыңды көрсетіңдер, – депті.

Үлкен ұлы асыл тасты жүзік салған қолын көрсетіп:

– Міне, менің байлығым. Ал кім бай болса, сол ақылды, – депті.

Екінші ұлы асыл киімдерін киіп, әдеміленіп келеді де:

– Менің осы түрімді көргендер ақылым мен байлығымның алдында бас иеді, – дейді.

Үшінші ұлы құміспен және тастармен әшекейленген белдігін буынады да:

– Бұндай белдікті, – дейді, – ешкім ешқашан буынып көрген жоқ...

Әкесі үлкен балаларына қарап басын шайқады да, ең кіші ұлына қарап:

– Сен неге ұндемейсің? Сен қандай байлығыңмен мақтасың? – дейді.

Сонда кенже ұлы былай депті:

– Менде асыл тасты жүзік те, сөнді киім де, қымбат тастармен әшекейленген белдік те жоқ. Тек еңбексүйгіш екі қолым, қайрат-жігерге толы жүрегім ғана бар.

Шалға кенже ұлының жауабы ұнайды. Ол өзінің мұрагері етіп кіші ұлын қалдырып, үлкен балаларына інісінің айтқанынан шықпауды өсиет етіпти.

(«Ел аузынан» кітабынан)

(06. mp3)

Алқа билер соты

Шешендік өнер прокурорлардың да бойынан табылуы қажет...

Уақыт талабымен алқа билер соты құрылды. Соттар мен алқа билер істі бірге қарағанымен де, қылмыстың ауыр не жеңілін алқа билер анықтайды және үкімді де солар шығаратын болады. Енгізілген жүйе қазақтың көне билер сотына үқсас.

Алқа билер құрамына жасы 25 пен 65 жас аралығындағы, бұрын сottалмаған, ерікті азаматтар кіре алады. Республиканың бас прокуратурасы үйымдастырған Алматыдағы республикалық семинар барысында, осы жүйедегі мемлекеттік айыптаушылардың міндеттері мен мақсаттары айқындалды.

Әлемдік сот тәжірибесінде англо-саксондық ұлгі де бар. Ол бойынша алқа билер үкім шығармайды, сottалушының кінөлі, кінөлі емесін ғана анықтаумен айналысады. Енгізілер жүйе қаншалықты жаңа дегенімен де, қазақтың көне билер

сотына үқсас болып келеді. Осы ретте айта кету керек, 1684 жылы Әз Тәуке хан жасап шыгарған «Жеті жарғының» күні бүгінге дейін негізі сақталып отырған византиялық Солон заңымен терезесі тең.

(Айсұлу Асылхан)

(07. mp3)

Бала бағатын білезік

Аса тиімді гаджеттердің бірі – Sikker білезіктері. Бұл гаджеттің жұмыс істеу ерекшелігі: білезіктің бірі – баланың, екіншісі анасының не өкесінің қолына тағылады. Bluetooth арқылы баланың хал-ахуалы жайлы мәлімет білезіктің бетіне шығу арқылы ата-аналарға беріледі. Соның арқасында олар балаларының жағдайын ұдайы бақылауда ұстап отыра алады. Қажет болған жағдайда көмек көрсете алады. Гаджеттің қызметі арқылы баланың жүрек соғысын да бақылап отыруға мүмкіндік бер екен. Ата-ана балаларының дауысын естіп қана қоймай, онымен сөйлесе алатын да көрінеді. Білезік базалық стансы арқылы күні бойы қуаттандырылып отырады.

(Дайындаған Шалқар Естен)

(08. mp3)

Өзі тербелетін бесік

Астаналық өнертапқыш Серікбол Шәймардан өздігінен тербелетін бесік ойлаپ тапты. Ол баланың дауысына қарай тербелетін бесік жасап шығуға 6 жыл уақытын жұмсаған. «Smart бесіктің» ұзындығы – 100, ені – 40, биіктігі – 60 см. Бесікте баланың жағдайынан хабар беретін бірнеше құрылғы бар. Оның бірі бөбектің дене қызуын бақыласа, екіншісі жаялықтың ылғалдылығын анықтайды. Егер баланың қызуы бөлме температурасынан түсіп не асып кетсе: «Балаңыз тоңып қалды» немесе «Балаңыз ауырып қалды» деген дыбыстық ескерту айтады. Бесік тербелгенде қондырғыға енгізілген «Бесік жырын» ойнатып қоюға болады.

«Smart бесік» – ата-анаға көмекші ғана емес, сонымен бірге тәрбие құралы да.

(Өркен Жоямерген)

(09. mp3)

Екі дос

Ертеде, ел арасында жаугершілік жиі болатын кездे, қазақтың екі жауынгери тес қағысып дос болады.

Бірде әскерлер бір өзеннің бойына шатыр тігіп дамылдайды. Сонда тұтқылдан жаудың қаптаған қалың қолы шабуыл жасайды. Тонаған мал-мұліктерін тиеп кетеді. Қолға түсken қазақ жасағын айдал әкетеді.

Әлгі екі достың біреуі жау қолына түседі. Досының қолға түсіп қалғанын естіген екінші батыр күздің қара сұығын елеместен, өзенді малтып өтіп, жау жатқан жағаға келеді. Аңталаған жау жасақтары оны тарпа бас салады.

Жауынгер өзін қолбасыларына алып баруын өтінеді. Алып барған соң, ол жаудың қолбасына: – Мен қолдарыңа түсken бір жауынгерге құн төлең, сатып алуға келдім. Менің оған айырбасқа берер мал-мұлкім жоқ. Бір-ақ нәрсе беремін. Ол үшін өзімнің өмірінді қияр едім, – дейді.

Қолбасы ойланып отырып, оны сынамақ болады да:

– Жарайды, мен сені қыршыныңнан қимай-ақ қояйын. Маған сол өміріңнің бір бөлшегін ғана берсең болды, – дейді.

– Ол не? – деп сұрайды досын құтқаруға келген жігіт.

– Маған сенің көздерің керек, – дейді қолбасы. – Екі көзінді ойып аламын.

– Ол да болсын, көзімді ал да, досымды босат, – дейді жігіт. Ол бұл сыннан тоқтаусыз өтеді.

Әлгі жауынгер тұтқыннан босаған досының иығына қолын артып, зағип күйі қуана күлімдеп келе жатады.

Мұны көрген әлгі қолбасы: «Мынадай ерлері бар халықты тұтқылдан келіп, қапыда бас салғанда болмаса, бетпе-бет үрыста жеңу өте қызынға соғар», – деп түйеді. Сөйтіп, өзінің әскерлеріне шегінуге бұйрық берген екен.

(Ел аузынан)

(10. mp3)

Ата өнегесі

Мақсаттың атасы жылқы бағады, оларды әрдайым күтіп, баптайды. Немересін өзімен бірге ертіп, жылқыларды көріп қайтады. Атасының аттары онша көп емес.

– Әзірше осы бес-алтауы жетеді, – дейді қария. – Жасыма. Бұларды бағу, күту, қарау оңай емес.

– Ата, өскенде, мен сізге көмекші боламын. Аттардың санын көбейтемін, – дейді Мақсат.

– Менің немерем өскенде кәсіпкер болады. Жылқы бағу – ата-бабадан қалған кәсіп қой, – дейді атасы да Мақсаттың басынан сипап.

Мақсат балалық балғын мінезben басын изей күлімсірейді.

– Рас, ата, мен өз сөзіме берікпін. Аттарға қарағанды, күтіп, баптағанды жақсы көремін.

– Қандай шаруаны болмасын, жаның сүйіп, бар ынтаңмен жасасаң, соның рақатын көресің, балам, – деді атасы ат үстінде келе жатып.

Атасы мен немересі қырқаның үстінде жайылып жатқан аттарға келді. Айғыр мен биелерінің, тайлары мен құлышындағының қарындары тойып, бір үйір болып, бір-біріне жақын тұр екен. Иелерін көрген жылқылар кісіней жөнелді...

(Нұргали Қадырбаев)

(11. mp3)

Қызғалдақтар – өнер туындыларында

Орта ғасырларда қызғалдақ өнер туындыларының айрықша белгісіне айналғаны белгілі. «Қазақстанның қызғалдақтары» атты энциклопедияда: «Орта Азия аймағынан табылған X–XIII ғасырлық қыш бүйімдарда қызғалдақ суреттері көп кездеседі. Орта ғасырларда мемориалдық архитектура мен пластикалық өнер түрінде өсімдік текстес оюларды пайдалану басым болды. Қожа Ахмет Ясауи кесенесін жапқан жұқа кірпіштер, Отырад даласындағы ортағасырлық қыштар гүл пішіндермен әшекейленген», – деп көрсетілген. Қызғалдақ суреті тіпті сонау б.з.б. IV–II ғасырларға тиесілі көне жәдігерлерде де бейнеленген. Археологтер Жетісу

жерінде қазба жұмыстарын жүргізгенде, көне қорғандардан қызғалдақ бейнеленген алтын тілік тапқан.

Әртүрлі бұйымдағы гүл бейнесіне қарап, тіршіліктің жалғасын, мәңгі өмір идеясын аңгаруға болады. Қызғалдақ өрнегі киімдерге, орамалдарға да түсken. Ертедегі түсінік бойынша, егер бойжеткен қолына қызғалдақ бейнелі сақина тағып жүрсе, бұл оның атастырылғанын білдірген.

Жақында Ұлытау кентінен оңтүстік-шығысқа қарай 60 шақырым жерде орналасқан «Болған ана» мазарынан көне жәдігерлер табылды. Қазба жұмыстары кезінде әйел адамның қабірінің ішінен алтынға ұқсас сары металдан жасалған тостаған, әшекейлер, сырға мен шашқа арналған түйреуіш табылды. Бір қызығы, тостағанның түбінде қызғалдақ пішінді өрнек бар екен. Осының өзі гүлдің тарихи тамырының тым тереңде екенін көрсетеді. Археолог мамандардың болжауынша, табылған бұйымдар исламға дейінгі кезеңге жатуы өбден мүмкін.

Бұл гүлдің кескінін көшпелі қазақ халқының текеметі мен сырмағынан, кілемдердің жиектеріндегі өрнектерден жиі байқаймыз. Сонымен қатар он саусағынан өнер тамған шеберлер қызғалдақ пішінін ер-тұрманда, тері белдік тоғаларында қолданған екен.

Тарих ғылымдарының кандидаты Тәттігүл Қартаеваның пікірі еріксіз елең еткізді. Оның айтуынша, көктемде қызғалдақ гүлдеген соң, ауыл әйелдерінің жиналышп, шүйркелесіп шай ішетін «қызғалдақ май» деп аталатын көне дәстүрі болған екен. «Ғұрыптық мәні бар бұл дастарқанның басты атрибуты қызғалдақты далада жайылған мал сүтінен шайқалған май еді. Бұл дәстүр бүгінде көшпелі тұрмыстың тарих сахнасынан кетуіне орай жойылып кеткенімен, тарихи сана-мызда қалды», – дейді профессор.

(Жандарбек Жұмагұлов)

(12. mp3)

«Жасыл ел» – жастар тірегі

«Жасыл ел» – Елбасымыздың «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» Жолдауы негізінде 2005 жылдан бастап жүзеге асырылып келе жатқан кешенді бағдарлама. Сол жылды Нұр-Сұлтан қаласында

«Жасыл ел» жастар еңбек жасағының республикалық штабы құрылып, ұлан-ғайыр мекеннің барлық аймағында бөлімшелері ашылып, өз жұмысын бастап кетті. Аталмыш бағдарлама 12 жыл ішінде көптеген жастың Отанға деген сүйіспеншілігін оятып, елімізді жасыл желекке айналдыру мақсатында олардың жалын-жігерін, құш-қуатын бір арнаға тоғыстыра алды. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген философияны өскелең үрпаққа ұғындырып, жазғы демалыстарын босқа өткізбей, жұмыс істеп, қосымша қаржы табуға мүмкіндік тудырды.

Уақыт өткен сайын осы бастамаға үн қатып, қолдау білдіруші студенттердің, жалпы жастардың қатары артып келеді. «Ағаш ек, гүл ек, туған жерді тұлет» немесе «Бір тал кессен, он тал ек» деп ата-бабамыз бекер айтпаса керек. Жасыл желек – жан саясы.

Бұл бағдарламадағы басты бағыт – табиғатты қорғау мен экологияны сақтау ғана емес, жастарды еңбекке баулу. «Жасыл ел» жасақшылары қоршаған ортаның көркеюіне, қоғамдық орындардың таза тұруына өз септігін тигізуде. Ол ұйым елді көркейтіп жатыр десек артық болмас. Осы күнге дейін «Жасыл ел» жасақшылары құрамында 220 мыңға жуық жас еңбек етілті. Соның арқасында елімізде 100 гектар жер абаттандырылып, 50 миллиондай ағаш егілген екен. Ал биыл бұл көрсеткіш тағы да еселеңбек.

«Жасыл ел» бағдарламасы жақсы бастама ретінде бүгінгі күнге дейін өз өзектілігін жоғалтқан емес. Қаншама студенттеріміз бос уақытын тиімді өткізе отырып, еліне қызмет етіп жүр. Сондықтан мынадай іс-шараға барлық оқу орындары атсалысса, тіпті жақсы болар еді. Қоғамға, өз ұлтына пайдасын тигізер кезде аянып қалмайтын жасақшыларымызға алдағы уақытта сөттілік тілейміз!..

(Ақерке Бершиմбекова)

(13. mp3)

Тербеліп тіршіліктің бесігі

Айнымас қасиетін мәңгі сақтап,
Келеді бар өлемді таң құшақтап.
Сәулелі сұлу күннің саусағынан
Шашылып жер бетіне алғыс аппақ.

Жамылған жағасына құрақ көрпе,
Беймаза бұрала аққан бұлақ та ерке.
Шағылып алтын сөуле күміс суға
Шомылды сұлулыққа шуақты өлкे...

Құн қандай! Қерім өлкे... керемет жаз,
Алаңсыз аспанымда өуелеп қаз.
Аз ғұмыр, жаз ғұмырды сезер ме екен,
Айтып жүр гүл біткенге көбелек наз.

Самал жел салқын ғана есіп өткен,
Тербейді табиғатты осы леппен.
Қызығын жарық құннің қөтере алмай,
Шулайды жан-жануар есі кеткен.

Бұл құннің ғажап еді хошы неткен,
Тұр едім тау басында есінеп мен.
Малынып құн нұрына жатты осылай,
Тербеліп тіршіліктің бесігі еппен!

(*Қалқаман Сарин*)

(14. mp3)

«Құләш» фильмі – көрермендер назарында

Астана. 26 желтоқсан. 2013 жыл.

«Хабар» арнасында желтоқсанның 23-інен бастап көрсетіле бастаған «Құләш» телехикаясы аты ақызыға айналған же зстандай әнші Құләш Бәйсейітованың көзін көрген жақындарына ерекше әсер етті. Дарын иесінің ағайын-тумасы қазақ киносының тарихында түңғыш рет жарық көрген бұл туындыдан алған әсерін біздің тілшілерімізben бөліскең еді.

– Фильмнің алғашқы сериясы көрсетілген күні түн ортасына дейін барлық таныстарымыз, замандастарымыз Қазақстанның түкпір-түкпірінен хабарласып, құттықтаپ жатты, – деп бастады әңгімесін Құләш Бәйсейітованың қызы Қарлығаш Бәйсейітова.

Әсіресе басты рөльді орындаған Әйгерім Уалжанованың актерлік шеберлігіне, сырт бейнесінің ұқсастығына қайран қалғандарын айтЫП, ризашылықтарын білдіруде. Шынында да, актрисаның бойы мамам сияқты кішкентай, сол сияқты

нәзік, күлімсіреп тұрады, мамам да солай күліп тұратын. Ешқашан ала көзімен қарамаған.

Фильмнің алғашқы серияларында балалық шағымда ұстаған самауырды, анамның кабинетінде тұрған үстелді көріп, таңғалдым.

Көп-көп рақмет! Маған бәрі телефон соғып, құттықтап жатыр. Ризамыз!

Қарлығаш Бәйсейітованың айтуынша, фильм авторлары түсірілім басталғаннан бастап, әрдайым әншінің қызымен ақылдастып отырыпты. Басым бөлігі Орал қаласында түсірілген телехикаяда Құләш тұрған үйге ұқсас ғимаратты табу үшін, шығармашылық топ Қарлығаш апайға шаһардағы көне ғимараттардың суретін жіберіп, ол кісінің құптауынан кейін жұмыстарын жалғастырған.

Небәрі 24 жасында «Кеңес Одағының Халық әртісі» атағына ие болған Құләш Бәйсейітованың өмірі мен өнері туралы түсірілген кинотуынды «Хабар» арнасында өлі де жалғасуда.

(Baq.kz)

(15. mp3)

Қайтыс болған каскадер туралы не білеміз?

34 жасында дүниеден озған Қасым Жұмағожин – отандық және шетелдік фильмдерге түскен, кино әлемінде өзіндік орны бар дарынды азаматтардың бірі.

Қасым Жұмағожин екінші дәуірдегі үздік танымал цирк әртісі саналған. «Nomad Stunts» командасының менеджері, Евгения Лидің айтуы бойынша, ол бар өмірін цирк өнеріне арнаған.

Ижевскіде өткен цирк өнеріне арналған халықаралық фестивальға қатысып, «Алтын аю» сыйлығын иеленген. Марқұм таэквондо, ат акробатикасы, семсерлесу, 10 метрден жоғары биіктікten құлау, жүзу, садақ ату сынды спорттың бірнеше түрін меңгерген.

2005 жылы «Көшпенділер» атты тарихи фильмге түсіп, кино әлемінен өзінің орнын ойып тұрып тапқан. Ақан Сатаев, Тимур Бекмамбетов, Ермек Тұрсынов сынды танымал отандық және шетелдік режиссерлер онымен қуана-қуана жұмыс істеген. Қасым Жұмағожинға Сильвестр Сталлоне, Джейсон Стэйтем, Дольф Лундгрен, Жан-Клод Ван Дамм, Чак

Норрис және Арнольд Шварценеггермен «Неудержимые-2» фильміне түсү бақыты бұйырған.

34 жасында дүниеден озған азамат «Nomad Stunts» командасына ашылған күннен бастап мүше болған.

(Stan.kz)

(16. mp3.)

Әнет баба

Әнет бабадан тағы бірде Құлтөбеке жиналған ел:

– Баба, дүниеде не арсыз, не гайып, не даусыз, не қадірсіз, не тәтті, не күшті, не жаман? – деп жеті сұрақ қойыпты.

Сонда баба жеті сауалға үш-үштен жүптап, былай деп жауап беріпті:

– Үш арсыз бар. Олар мыналар: үйқы арсыз, тамақ арсыз, күлкі арсыз.

– Үш ғайып бар. Олар мыналар: ажал ғайып, қонақ ғайып, несібе ғайып.

– Үш даусыз бар. Олар мыналар: мінез даусыз, кәрілік даусыз, ажал даусыз.

– Үш қадірсіз бар. Олар мыналар: жігіттік қадірсіз, денсаулық қадірсіз, әйел қадірсіз. («Қадірсіз» дегенде, бұл жерде, Әнет баба, адам баласы жас уағында осы үш асыл нәрсенің қадірін білмейді, ес тоқтата келе екінеді дегенді айтып отыр).

– Үш тәтті бар. Олар мыналар: жан тәтті, мал тәтті, жар тәтті.

– Үш күшті бар. Олар мыналар: ақыл күшті, жүрек күшті, тіл күшті.

– Үш жаман бар. Олар мыналар: нақақ қан төгу, кісі малын нақақ алу, ата-бабадан қалған ескі жұртты бұзу. Міне, бұдан сақ болындар, – депті.

(«Даланың дара ділмарлары» кітабынан)

(17. mp3)

Бәйдібек бидің өсиеті

Бәйдібек би өз тұсындағы жылқылы байлардың ішіндегі ең жылқысы көп байы болған деседі. Ол бабамыздың мыңдаған үйір-үйір жылқысы өзінің тұр-түсі, тұқым-нәсілімен өреді екен. Қаратаудың Боралдай, Қостұра, Ақтасты, Қерегетасты,

Жетімтау шатқалдарының теріскей, күнгей жағын түгелдей қарақұрымдай қаптап жатады екен. Жылқысы Боралдай өзеніне құлағанда, Бөген, Шаян өзенін кешкенде, өзендер ақпай қалар еді деседі жұрт. Ал Бәйдібектің өзі жылқы танығыш бапкер, сыншы болыпты. Ол кісінің жылқышыларына айтқан аталы сөз, шаруа нақылдары аз болмаған.

Соның бірлі-жарымы мыналар:

Малды жақсы баққаның –
Өзіңе абырой тапқаның.
Малды жаман баққаның –
Келген бақты қаққаның.

Кендірмен байлама,
Жыңғылмен айдама.
Кендірмен байласаң,
Жыңғылмен айдасаң,
Мал өсер деп ойлама.

Сиырда аунамақ жоқ,
Жылқыда күйсемек жоқ,
Таста тамыр жоқ,
Суда қаймақ жоқ.

(«Шешендік шиырлары» кітабынан)

Глоссарий

Айшықтау – сөз тіркестерін дағдылы синтаксистік қалыптан ғөрі өзгешелеу ораммен, айрықша айшықпен құру. Мақсат – сөздерге ерекше леп, екпін беру. Сөз айшықтары – сөйлеудің әсемдігін, мәнерлілігін, экспрессивтік мәнін күшеттін синтаксистік құрылымдардың формалары. Айшықтауға шендерестіру, қайталау, параллелизм, риторикалық сұрақ, дауыс ырғағы т.б жатады.

Аудитория (лат. *audio* – «естимін») тікелей мағынасында «тыңдаушы топ» дегенді білдіреді. **Мақсатты аудитория** – тыңдаушылардың таңдалған белгілі тобы.

Бақас – алдау, қиянат жасау.

Босқындар – өз елін, жүртyn қандай да бір келенсіз жағдайға байланысты қалдырган адамдар, мысалы, соғыс, ашаршылық, жұт, стихиялық бәле және т.б.

Бөргез – қалың тікенекті өсімдік, «бөрікөз» деген сөзден шыққан.

Дәйексөз, цитата (латын. *cito* – «келтіремін», «шақырамын») – түпнұсқадан сөзбе-сөз алынған үзінді. Автордың ойын беделді пікірлермен тиянақтау, біреудің пікіріне сын айту, құнды дерек ретінде пайдалану үшін қолданылады.

Диаспора – ұлттың атажүртynан тысқары өмір сүретін бір бөлігі. «Диаспора» грек тілінде «шашырау, шашырай орналасу» деген мағынаны білдіреді.

Дивиденттер – компания акционерлерінің арасында акциялардың санына қарай бөлінетін пайдасының бөлігі.

Дуан – (*көнерген сөз*) бір уездік көлемдегі ауқымдық бекініс, аймақ.

Дүниежүзі қазақтарының қауымдастыры – 1992 жылы қыркүйекте құрылған халықаралық қоғамдық ұйым. Негізгі мақсаты – республикадан тысқары, шетелдерде жүрген қазақ диаспорасымен жан-жақты байланыс орнату, мәдени және білім беру мәселелері жөнінен жәрдемдесу.

Жөбішенді – ірі, биік.

Иммиграция – көшіп келу.

Инверсия – 1) лингв. сөйлемдегі сөздердің дағдылы орын тәртібінің өзгеруі; 2) лог. ақиқат пікірден жалған пікір тууы, берілген шартты пікірді жаңаша құру амалы.

Инвестициялар (Investment) – пайда табу мақсатымен ел ішіндегі салаға немесе шетелге мемлекеттің немесе жеке капиталдың ұзақ мерзімге салынуы.

Индекс – экономикалық құбылыштар дамуының, мысалы, өндіріс көлемінің, өмір деңгейінің, бағалардың салыстырмалы көрсеткіші.

Инфляция (inflation) – айналымдағы ақша массасының нақты ұсынылған тауар санынан артып кетуі. Бұл жағдай ақшаның сатып алу қабілетінің төмендеуіне және тауарлар мен қызметтер бағаларының өсуіне әкеледі.

Ирредент (итал. *irredento* – «қайта бірікпеген») – ата-басының мұраға қалдырған жерінде отырған қазақтар. Ирреденттер – шетелдегі қазақтардың негізгі бөлігі.

Капитал – (лат. *capitalis* – «басты нәрсе», «басты мүлік», «негізгі қаржы») табыс әкеле алатын нәрселердің бәрі немесе адамның тіршілік әрекеті барысында тауарлар, өнімдер т.б. өндіру, қызметтер көрсету үшін жасаған ресурстары.

Конвенция – халықаралық келісім, қандай да бір арнайы мәселе мен мәмілеге келу.

Қор биржасы – бағалы қағаздардың бірқалышты айналымы үшін қажетті жағдайлармен қамтамасыз ететін үйим.

Мәнмәтін (контекст) – тілдік бірліктердің негізгі және қосымша мағыналарын ашуға көмегі тиетін мәтіннің ең шағын бөлігі, үзіндісі.

Миграция – халықтың қоныс аударуы, қозғалысы:
а) халықтың ел ішіндегі ішкі көші-қоны; ә) халықтың бір елден екінші елге қозғалысы, яғни сыртқы көші-қоны.

Монография (грек. *monos* – «біртұтас», *grapho* – «жазу») – белгілі бір тақырыпты жан-жақты зерттейтін ғылыми еңбек.

Мұлахаза, мұхафаза – беріктік, басқарушылық.

Нарық – экономикалық проблемалардың тиімді шешуді қамтамасыз ететін тауар өндіру мен тауарға айырбастауда туындастырын экономикалық қатынастардың жиынтығы, шаруашылықты ұйымдастыру формалары.

Несие (кредит, қарыз) – ақшаны немесе тауарларды қайтадырымдастырып, ақылы және мерзімділік шарттарымен уақытша пайдалануға берген кезде әртүрлі заңды және жеке тұлғалар арасында туындастырын экономикалық қатынастар жүйесі.

Образды сөздер – суретті сөздер.

Оппонент – белгілі бір ғылыми зерттеулерге талдау жасап, баға беруші ғалым.

Оралмандар – Қазақстан егемендігін алмай тұрғанда өзге мемлекеттің аумағында тұрған, қазақ елінің азаматтығы жоқ, енді Қазақстан жеріне тұргылықты тұру мақсатымен келген қандастар.

Өндіріс факторлары – өндірісте нақты өрекет жасауға жұмысалған ресурстар (жер, капитал, еңбек, кәсіпкерлік қабілет).

Патент – 1) өнертапқыштың белгілі бір ғылым, өнер саласында жаңалық ойлап тапқанын растигын қуәлік; 2) сауда жасауға, не болмаса кәсіп қылуға құқық беретін қуәлік.

Перифраза – заттың, құбылыстың атын тұра атамай, сүреттеп көрсету. Мысалы: дәрігер – «ақ желеңді абзал жан», депутат – «халық қалаулысы», кітап – «жан азығы». Мақсаты – сөзді бейнелі етіп сипаттау, оған эмоционалды-экспрессивті баға беру.

Пропонент – пікірталасқа қатысып, өз тезисін ұсынушы.

Репатриация – әскери тұтқындарды, босқындарды, эмигранттарды туған еліне қайтару.

Респондент – сауалнама немесе интервью барысында сұрақтарға жауап беретін адам.

Реферат – ғылыми еңбектің, мақаланың немесе баянданамың қысқаша жазылған мазмұндамасы.

Салықтар – мемлекет біржакты тәртіpte заңнамамен белгілеген, қайтарымсыз және өтеусіз сипатта болатын бюджетке төленетін міндетті ақшалай төлемдер.

Сарықідір – орта жасқа келген кексе әйел.

Селекция – будандастыру арқылы малдың не өсімдіктің жаңа түрлерін шығару, жақсарту, сұрыптау өдісі.

Стейкхолдер – компанияның дамуына мүдделі, табыснан дәмелі, өніміне қызығушы тарап. Пиар маманы үнемі осы стейкхолдердің мүддесіне сәйкес жұмыс істейді.

Стиль – 1) заттың негізгі белгісі мен қасиетін білдіретін ерекше көрінісі; 2) белгілі бір ойды, идеяны білдіруде жалпыхалықтық тілдік құралдарды пайдалану амалдарының жиынтығы.

Субсидия – бюджеттен берілетін қаражат түрі.

Сұраныс – тұтынушының табысы, саны, тұтынушылардың талғамы, бірін-бірі алмастыратын және бірін-бірі толықтыратын тауарлар бағасының өзгеруі, келешектегі өзгерістерді құту.

Сілтеме (ағылш. *the reference, link*) – 1) қандай да бір объектіге арналған нұсқағыш; 2) тілдің сипатталған элементін белгілеуге пайдаланылатын тілдік құрылма; 3) хабарланған нысанды үқастыру.

Ұсыныс – ресурстар бағасы, технология, салықтар және дотация, бірін-бірі алмастыратын және бірін-бірі толықтыратын тауарлар бағасының өзгеруі, сатушылардың саны.

Феномен – 1) *филос.* идеалистік философияның түсіндірүінше, тек санада ғана өмір сүретін, танып-білуге болмайтын құбылыс; 2) *аудисп.* өмірде сирек кездесетін, ерекше жаралған адам немесе ғажайып құбылыс.

Фирма – пайда табу мақсатымен өндіріс факторларын қолданып, шаруашылық жүргізуде еркіндік алған экономикалық субъект.

Хұзур хасил – нәтиже, мағына.

Экстенсивті жол – қосымша қорларды (табиғи, материалдық еңбек) пайдалану арқылы өндіріс көлемінің сан жағынан өсуі; интенсивті жолға қарама-қарсы.

Эмиграция – көшіп кету.

Этикет – қарым-қатынастың қалыптасқан үлгісі.

SWOT-талдау – тақырыпқа деген көзқарасты анықтау үшін жүйелі ойлауға негізделеген сараптамалық өдіс. Strengths (кушті жағы); weaknesses (әлсіз жағы); opportunities (мүмкіндіктер); threats (қатерлер).

NASA (ағылш. *National Aeronautics and Space Administration*) – аэронавтика және ғарышқа ұшу саласында зерттеулер жасау үшін, 1958 жылы құрылған АҚШ үкіметінің агенттігі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10–11-сыныптарға арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы. – Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2017.
2. «Қазақстан». Үлттық энциклопедия. Бас редактор Ә.Ниссанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» бас редакциясы, 1998.
3. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. – Алматы, 2011.
4. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна, 2010.
5. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптасуы. – Алматы, 2001.
6. Исаев С. Қазақ тілі. Оқу құралы. – Алматы: Өнер, 2007.
7. Ерғалиев Қ. Қазақ тілінің орфографиясы мен пунктуациясы. Оқу құралы. 2-басылым. – Павлодар: ПМПИ баспасы, 2014.
8. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. – Алматы: Мектеп, 1984.
9. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді ЖОО-да қолдану мәселелері. – Алматы, 2013.
10. Ермекова Т., Оданова С. Кестелі грамматика. – Алматы, 2015.
11. Отарбекова Ж., Нұржанова Б., Байтымбетова П. Нормативті қазақ тілі. – Алматы, 2015.
12. Тұрсынова Г., Шүлгенбаева Ү., Рыскелдиева Г., Итемирова А. Қазақ тілі. Оқулық. (Экология, су ресурсы, құрылыш-сәулет салаларындағы мамандықтарға арналған). – Алматы: ҚазҰТУ, 2013.
13. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Фылым, 1994.
14. Әуезов М. Абай жолы: роман-эпопея. – Алматы: Жазушы, 2011.
15. Шешендік шыырлары. Жинақ. – Алматы: Қайнар, 1993.
16. Ахметова З. Бабалар аманаты. Естелік-әссе. – Алматы: Полиграф-комбинат, 2017.
17. Тарихи тұлғалар. Таңымдық-көпшілік басылым. Құрастырушылар: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы: Алматықітап, 2009.
18. Мұқанов С. Таңдамалы шығармалар. 13-том. Очерктер, саяхаттар. – Алматы: Жазушы, 1978.
19. Қазақтың би-шешендері. Жинақ. Құрастырғандар: Төреқұлов Н., Қазбеков М. – Алматы: Жалын, 1993.

20. Қыдыршаев А. Шешендейттану: теориясы және практикасы. Орал, 2012.
21. Балақаев М. Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері. – Алматы, 1965.
22. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008.
23. Mass media және телекоммуникация терминдерінің қазақша-орысша-ағылшынша анықтамалық сөздігі. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2015.

Электронды қорлар

1. abai.kz
2. inform.kz
3. kitap.kz
4. adilet.zan.kz
5. bilim-all.kz
6. infourok.ru
7. aikyn.kz
8. alashainasy.kz
9. 7kun.kz
10. egemen.kz
11. import.ua
12. photographer OSPANALI
13. vecher.kz
14. twitter.com/ZhasylL
15. alutech-group.com
16. kazakhfilmstudios.kz
17. khabar.kz
18. stud.kz
19. kazakh.tv
20. www.uniface.kz
21. qazir.kz
22. massaget.kz

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	4
I БӨЛІМ. ҚАЗАҚСТАН БЕЙНЕСІ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨТКЕНІ МЕН КЕЛЕШЕГІ. ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР	5
§1. Ұлы даланың рухани құндылықтары	6
§2. Қазақстан аумағындағы Ұлы Жібек жолы	11
§3. Егемендік – елдіктің белгісі	16
§4. Қошпендер мәдениеті. Қазақтың ат әбзелдері	20
§5. Қазақстан – алма мен қызғалдақтың Отаны	24
§6. Ұлы даладағы ежелгі металлургия	28
§7. Шешендік өнер тарихы	31
II БӨЛІМ. ЖАСТАР МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ МӘСЕЛЕСІ. ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР	35
§1. Тіршіліктің негізі – саламатты болашақ	36
§2. Жастар және үлттық мәдениет	39
§3. Мамандықты дүрыс таңдау – болашағының кепілі	44
§4. Фаламтор және жастар	48
§5. Жаңашыл жастар – ел болашағы	53
§6. Жақсы кітап – жан азығы	56
§7. Шешендік – жалпы адамзаттық құндылық	59
§8. Шешенің көпшілік алдында өзін ұстая мәдениеті	62
III БӨЛІМ. ҚАЗІРГІ ҚОҒАМ. МИГРАЦИЯ. ЗИЯТКЕРЛІК МИГРАЦИЯ. ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР	65
§1. Миграция туралы түсінік	66
§2. Зияткерлік миграция	70
§3. Шетелдерде қазақ диаспорасының қалыптасуы	73
§4. Халықаралық миграция	77
§5. Қазақстан – еңбек мигранты көп елдің бірі	82
§6. Шешендік толғау	86
§7. Шешендік дау	89
IV БӨЛІМ. ӘЛЕМДІ ӨЗГЕРТКЕН ӨНЕРТАБЫСТАР. ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР	93
§1. «ЭКСПО-2017». «Нұр әлем» павильоны – жел күші	94
§2. Никола Тесла. Электр энергиясы	99
§3. Киіз үйдің сырты. Ақылды үй	103
§4. Ұшатын автокөлік	106
§5. Адамзатқа қауіп төндіретін өнертабыстар	110
§6. Фарышты игеру	114
§7. Мақсат – жетістік желкені	118
§8. Тура биде туған жоқ	123
V БӨЛІМ. БЕЙБІТШІЛІК, ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЖАҢАНДЫҚ ЭКОНОМИКА. ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР	127
§1. Қөгершін – бейбітшілік күсы	128
§2. Бейбітшілік – үранымыз, туған жер – тұғырымыз	132

§3. Бірлік пен бейбітшілік – біздің ортақ мұддеміз.....	136
§4. Ел қорғау – азаматтық парызы.....	140
§5. Қазақстан қарулы күштері – мемлекет қауіпсіздігінің кепілі	144
§6. Экономика – біздің өмірімізде	149
§7. Шешендік шеберлік.....	153
VІ БӨЛІМ. ҰЛТТЫҢ ТАРИХИ ЖӘДІГЕРЛЕРІН САҚТАУ.	
ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР	157
§1. «Алтын адам» – ұлы даланың тарихи жәдігері	158
§2. Жылқыға жүген салған жер	163
§3. Қоңырау – Қожа Ахмет Ясауи кесенесі	168
§4. «Қазақстанның киелі жерлері» картасы	174
§5. «Ұлы даланың жеті қыры. Архив-2025» бағдарламасы	179
§6. Өлкө тарихынан сыр шертетін ескерткіштер.....	183
§7. Мұхтар Әуезов – көркемсөздің хас шебері	188
VII БӨЛІМ. ТАБИҒАТ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯ.	
ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР	191
§1. Табиғат – тіршілік көзі	192
§2. Табиғатты аялау – халық даналығында	196
§3.«Жасыл ел» бағдарламасы.....	201
§4. Экология және табиғатты қорғау. Қоқыс – ғасыр мәселесі	205
§5. Шешендік – ақылмен билеу өнері	209
VIII БӨЛІМ. ЖАҢА ӘЛЕМДЕГІ ТЕАТР МЕН КИНЕМАТОГРАФИЯ.	
ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР	213
§1. Театр – мәдениет ордасы	214
§2. «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры.....	219
§3. Қазақ бүлбұлы – «Құләш» телевизиясында.....	224
§4. Алматыдағы «Алатау» дәстүрлі өнер театры.....	227
§5. «Жауажүрек мың бала» – азаттықтың айнасы	232
§6. «Балуан Шолак» фильмі немесе «қазақтың бүлшық еті» туралы туынды	237
§7. Қазақ киносы – қазақ тарихы	241
§8. Шешендік сөздердің тәрбиелік мәні	244
IX БӨЛІМ. ЕҢБЕК НАРЫҒЫ ЖӘНЕ СҮРАНЫС. ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР	249
§1. Еңбек – адамның тіршілік әрекетінің негізі	250
§2. Еңбек нарығы және оның әлеуметтік мәселелері	255
§3. Еңбек нарығындағы жұмыс күші. Сұраныс факторлары	260
§4. Жұмыссыздық пен инфляция – экономикалық тұрақсыздықтың көрінісі	263
§5. Қоғамдық – ерекше экономикалық құбылыс	267
§6. Табысты адамдар – табысты ел	271
§7. Шешендік сөздердің маңызы	276
Тыңдалым материалдары.....	281
Глоссарий.....	294
Пайдаланылған әдебиеттер	298

Жазбалар үшін

Оқулық басылым

**Тыныштық Нұрдәүлетқызы Ермекова
Гүлбақыт Мошқақызы Найманбаева
Бақытқүл Мошқақызы Найманбаева**

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбының
қоғамдық-гуманитарлық бағытына арналған оқулық

Суретшісі	А.Айтжанов
Бас редакторы	Қ.Қараева
Редакторы	Н.Абдижаппарова
Техникалық редакторы	В.Бондарев
Көркемдеуші редакторы	Е.Мельникова
Билд редакторы	Ш.Есенкулова
Мұқабаның дизайны	В.Бондарев
Беттегендер	Т.Жұмагулова, Т.Омарова, Л.Костина



Электрондық нұсқа



Назар аудар

Электронды қосымша жүктелген CD қолжетімсіз болған жағдайда, қосымшаны arman-pv.kz сайтынан тауып, өз компьютеріңе жүктеп алыныңа болады

Сатып алу үшін мына мекенжайларға хабарласыңыздар:

Нұр-Сұлтан қ., 4 м/а, 2 үй, 55 пәтер.

Тел.: 8 (7172) 92-50-50, 92-50-54. E-mail: astana@arman-pv.kz

Алматы қ., Ақсай-1А м/а, 28Б үй.

Тел.: 8 (727) 316-06-30, 316-06-31. E-mail: info@arman-pv.kz

«Арман-ПВ» кітап дүкені

Алматы қ., Алтынсарин к/сі, 87 үй. Тел.: 8 (727) 303-94-43.

Теруге 15.08.19 берілді. Басуға 26.06.20 қол қойылды. Пішімі 70 x 100¹/₁₆.

Қағазы оғсеттік. Қаріп түрі «ММ Мектеptіk». Оғсеттік басылыс.

Шартты баспа табағы 24,51. Таралымы 17000 дана.

Артикул 811-001-001к-20